



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

«Қозыбаев оқулары – 2019: Рухани жаңғыру және қазіргі әлемдегі ғылыми білім беру кеңістігінің даму үрдісі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ



МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции
«Козыбаевские чтения - 2019: Духовная модернизация и
тенденции развития научно-образовательного пространства
в современном мире»

IV

Петропавл
2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

«Қозыбаев оқулары - 2019: Рухани жаңғыру және қазіргі әлемдегі ғылыми білім беру кеңістігінің даму үрдісі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

(15 қараша)

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции «Козыбаевские чтения - 2019: Духовная модернизация и тенденции развития научно-образовательного пространства в современном мире»

(15 ноября)



Петропавл
2019

УДК 378 (063)
ББК 74.58
Қ 75

*Издается по решению Научно-технического совета
Северо-Казахстанского государственного университета
им. М. Козыбаева (протокол №2, 3 от 27.11.2019 г.)*

Редакционная коллегия:

Исакаев Е.М. – к.б.н., доцент, и.о. ректора Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева – председатель
Ибраева А.Г. – д.и.н., профессор, проректор по науке и инновациям Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева – заместитель председателя
Валиева М.М. – к.э.н., декан факультета истории, экономики и права
Пашков С.В. – к.г.н., декан факультета математики и естественных наук
Курмашев И.Г. – к.т.н., декан факультета инженерии и цифровых технологий
Иманов А.К. – к.п.н., и.о. декана педагогического факультета
Сабиева Е.В. – к.ф.н., директор института языка и литературы
Мирошникова О.В. - заместитель декана ФИЭП по НР и МК
Абуов Н.А. – к.и.н., заведующий кафедрой истории Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин
Плешаков А.А. – к.и.н., доцент кафедры истории Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин
Кантарбаева Э.Е. - доктор PhD, старший преподаватель кафедры

Қ 75 «Козыбаевские чтения - 2019: Духовная модернизация и тенденции развития научно-образовательного пространства в современном мире»: материалы международной научно-практической конференции: в 5-х томах. Т. 4. – Петропавловск: СКГУ им. М. Козыбаева, 2019. - 300 с.

ISBN 978-601-223-159-5

Сборник содержит материалы Международной научно-практической конференции «Козыбаевские чтения-2019: Духовная модернизация и тенденции развития научно-образовательного пространства в современном мире». Здесь представлены тезисы научных докладов казахстанских и зарубежных ученых, а также молодых исследователей в различных отраслях современной науки. Издание представляет интерес для преподавателей вузов, средних, средних специальных учебных заведений, а также для широкого круга читателей, интересующихся современными разработками в самых разных сферах знаний.

Основные направления научных работ, представленных в 4-м томе: «Актуальные вопросы истории, права и современной журналистики».

УДК 378 (063)
ББК 74.58

ISBN 978-601-223-157-1 (общий)
ISBN 978-601-223-159-5

© СКГУ им. М. Козыбаева, 2019

«Қозыбаев оқулары - 2019: Рухани жаңғыру және қазіргі әлемдегі ғылыми білім беру кеңістігінің даму үрдісі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

(2019 ж. 15 қараша)

МАТЕРИАЛЫ

**международной научно-практической конференции
«Козыбаевские чтения - 2019: Духовная модернизация и
тенденции развития научно-образовательного пространства
в современном мире»**

(15 ноября)



**ТАРИХ, ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ, ПРАВА И
СОВРЕМЕННОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ**

ӘОЖ 94(574)

ЕҢБЕГІ ЕЛЕНГЕН ЕР

Аубакирова Г.Р., Ерпайз Н.С.
(М.Қозыбаев ат. СҚМУ)

Манаш Қабашұлы 1931 ж. Қостанай облысы Меңдіқара ауданында дүниеге келген. Ғалым- Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының, Ш. Уалиханов атындағы мелекеттік сыйлықтың иегері, Қазақ КСРінің Еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Кез-келген ғұламаның өскен ортасы, өткен жолы, алған асуы, бағындырған белесі мен сүрінген шақтары болары анық. Сол секілді, Манаш Қабашұлы Қозыбаевта кедейліктің тауқыметін бір кісідей көрген. Ол жас кезінен колхозда еңбекке араласты. Балалық шағын ызғарлы соғыс желдері ұрлаған оның көрген қиыншылығы жетерлік. Манаштың ерте есеюіне атасының ықпалы айтарлықтай болды. Ол Манашқа мол сенім артты. Балалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарына сәйкес келгендіктен, жасөспірім ғалымның қалыптасуына мектеп және пед училищедегі ұстаздарымен қатар, ата-ана сенімі зор ықпал етті. Сондықтын болар, ол әр ісіне тыянақты, жауапкершілікпен қарады. Бұл туралы ғалымның өмірлік жары Сара Пішенбайқызының осы бір сөздері дәлел болары анық: «Манаш - мен үшін бөлек тұлға. Біз танысқан тұста ол мені ізденімпаз, алғырлығымен, батылдығымен баураған...»

Иә, бұл тұлғаны зерттеп, оның біліміне қызығушылықпен қарағандар да жетерлік. Оның өмір жолын, әр басқан қадамын, қаламынан аққан сиясын қаншама ғалым ықыласпен зерттеп, оған үлкен қызығушылық танытты. Осы орайда, академик Манаш Қозыбаевтың 85 жасқа толуына орай «Академик М. Қозыбаев және Отан тарихын зерттеудің инновациялық тұжырымдары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Онда, «Өнегелі өмір» сериясынан шыққан Манаш Қозыбаев туралы кітаптың тұсаукесер рәсімі болды. Осы кезде академик Серік Қирабаев «Қозыбаев та Бекмаханов секілді есімі алтын әріптермен жазылатын тұлғалардың бірі» деп жазған екен. Расында да, Манаш аға Бекмахановтан кейінгі тарих саласына ерекше үлес қосқан тұлғаларымыздың бірі. Егер әрбір азамат өзінің өмір жолын қазақтың дамуына, ұлттың қалыптасуына сарп ететін болса, онда ол қайраткерлік еңбегінің шыңына жеткендігі.

Аталған тұлғаның үзеңгілес серігі, кезінде Ұлттық Ғылым академиясын басқарған белгілі ғалым, академик Кенжеғали Сағадиев тарих ғылымына елеулі үлес қосқан замандасы, көрнекті мемлекет қайраткері жайында: «Манаш маған жақын кісі еді. Алдымызда ақылын айтып, үлгі-өнеге көрсетіп жүрген қадірлі тұлға болатын. Қазақ ғылымының, оның ішінде қазақ тарихына үлес қосып, зерттеп-зерделеп, одан қорытынды шығара білген ерекше ғалым еді. Заманында тарих ғылымында есімі бөлек дарабоз атанды. Мәкең керемет ұлтжанды кісі болды. Қостанайда қызмет етіп келгеннен кейін айтқан сөзі бар еді. «Қостанайда жүрген кезімде ерекше ұлтжанды болып кеттім. Жергілікті жұрт мені керісінше ұлтшыл деп атады» дейтін.

Тұлға - кеңестік заманның саясатынан қаймықпаған жандардың бірі. Туған жердің байлығы, екінші дүниежүзілік соғыста жеңіс жолында аянбай күрескен азаматтардың ерліктері туралы ащы шындықтың бетін бүркемей, тарихи негізде жазды. 800-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Сол азаматтың арқасында 100-ден астам саяси қуғын-сүргін құрбандары қоғаммен қауышты. Бұл жайында тұлғаның Ақтандақтар ақиқаты кітабында ашық жазылып, ел назарына берілілгенді. Менің сөзіме, «Ақтандақтарды көп жыл зерттеген кісі. Ол ақтандақтар зерттелмегені емес, ол мынау біздің саясатқа жағымсыз болды. Саясатқа керегі жоқ болды. Сондықтан ол үнемі сандықтың ішінде жатты, сыры ашылмады. Ал Мәкең болса, сол ақтандақтарды жазып, жан-жақты зерттеп, шындықты халықтың назарына ұсына білді» - деген К. Сағадиевтің осы бір сөздері дәлел.

Ал біз білмейтін академиктің беймәлім қыры бар ма? Бұл жөнінде Белгілі тарихшы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры Берекет Кәрібаев біраз деректердің басын ашып берді.

«Тұлғаны қаншама танып-білдік десек те, оның кейбір өмір жолындағы ұсақ болып көрінген жайттарға онша назар аудармай жатамыз. Кейде сондай жайттар тұлғаның, яки адами қасиеттерін, яки тұлғалық болмысын, не болмаса көзқарастары мен ұстанымдарын анықтай түсуге көмектесіп жатады.

Сондай қызықты жайттың бірі - М. Қозыбаевтың Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінің студенті атануы мен бірінші курста оқуы жөнінде. Бұл туралы академиктің курстас-досы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбу Сақтағанұлы Тәкеновтің жұбайы Сара апай 1998 жылы айтып берген еді. Ол кісінің айтқан әңгімесінің қысқаша мазмұны мынадай: «...Әбекең мен Мәкең университетке орта мектепті бітіре сала келді. Олардың тобында соғысқа барып келген, тылда еңбек жасаған ересек жігіттер болған екен. Екеуінің білімі тәуір болса да жастығына қарап, оларды бірден студенттер қатарына қабылдамайды. «Студентке үміткерлер» деген санатпен студенттік топқа қабылдайды. Шамасы, оқи алмаса, өздері де шығып кетер деп ойласа керек университет басшылығы. Бірақ бірінші курстың қорытындысы бойынша екі жас бозбала үлгерім жағынан топтың алдына шығады. Содан кейін барып екеуі де толыққанды студенттер қатарына қабылданады. Сол бірінші курстан естелік ретінде мына сурет қалды, деп Сара апай әбден ескіріп, сарғайған суретті көрсетті. Манаш Қабашұлы өз естелігінде бұл жөнінде былай дегені бар-ды: «Әбу Қазақ университетіне оқуға 1948 жылы июль айында келді. Мен де сол тарих факультетіне оқуға түсу үшін келіп, емтихан тапсырып жүрген кезінде онымен таныстым. Біз екеуіміз де тарих факультетіне студент бола алмай кандидат деген желеумен оқуға кірдік. Қазақ айтады ғой, «әйел-мұндас» деп, кандидат болып оқуға түсе алмаған топ, оқшау жүретінбіз, мұндасатынбыз, жағдайымызды бір-бірімізге айтатынбыз. Тарих факультетінің бірінші курсына латын тілінен Якушев деген ақсақал берді. Ұстазымыз патша заманында университет бітірген, өте зиялы адам болатын. Біз Әбу екеуіміз алдыңғы қатарда отырып, кейде балалық жасап, өзара сөйлесіп кетсек, ол кісі бізге «пузионистер» тыныш отырыңдар!» дейтін. Ол латынша «Еркебай» дейтін сөз болуы керек. Біз кейде бір-бірімізге сол атақты таңып, «әй, Еркебай» деп те айтатынбыз»

Студент бола алмай қалған екі «кандидат» сабақтарын өте жақсы оқып, университетті үздік бітіріп шығады. Шамасы, екі жас жігіт өздерінің намыстарына қамшы салған болулары керек, тарих ғылымына қадам салып, оның шыңына дейін көтеріледі. Кейіннен бірі – академик, екіншісі – профессор атанады. Бұл академик М. Қозыбаев өмірінің көпшілік біле бермейтін бір жайты.

Көпшілікке мәлім, профессор Е. Бекмаханов 1947 жылдан бастап қазіргі Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде жұмыс істейді.

1951 жылы университеттен қуылады. 1952 жылы 5 қыркүйекте тұтқындалып, сол жылдың 3 қарашасында айыптау қорытындысы шығады. Ал 1952 жылдың 2 желтоқсанында 25 жылға сотталады. Бұл кезде Манаш Қабашұлының 5 курста оқып жүрген еді. Ұстаздарының ғылыми көзқарасы үшін жазықсыз айыпталып жатқанынан хабардар тарих факультетінің бір топ жоғары курс студенттері қол жиып, жоғары жаққа хат ұйымдастырды. Бұл жайт арнаулы ұйым қызметкерлеріне мәлім болады да, студенттерді қыспаққа ала бастайды. Кейбір студенттердің көрсетуінше, бастамашыл топты басқарып, хат жазып, қол жинағандардың ішінде студент Қозыбаевтың аты-жөні де айтылады. Содан кейін студент М. Қозыбаевтың да басына қара бұлт төне бастайды. Соның салдары болуы керек, 1953 жылы университеттің тарих факультетін үздік бітіргеніне қарамастан, оны Алматыда қалдырмай, Қостанайға жібереді. Меніңше, бұл жайт та академик өмірінің көпшілік біле бермейтін бір тұсы деп ойлаймын. Бұл оқиға болашақ академиктің тұлғалық болмысына қатты әсер етсе керек, кеңестік заманның іргесі сөгілер тұста тарихымыздағы айтылмаған ақиқаттарды шынайы түрде айтуға бар күшін салады. Зиялы қауым академиктің 90-жылдарға дейінгі жарияланған еңбектерінен гөрі, 90-жылдардан кейінгі жазылған еңбектерін жақсы біледі. Өйткені оларда тарихи сана, тарихи көзқарас, ұлттық тарих мәселелері жөнінде жаңа ұстанымдар, ойлар мен тұжырымдар туралы қарастырылады» дейді ғалым.

Менің ойымша Манаш өте ірі, білімге бай тұлға. Мұның бәрі ғалым өмірінің сәулелі сәттерінен келтірілген мысалдардың бір парасы ғана. Көрнекті ғалымның отандық тарих ғылымын дамытудағы рөлі мен орны бір мақаламен шектеле қоймайтыны белгілі. Қазақстан тарихының «ақтаңдақтарын» жоюдағы академиктің үлесі зор екенін көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Алайда ғалымның жастық шағы кеңестік идеологияның қатаң қысымына тап келді. Ауыр да күрделі кезеңде студенттік жылдарын өткізді. Ол да тоқырау кезеңінің ащы дәмін бір кісідей татты. Тәуелсіздік алғаш алғашқы он жылдықта отандық тарих ғылымының көшбасында Манаш Қозыбаевтың есімі ерекше аталады. Ол ұлтына адал қызмет еткен айрықша тұлға. Оған ғалымның ерлігі мен еңбегі дәлел бола алады.

Әдебиет

1. Манаш Қозыбаевтың өмірбаяны – Алматы: Қазақстан, 1995, 12 бет.
2. М. Қозыбаев-ұлы тұлға – Алматы: Қазақстан, 1992, 118 бет.
3. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994, 192 бет.
4. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. - Алматы: «Қазақ университеті», 1992. - 272 бет.
5. Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. 448 бет.

УДК 070(574.2)

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ТҰҢҒЫШ ЖИНАҒЫ

Тайшыбай З.С.

(М.Қозыбаев ат. СҚМУ)

Андапта

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығармалары тұңғыш рет «Орыс Императорлық Жаграпия Қоғамы этнография бөлімшесінің Жазбалары деген жинақтарды ХХІХ томь» деп аталып, 1904 жылы Санкт-Петербург қаласындағы Мүліктер басқармасының Моховая көшесі, 40 үйде орналасқан баспаханасында орыс тілінде басылып шыққан.

Құрастырған және редакциясын басқарған Н.И. Веселовский. Кітаптың көлемі 624 бет, соңында есім және жағрапиялық көрсеткіштер берілген. Таралымы туралы ақпар жоқ.

Сирек басылым болғандықтан, жинақтың шыққанына 115 жыл толып отырғандықтан, қазіргі ұрпаққа керек болар деген ниетпен, кітаптың таныстыру беттерін, мазмұнын, құрастырушының алғысөзін және Шоқан Уәлихановтың «Абылай» деген тақырыппен орыс энциклопедиясы үшін жазған мақаласын қазақшаға аударып, түсініктерімен бердік.


Аннотация

ПЕРВЫЙ СБОРНИК ПРОИЗВЕДЕНИЙ ЧОКАНА ВАЛИХАНОВА

Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова изданы на русском языке в 1904 году, в г. С.-Петербурге в типографии Главного управления уделов, по ул. Моховая, 40, специальным сборником в томе XXIX Записок Императорского Русского географического общества, по отделению этнографии. Объем книги 624 страниц, снабжена именным и географическим указателями. О тираже издания сведений нет. Составил и руководил редакцией профессора Петербургского университета Н.И. Веселовского.

Первый сборник произведений Ч.Ч. Валиханова является библиографической редкостью и настоящая статья посвящена 115 летию выхода книги в свет и преследует цель ознакомить нынешнее поколение с уникальным изданием великого соотечественника. Читателям предлагается титульный лист, оглавление, выходные данные и переводы на казахский язык предисловия Н.И. Веселовского и статья «Аблай», написанная Ч.Ч. Валихановым для русской энциклопедии. Последняя снабжена комментариями переводчика.

Кілт сөздер: қазақ даласы, зерттеуші, қазақ хандығы, география, саяхат, шығыстану ғылымы, сапарнама, түркі халықтары, қазақтар, қырғыздар.





Фотография Н. А. Корольевского.

СПБ., Салова, 56.

	СТРАН.
Предисловіе	I—XLVII
Замѣтка Н. И. Веселовскаго	I—III
Біографическія свидѣнія о Чоканѣ Валихановѣ:	
1) Г. Н. Потанина	IV—XXXIV
2) Н. М. Ядринцева	XXXV—XXXIX
3) И. И. Ибрагимова	XL—XLVI
Замѣтка о надгробномъ памятникѣ Чокана Валиханова	LXVII
Статьи Чокана Валиханова:	
Аблай	1— 7
Слѣды шаманства у киргизовъ	8— 36
Вооруженіе киргизъ въ древнія времена и ихъ военные доспѣхи	37— 40
Очерки Джунгаріи	41— 78
О состояніи Алтышара или шести восточныхъ горо- довъ китайской провинціи Нанъ-лу (Малой Бухаріи) въ 1858—1859 году	79—150
1) Географическій очеркъ	79—107
2) Историческій очеркъ	107—150
Записка о судебной реформѣ у киргизъ Сибирскаго вѣдомства	151—178
Изъ черновыхъ бумагъ Чокана Валиханова	179—320
1) Записка № 1	179—194
2) Записка № 2	194—201
3) Шуна Батырь	201—208
4) Смерть Куюк-тай хана и его поминки	208—222
5) Идиге (джирь). Вступленіе	223—264
6) Эдигей	265—273
7) Замѣтки о шаманствѣ, Тенкри (Богъ)	274—282
8) Преданія и легенды Большой Киргизъ- Кайсацкой орды	283—285

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ хандарының ұрпағы әрі орыс әскерінің офицері Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов Шығыстану ғылымының аспанында күйрықты жұлдыздай жарқырап ағып өтті. Орыстың шығыстанушы ғалымдары оны ғажайып құбылыс ретінде бірауыздан мойындап, түркі халықтардың тағдырына байланысты маңызды-маңызды ғылыми шығармалар береді деп күтіп еді; амал не, оқыс келген ажал бұл үмітімізді үзіп кетті. Ол отызға да жеткен жоқ, көкірек дертінен мерт болды.

Батыс Сібірдің Бас губернаторы Гасфорт Шоқанның ерекше дарынына тәнті болып, ғылыми ізденістерін ұштауға қолынан келген көмегін аяған жоқ. Барлаушы ретіндегі Қашқар сапарын ашып берді. Бұл жолдан Шоқан тамаша ғылыми зерттеулер әкелді. Уәлиханов Қашқардан оралған соң, ғылыми есеп жазуға отырғанда Гасфорт оған қол ұшын берді, Петербургке іс-сапарға аттандырды.

Қашқар саяхатының сипаттамасы осынау ұлағатты тұлғаның тандаулы еңбегі еді. Кейбіреулері ғана болмаса, басқа мақалалары өңделмей, көбі түпнұсқа да емес, бөгде біреудің көшіруімен қалды. [1]. Көшіруші де Шоқанның асығыс қағазға түсіргендерін толық айыра алмай, кей жерлерін тастап кетіп отырған, мағынасы бұрмаланған сөздер бар. Неге екені белгісіз, Шоқан өзі де мұқият түзетуге ыждаһат қылмаған [2]. Соған қарамастан, Орыстың Императорлық Жағырапия қоғамының Кеңесі 1867 жылғы 24 сәуірдегі мәжілісінде Ш.Ш. Уәлихановтың барлық қолжазбаларын Қоғамның жинақтарында бастыруды ұйғарған болатын. Алайда, бұл жұмыс орындалмай қалды. Ал, өңдеуді қажет ететін бірнеше мақала әркімнің қолында кетті. Айталық, В.В. Григорьевтің қағаздарының арасынан Шоқанның екі дәптерін таптым. Біреуі Едіге туралы қазақша жазылған аңыз екен, екіншісі орысша ықшам аударма [2].

1887 жылы Г.Н. Потанин Уәлиханов шығармаларын басып шығару туралы тағы да мәселе көтерді. Қыр өлкесінің Бас губернаторы Г.А. Колпаковский бұл ұсынысты қолдап, қаржы тауып беруге уағда берді [3]. Алайда, Колпаковский көп ұзамай Петербургке қызмет ауысып кетті де, басып шығару мәселесі тағы да тоқтап қалды. Осы кезде Г.Н. Потанин менен Шоқанның болашақ жинағына кіретін шығармаларын редакциялап беруімді және баспагер іздеуімді сұрады.

Жұмысбасты болсам да, Шоқан Уәлиханов әруағы үшін және шығыстану ғылымының мүддесіне қарай ауыр жүкті мойныма алып, Шоқан қағаздарын ақтаруға кірістім. Дегенмен, бұл шаруа ойлағанымнан әлдеқайда қиын екен. Г.Н. Потанин маған Шоқан қағаздарының көшірмелерін берді, өкінішке қарай олар түпнұсқамен салыстырылмапты, кейбіреулерінің түпнұсқасын таба алмадым. Кейін, Потаниннің араласуымен К.К. Гутковскийдің қызы Е.К. Гудковскаядан Шоқанның қаралмаған бір бума қолжазбасын алдырдым.

Г.Н. Потанин мен Н.М. Ядринцевке Шоқан Уәлиханов туралы естелік жаздырып алдым. Сондай-ақ, Шоқанның қандасы, Түркістан өлкесінде қызмет еткен, Жидда қаласында Ресей консулы болған, 1891 жылы тырысқақтан қайтыс болған И.И. Ибрагимовтың жазғаны қолыма түсті. Уәлихановты жақсы білген С.Я. Капустин Шоқан толығырақ өмірбаянын жазып бермек еді, алайда ол кіріспесін ғана берді, онда Шоқан туралы ешқандай мағлұмат жоқ [4].

Менің ұсынысым бойынша Уәлиханов шығармаларын шығару шығындарын О.И. Жағырапия қоғамы мойнына алмақ болған соң, мен жинақты дайындауға кірістім. Маған ең қиын болғаны - Шоқан Уәлихановтың негізгі шығармасы “Алты Шаһар немесе Қытайдың Нан-Лу (Кіші Бухария) провинциясының шығыстағы алты қаласының 1858-1859 жылдардағы жағдайы туралы” жазбасының түпнұсқасын ала алмауым. Қоғамның жинағында жарияланған бұл есеп ұқыпсыз өңделген, қателері көп, сондықтан оны пайдалану қиын еді. Және де онымен кітапты басу үстінде Сыртқы істер министрлігі архивінен алып таныстым. Есеп хатшының қолымен жазылған және Шоқанның өз түзетулері әредік қана. Салыстыра отырып бұл өзгешеліктерді осы томға (398-403 беттер) қостым, ал қалғандары тұтас берілді.

Н. Веселовский

Орыс жылнамасында Сібір ханзадасы Абылай деген бар. Абылай – Орта жүздің ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген ханы. Ол Орта жүздегі сұлтандардың кіші атасынан тарайды, үшінші атасында Әбілмәмбет ханмен немере болып туысады. 1739 жылы Орынборға барып Ресейдің мәңгі бодандығын қабылдаған. Оның атасы, оның да есімі Абылай, Түркістанды билеген, жауынгерлігімен аты шығып Қанішер Абылай деген айбарлы атақ иеленген. Оның Уәли деген ұлы әкесінің даңқына лайық болмаған; көрші хандардың бірі Түркістанды басып алғанда қаза тапқан. Он үш жастағы Абылайды әкесінің адал төлеңгіттерінің бірі бауырына басып, аман алып қалған. Сол құлы жетім баланы жасырып, Қазақ даласына [Арқаға] бой тасалап кеткен. Текті туыстарының шапағатынан мақрұм өскен жас Абылай, Жақсылық деген рудың бір байының есігінде жүрген. Аласапыран сол бір замандағы бір ұрыста Абылай өзінің ерлігімен, ақыл-айласымен жарқырап көзге түскен.

ХҮІІІ-ғасырдың алғашқы он жылдығы қазақтар үшін қайғы-қасіретке толы зобалаң кез еді. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары мен Жайық казактары, башқұрттар жан-жағынан анталап, қазақ ауылдарын шапқыншылыққа ұшыратты, малын айдап алып, адамдарын топ-тобымен қуып әкететін болған. Жеті ағайынды жұтты қоса әкелген қытымыр табиғаттың ауыртпалығы халықтың жағдайын одан әрі күйзелтіп жіберген. Қазақтың белгілі бір ел ағасы Орынборға келіп, «...сол кездегі қазақ жұртының

қайғылы халі ит талаған қояндай...» болып еді дегені қағазда қалған [2]. 1723 қаралы жылдың қасіреті халық жадынан өшпей, осылай сақталған. Қар қалың түсіп, аяғы жұтқа айналған сол бір қырсықты қыстың соңын ала жоңғар қоңтәжісі Қалдын Серен [3] қалың әскерімен, қазақ даласына қара құрттай қаптап келіп, қазақтың бұрынғы шапқыншылықтары мен бас асаулығы үшін өш алып, қырғынға ұшыратты.

Жоңғарлардың қиянатынан тоз-тоз болған қазақтар түз тағысындай шашырап, мал-мүлкі мен бала-шағаларын, қарияларын, арық-тұрық малдарын тастап, оңтүстікке қарай шұбырып, безіп кеткен. Орта жүз Самарқан төңірегіне, Кіші жүз Хиуа мен Бұхара қарай ауып, қырғыздар Болордың аяқ жетпес шатқалдарына табан тіреп, тіпті үрей үстінде Гиссар асып кеткен.

Орта Азияның шөлейт даласында басына пана, малына жайылым таба алмай, жаңа қоңсыларымен атысып-шабысқан қазақтар Ресей сияқты іргелі мемлекеттің шегарасына таяп барып, қорғаныш іздейді, көмек сұрайды. Осынау қанды қырғын, қилы шақта Абылай сұлтан ел көзіне түсіп, жұлдызы жарқырайды. Ұрыс үстінде жанып түсіп, жарып шығатын батыр әрі ақылы кемел, сарабал, алғыр сарбаз сипатында оқшаулана береді. Қиын жерде қапысын тауып құтылып, қол бастаса жауын қирата жеңеді, данагөй аталады. Осылайша, әруақ қонып, қыдыр дарыған Абылайды қазақтар өзінің құтқарушысы дәрежесінде танығанша, ол талай қиын-қыстау сындарда шынығады. Екі рет тұтқында болады. Тау қырғыздарының, [4] тағы бірде Қалдын Сереннің қолына түсіп қалады. [5] Әсіресе, Қалдын Сереннің тұтқынынан құтылуы ғажап. Жоңғар ханының сүйікті ұлы Шарышты өлтіріп, қаһарлы қалмақтардың тегеурінінен қаймыққан қазақтар Абылайды Қалдын Серенге ұстап берген. [6]

Бәрін айт та, бірін айт, демекші 1739 жылы [7] біз оны Орта жүз билеушілерінің арасында ең әлуеттісі ретінде көреміз. Сонысына қарай, орыс үкіметі де көбіне-көп Абылаймен және інісі Сұлтанбекпен [8] қарым-қатынас жасауға бейім болады. Өйткені, кезінде Орта жүзге барып-келіп жүрген орыстардың айтуынша, лауазымды ханның [Әбілмәмбет] қолында ешқандай билік болмаған. Қазақ ордасын жақсы білетін Тевкелев [9] бұл сұлтанды, «қазақ билеушілерінің ішінде ең айласы молы және әлуеттісі» дегені бар.

1759 жылы Абылай патша сарайына өзінің туысы Жолбарыс сұлтанды [10] жіберіп, марапат сұраған, соған орай оған [патша атынан] құзырхат беріліп, жылына 300 рубль жалақы тағайындалып, 200 пұт ұн босатылатын болған.

Осы екі арада Орта Азияда Абылайдың халық алдында мансап беделін арттыруға себепкер болған көптеген оқиғалар дөп келіп, оның мәртебесі, тіпті, шарықтай берді.

1745 жылы қазақтардың ежелгі дұшпаны Қалдын Серен өліп, Жоңғарияда тақ таласы төңірегінде бүліншілік басталды. Қалмақ тайшылары бірінен соң, бірі Абылайға келіп жүгінді, көмек сұрады. Жоңғардағы ежелгі қанды кегін ұмытпаған Абылай, оларды одан әрі қалжырату үшін, қырқысқандардың бірде біреуін, бірде екіншісін қолдап, әбден арандатты. Жоңғар жеріне император Цян Лунның жеңімпаз әскері басып кіріп, күтпеген жағдайда оп-оңай жеңіске жетуі [11] де Абылайдың көршілер жөніндегі сыртқы саясатының орайын келтірді.

Жоңғар мен Кіші Бұхарияны [12] бөгетсіз басып алған қытайлардың айдарынан жел есіп, жаугершілік рухы асып, басқыншылық тәбеті ашыла бергендей еді. Бәлкім, император Цян Лун бір кездегі хань және тан әулеттерінің заманының аңсаған да шығар. 1756, 1758 және 1760 жылдары [13] Қытай жасақтары Орта жүздің жеріне бірнеше мәрте басып кіреді.

Кіші жүздің Нұралы ханы, Орта жүздің Әбілмәмбет ханы мен Абылай сұлтаны Аспанасты империясымен жақындасуға асықты. Абылай 1756 жылы өзін богдыханның вассалы ретінде танытып, князь мәртебесін иеленді, күнтізбе алды. Нұралы [14] Бейжіңге елші аттандырды. Қоқан ханы Ердене би [15] 1758 жылы, ал кейін оның ізін басқан Нарбота би де «тәңірі перзентінің» [16] қолтығына кірді.

Сырттай бағыныштылық танытқанымен, Орта Азия хандары іштей әлі де үрейлі болатын; қуатты деген Жоңғарияның шаңырағы ортасына түсіп, кіші Бұхариядағы дін қарындастардың жат жұртқа қарап кетуінен олар қатты сескенді. Ақырзаман боларда қарақытай қаптайды деген заман келіп қалғандай болды. 1762 жылы Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға 130 адамдық қытай елшілігі келіп, [17] «императордың бұйрығымен көктемге салым Түркістан мен Самарқанға Қытай әскері келеді, болашақ соғыс қажетіне қазақтар қаншама адам, ат пен өгіз, қой беруге тиіс», деп мәлімдегенде, қазақтар одан да қатты үрейленді. Орта Азия билеушілері әредік қылаң беріп қалатын алауыздықты, ұрыс-керісті жиып қойып, Қытайға қарсы одақ құрды. Парсының Нәдір шахына [18] және Ауғанстандағы дурранилер әулетінің көсемі танылған, Қандағар билеушісі Ахметке [19] қолбасылық тізгінін ұстатты.

Ал, Абылай, бір жағынан осынау одақты қолдағанымен, Қытай үкіметінен іргені аулақ сала қоймады, тіпті олармен алыс-берісті пысықтап, бұрынғыдан да жақындаса түсті. Ол ол ма, Бейжіңге Әділ деген ұлын аманат атап жіберді. Абылайдың мынадай бағыныштылық ниетіне разы болған богдыхан, мол сый-сияпатпен, арнайы құзырхат жазып, Әділді әкесіне кері қайтарды.

Осы екі арада Абылай, Сайрамкөл деген жерде Іленің бас губернаторына [20] жолығып, Қытаймен сауда жасау жөнінде келісімге келді. Осы мәміле нәтижесінде Тарбағатай (Шәуешек) мен Іледе (Құлжа) сауда жәрмеңкелері ашылып, қазақтар айдап әкелген малдарын Қытай тауларына айырбастауға мүмкіндік алды.

Богдыханның [21] мұндай жылы ықыласы, әсіресе сыйлықтары мен шен-шекпені пайдакүнем және мансапқор қазаққа қатты ұнайтын жөні де бар еді. Қытаймен жақындасқан сайын Абылай, Ресейден ашықтан-ашық алыстай бастады. Сөйтіп, 1771 жылы хандыққа сайланып алғаннан кейін, ант беру үшін шақырылса да, Ресей шегарасына жоламай қойды. Хандық лауазымды халқым сайлап, өзі берген, «тәңір ұлының» құзырхатын алғанмын, дейтінді шығарды.

Соған қарамастан, орыс үкіметі арнайы кісі жіберіп, Абылайдан ант алуға, оған қайтсе де хандық лауазым белгілерін (қылыш, ішік пен бөрік) тапсыруға әрекеттенді. Онысы - орыс үкіметі бекітпесе де хан бола береді екен деген теріс ой қазақ арасына тарап кетпеуі үшін жасаған шарасы еді. Абылай өзінің ұлдарына: «Қытаймен жақындаса беріндер, бірақ Ресейден қол үзуге болмайды», деп айтып отырады екен. Оның ойынша, қытай жағынан хан билігіне қауіп жоқ, ал орыстар қазақтың өзін-өзі билеуіне мұрсат бермей, қысым көрсетуден тайынбайды. Шынында, дәл сол кездегі жағдайда қазақтар Ресейдің қамқорлығына онша мұқтаж да емес-ті.

Орта жүзде Абылайдың билігі мейлінше бекем болатын, сонымен бірге оған Ұлы жүз (қолдағы құжаттарда: үйсіндер) де Абылайға бағынған. Жоңғарлардың түбіне қытай жетті; қазақтардың шапқыншылығына ұшыраған, әсіресе, Абылайдың өзінен қатты қиянат көрген торғауыттар азып-тозып Ілеге әрең жеткен; Пугачев бүлігінен кейін берекесі кетіп, үкіметтің рахымына жалынған Жайық казактары өз бетінше қимылдай алмайтын; енді қазақтың некен-саяқ дұшпаны айлакер қырғыздар мен Орта Азияның кейбір хандары ғана еді. Бұлар қазақ сұлтандарынан Түркістанды, Созақты, Сайрам мен Шу-Ташкент арасындағы қалаларды тартып алудан әлі де үмітті болатын.

Абылайдың тұла бойын кернеген әулиелік пен жеңімпаздық шабыт қазақтарға ғажайып қуат-жігер беріп, 1770 жылы Абылай, Шат өткелі арқылы оңтайын тауып өтіп барып, Туро өзені тұсында тау қырғыздарына бас салды, сол бойы тоқтамастан, дұшпанын Шу өзені аңғарына дейін қуып шықты. Шуға келіп құятын Қызылсу және Шамси өзендері бойында барша қырғыз бас қосып, Абылаймен айқасып берді. Сол бір қанды шайқастар осы уақытқа дейін «Жайыл қырғыны» [22] деген атпен қырғыздың жадында қалған. Қырғыздардың қазақтан көрген ауыртпалығы сондай, мысалы, солты руының Толқын деген атасынан 40 жан ғана қалыпты. [Қырғыз жорығынан] Абылай

Сібір шебіне таяу Көкшетаудағы өзінің ежелгі қонысына, мол олжамен оралды, көп қырғызды алдына салып айдап әкелді. Солардың ұрпағы осы күні жаңа қырғыз, бай қырғыз деген екі ру болып, өніп-өсіп отыр.

Онымен тоқтамай, Абылай Ташкентке, Ходжентке жорық жасап, Жизакқа дейін барды, жеті қаланы бағындырды, Әзірет, Сайрам, Шымкент, Созақ деген қалаларды қайтарып, Ташкенттен алым алып тұратын болды.

1774 жылы Абылай үйсін игі жақсыларының сұрауы бойынша, оларға билеушілікке Әділ деген ұлын тағайындады, оған Талас өзені бойында қалашық салып, [23] диқан қарақалпақтарды әкеп қоныстандырды. [Абылайдың] 71 ұлы болды, ата-бабасының дәстүрімен оларға Орта жүз бен Ұлы жүзден тиісті ел-қоныс бөліп беріп, өзі Түркістанда тұрақтап қалды. [24] Сол жерде 1781 жылы қайтыс болды, мәйіті Қожа Ахмет Яссауи мешітіндегі әулет зиратына жерленді. Осынау атақты қазақтың саяси өмірінің баяны, міне, осындай.

Жеке басының дара қасиеттерімен ғана зор мәртебеге жеткен Абылай, осы бір ұшқыр мінезді, құштарлыққа тоймаған, құмары қанбаған халықтың қадір-құрметіне ие бола білді. Тіпті, оның атақ-абыройының астарында ғажайып тылсым күш болған.

Әбілмәмбет қайтыс болған соң, халқы Абылайды, өзге сұлтандардың ішінде ең таңдаулысы ретінде, қазақ тәртібі бойынша, [марқұм] ханның өз кіндігінен тараған ұлдарының мұрагерлік құқы бола тұрса да, бірауыздан хан сайлады. Абылайды хан сайлау рәсімін көзімен көрген орыстың айтуынша, сан қиырдан жиналған ел ағалары оны жеңіл ақ киізге отырғызып, басына көтерген. Қаһармандығын, дариядай даналығын жарыса мақтап, мадақ жырына қосқан, оның ерлігі туралы біріне-бірі айтып тауыса алмаған. Ханның сырт киімін сыпырып алысып, жыртыс түрінде таратып әкеткен де, қолына жыртыс тигендердің қуанышы қойнына симай, жаңа ханның асыл қасиеттеріне тәнті болысты, деседі.

Қазақтың ешбір ханы Абылай сияқты шексіз билік құзіретіне ие болған емес. Ол алғаш рет өз тарапынан өлім жазасын қолдануды енгізді, жазаның бұл түрі бұрын халық қатысқан хан кеңесінің пәрменімен ғана мүмкін болатын. Хандық дара билікке орынсыз бөгет жасаған күшті деген ру басылары мен сұлтандардың бассыздығын ауыздықтап, тәртіпке салды. Әлбетте, мұндай соны қадамдарға, кейбір сұлтандар мен билер әуелде наразылық білдірген кезі де болған [25]. 1781 жылы Дайыр сұлтан (26 Барақ сұлтанның ұлы) Орынбор губернаторына шағымданып, Абылай билігімді заңсыз тартып алды, деп арыз да берген. [Кейбір] ру басылары, Польшадағы сияқты Абылайға қару кезенбек те болған. Бірақ, оларды ханның «төлеңгіттері» тізеге салып, Абылайдың темірдей берік тәртібін мойындауға мәжбүр етті.

Осынау хан, өз қарашыларының заманалардан санаға сіңіп, бойы үйренген, бұлжымас әдетке айналған бас асаулығын ауыздықтап, өзінің іс-әрекеттерін тылсым сырға бөлегені соншалық, ұрпақтары оны әлі күнге әулие санайды, шапқын жорықтарда «Абылайлап» ұрандатып атой салса, бойына күш-қуат алады.

Қарап отырсаңыз, Абылай айтыпты деген өсиеттерінен де Ақсақ Темір саясатының салқынын байқайсыз: «қазақ тайпалары арасындағы дау-шарды біржола тыйып тастауға болмайды, хан билігі мәнісінің өзі сол алауыздық пен дау-шарды шешіп отыруда», дейді екен.

Қазақтың аңыз-әфсаналарында Абылай есімі асқақ айбарлы; халықтың түсінігінде, Абылай заманы қазақ қаһармандығының ғасыры саналады. Оның жорықтары мен батыр серіктерінің ерлігі толғауы тоқсан, құлаш-құлаш қисса-дастандарға арқау болған. Сыбызғының сырбаз сарыны мен қобыз шанағынан құйылған күйлерде Абылай заманы мен кезеңдерінің сыры мен сымбаты сақталған. [Әлқисса,] қаһарлы Баян батыр қаза болатын жорық жайлы «Шаңды жорық», қиырдағы құба қалмақтарды қақырата шабуға қыраулы қыста аттанып, олжаға қолы жеткенше,

қалың жасақтың жеті күн азықсыз ашығуы «Қоржын қақпай» күйлерінен көрініс тапқан. Кейінгі ұрпақтарға мұндай күйлер Абылайдың жеңімпаз туы астындағы даңқты кездерден келіп жеткен хикая, ерлік пен өрлік ұраны сияқты әсер береді.

Қазақшаға аударған З. Тайшыбай.

Аудармашының түсініктері:

1. Ш. Уәлиханов шығармаларының бес томдық жинағын құрастырушылар «Абылай» деген еңбектің түпнұсқасы толық сақталмағанын ескерткен. (405 бет).

2. «Қазақтың белгілі бір ел ағасы...» Кіші жүздің табын Бөкенбай батыр екендігі сол кезден сақталған басқа бір құжат бойынша анықталған (қараңыз: Казахско-русские отношения ХҮІ-ХҮІІІ в.в. Алма-Ата, 1961, док. №25-74). Бірақ, Ш. Уәлиханов шығ. жинағын құрастырушылар бұл Бөкенбайды Орта жүздің қыпшақ Бөкенбай батырымен шатыстырып алған. (406 бет).

3. 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығының зардаптары қазақ тарихында «Ақтабан-шұбырынды, Алқакөл-сұлама» деген атпен қалғаны мәлім. Ш. Уәлиханов жинағын құрастырушылар бұл жорықты Қалдын Серен емес, Сыбан Раптанның жиені Шоңа Даба бастап келгенін көрсетеді. (406 бет).

4. Абылай тау қырғыздарының қолына тұтқын болып түскені осы уақытқа дейін дәлелденбеген, алайда, қырғыздардың ауыз әдебиетінде сондай сөз бар. Бәлкім, бұл әңгімені Шоқан қырғыз арасында болғанда естуі мүмкін.

5. «...Шарышты өлтірді» деген әңгіме қазақтың ауыз әдебиетінде кездесіп отырады, бірақ тарих жүзінде дәлелденген жоқ. Ал, 1741 жылғы бір соғыста Абылай Қалдын Сереннің жақсы көретін бас батырын мерт қылды деген жазба дерек бар. Шоқан қазақ арасына кең тараған аңызға сүйеніп жазуы мүмкін.

6. Жаңсақ пікір, бұл да ел арасындағы ауызша аңызға байланысты жазылған. Абылай соғыс қимылдары үстінде Қалдын Сереннің үлкен ұлы Лама Доржы бастаған әскердің қолына Ереймен таулары маңында 1741 жылы көктемде тұтқынға түскен.

7. Орыстың мұрағат құжаттарында Абылай сұлтанның есімі 1737 жылдан көріне бастайды. 1737 жылы жазда Қазыбек би бастаған Орта жүз бен Әбілқайыр хан бастаған екі жүздің құрылтайы болып, осы жиында Әбілқайыр аға хан болып сайланады, құрылтайға Абылай-баһадүр сұлтан қатысады. 1738 жылы Орынбор әкімшілігіне бастық болып тағайындалған В. Урусов Әбілқайыр ханды, Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанды Ресей императорына ант беру рәсіміне шақырады. Бұл рәсімге Кіші жүздің Әбілқайыр ханы ғана келеді. Ал, Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан 1739 жылы келмек болғанымен, келесі 1740 жылы тамызда ғана Орынборға келіп, В. Урусовпен кездеседі. Ескерте кету керек, осыдан кейін Абылай Ресейдің бірде-бір қаласына, шегара бекінісіне ат ізін салған емес, бірде-бір биік шенді орыс ұлығымен бетпе-бет кездескен емес. Тек қана елші жіберіп, хат жазысу тұрғысында байланыс жасап отырған.

8. Сұлтанмұхаммет сұлтан туралы айтылған, сақталған құжаттарда Абылайдың немере інісі Сұлтанбек, Солтанмәмет сұлтан аталады, ол Ертістің орта ағысындағы Кереку, Железин маңын қоныстанған.

9. Тевкелев М., орыс-қазақ байланыстарында маңызды шаралар тындырған тілмәш, мәмілегер, кейін генерал-майор, 1731 жылы Ресей императоры атынан Кіші жүзді бодандыққа қабылдау рәсіміне елшілік бастап келгеннен бастап, өле-өлгенше осы қызметінен ажырамаған.

10. Жолбарыс сұлтан – Абылайдың немере інісі Сұлтанмұхаммет сұлтанның ұлы 1759 жылы тамыз айында Петербургте болған. Сол жолы Ресей үкіметі Абылай сұлтанды қайтсе де, Қытаймен жақындастырмауды көздеп, оны «бауырға тарту» жөнінде бірқатар қадам жасаған. Сақталған құжаттарға қарап, Шоқан бұл сый-

марапаттарды Абылай өзі сұрап алған деп, жаңсақ түсінген. Солардың бірі – Ресей сыртқы істер алқасының шақыруымен Абылай атынан Жолбарыс сұлтанның сапарға шығуы. Осы елшіліктің нәтижесі ретінде шығарылған жарлықта мына мәселелер шешілген:

1) 1759 жылдан бастап Абылай сұлтанға жылына 300 рубль жалақы тағайындалсын, оның 100 рублі оған жасырын беріледі және оның үстіне Абылайға, басқа ел ағаларына 500 рубльдің сый-сияпаты берілсін;

2) Абылай сұлтанды Орта жүздің ханы деп жариялау қажет болғанымен, бұлайша Кіші жүздің Нұралы ханын ренжітіп алмау үшін (оның Орта жүзге де біраз билігі бар) Абылайға құпия түрде айтылсын: егер ол Троицкіге немесе Орынборға аманат тапсыратын болса, өзіне хан лауазымын беру туралы мәселе көтеруіне болады, содан кейін ол, жалақы жағынан Нұралымен теңеседі, және

3) Біздің қолымызға түсіп, шоқынғысы келіп, тілек білдірген тұқындарды қайтару жөнінде Абылайдың талабына, бұл мәселе қаралып жатыр деп жауап берілсін.

11. Жоңғар хандығы тек қытай әскерлерінің күшімен талқандалды деген жаңсақ пікір сол заманнан бастап, осы уақытқа дейін кең тарап, тарих ғылымында орнығып қалғанын ескертуді өзімізге парыз санаймыз. Шынында, жоңғар хандығын Абылай бастаған қазақ әскерлері қайта-қайта шабуылдап әлсіреткен еді. Міне, соның нәтижесінде ғана «қытай әскерлерінің оп-оңай жеңіске жеткені» туралы аңыз қалыптасқан. Орыс және қытай тарихшылары, нақты жазба деректер бола тұрса да, көңіл аударғысы келмейді де, осынау тарихи құбылысқа Абылай бастаған қазақ әскерлерінің қосқан үлесін «ұмыт қалдырады», тиісінше, қазақ тарихшылары да сол соқпақтан шықпайды (Ауд.)

12. Шығыс Түркістан деп аталатын аймақ, қазіргі ҚХР Шыңжан автономиялы ауданы.

13. 1756 жылы мамыр, маусым айларында Қытайдың манчжур (шүршіт) генералдары Дардана және Хадаха бастаған 20 мыңдық әскері Ертістің Ақсу тұсынан кешіп өтіп, Әмірсананы ұстауға келе жатырмыз деген сылтаумен соғыс бастады. Орта жүз жеріне келуі мүмкін басқыншыларды Абылай бастаған қазақ жасақтары Баянаула тауларына жеткізбей, қарсы алды. Бөгенбай, Қожаберген, Жауғаш және басқа да батырлар қатысқан бұл қантөгіс соғыс Қу, Кент, Қарқаралы тауларында үш айға жалғасты. Ақыры, Қарқаралы тауының оңтүстігіндегі Жарлы деген аңғарда шешуші айқас болып, Қытай әскері жеңілгендігін мойындады да, «күн суытып кетті» дегенді сылтау етіп, қазақтармен келісімге келіп, еліне қайтуға мәжбүр болды. Әскердің дені қазақтар шүршіт деп атайтын «чурджень-манжур» ұлтынан болғандықтан, қазақ тарихында Шүршіт соғысы деген атпен қалған бұл жеңіс, қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалуда айтулы белестердің бірі еді.

14. Нұралы сұлтан, (1790 ж. қ.б.) - Әбілқайыр ханның ұлы, Кіші жүздің ханы (1749-1785).

15. Ердене би – Қоқан ханы.

16. Қытай императоры Цян Лунның лақып аты, билік мәртебелі, қасиетті деген мағнада.

17. Қытайлар бұл жорықтан тартынған.

18. Нәдір шах (1688-1747), Таймасқұл хан атанған, парсы елінің шахы (1736-1747), ол кезде Бұхара мен Хорезмнің оңтүстік аймақтарына билік жүргізген.

19. Ахмет, Ахмед шах Дуррани, Ауғанстанның ханы (1747-1773).

20. Қытай империясы Жоңғар хандығы күйрегеннен кейін босап қалған қазақ қоныстарын игеру мақсатында Іле аңғарын әкімшілік бөліс ретінде жеке қалыптастырып, оған губернатор тағайындап қойған болатын.

21. Богдыхан – Қытай императоры Цян Луннің лақып аты, Батыстағы Ресей мен Қазақстан, Орта Азия хандықтары ауызекі әңгімелерде оны богдыхан (Әулие текті билеуші) деп атайтын болған, Қытай халқы мен қарауындағы басқа елдер оны «Тәңірі перзенті» деп атаған.

22. Қырғыздың белгілі ел ағасы, атақты батыры Жайыл қазақ әскерлеріне қарсы күреске басшылық еткен, сол соғыста өзі, екі ұлымен мерт болған. Сондықтан, қырғыз тарихында бұл шайқас «Жайыл қырғыны» деген атпен, қалған. Яғни, Жайыл батыр бастаған әскердің қырғынға ұшырауы, дегенді білдіреді.

23. Көне Талас қаласының орнында, қазіргі Жамбыл облысының орталығы, Тараз қаласы.

24. Жаңылыс жазылған. Орыс барлаушыларына жалған мәлімет беріліп, Абылай Түркістанға ордасын көшіреді екен деген қауесет таратылғаны рас. Шын мәнінде, Абылай хан Қазақстанның солтүстігін Ресейге беріп кетпеген, оңтүстіктегі ұрыстарды аяқтап, Көкшетаудағы ордасына қайта аттанғалы отырғанда, оқиыстан қаза болған. Бұл оқиға жөнінде Шоқан пайдаланған жазба деректердің ақиқаттығына сын көзімен қарау қажет.

Үздіксіз соғыс жағдайындағы қазақ қоғамын бір орталықтан ширақ басқару үшін Абылай, нақты жағдайларға байланысты ежелгі билер институтының пәрменін тежегені рас. Қорғаныс мүддесіне байланысты жеке-дара билікті өз қолына шоғырландырғанымен, Абылай жалпы ұлттық маңызы бар күрделі мәселелерді ақылдасып шешуде, хан кеңесі институтының қажеттігін жоққа шығармаған. Кей жылдары ғана болмаса, жылына кемінде бір рет хан кеңесі шақырылып, оған Орта жүздің Қазыбек биі бастаған аға билері мен батырлары, Ұлы жүз бен Кіші жүздің хандары, сұлтандары, батырлары мен билері шақырылып тұрғаны нақты дәлелденген.

Әдебиет

1. Кейбір қағаздарды губернатордың көмекшісі, Шоқанның жақын досы болған, Омбы губернаторы К.К. Гутковский көшіріпті).
2. Едіге туралы аңыздың қазақша мәтінін баспаға дайындап берген Сібір университетінің профессоры П.М. Мелиоранский.
3. Штаб-ротмистр Уәлихаонвтың облыстық басқарма мен округ приказдарының қағаздары негізінде дайындаған Ақмола облысындағы сот жүйесінің жағдайы туралы баянхатты Г.Н. Потанинге Г.А. Колпаковский жіберген.
4. С.Я. Капустиннің қағаздары Я.И. Смирновқа түскен екен, ол маған жіберіпті, алайда мен олардан іске татылық ештеңе алған жоқпын.
5. Абылай [1] (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах, Т-1У, Алма-Ата, 1981, С. 111-116.)

ӘОЖ 94 (574)

ТАРИХ ТӨРІНДЕГІ ТҰЛҒА

Аубакирова Г.Р., Есенбек Д.С.

(М.Қозыбаев ат. СҚМУ)

Ұлтымыздың тарихында өшпес із қалдырған тарихтың тарланы, «Ақтаңдақтар ақиқатының» жаршысы бола білген ұлт мақтанышы және туған жері, туған елі жайлы естен кетпес, өшпейтін естеліктер қалдырған Манаш Қабашұлы Қозыбаевты – тарих төріндегі тұлға деп айта аламыз.

Тақырыбымызды бастамас бұрын Манаш Қозыбаев кім? деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Шыны керек дәл осылай тәуелсіз ел атануымызда қазақ елінің талай біртуар азаматтары маңдай терін төкті. Олардың бірін білсек, бірін білмейтініміз ақиқат. Манаш Қабашұлы Қозыбаев егемендік жолында, Қазақстан тарихына «қайта өрлеу дәуірін» туындатып, бір жаңғыру алып келген тұлға болды.

М.Қ. Қозыбаев 1931 жылы 16 қараша қазіргі Қостанай облысы Мендіқара ауданының Тазкөл басындағы ауылда шаруа отбасында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы жылдары жасөспірім бала кезінен колхозда еңбекке араласқан. 1947 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Мендіқара педагогикалық училищесін үздік бітіріп, бір жылы Үлгілі жеті жылдық мектебінде мұғалім болып қызмет етеді. 1953 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін үздік бітіріп, Қостанай педагогикалық институтында ғылыми-педагогикалық жұмысымен айналысады. Талантты жас ғалым 1958 жылы сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтына қызметке шақырылып, онда аға ғылыми қызметкерден тарих ғылымының докторы, профессор, танымал ғалым дәрежесіне дейінгі жолдан өтті.

1980 жылдан Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясын басқарды. Оның басшылығымен сол кезеңде орыс және қазақ тілдерінде 4 томдық «Қазақ ССР» энциклопедиясы, «Алматы», «Қарағанды облысы» энциклопедиялары, Ш.Ш. Уәлихановтың 5 томдық толықтырылып, өңделген шығармалар жинағы және тағы да басқа іргелі еңбектер басылып шықты. М.Қ. Қозыбаевтың Қазақстанның, сондай-ақ жалпы КСРО-ның шығыс аймақтарының тарихы мен тарихнамасы және Ұлы Отан соғысы тарихы бойынша зерттеулері республикада, әрі одақ көлемінде жоғары бағаға ие болды. Оның «Казахстан-арсенал фронта», «Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны», «Ұлы ерлік» және басқа монографиялары мен Ұлы жеңіске қосқан үлесі туралы басқа да зерттеулері бүкіл Одақтық қауымға танылды. М.Қ. Қозыбаев зерттеулеріндегі КСРО-ның соғыс кезіндегі әскери-экономикасының құрамдас бөлігі ретінде өндіргіш күштерді елдің шығыс аудандарына, оның ішінде Қазақстанға көшіру, табиғат ресурстарын Отан қорғау мүддесіне тиімді пайдалану шаралары, КСРО халықтарының екінші дүниежүзілік соғыс майдандарына қатысуы, соғыс жылдарындағы елдегі қоғамдық – саяси өмір мен мәдениет сияқты күрделі мәселелер өзінің терең де жан-жақты ашылуымен сипатталады. Сол кезде Одақ көлеміндегі Ұлы Отан соғысы тарихын зерттеуші жетекші маман ретінде М.Қ. Қозыбаев «Союз нерушимый», «Во главе защиты Советской Родины», «Советский тыл в первый период Великой Отечественной войны», «История рабочего класса СССР» атты іргелі еңбектерді және осылар сияқты Москва, Баку, Новосибирск, тағы басқа қалаларда шыққан бірқатар кітаптарды жазуға қатынасты. 1980-жылдардың соңы мен 1990-жылдардың бас кезінде ұлттық сана-сезімнің күшеюі, кеңестік мемлекеттік жүйе мен коммунистік идеологияның күйреуі және тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің жариялануы мен қалыптасуы тарих ғылымының қоғамдағы орнына түбегейлі өзгеріс енгізгені аян. Осы кезден бастап академик М.Қ. Қозыбаев басқарған Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін зерттеуге орасан зор үлес қосып келеді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғышарттары пайда болған 1980 жылдардың соңынан бергі уақыт ішінде Қазақстан тарихшылары академик М.Қ. Қозыбаевтың басшылығымен тарихи зерттеулер методологиясының мәселесі, жинақталған тарихи білімдерді қайта пайымдау, қазақ халқының шығу тегі мен этникалық тарихы, ұлттық мемлекеттілік пен ұлттық қауіпсіздік проблемалары, Қазақстанның саяси-әлеуметтік және экономикалық даму тарихының, Қазақстанның жалпы тарих тұрғысынан әлемдік қауымдастықтағы, оның ішінде ең алдымен Ресей және ТМД елдерімен, Қытаймен, алыс шетелдермен

қарым қатынасына байланысты өзекті мәселелер отандық тарих ғылымының басым бағыттарына айналды. Манаш Қозыбаевтың инициативасы бойынша Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында бүкілодақтық ғылыми конференция шақырылған еді. Осы конференцияда Қазақстан мен Орта Азия республикаларында ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру тарихы жан-жақты талқыланып, ақиқатқа жол ашылды. Манаш Қозыбаевтың негізгі шығармалары осы тақырыпта өрбіді. Осының нәтижесінде М.Қ. Қозыбаев және басқа ғалымдар 1989 ж. Москвадағы «Вопросы истории» журналында жариялаған мақаладан Қазақстандағы ашаршылық нәубетінің көлемі мен зардаптары әлемге тұңғыш рет аян болды.

Манаш Қозыбаев «Ақтаңдақтар ақиқаты»: Белгілі академик бұл еңбегінде отызыншы жылдары Голощекин жүргізген «Кіші Қазан» төңкерісінің қазақ халқына қаншалықты қасірет әкелгенін сөз етеді. Тарихи деректерге сүйене отырып, «Ермак кім?» деген сұраққа байыппен жауап береді. Кітапта Хрущевтің, Брежневтің, Голощекиннің саяси портреттері берілген.

Тарихшы басқарған институт 1993 және 1995 жылдары орыс және қазақ тілдерінде көне заманнан бүгінге дейінгі «Қазақ тарихының очерктерін» шығарды. Содан кейін М.Қ. Қозыбаевтың басшылығымен көне заманнан бүгінгі дейінгі «Қазақстан тарихының» 5 томдық академиялық басылымы шығарылды. Бұл ТМД мемлекеттерінің ішінде тұңғыш басылым болды. 1998 жылдан бері М.Қ. Қозыбаевтың басшылығымен қазір Қазақстанға ғана емес, шетелдік ғылыми қауымға да кеңінен таңылған арнайы ғылыми басылым «Отан тарихы» журналы шығарылып келеді. Академик М. Қозыбаев үн қатпаған тарих және қазіргі заманға қатысты қандай да болмасын өткір қоғамдық-саяси мәселе жоқ сияқты. Оның мерзімді баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарындағы өзекті ғылыми және публицистикалық мақалалары мен сөйлеген сөздері кеңінен танылып, жұртшылықтың шынайы ілтипатына бөленді. Осылайша тәуелсіздік жылдарында М.Қ. Қозыбаев елімізде тарихи сананы қалыптастыруға, рухани өмірдің жаңғыруы мен дамуына ұлтаралық жарасым мен халықтар бірлігін нығайтуға зор үлес қосты. Ол қазақ мемлекеттілігі тарихының, отаршылдық және кеңестік тоталитаризм жағдайындағы Қазақстан тарихының жаңа концептуалдық бағыттарын қалыптастырудың, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың бастау көзінде тұрды. Соңғы жылдары ол Қазақстан Республикасы Президентінің «1997 жылы жалпы ұлттық келісім және жапайы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу Жылы деп жариялау туралы», «1998 жылы халық бірлігі мен сабақтастығы Жылы деп жариялау туралы» Мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде де қыруар жұмыстар атқарды.

М.Қ. Қозыбаевтың отандық тарих ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі жемісті мемлекеттік және қоғамдық қызметі жоғары мемлекеттік наградалармен атап өтілген.

«Қазақстан-майдан арсеналы» монографиясы үшін оған 1970 ж. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты атағы берілді. 1995 ж. Қазақстан тарихының өзекті проблемаларына арналған бір топ зерттеулері үшін ол Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды. Белсенді әрі жемісті мемлекеттік және қоғамдық сыйлығы үшін 1997 жылы ол Президенттің «Бейбітшілік рухани келісім» сыйлығының иегері атанды. Оған 1986 жылы «Қазақстанның ғылымға еңбек сіңірген Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, Қазақстан Республикасының және КСРО медалдарымен марапатталған. М.Қ. Қозыбаев Шәкәрім атындағы «Семей» мемлекеттік университетінің, Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің, «ҚазГОР» Академиясының құрметті профессоры болып сайланған. Ол Қостанай қаласының және Мендіқара ауданының құрметті азаматы. Манаш Қабашұлының

жансерік жолдасы Сара Пішенбайқызы-танымал педагог, ұстаз, інісі Сағынбай Қозыбаев, баласы Ілияс-тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар, қызы Гүлшат тарих ғылымдарының кандидаты.

1998 жылдан бері М.Қ. Қозыбаевтың басшылығымен қазір Қазақстанға ғана емес, шетелдік ғылыми қауымға да кеңінен таңылған арнайы ғылыми басылым «Отан тарихы» журналы шығарылып келеді. Академик М. Қозыбаев үн қатпаған тарих және қазіргі заманға қатысты қандай да болмасын өткір қоғамдық-саяси мәселе жоқ сияқты. Оның мерзімді баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарындағы өзекті ғылыми және публицистикалық мақалалары мен сөйлеген сөздері кеңінен танылып, жұртшылықтың шынайы ілтипатына бөленді. Осылайша тәуелсіздік жылдарында М.Қ. Қозыбаев елімізде тарихи сананы қалыптастыруға, рухани өмірдің жаңғыруы мен дамуына ұлтаралық жарасым мен халықтар бірлігін нығайтуға зор үлес қосты.

Академик М. Қозыбаев өзінің саналы ғұмырындағы 53 жылдық еңбек жолының 40 жылын ғылым жолына арнады, өзі таңдап алған тарих ғылымын дамытуға еңбек етті. Бастапқыда ғылымдағы ізденістерін өлкетану, Қазақстанның Ұлы Отан соғысындағы жеңісіне қосқан үлесін зерделеуден бастаған М. Қозыбаев біртіндеп ғылыми зерттеу аясын кеңейтіп, қазақ халқының шығу тегінен бастап, оның өркениеттегі орны, XX ғ. қасіретті тағдыры туралы тұтас, кешенді де, маңызды, мазмұны терең тұжырымдар жасады. Сонымен қатар екі қоғамдық кезеңде өмір сүріп, тарих ғылымының дамуы мен жаңа ауыспалы кезеңнің талаптарына сай жазылған зерттеулерінде қазақ халқының тілі, ділі, діні, мәдениетінің өзекті мәселелері қаралып, кешегі кеңестік қоғамдағы жалпылама бірегейлендіру жүйесін бұзып, қазақ халқының өзіндік, ұлттық болмысын айшықтауда да академик М. Қозыбаев тарихшылардың көшбастаушы ғана емес, өз ғылыми шығармашылығымен де ерекшеленді. XX ғасырдың соңғы он жылдықтарындағы республикадағы қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал ететін қоғамтанушылардың алдыңғы қатарына шыққан ғалым-қайраткердің жоғары деңгейге көтерілуіне соғыс және бейбітшілік, өлкені социалистік түрде модернизациялау, Отан тарихын әлеуметтік-экономикалық формациялар мен өркениеттік талғам мен талап негізінде, аға буын тарихшылардың еңбектеріне сүйеніп, жаңа деректеме көздерін пайдалана отырып зерделеу, қазақ халқының шығу тегі, қазақ мемлекеттігі, үш жарым ғасырға созылып, Ұлы Отан соғысына ұласқан қазақ-жоңғар қарама-қарсылығы, ұлтымыздың 260 жыл Ресей империясының, Кеңестік Ресейдің қоластындағы отарлы ел болған болмысының тарихын жүйелі түрде саралап, ғылыми-теориялық тұрғыдан талдап, Отантану ғылымын жаңа сатыға көтерді.

Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында жазылған еңбектерінде тарихшы-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде М.Қ. Қозыбаев қазақ халқының ұлттық сана сезімінің орнығуын, мемлекеттілік идеологиясының, Қазақстан Республикасының этнотерриториялық тұтас-тығының нығаюына үнемі назар аудара отырып, жас ұрпақ бойына адамгершілік пен ізгіліктің нұрын себуде халық ауыз әдебиеті мен ақын-жырау, би-шешендердің даналық сөздерін жиі пайдаланатын. Мұны М.Қ. Қозыбаевтың еңбектерінің кез-келгенінен айқын көруге болады. Академик М.Қ. Қозыбаев еңбектерінің негізгі мазмұны жалпыұлттық татулық пен Қазақстан халықтарының бірлігін нығайтуға, өскелең ұрпаққа рухани және патриоттық тәрбие беруге, елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын көтеруге арналған реформалар мен бағдармаларды жүзеге асыруға бағытталғандығымен құнды.

Академик М. Қозыбаевтың болмысы мен бойында тума дарындылық пен білімділік, парасаттылық пен адамгершілік секілді қасиеттердің тамаша жарасымдылығы мол еді. Қаншама биік мінберлерден ұлт тарихының өзекті мәселелері туралы сөйлегенде ойының ұшқырлығымен, жазғанда қаламының қарымды жүйріктілігімен, сөз алғанда тілінің орамдылығымен кез-келген тыңдаушысын еріксіз

баурап алатын. Оның шығармашылық лабораториясына тереңірек бойлаған сайын, ғалымның ең көп көтерген мәселесі – өркениет және ұлт туралы, ел мен жер мәселелері болғанындығын байқаймыз. Сондықтан М. Қозыбаев «Ұлт болмысы», «Ұлт намысы», «Ұлт тілі», «Ұлттық мәдениет», «Ұлттың рухы», «Ұлтжандылық» сияқты мемлекет құруда ең қажетті де қасиеттер ұғымдарды ұлттық мүдде тұрғысынан түсіндірудің жолдарын қарастырған М. Қозыбаевты өз шығармашылық ғұмырында ұлттық намыс пен рухтың жаршысы ғана емес, өнегелі өмірінде оның үлгісін өз ісімен танытқан, ғылыми еңбектерімен әйгілеген намысы да, рухы да өр тұлға болғандығын мақтан етеміз.

Ғалымның көркемсөздің иесі болғандығын ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімбек Салықов: «Тарихи еңбектерін қарасақ, солардың ішінде Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Қожаберген жырауларды керемет біледі де, солардан сусындап, соларды жалғастырғандай сөйлейді. Ақындығын көрсетіп, ұйқасқа да шауып кетеді» деп бағалайды. Тарихшы-ғалым М. Қозыбаевтың ақындығы «Жұлдызым менің» атты естеліктеріндегі өлең топтамаларынан-ақ көпшілікке белгілі. Бүгінгі заманда Ғабит Мүсіреповтің, Зейнолла Қабдоловтың, Әбіш Кекілбайұлының, Манаш Қабашұлының көсемсөздің майталман шеберлері екендігіне ешкім шек келтірмейді. Сондықтан да олардың еңбегі тек қана біздің емес, келешек ұрпақтың құрметіне де әбден лайық» деген пайымдауымен қорытындылауды жөн көрдік.

Қазақстанның қазіргі заман тарихында Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұлт тарихын жаңғыртуда «Рухани жаңғыру – Болашаққа бағдар», «Ұлы Даланың Жеті Қыры» секілді бағдарламаларды жүргізді. Бұл бағдарламалардың рөлі қандай? деген сауал туындайды. Бұл – тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үніліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады. Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті. Бүгінде төл тарихымызға оң көзқарас керек. Бірақ қандай да бір тарихи оқиғаны таңдамалы тұрғыдан ғана сипаттаумен шектелуге болмайды.

Ақ пен қара – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Бұлар өзара бірлескенде жеке адамдардың да, тұтас халықтардың да өміріне қайталанбас реңк береді. Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек. Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз. Оны тереңінен түсіне алу үшін қазақ тарихын жазуда өз ғұмырының жартысын арнаған тұлғаларымызды ұмытуға хақымыз жоқ. Манаш Қабашұлыда өз уақытында Қазақ тарихына үніліп, жазықсыздардың атын арашалауда, ақиқатты ашсам ондағы тарих ақтаңдақтарын көрсетсем деген мақсат-мұратынан ешқашан жалыққан емес.

Манаш Қозыбаевтың құрметіне 2003 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30 мамырындағы № 497 жарлығымен Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне академик Манаш Қозыбаевтың аты берілді. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің тарихы Қазақстан Республикасы тарихымен, оның мәдениетімен, білім беруімен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасы алғашқы жоғары оқу орындарының бірі ретінде оның дамуы мен қалыптасу тарихындағы төмендегідей кезеңдерді ерекше атауға болады. Біз осы тәуелсіз елдің азаматы ретінде осындай тарихи тұлғаларымызбен, елін сүйген ерлерімізбен мақтана білуіміз керек.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев-егемен Қазақстанның ұлттық тарихының қайта жаңғыртушысы!

Әдебиет

1. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. А., 1992 ж. 161 б.
2. Қозыбаев М.Қ. Жұлдызым менің Құрастырған: З. Төленова. - Алматы: Арыс, 2001. - 240 б.
3. Сағадиев К. Ұлт ұлағатының жаршысы Егемен Қазақстан. - 2011. - 1 қараша.
4. Қозыбаев М. «Дақырт және Шындық» Алматы, 1996 жыл. - 35 бет.
5. Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» 1999 жыл. 499 бет.
6. Озғанбай Ө. Тарихи тұлғалар тағылымы. - Астана: Фолиант, 2016. - 440 б.
7. Н.Ә. Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры». Астана, 2018.
8. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Алматы. «Алматы кітап баспасы», 2009 жыл. 240 бет.

ӘОЖ 94 (574)

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ КӨК ТУЫ

Аубакирова Г.Р., Имеш А.О.

(М.Қозыбаев ат. СҚМУ)

Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш.

Еліміздің сан ғасырлар тарихында қасық қаны, шыбын жаны қалғанша елі үшін басын бәй тіккен батыр бабаларымыз бар. Мәселен, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Қаракерей Қабанбай, Райымбек батыр, Исатай мен Махамбет, Кенесары, Сырым, Амангелді т.б. батырларымыздың ерліктері біздің жадымызда мәңгі сақталары анық. Қарақылды қақ жарар билеріміз Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер, сонымен қатар сөздің майын тамызып, балын ағызып сөйлейтін Жиренше, Бөлтірік шешендеріміздің өзі бір төбе. Халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұңлаған ақын-жазушыларымыз да біздің хас батырлармыз! Ұлы Отан соғысының от-жалынды жылдарында азаматтарымызбен бірге қолына қару алып, майдан шебіне аттанған Әлия мен Мәншүктің есімдері ел есінде қалары айдан-анық

Ал «Қой үстіне бозторғай» жұмыртқалаған заманда өмір сүріп, тәуелсіздікке жеткеніміз елі үшін еміренген, ет жүрегі елжіреген, сонау қаһарлы қыста қыршынынан қиылған жалынды жастарымыздың арқасы. Е. Сыпатаев, С. Мұхаметжанова, К. Молданазарова, Қ. Рысқұлбеков, М. Әбдікүлов, Л. Асанова сынды ержүрек қыз-жігіттеріміздің аты мәңгілікке алтын әріппен жазылары ақиқат.

Қай елдің болмасын тарау – тарау жолдары және ешқашанда ұмытылмас қайғы – қасіреті мен қуанышты сәттері өткен тарихында кездесетіні анық. Сол тарихты қазіргі уақытта қайта жаңғыртып, жарыққа шығару ол да бір ерлікпен батырлықтың көрінісі. Тарихты қайта түлеткен, Тәуелсіздік жылдарының хас батыры ретінде, біз Манаш Қозыбаевты айтуымызға әбден болады. Манаш Қозыбаев қазіргі Қостанай облысы, Мендіқара ауданында 1931 жылдың қараша айының 16-сы күні дүниеге келген. Өзінің өмірінің көп бөлігін ел тарихын зерттеуге арнаған, елін-жерін сүйген ұлт жанды ғұламамыздың өз қолынан шыққан еңбектері қазіргі күнге дейін өзінің өзектілігін жоймай, жас тарихшыларға бағдар беріп келе жатқан баға жетпес құнды материалдар деуімізге әбден болады. Қамшының сабындай қысқаөмірінде Манаш Қозыбаев отызға

тарта монография, елуден аса басқа тарихшылармен бірлесіп жазған еңбектері бар. Еңбектері әлемің басқа мемлекеттерінде жарыққа шығарылып аударылған. Сонымен қатар, тоқсанға жуық шәкірт тәрбиелеп, ел қазығын түзейтін мықты мамандар даярлады. «Біздің ата шежіреміз ғасырлар бойы Ресей тарихының құрамды бөлігі болып келді, солай хатталады да. Жаңа тәуелсіздік заманында өз халқымыздың тарихын өзіміз жазып, жаңа егемендік ел, халық тұрғысынан жазуға мүмкіндік алдық» деп Манаш Қозыбаевтың айтуы да бекерден бекер емес екенін санамызға салып, ойымызбен қорытқанымыз дұрыс. Өзге елдің тарихының құрамдас бөлігі болғанша, өз еліміздің тарихымызды қайта түлету, яғни өмірге әкелуі осы кезеңнің ерлік істерінің бірі болды. Манаш Қозыбаев 2002 жылы Алматы қаласында дүниеден өтеді. Оның еңбектері мәңгі халық жадында сақталатыны айқын.

Қазақ елінің тарихында «Батыр» деп ақ найзаның ұшы мен ақ білектің күшімен күресіп, жауға тойтарыс берген және елі мен жерін қорғаған тепсе темір үзер балуанды айтса, қазіргі уақытта батыр деп көк туымызды аспанда желбіретіп, қазақ елін дүйім жұртшылыққа таныстырып, халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп жүрген ел спортшыларын айтамыз.

Біздің тәуелсіздік жылдарындағы тарландарымыздың еліне, Отанына сыйлаған тартуына көз жүгірсек, 1996 жылы АҚШ-тың Атланта қаласында өткен XXVI жазғы Олимпиада ойындарында Василий Жиров бокстан, Александр Парыгин бессайыстан, Юрий Мельниченко грек-рим күресінен алтыннан алқа тағынса, Анатолий Храпатый ауыр атлетикадан, Сергей Беляев нысана көздеуден, Болат Жұмаділов бокстан, Мәулен Мамыров еркін күрестен, Болат Ниязымбетов бокс, Ермахан Ыбрайымов бокс, Владимир Вохмянин нысана көздеуден қола медаль алып, командалық есепте 196 елдің арасынан 24-ші орынға тұрақтаған еді...

1998 жылы Наганода өткен XVIII қысқы Олимпиада ойындарында Қазақстан 2 қола алды, олар шаңғышы Владимир Смирнов және конькиші Людмила Прокашева болды. Қазақ халқы: «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, Бекзаттай батырымыздың жеңісі де әрқашан ел есінде қалады. 2000 жылы Сиднейде өткен XXVII жазғы Олимпиада ойындарында Бекзат Саттарханов, Ермахан Ыбрайымов бокстан, Ольга Шишигина жеңіл атлетикадан алтын алса, Болат Жұмаділов, Мұхтархан Дәлдібеков бокстан, Александр Винокуров велоспорттан, Ислам Байрамуков еркін күрестен күміс медаль алып, командалық есепте 199 елдің ішінен 22-ші орын алды.

Сонымен қатар былғары қоғап шебері Қанатымыздың да еңбегі өлшеусіз. Мұз айдынында қазақ елінің атын асқақтатып, найзағадай бір жарқ еткен жарық жұлдызымыз Дениз Теннің де аты, еліне сіңірген ұшан-теңіз еңбегі мәңгі есте қалады. Сондай-ақ, күміс көмей, жез таңдай әншілеріміз қазақ елінің атын тек өз жерінде ғана емес, дүйім дүниеге мәшһүр еткенсахнаның саңлақтарын айтпай кеткеніміз жөн болмас. Майра Мұхаммедқызы мен Димаш Құдайбергінде тамылжыған үнімен талайларды тамсандырды. Бұл тарландарымыз да батыр деген атқа лайықты.

Міне, «жақсының жақсылығын айт» деген қазақ мақалы осы тұста дөп түседі. Бұл спортшылар мен халық мақтаныштарының жеткен жетістіктеріне қарап отырып, болашақта ел мақтанышына айналатын жаңа жігерлі жастардың өсіп – өнеріне еш күмән жоқ. Елдің ғана атын шығарып қана қоймай, жас ұрпақтың дамуына серпін беріп отырған тұлғаларды қазіргі таңда батыр демей не дейміз?!

Ел тарихының саусақпен санарлықтай зымырап өткен отыз жылының аясында, ел ішінде жүз жылдыққа татыйтындай не бір істер мен жұмыстардың істелінгенін, атқарылып жүргенін өзіміздің көзімізбен көріп, естіп біліп жатқанымыз баршылық. Елбасының осындай шараларға арналған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы дәлел бола алады. Еліміздің ертеңінің шуақты, бүгінгінің қуатты болуы жастардың қолында. Сондықтан әрқашан ата-бабамыздың мына бір сөзін есімізде сақтайық:

«Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер». Бізде осындай тау тұлғалардан өнеге алып, батырларымыздың ерлігін бойымызға сіңіріп, еліміздің өркендеуіне үлес қосайық, өскелең өрендер!

Әдебиет

1. Н.Ә. Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры». Астана, 2018.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» 26 сәуір, 2017 жыл.
3. М.Қ. Қозыбаев, Тарих зердесі // оқу құралы. - Алматы: 1998. – 88-89 бет.
4. Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік. - Алматы: Баспалар үйі, 2009. - 448 бет
5. https://massaget.kz/mangilik_el/tauelsizdikke__25_jyil/41472

УДК 342.413

КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЖОҒАРЫ ЗАҢДЫҚ КҮШІ: МӘНІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

Бажай Х., Ахмет Б.

(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,

М.Қозыбаев ат. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті)

Конституцияның – мемлекеттің негізгі заңы немесе жоғары заң күшіне ие екендігі туралы әлем елдерінің барлық конституцияларында тікелей көрсетілмеген. Ол туралы, мысалы, Жапония Конституциясының 98-бабында айтылады: «Осы Конституция елдің Жоғарғы заңы болып табылады және оның ережелеріне тұтастай немесе ішінара қайшы келетін қандайда болмасын заңдар, жарлықтар, рескриптілер немесе басқа да заңнамалық актілердің заң күші жоқ» [1].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 4-баптың 2-тармағында «Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады», -деп анық жазылған [2]. Батыстың әдебиеттерінде «әрбір елде іс жүзінде бір емес, бірнеше конституция бар, олардың әрқайсысы қандай да бір саланы қамтиды. Дербес акт ретінде, атап айтқанда, экономикалық, саяси, заң, әлеуметтік конституция және «қауіпсіздік жөніндегі конституция» (security constitution) қарастыру ұсынылатындығы» туралы көзқарастар кездеседі [3]. «Теориялық әдістемелік ретінде де, саяси-құқықтық көзқарас ретінде де ол ақталмайды, – деп жазады М.Н. Марченко. – Қалыптасқан және өмірдің өзі бірнеше рет растаған өзін-өзі ақтамайтын айғай-сүрең көптеген сұрақтар туындатады және оларға қанағаттанарлық жауап бермейді» [4].

Батыстық авторлардың осы плюралистік көзқарасының ұтымды дәйегі әлеуметтік нормалардың әрбір саласында әлеуметтік нормалар мен құқықтық актілердің иерархиясы қағидатын енгізуге олардың ұмтылуы болу керек. Алайда, бұл конституцияның нормативтік құқықтық акт ретінде ұлттық құқық саласында барлық нормативтік құқықтық актілер арасында иерархиясы бойынша жоғары болып табылатынын жоққа шығармайды. Бұдан басқа, мемлекет ресми конституцияны ғана заңнамаларға, мемлекеттік билікке және басқаруға, экономикалық және саяси негіздерге, қоғамның жүйелеріне, түрлі салаларда адам құқықтарына жатқызылған ережелер мазмұндалған жоғары заң күші бар нормативтік құқықтық актілерді ғана таниды. Бұл жерде ұлттық құқық саласында ешқандай да өзге актілер, соның ішінде, өздері жатқызылатын әлеуметтік нормалардың тиісті топтары арасында маңызды рөл

атқара алатын өзге де әлеуметтік нормалар (саяси, экономикалық), құқықтық емес басқа да салаларда актілер ресми түрде конституциямен бәсекелесе алмайды.

Конституция – саяси-құқықтық нақтылықтың заңдық құрылымдық функционалдық тірегі, заңнамалар жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуының жинақталған ақпараттық бағдарламасы [5].

Сол үшін Конституцияға ең жоғары заңды күші бар акт сипаты бөлінген, олар бұлжытпай орындалуы, Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылуы керек. Мемлекеттік органдардың бүкіл нормативтік және құқық қолданушылық актілері, мемлекеттің бүкіл лауазымды тұлғаларының, ел аумағындағы заңды және жеке тұлғалардың қызметі Конституцияға сәйкес болуы керек. Солай дегенмен де, Конституцияның ережесі өзінің нақтылығымен және мағыналық мазмұнының көлемімен ерекшеленеді. Осыған байланысты, конституциялық нормаларды қоғамдық қатынастарда іске асыру үшін жоғарғы және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері нормаларының тармақталған желілері, қосымша жүйелері, буындары, сондай-ақ олардан туындайтын құқық қолдану актілері тізіліп қойылуы мүмкін (ал кейбір жағдайларда тиіс) [6].

Конституция – қоғам өмірін қолдауға және дамытуға бағытталған, өзінде қаланған мақсаттарын, құндылықтарын, принциптерін, идеяларын, нормаларын ескере отырып, белгілі бір мағынаға рұқсатты дамытудың әлеуеті бар саяси-құқықтық шынайылықтың үлгісі. Конституцияның тікелей қолданылуы және іске асырылуы – біржолғы әрекет емес, қоғам эволюциясының, Конституцияның және заңнамалардың және нақты қоғамдық қатынастардың өзара іс-қимылы қоғамдық эволюция контекстін дамытатын күрделі, көпжоспарлы, шексіз процесс. Конституцияның тікелей қолданылуы заңнама жүйелерінің қағидаттарды, Конституцияның нормаларын, олардың мәнін, олардың ресми түсіндірмелерін сіңіруі. Бұл ретте, оны іске асыру сатысына дейін барлық қолданыстағы заңнамалардың конституциялық нормалармен қосылуы, ұластырылуы жүргізіледі. Кері байланыстың осы процесінде, өкінішке орай, түрлі бағыттағы әсерлер және көптеген өзге ішкі және халықаралық факторлар – экономикалық, саяси, құқықтық және саяси мәдениеттің жайкүйі, құқықтық және саяси сананың дамуы деңгейі, қалыптасқан дәстүрлер, әдет-ғұрыптар көрсетіледі. Қазақстанда Конституцияның жоғары заңды күші туралы конституциялық ережеге сәйкес ол Республиканың бүкіл аумағында қолданылады, соттар істерді қараған кезде барлық қажетті жағдайларда Республика Конституциясын тікелей әрекет ету актісі ретінде қолдануы тиіс. Конституцияның 78-бабында көзделген жағдайларда («Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса») ҚР Конституциялық Кеңеске жүгінуі тиіс (оны олар түрлі себептермен жиі жасайды). Әбдірасулов Е.Б. пікірі бойынша ҚР Конституциялық Кеңесі жүгінуге соттардың құқықтарын байланыстыру «қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акті Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірген» жағдайларда ғана Конституциялық Кеңестің қызметін тарылтады және Конституциялық нормаларды тікелей қолдану және басқа жағдайларда оны қорғау бойынша соттардың мүмкіндіктерін кішкене шектеді [7]. Жоғары мемлекеттік органдар арасында өкілеттіктерді қайта бөлу жағдайында және конституциялық бақылау органын нығайту қажеттігімен байланысты, сот органдарының Конституциялық Кеңеске олардың жүгінуі бойынша құзыретін белгілі бір кеңейту биліктердің оңтайлы теңгерімі үшін оң мәні болуы мүмкін.

Е.В. Чиркиннің «Шетелдердің конституциялық құқығы» еңбегіндегі тұжырымдамаларға назар аударсақ: түрлі құқықтық мемлекеттердің өкілдері

конституцияның мәніне түрліше сипаттама береді. Табиғи құқық мектебі одан қоғамдық келісімді көрсе, нормативистер оны жоғарғы, негізгі норма деп таниды, ал институционалистардың ойынша, конституция – тек мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамдық корпоративтік ұйымның да статуты, марксизм-ленинизм мектебіне сәйкес, ол – таптық күрестің және оның нәтижелерін бекітудің өнімі. Конституцияның мәнін айрықша заңды акт ретінде және оның әлеуметтік мәні тұрғысынан ажыратады. Айрықша заңды акт ретіндегі конституцияның мәні жоғарыда конституцияға анықтама беру барысында аталған ерекшеліктерінен тұрады: оның ерекше мазмұны (реттеу объектісі), жоғары заңды күші, конституцияның ағымдағы заңнаманың заңды негізі ретіндегі рөлі, оны қабылдаудың және өзгертудің күрделі тәртібімен байланысты аса тұрақтылығы. Конституцияның бұл ерекшеліктерінің кейбіреулерін конституцияның қасиеттері деп атайды. Бірқатар жағдайларда оның басқа да қасиеттері аталып жатады: өзге құқықтық актілермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары жинақтылығы, нормативтік акт ретіндегі конституцияның кешенді сипаты және т.б. басқа да белгілер орын алуы мүмкін. Кейбір жағдайларда конституциялар қоғамдық және мемлекеттік құрылымның елеулі мәселелерін реттеп қана қоймайды, соған қоса оларды нақтылап отырады. Мысалы, Швейцарияның 1999 ж. Конституциясының 86-бабына сәйкес, карбюраторлы қозғалтқыштарға ерекше салықтар салынуы тиіс; Бразилияның 1988 ж. Конституциясының 238-бабында автомобил жағармайын сату және қайта сату тәртібі көзделген. Конституцияның жоғары заңды күші де біржақты сипатқа ие емес. Кейбір ислам фундаментализмі елдерінде Құран әлдеқайда жоғары заңды күшке ие, кейбір елдерде «конституцияны бұзатын заңнамаға» жол берілген – төтенше жағдайларда конституцияға сәйкес келмейтін, бірақ оның ережелерінен жоғары тұратын төтенше заңдарды қабылдау (парламенттің бүкіл құрамының үштен екі дауысымен). Тұрақтылыққа қатысты да дау айтуға болады. Кейбір конституциялар айрықша тұрақты болғанымен (АҚШ конституциясы тек 27 өзгертуімен 200 жылдан астам уақыт әрекет етіп келеді) Азияның, Африканың, Латын Америкасының бірқатар елдерінде негізгі заңдар жиі өзгертулерге ұшырап отырады; әдетте әскери төңкерістен соң жаңа конституция қабылданады (Тайландта 1930-жылдардан бастап 18 конституция ауыстырылды. Йеменде – 1970-жылдан бастап 10 конституция қабылданды. Венесуэлада - 30-дан астамы ауыстырылды, дегенмен бұл елдердегі конституциялар 1999 жылға дейін бір-біріне өте ұқсас болды).

Конституцияның әлеуметтік мәні негізгі заңның сол елде экономикалық, саяси және рухани тұрғыдан басым белгілі бір әлеуметтік топтың идеялары мен мүдделерін шоғырланған нысанда көрсетуінен көрініс табады. Қазіргі заманғы демократиялық конституция күрес пен ынтымақтастық жолымен, жалпы адамдық құндылықтарды танытудың негізінде қоғамдық және мемлекеттік құрылымның маңызды мәселелері бойынша келісімге келген қоғамдағы әлеуметтік күштермен саяси топтардың ара қатынасын бекітеді (олар кейбір мәселелер бойынша келісімге келмеуі де мүмкін, бірақ негізгі заңды сақтауға міндеттенеді). Мұндай конституция белгілі бір дәрежеде негізгі заңның мемлекеттік нысаны түріндегі қоғамдық шарт болып табылады. Тоталитарлық мемлекеттерде конституция іс жүзінде көптеген жалпы адамдық құндылықтарды (тұлғаның еркін дамуы, теңқұқылық, саяси және идеологиялық плюрализм және т.б.) жоққа шығаратын саяси топтар мен халықтың белгілі бір қабатының үстемдігін бекітеді, мұндай құндылықтардың кейбіреулері (енбекшілердің еркіндігі, бағыттаушы демократия және т.б.) өзгеше түсіндіру арқылы сөз жүзінде танылуы мүмкін. Ал конституцияның мазмұнына келер болсақ, әлеуметтік саяси күштердің түрліше ара қатынасы конституцияның әлеуметтік мазмұнының түрліше сипатты иеленуіне әсер етеді. Бұл конституцияның әлеуметтік мәнін нақтылай түсетіндігін байқатады.

Әлеуметтік мазмұн мәнге қарағанда әлдеқайда ауқымды сипатқа ие, себебі ол бірізді қоғамдық және мемлекеттік құрылым шеңберінде қажетті (қоғамдық және мемлекеттік құрылым негіздері) және кездейсоқ, елеусіз (жекелеген елдің немесе елдер тобының ұлттық-социалистік ерекшеліктері) жайыттарды көрсетеді. Жапония мен Пәкістанның конституциялары мәні бойынша бірдей, қоғамда елдің дамуын анықтайтын түрлі әлеуметтік-саяси күштер басым болады. АҚШ пен Египеттің, Франция мен Тайландтың, Канада мен Парагвайдың және т.б. конституциялардың мәні бірдей, алайда олардың әлеуметтік мазмұны бойынша түрліше сипаттармен бір бірінен ерекшеленіп, ажыратылады. Заңды тілмен айтатын болсақ, конституцияның әлеуметтік мазмұны қоғамдық және мемлекеттік құрылымның, тұлғаның құқықтық мәртебесінің түбегейлі мәселелерін шешуде қандай да бір айрықша тәсілдерді қолдануды көрсетеді. Мұндай тәсілдер либералдық-капиталистік (АҚШ), әлеуметтік-капиталистік (Швеция), тоталитарлық-социалистік (Куба), жартылай феодалдық-теократиялық (Катар) және т.б. сипатта болуы мүмкін. Бұл тәсілдер елде қандай әлеуметтік-саяси топтың басым болуына байланысты. Көптеген елдерде бұл – халықтың басым бөлігін құрайтын «орта тап». Ол демократиялық тәртіпке, бостандыққа, тұрақтылыққа, тұлғаны силауға, қоғамдық пікірге және т.б. құндылықтарға мүдделі. Кейбір елдерде қоғамда авторитарлық немесе тоталитарлық сипатқа ие партиялық-саяси, діни-қауымдық, жартылай феодалдық топтар басымдылыққа ие. Әрине, конституцияның әлеуметтік мазмұны, сырттай бірдей қағидаларды (мысалы, демократиялық немесе әділеттілік) түсіндіру түрліше сипаттарға ие болады. Сонымен қатар әсіресе, соңғы жылдары қабылданған конституциялар капиталистік қоғамға, конституциялық анықтамаларға социализм элементтерінің енуімен (Италия, Норвегия, Португалия, Швеция және т.б.), ал социализмге капитализм элементтерінің енуімен (Қытай және т.б.) сипатталатын қазіргі заманғы өркениеттің даму үрдістерін көрсетеді. Тоталитарлық социализм күйреген соң түбегейлі түзетулермен жаңа редакцияда әрекет ететін Венгрияның 1949 жылғы Конституциясында «буржуазиялық демократия мен демократиялық социализмнің құндылықтарын теңдей жүзеге асыратын» мемлекет туралы айтылған. Конституцияның әлеуметтік мазмұны оның саяси, құқықтық, идеологиялық, бағыттаушы және белгілі бір дәрежеде болжаушы құжат ретіндегі қасиеттерінен көрініс табады. Конституция саяси құжат ретінде, ең алдымен, қоғамдағы мемлекеттік билік, саяси процесс мәселелеріне байланысты күштердің арақатынастарын реттеп отырады [8, 36-39].

Әлеуметтік мазмұны тұрғыдан Қазақстан Республикасы Конституциясының демократиялық тәртіпке, бостандыққа, тұрақтылыққа, тұлғаны силауға, қоғамдық пікірге және т.б. құндылықтарға деген шынайы мүдделілігін арттыруда қандай реформалар жасалып жатыр, оның нәтижесі қандай екенін анық сезіну үшін конституциялық нормаларға мониторинг жасау қажет екенін байқаймыз. Себебі, Қазақстанда қолданыста жүрген кез келген заңның конституциялық қағидаттарға сай жұмыс жасауы конституцияның жоғары заңдық күшін көрсетеді. Ал, қандай да бір заң адам құқығына немесе бостандығына белгілі бір нұқсан келтіретіні анықталса, онда конституцияның соған қатысты қағидаты өз деңгейінде жоғары заңдық күші өз үстемдігін көрсете алмай отыр деген сөз.

Әдебиет

1. Буржуазиялық мемлекеттердің конституциялары: Оқу құралы / Құрастырған В.В. Маклаков. М.: 1982. 262-263 б.
2. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
3. Fuori K. and Sankari S. (eds.) The Many Constitution of Europe. London, 2010. P. 9-11 <https://elibrary.ru/item.asp?id=21005163>

4. Марченко М.Н. Посткеңестік Ресейдің Конституциясы: теория проблемасы және таным әдістемесі // Мемлекет және құқық (М.). 2013, № 12. С. 31-32.
5. С.Ф. Ударцев Конституция және қоғам эволюциясы (құқық теориясы мен философия мәселелері). СПб: Университеттік баспа консорциумы. 2015. – 388 б.
6. С.Ф. Ударцев Конституциялық реформа: теорияның кейбір мәселелері // Құқық және мемлекет. 2015. №3 (68). Тақырып нөмірі: Қазақстан Конституциясына 20 жыл. – 44-49 б.
7. Әбдірасулов Е.Б. Заң және Конституция нормаларын түсіндіру: теория, тәжірибе, рәсімдер / С.З. Зимановтың жалпы редакциясы. Алматы: Өркениет, 2002. 377 б.
8. Чиркин В.Е. Конституционное право зарубежных стран: учебник / В.Е. Чиркин. - 6-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма:ИНФРА-М, 2010. - 608 с. ISBN 978-5-16-004157-5 (ИНФРА-М) <http://znanium.com/bookread2.php?book=230859&spec=1>

УДК 94.(44)

ПРЕДСТАВИТЕЛИ «ПОЗДНЕГО» ПОЗИТИВИЗМА ВО ФРАНЦУЗСКОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ МЫСЛИ

Абуева С.

(Костанайский государственный педагогический университет им. У.Султангазина)

Молодая историческая наука нашей страны нуждается в опыте историописания Западных ученых прошлого и современности. Она сегодня внедряет новые методы в своих исследованиях. Появилась группа молодых ученых-историков, которые применяют естественнонаучные методы в исторических изысканиях (Е. Абиль, Е. Алимгазино, Б. Досова, С. Турежанова и др.). В этом смысле очень полезно изучение вклада французских историков прошлого и позапрошлого столетия.

В данной статье мы попытались оценить титанический труд двух французских ученых по разработке методологических проблем исторической науки, который не потерял актуальности и в наши дни. Позитивистская парадигма в источниковедении наиболее последовательно разработана в труде Ш.-В. Ланглуа и Ш. Сеньобоса «Введение в изучение истории» (1898), в основу которого положен курс лекций, прочитанный ими в Сорбонне в 1986 учебном году. Ш.-В. Ланглуа (1863-1929) – историк-медиевист, профессор Сорбонны, обладатель диплома Национальной школы хартий, директор Национального архива, член, затем президент Академии надписей и изящной словесности. Шарль Сеньобос (1854-1942) – профессор Сорбонны, начинал исследовательскую деятельность с изучения древней и средневековой истории, в дальнейшем специализировался по новой истории, автор труда «Политическая история современной Европы».[1]

В 1898 году они в соавторстве выпустили работу «Введение в изучение истории», в которой систематизировали теоретико-методологический опыт французской позитивистской историографии. Впоследствии эту работу назвали библией позитивистского историзма. Ланглуа и Сеньобос полагали, что дальнейшее развитие техники исторического исследования должно быть основано на углублении критики источников и усилении фактологизма, который они понимали как более тщательное собирание фактов историками. Что же касается широких обобщений, установления исторических законов, то авторы считали это делом социологов, а не историков. Несмотря на подавляющее господство позитивистской парадигмы истории, в начале XX столетия во французской исторической мысли появляются антипозитивистские тенденции. Кризис позитивизма продолжался во французской историографии несколько десятилетий и закончился в середине XX века сменой парадигмы истории. В

конце XIX – начале XX вв. тенденция кризиса позитивизма едва просматривалась, и первые голоса против позитивистской методологии раздавались из среды позитивистски ориентированных гуманитариев. Ш.-В. Ланглуа и Ш. Сеньобос обобщили опыт историографии XIX в. в своем знаменитом труде «Введении в изучение истории» (1897) свод правил критики источников. В этом сочинении, которое долгое время было своеобразной «библией позитивистского историзма», утверждалось: «История пишется по документам. Документы – это следы, оставленные мыслями и действиями некогда живших людей. Лишь очень немногие из человеческих мыслей и поступков оставляют после себя заметные следы; к тому же следы эти редко бывают долговечными: чтобы стереть их, достаточно простой случайности. Всякая же мысль и всякий поступок, не оставившие прямого следа или видимый след которых исчез, навсегда потерян для истории, как если бы он никогда не существовал. За неимением документов, история обширных периодов прошлого человечества останется навсегда неизвестной. Ничто не может заменить документов: нет их, нет и истории». [2] При этом они обращали особое внимание на то, что каждый документ требует критического исследования с опорой на точный метод и соблюдение многочисленных предосторожностей, а самой этой процедуре должна предшествовать эвристика (поиск и сбор документов, необходимых для изучения того или иного вопроса), которая составляет первую и одну из самых главных частей работы историка. Неполнота источников, даже с применением в их анализе всех предписанных правил, приводит к самым серьезным ошибкам и искажениям. Огромное значение придавалось вспомогательным дисциплинам, их роли в профессиональной подготовке историка. Допускалось два ряда вопросов, соответствующих двум рядам процессов, путем которых составляется документ: во-первых, следовало обнаружить, что его автор действительно думал, потому что он мог быть неискренен («критика достоверности»); во-вторых, надо было определить, что он действительно знал, потому что он мог ошибаться («критика точности»). Когда автор неизвестен, возникает новая проблема: поскольку критика действует, мысленно воспроизводя условия труда автора, то в случае анонимного свидетельства она может воспользоваться только одним приёмом – изучить общий характер документа. [3] Несмотря на подавляющее господство позитивистской парадигмы истории, в начале XX столетия во французской исторической мысли появляются антипозитивистские тенденции. Кризис позитивизма продолжался во французской историографии несколько десятилетий и закончился в середине XX века сменой парадигмы истории. В конце XIX – начале XX вв. тенденция кризиса позитивизма едва просматривалась и первые голоса против позитивистской методологии раздавались из среды позитивистски ориентированных гуманитариев. [4] Наряду с внешней и внутренней критикой источников, считавшихся важнейшей частью исторического метода, Ланглуа и Сеньобос специально остановились на проблеме синтеза полученных разрозненных фактов и выстроили целый ряд процедур, необходимых для того, чтобы сгруппировать изолированные факты в научное целое. Во-первых, это создание в воображении историка мысленного образа, максимально похожего на тот, какой могло бы дать непосредственное наблюдение факта прошлого. Во-вторых, это группировка полученных фактов на основе предположения о том, что совокупность явлений настоящего аналогична совокупности явлений прошлого. В-третьих, это заполнение неизбежных пробелов в рядах фактов (ввиду отсутствия следов в сохранившихся источниках) посредством рассуждений и умозаключений, исходя из уже достоверно известных фактов. В-четвёртых, это сведение массы фактов к некоторым формулам, позволяющим выяснить их общие признаки (данный процесс приводит к окончательным выводам и венчает историческое построение с научной точкой зрения). И, наконец, в-пятых, изложение результатов работы.

История является необходимым элементом для завершения политических и социальных наук, находящихся в периоде образования; для окончательного образования этих наук недостаточно непосредственного наблюдения социальных явлений (в статистическом состоянии); к нему следует присоединять изучение развития этих явлений во времени, т.е. его историю. Вот почему все науки о человеке (лингвистика, право, наука о религиях, политическая экономия и т.д.) приняли в последнее столетие форму исторических наук.

Но главная заслуга истории заключается в том, что она служит средством для умственного развития, и притом многими способами. Прежде всего, применение исторического метода исследования, принципы которого намечены в настоящей работе, очень полезно для ума, потому что излечивает его от легковерия.

Литература

1. Русский перевод: Ланглуа Ш.-В., Сеньобос Ш. Введение в изучение истории. М., 1898. file:///C:/Users/%D0%BF%D0%BA/Downloads/[SHarl-Viktor_Langlua,_SHarl_Senobos]_VVvedenie_v_i(BookFi).pdf
2. Февр Л. Суд совести истории и историка. М., 1991.
3. Ланглуа Ш.-В. Инквизиция. - Вузовская книга, 2010.
4. Ланглуа Ш.В., Сеньобос Ш. Введение в изучение истории. / Пер. с французского А. Серебряковой. Под ред. и со вступительной статьей Ю.И. Семенова. - М.: Государственная публичная историческая библиотека России, 2004.

УДК 343.352.4

ДЕСТРУКЦИЯ ГОСУДАРСТВ ПО ПРИЧИНЕ КОРРУМПИРОВАННОЙ ВЕРХУШКИ ВЛАСТИ НА ПРИМЕРЕ ЕВРОПЕЙСКИХ СТРАН ПЕРИОДА СРЕДНЕВЕКОВЬЯ И НОВОГО ВРЕМЕНИ

Баймуханова Д.А., Баранова Н.К.
(СКГУ им. М.Козыбаева)

В мировой истории большое количество прецедентов, связанных с проявлениями коррупции в государственной власти. Коррупция, как социальный феномен, существовала с древнейших времен. Впервые в письменных источниках коррупция упоминается в Шумерских хрониках. Именно с того времени проявлялись первые попытки борьбы с коррупцией, продолжающиеся до наших дней. На примере истории мы можем увидеть, что коррупция могла разрушать династии и целые страны. Из-за коррумпированной власти происходили различного рода революции, некоторые из которых заканчивались свержением государственной власти.

Данная статья посвящена изучению наиболее известных исторических событий, последствия которых привели к свержению правящей династии и смене государственного строя. Примеры приводятся из истории средневековой Европы, от падения Рима до буржуазных революций

Началом средневековья считается падение Рима, ознаменовавшее завершение периода античности и наступления темных веков. Можно назвать большое количество причин падения Рима, например: неэффективность армии, отрицательное состояние экономики, высокое налогообложение, некомпетентность государственной власти и усиливающиеся нападения варваров с севера. Однако, связующим компонентом данных проблем можно назвать лишь одно – коррупцию.

Большая территория империи, затруднявшая управление государством, привела к неэффективному и непоследовательному руководству, только усложнив проблемы. Неспособность императоров осуществлять должное управление страной только усугубляло шаткое положение империи. Титул императора Рима в те времена едва ли не стал смертным приговором. Гражданская война ввела империю в хаос, и за 75 лет сменилось более 20 императоров путем убийства предыдущего. Преторианская гвардия, личные телохранители императора, убивали правящих и устанавливали новых императоров по своему желанию, а однажды выставили место на аукционе среди всех граждан. Ситуация ухудшилась и из-за широко распространенной коррупции и некомпетентности Сената. Властная верхушка не могла решить надвигающиеся проблемы, связанные с варварскими завоеваниями. Так, из-за неспособности решения внешних и внутренних проблем пала самая могущественная империя древности. Начались темные века, в которых коррупция никуда не исчезла, а только прогрессировала [1, с. 5].

Одним из первых ученых, своими произведениями давших важный импульс к осмыслению коррупции, является Никколо Макиавелли. Никколо Макиавелли в своих трудах писал, что коррупцию можно сравнить с болезнью. Вначале ее трудно распознать, но легче лечить. Если она запущена, то распознать ее легко, но трудно лечить. Так и в странах, погрязших в коррупции, своеобразным «лекарством» выступали революции. По мнению Макиавелли развращенному коррупцией народу крайне трудно оставаться свободным. Падение же Рима было обусловлено расцветом коррупции [2, с. 78].

Эпоха Возрождения славится не только высоким культурным и научным подъемом, но и резким ростом коррупции. Таим пятном в истории эпохи Возрождения и церкви являются индульгенции. Индульгенция – документ о прощении всех грехов, выдаваемый церковью за определенные действия, чаще всего коррупционные. Злоупотребление продажами индульгенций происходило в эпоху Ренессанса, вызывая негодование общества [3, с. 485].

Продажи индульгенций критиковали сами богословы. 1517 год стал переломным в истории католической церкви. Немецкий богослов Мартин Лютер опубликовал 95 тезисов против торговли индульгенциями и злоупотребления церковных служащих своими обязанностями. В своей работе Лютер критиковал подверженную коррупции церковь. Тезисы Лютера стали сигналом для народных восстаний против общественных порядков, установленных церковью, коррупции: продажи должностей и индульгенций и церковной иерархии. Протестантская Реформация затронула почти всю Северную Европу, подкосив авторитет католической церкви по всему миру.

В XVI веке в результате Реформации от католицизма отошел ряд церквей, образовавшихся на части территории Германии, в Англии, Дании, Швеции, Норвегии, Голландии, Швейцарии, оформилась третья основная ветвь христианства — протестантизм. Протестантизм отражал интересы буржуазии, выступавшей против феодальной церкви. Он был знаменем первых буржуазных революций и в тот период играл относительно прогрессивную роль. В дальнейшем протестантизм утратил прогрессивный характер, протестантские церкви стали опорой буржуазных государств.

Итоги Реформации неоднозначны. С одной стороны, единый католический мир под руководством Папы Римского прекратил существование. Было создано множество различных национальных церквей, зависимых от правительства. С другой стороны, Реформация повлияла на культурный рост всего населения Европы. Церковь перестала играть важную политическую роль. Благодаря Реформации феодальные отношения сходят на нет и формируется капиталистический рынок. В конечном итоге протестантские государства стали опережать католические и православные в экономическом развитии.

Важное значение имело провозглашение Реформацией идеи независимости светского государства от католической Церкви, что в ту историческую эпоху соответствовало интересам зарождавшейся буржуазии, объективным потребностям развития общества.

Эпоха буржуазных революций – новый лист в истории Европейских государств. Одной из самых значительных буржуазных революций считается Французская революция, вызвавшая общественный резонанс по всей Европе.

Французская революция – период глубоких социальных и политических потрясений во Франции и ее колониях, начавшихся с 1789 года. Революционное движение свергло монархию, основало республику, стала катализатором периодов политических беспорядков и, наконец, завершилась диктатурой Наполеона, который передал многие принципы государства завоеванным странам.

Вдохновленная либеральными и радикальными идеями, революция глубоко изменила ход истории, вызвав глобальный упадок абсолютных монархий, заменив их демократическими республиками.

Великая Французская революция является важнейшим примером того, как коррупция может привести государство к краху. Растущее социальное и экономическое неравенство между населением и аристократией, экономически и политически неэффективное управление со стороны короля Людовика XVI были главными причинами революции. Франция переживала настолько серьезный экономический кризис, что людям не хватало средств для существования. [4]

В 1774 году Людовик XVI вступил на престол в разгар финансового кризиса, когда государство столкнулось с дефицитом бюджета и приближалось к банкротству. Это было отчасти связано с участием Франции в Семилетней войне, а затем в войне за независимость Соединенных Штатов Америки.

В такой тяжелой финансовой ситуации министром финансов был назначен Жан Неккер. Неккер осознавал, что налоговая система страны ложится на низшие классы тяжелым бременем, в то время как духовенство и дворянство имеют послабления в уплате налогов. Он утверждал, что страна не может облагаться налогом выше, что налоговые льготы для духовенства и дворян должны быть уменьшены. Его нововведения не были одобрены парламентом, а сам Неккер был уволен. Новым министром финансов становится Шарль Александр де Калонн, который вскоре предлагает новый налоговый кодекс. Кодекс содержал земельный налог, который включал налогообложение духовенства и дворянства. Парламент снова не одобрил данный закон.

Как и в большинстве монархий, высшему классу всегда обеспечивались стабильные условия. Между тем королевский двор в Версале был полностью изолирован и безразличен к наступившему кризису. Фраза: «Если у них нет хлеба, пусть едят пирожные!» часто приписывается королеве Марии-Антуанетте, хотя впервые была упомянута Руссо. Данная фраза стала символом отрешенности королевского двора от проблем народа [5, с. 170].

После революции, для предотвращения взяточничества в Конституцию Франции была внесена статья, запрещающая членам Национального собрания быть чиновниками правительства, состоять на государственной службе и получать государственную пенсию [6, с. 23].

Ценности революции доминируют во французской политике и по сей день. Революция привела к подавлению феодальной системы, эмансипации личности и равенству между гражданами. Французская революция предназначалась для блага всего человечества. Во всем мире революция ускорила появление республик и демократий. Французская революция стала центром развития большинства современных политических идеологий.

Таким образом, изучение данных событий подтвердило негативное влияние коррупции на государственный аппарат и функционирование государства. Государство, в котором борьба со взяточничеством не поощряется или невозможна, в скором времени может подвергнуться деструкции, так как от коррупции в первую очередь страдает общество.

Литература

1. Утченко С.Л. Кризис и падение Римской республики, М., 1965. - 268 с.
2. Никколо Макиавелли. Избранное. - М., 1989. - 800 с.
3. Г. Церох, А. Горелов. Индульгенция, Католическая энциклопедия, том II, издательство Францисканцев, 2005. - 928 с.
4. Французская революция 18 в. / Д.Ю. Бовыкин // Большая российская энциклопедия: [в 35 т.] ред. Ю.С. Осипов. - М.: Большая российская энциклопедия, 2004-2017.
5. Руссо Ж.-Ж. - М.: Избранное: Исповедь, 1996. – 664 с.
6. А.В. Адо Документы истории Великой французской революции. Том 1. - М.: МГУ, 1990 - 528 с.

УДК 34(091)

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ТҮРКІ БІРЛІГІ

Бектұрғанов Қ.Б.

(Ө.Сұлтангазин ат. Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті)

XX ғасырдың басында қазақ халқы саяси аренаға, азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды. Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқан білімділік деңгейімен, рухани парасатымен суырылып шыққан алаш азаматтары ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгіп, бостандық пен бақытты өмір жаршыларының тұңғыш қарлығаштары бола білді. Шын мәнінде, олар ғұмыр кешкен XX ғасырдың басы алып адамдарды қажет еткен әрі осыған орай өздерінің ойлау, болдау қасиеттері айрықша, энциклопедиялық білім, талғам-танымдары жан-жақты алыптарды дүниеге келтірген дүбірлі заман еді.

Қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ халықтарының бір мемлекетке бірігу идеясы бұрыннан-ақ ұлт зиялыларының санасында орын алып, Ресей мұсылмандары съездерінде көптен бері талқыланып келе жатқан болатын. Қазақ төңкерісіне дейінгі уақытта түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалысы жетекшілері арасында отарлық үстемдікке этностық және діни негіздегі ынтымақтастықты қарсы қою әрекеттері басым болады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Тарихты еске алатын болсақ, бізді бірігуге 1918 жылдың өзінде Мұстафа Шоқай шақырған болатын. Естеріңізде болса, Мұстафа Шоқайдың «Біздің қанымыз бір, жанымыз бір, о дүниеде де бірігу керек» деп айтқаны бар. Сол кезде Түркістан республикасы деген болатын. Сол кезден бері осы сөздердің мағынасы әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Сондықтан Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстанның барлық элитасы, зиялы қауым, тарихшылар мен ғалымдар осы мәселені түбінде көтеруі керек. Бірігу – қосылып кету, бір мемлекет болып кету деген мәселе емес, бірақ бір-бірімен нағыз ағайыншылықпен, туысқаншылықпен қарым-қатынас жасау, ең болмаса, Еуропалық Одақ сияқты болса, экономикамыз бір болса, бұл деген үлкен әлеует болар еді» [1, 7-9 б.], - деп айтқан болатын.

М. Шоқай Түркістанның рухани, саяси болашағы Түркістан түркілерінің бірлігінде деген идеяның бұрыннан мәлім идея екендігіне, бірақ оны жаңа жағдайда

толықтыру, оған жаңа серпін беру керектігіне тоқталады. Осы тұтастықта ұмтылыстың мысалы ретінде ол Түркістанда тұратын қазақтардың 1918 жылы Түркістан қаласында өткізілетін құрылтай атынан Арқа қазақтарына үндеу жолдап, ұлы Түркістан ұраны атынан жиналуға шақырғанын, түрікмендердің 1919 жылы өздерінің кейбір басшыларының жеке Түрікмен хандығын құру жөніндегі ұсыныстарын қабылдамауын, 1919 жылы Ташкенттегі Мұсылман коммунистері ұйымдарының құрылтайында Т. Рысқұлов бастаған коммунистердің өзбек, қазақ, қырғыз, түрікмен, татар, башқұрт елдерін бір ғана кеңестік республика етіп құру туралы қаулысын атайды. Бұл қадамдарды «осы бірліктің қадір-қасиетін терең сезінудің нақтылы көрінісі еді» дейді.

М. Шоқай алғашқы кезде Т.Рысқұлов сияқты, бір мемлекет құрамында қазақ, өзбек, қырғыз, карақалпақ, түрікмен, башқұрт, татарлардың бірігуі жағында болғанға ұқсайды. Олардың ынтымақтастарына мысалдар да баршылық. Башқұрт, татар зиялылары Түркістанның тәуелсіздігі үшін М. Шоқаймен тізе қосып қимылдайды. Алайда М. Шоқайдың көзқарасы Т. Рысқұловтың ұстанымынан алшақтап, 20-жылдардың екінші жартысынан Түркістан бірлігі идеясы жаңа мазмұнда сипат алады. «Біз, негізінде, үлкен күшке иеміз. Бұл күш – түрік іс бірлігі. Еврейлер Варшавада бір еврейдің тісі ауырса, Америкадағы еврейдің жағы сыздайды дейді. Сол сияқты біз де түрік тектес бір ел азап шексе, барша түріктер азап шегеді деуіміз қажет», - деп жазады М. Шоқай.

Түркістан ұлттық қозғалысының одақтастары жөніндегі мәселе жөнінде М. Шоқайдың саяси маманы іспеттес, 1941 жылдың 8 маусымында жазылған «Түркістан мәселесінің қойылуына» [2, 142 б.] деген мақаласында нақтылана түседі. Бес кеңес республикасын қамтитын Түркістанның тәуелсіздік үшін күрестегі болашағына баға беріп, М.Шоқай осы күресте кімдерге арқа сүйеуіміз мүмкін екендігін анықтауға тырысады. Бұл мәселе төңірегінде жұртшылық пікірі үш бағытта өрбиді дейді ол. Олар:

1. Түркістан – азиялық ел, сол себепті Азияға бағыт ұстағаны жөн;
2. Түркістан – мұсылман ел, мұсылман елінің отаны, сондықтан ол исламшылдық күрес ошақтарының бірі болуы тиіс;
3. Түркістан – түрікшілдік орталығы болуы керек.

Мұстафа Шоқай түркістандықтардың бұл пікірлердің бірде-бірін қабылдамайды, бұл олардың исламға не түріктердің бірлігіне қарсы болғандығынан емес деп уәждерін білдіреді.

М. Шоқайдың пікірінше, түрікшілдік пен исламшылдықтың Түркістанның мүдделеріне сай келмеуінің себептері өлкенің әлеуметтік-экономикалық жағдайынан, геосаяси ахуалынан туындайды. Түркістан Кеңес Одағының басқа да ұлттық аймақтарымен бірлесе отырып, өздерінен күші әлдеқайда басым Ресейге қарсы күрес жүргізуге мәжбүр. Сондықтан олардың барлық күш-жігерлері біріккен күрес майданына шоғырландырылуы керек, ал түрікшілдік те, исламшылдық та бұл мақсатқа зиянын тигізеді.

Түркістан халықтары ұлт-азаттық қозғалысының түпкі мақсаты мен міндеттерін айқындауға бағытталған М.Шоқайдың ізденістерінің бірі – 1923 жылы Париждегі «Orient et Occident» журналында жарық көрген «Түркістан ұлттық қозғалысы» [3, 130 б.] деген мақаласы. Бұл Еуропа баспасөзінде Түркістанның тәуелсіздігі жөнінде ашық пікір білдірген тұңғыш материал еді. Мақалада «автономия бағдарламасының орнын енді тәуелсіздік бағдарламасының басқаны» жөніндегі пікір жан-жақты дәйектеледі. М. Шоқай орыс демократиясына деген сенімнен мүлде бас тартады, «Түркістан Ресей Федерациясында тең құқылы өмір сүре алмайды» деп шешеді. Оның бұл пікірі 1923 жылы наурыз айында француз парламентінің депутаты Жео Жеральдқа жолдаған көлемді материалында [4, 168 б.] да баяндалады.

Сан ғасырлар бойы империялық күштердің бөліп-жару саясатына байланысты түрік халықтарының өз араларында да түрлі мәселелердің барлығын ол көрсе де, түсіне біледі. Бірақ соған қарамастан оларды өз араларында шешуге, ол үшін түрік әлемінің қарсыластарынан одақтастар іздемеуге шақырады. Жерлестеріне қысалтаян жағдайға байланысты Кеңес Одағымен ымыралық қатынас орнатуға мәжбүр болған Түркияның саясатына аса шүйлікпеу, оның мүддесіне, ішкі және сыртқы саясатына қайшы келетін талаптар қоймау қажеттігін айтады. Түркістанның шынайы тәуелсіздігі не орыс монархистері, кадеттерімен, не большевиктермен федеративтік одақта бірге өмір сүру арқылы мүмкін еместігіне әбден көзі жеткен болатын. Сол себепті ол түрік халықтарының бірлігі өз алдына дербес мемлекет ретінде құрылған Түркістанда ғана жүзеге асырылады деп болжайды.

Мұстафа үшін түрік бірлігі мәселесі – геосаяси факторларды ысырып тастап, қай жерде орналасқанына, саяси жағдайға қарамастан оларды бір саяси құрылымға біріктіру емес. Ол түрік халықтарының қай уақытта та бір-біріне рухани, мәдени, моральдық көмек беріп, бір-бірін қолдап отыруын қалайды, бірақ жеке саяси ұйым құрып, басқа халықтардың ұйымдарынан оқшауланып қалудың сол кездегі саяси жағдайдың талаптарына сәйкес келмейтіндігін ескертеді. «Біз Ресей империализміне қарсы күресіп жатқан халықтар ұйымдастырған Прометей майданымен де есептесуге тиіспіз. Бұл майданға бүгінгі қызыл Ресейдің қоластындағы түрік халықтарынан басқа, тіпті мұсылман емес халықтар да кіреді. Біздің өз азаттығымызды осындай бір жалпы майданнан бөлек жүзеге асады деп қарай алмайтынымызды дәлелдеп жату қажет бола қоймас. «Прометей майданының» мүшелері жеке-жеке - Түркістан, Украина, Кавказ тәрізді ірі өлкелер де өз беттерімен Ресейге төтеп бере алмайды. Ұлттық құлдық бұғауын тек осы халықтар арасындағы дінге, нәсілге қарамай, барынша адалдықпен ұйымдасқан бірыңғай майдан ғана үзе алады» [5, 124 б.], - деп түсіндіреді М. Шоқай.

1917 жылы Мұстафаның қатысуымен Орынборда Бүкілқазақтық құрылтай өтеді. Құрылтайды Әлихан Бөкейхановтың өзі ашады. Құрылтайға тек қазақ халқының өкілдері ғана емес жақын отырған өзбек ағайындары мен Еділ бойы татарлары да қатысады. Орынборда өткен құрылтай түбі бір, тағдырлас ұлттардың бір мақсат жолындағы мызғымас бірлігін көрсетті. Құрылтай жиналысына Мұстафаға 1916 жылы көтерілістің жетекшісі Амангелді Иманов бастаған бір топ Торғай қазақтары келіп, құрылтайдың шешіміне риза еместігін білдіреді. Ру намысы туралы сөз болады. Олардың ойларына, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов бастаған басшылардың пікірін арғындардың бел алуы деп қабылдайды. Осы арғындар бастаған өкіметіне қарсы күресте қыпшақ баласы Мұстафа Шоқайды өздеріне жетекші болуына ұсыныс жасайды. Алайда М. Шоқай Амангелді бастаған қыпшақтардың ұсынысына «мен өз руым қыпшақтың қамын емес, бүкіл қазақтардың, тіпті күллі түркі халықтарының бірігуі жолында күресіп келемін», - деп жауап береді. Бұл уақытта қыпшақ конфедерациясы қатты белең алып тұрған уақыт болатын. Алайда М. Шоқайдың Амангелді батырға айтқан жауабынан күллі түркі жұртының азаттығы мен бірлігі жолында ұлы күрескер екендігін аңғара аламыз.

М. Шоқай «Түркістанның ұлттық күштері топтаспайынша Түркістанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес, Мәскеудің азабынан құтылып, ұлттық азаттығымызға қол жеткізетін бірден-бір дұрыс жол - түрікшілдік жолы» [6, 87 б.] деп есептейді. Сол себепті ол «Идель-Урал», басқа да эмигранттық ұйымдарға бірлесіп қимыл жасаудың маңыздылығын айтып, ұсыныстар жасайды. Мұстафа Шоқай түрік тектес елдердегі ұлттық қозғалыс күштері арасындағы бұрынғы да, соңғы кездегі де оқиғаларды пайымдауға бірауыздылықтың жоқтығына өкініш білдіреді, осыған қарамастан ортақ мүддеге орай оларды бірлесіп жұмыс істеуге шақырады. Өзінің осы ұстанымы жөнінде әзірбайжан қайраткері М.Э. Расулзадеге 1929 жылдың 27 ақпанында

былай деп хат [7, 85-89 б.] жолдайды: «Мен біздің жаңа достарымыз – татар дербесшілеріне де қолымды созамын. Біз олармен ортақ күресімізде ортақтасамыз. Үйішінің істерін әрқайсымыз өзіміздің ыңғайымызға қарай өзіміз шешеміз. Бірақ қажет болатын болса, мен бұл сандырақты да айта аламын, татар дербесшілерін Түркістанда тікелей жұмыс істеуге шақыруға дайынмын, солай біздің түрік бабаларымыздың шашырап кеткен ұлдарын жинауды бастаймыз» деп жазады.

XX ғасырдың басында айтылған М. Шоқайдың дәл осы бастамасының негізі Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында жалғасын тапқан болатын. Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы». Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосқандығын жазды. Осыған байланысты «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны қолға алу қажет. Бұл жоба аясында 2019 жылы Астанада Түркологтардың дүниежүзілік конгресін және әртүрлі елдер музейлерінің экспозицияларына ежелгі түркі жәдігерлері қойылатын Түркі халықтарының мәдени күндерін ұйымдастыру керек. Сондай-ақ, Википедияның үлгісінде Қазақстанның модераторлығымен Түркі халықтарына ортақ туындылардың бірыңғай онлайн кітапханасын ашу да маңызды», - деп айтты. Түркі генезисінің орталығы ретінде қазіргі таңдағы жаңа облыс орталығы Түркістанды дамыту және оның халықаралық аренадағы беделін жүйелі түрде арттыру – күн тәртібіндегі басты мәселе.

М. Шоқайдан кейін тәуелсіздік алған уақытта тұтас Түркістан идеясын қолға алып, бұл бағытта нақты практикалық шараларды қолға алған ҚР тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары оны үнемі астарлы сөздерімен насихаттап отырды. Түркиямен қарым-қатынасты дамыта отырып, қазақ жастарын онда көптеп оқыта бастады. Халықаралық «Түрксой» ұйымына қолдау көрсетіп, түрік дүниесінің барын бағалап, жоғын түгендеуге жол сілтеді. Халықаралық аренада Қазақстанның беделі нығайған сайын, түрік мемлекеттерінің бірлігі идеясын ашық әрі табанды түрде насихаттай бастады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің 1999 жылы жарық көрген «Тарих толқынында» [8, 123 б.] атты еңбегінде: «Тарихтың алға қойып отырған өктем талабы әрбір түрік еліне әртүрлі салада саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жаппай-тұрмай іздестіруді міндеттейді», - дей отырып, түрік мемлекеттері арасындағы интеграцияның тиімді жолдарын іздеу қажеттілігін анық атап көрсетті.

Елбасымыз Н. Назарбаев латын алфавитіне көшу мәселесіне қатысты өз пікірін білдіре келіп, өте мұқият дайындықтан соң латын алфавитіне көшетінімізді айтты. Латын алфавитіне көше отырып, Ислам әлемімен жақындасып, түрік бірлігін нығайтамыз. Бірақ солай екен деп, орыстан да ажырап қалмаймыз, он-он бес жылға дейін екі жазуды қатар алып жүруге тырысамыз деген болатын. Елбасымыздың өзі ешқашанда түрік бірлігі идеясын жоққа шығарған емес. «Егер түркі әлемінің бірігу идеясына қазіргі ағымдағы тарихи кезең тұрғысынан баға беретін болсақ, онда әлгі бірігу идеясының ықпалдастырушы және жұмылдырушы мүмкіндіктері шамалы ғана сияқты болып көрінуі әбден мүмкін. Бірақ уақыттың неғұрлым кеңірек шеңбері тұрғысынан келетін болсақ, оның даму перспективасына көз жүгіртетін болсақ, онда тарих бізге нақты алғанда әрбір түркі халқы түркілердің мәдени әлеміндегі бөлінбейтін құрамдас саласы екеніне барған сайын көз жеткізе дәлелдеп береді», - деді. Сонымен қатар, түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алатындығын, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алу басты мақсат болып саналады. Бұл бағыттағы алғашқы

игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну арқылы деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз.

Түркілік даму – біздің болашағымыз деп отырғандағы біздің басты дәлеліміз – олардың тегінің, тілінің, рухани құндылықтарының бірлігі, біртұтастығы. «Түркі әлемінің эпостары – қазіргі түркі тектес халықтардың тарихымен мәдениетінің біртұтас екендігін терең түсініп, жете сезіну үшін теңдесі жоқ құнды қазыналар. Сонау есте жоқ ежелгі замандардан бері бауырлас түркі халықтарының асыл қазынасы болып табылатын эпостар олардың даму тарихындағы небір қиын-қыстау кезеңдерде халықпен бірге жасасып, бірге сақталып келеді», - деп айтқан болатын Халықаралық Түркі академиясының экс-президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор Шәкір Ыбыраев. Ал әлемдік жаһандасу үрдісінен қазақ жұртының үні естілетін жолға келсек, бұл – түркі әлемінің жолы. Түркілік тұтастық, түркілік ортақтық арқылы рухани бірлігімізді дамыта алсақ, сол жолмен жаһандануға ілесек қана біздің мәдениетіміз де, әдет-ғұрпымыз да, жүріс-тұрысымызда белгілі бір дәрежеде өзгеріссіз сақталып қана қоймай, оның жоғары деңгейде болуына өзіміз жауапты болған болар едік. Сөйтіп қана қазақ өзінің үлес салмағын жаһанның жұмырланған уысынан алып шығар еді». Жалпы өмірге келген әрбір адамның өзін қоршаған қоғамнан, табиғаттан тыс өмір сүре алмайтындығы, оның болашағы айналасымен қарым-қатынасының қалай құрылуына тікелей қатысты болатындығы сияқты ұлттардың дамуында да бұл – ерекше маңызға ие.

М. Шоқай 1932 жылы маусым айында «Яш Түркістанға» «Бірыңғай майдан туралы» [9, 164 б.] деген тақырыпта қайталап мақала жазып, түрікшілдік және бірыңғай майдан, олардың арақатынасы туралы өз көзқарасын білдіреді. М. Шоқай түрік бірлігі мәдениет саласында, өзара терең рухани қарым-қатынаста және тарихи туыстық сезімді дамытуда орын алуы мүмкін. Біздер саяси және саяси-экономикалық мәселелерді талқылап отырмыз. Мысалы, Қырым, Түркістан және Әзірбайжанды алайық. Бұлар – түркі елдері. Қандастығы, ортақ тілде сөйлейтіндігі, бірін-бірі жақын тартатындығы – бұлардың барлығы ешбір күдік тудырмайтын мәселелер. Мәдениетінің дамуына сәйкес олардың рухани жақындасуы да арта түседі, себебі бұл елдердегі мәдениет бастауы – бірдей, түркілік.

Алайда олардың саяси бірігуі – бөлек мәселе. Географиялық және экономикалық тұрғыдан Әзірбайжан Грузиямен және басқа кавказ халықтарымен байланысты. Мұнан шығатын өзінен-өзі түсінікті нәрсе – Әзірбайжанның Кавказ федерациясы құрамына енуінің дұрыстығы. Қырым да солай. Географиялық және экономикалық тұрғыдан Қырымның Украинамен жақындасқаны жөн. Бірақ түрлі саяси жағдайда өмір сүріп жатқан түркі халықтары бірін-бірі әр уақытта қолдауы тиіс. Сол себепті Ресей империализміне қарсы бағытталған қазіргі саяси күрес жағдайында дербесшілердің бірыңғай майданына мәдени түрік майданын араластыру практикалық тұрғыдан дұрыс болмас еді дейді Мұстафа Шоқай.

М. Шоқай үшін Түркістанның түрікшілдігі – оның түріктік мәні тәріздес табиғи құбылыс. Оның пікірінше, түрікшілдік – шыққан тегі мен мәдениеті туралы мәселе де, тәуелсіздік үшін күрес – күн тәртібіндегі мәселе. Ол бұл екі мәселені шатастырмайды және бірінің есебінен екіншісін іске асырудан аулақ болады. Алайда М. Шоқайдың түркі халықтарының өзара байланысты болу қажеттілігі жөніндегі көзқарастарының мәнін А.И. Чхенкели түсінбейді, оны этностық факторларға басымдық береді деп кінәлайды. Ал келесілері, Мұстафаны «түрікшіл», «тұраншыл» деп айыптауға дейін барады. Түркі халықтарының бірлігі пантюркизм, пантуранизм деп ат қойып, айдар тағатын, саяси ұранға айналдыратын мәселе емес екендігін, оның басқа халықтардың саяси не экономикалық мүдделеріне қарсы бағытталмағандығын М. Шоқай бірнеше рет

ескертіп жазады. Оның пікірінше, түркі халықтары арасындағы ауызбірлік – олардың тәуелсіздік үшін күресінің нәтижелі болуына қажетті, отарлық үстемдіке ғана қарсы бағытталады. Сол себепті М. Шоқайдың түрікшілдігін түркі және түркі емес халықтарды бөліп-жару, бір-біріне қарама-қарсы қоюды көздеген тұжырым ретінде пайымдау мүлдем теріс, көпе-кернеу бұрмалаушылық болып табылады.

Қазақ халқы М. Шоқайды мақтан тұтады, оның сіңірген еңбегін жоғары бағаламау мүмкін емес. Дегенмен де, Мұстафа Шоқай тек қазақ халқының ғана емес, барлық түркі халықтарының көрнекті қайраткері. Түркі халықтарының жүректерінен орын алған оның идеялары мен күресі қазіргі заманғы барлық түркі әлемі қайраткерлері үшін үлгі болып, оны өз өмірін қазақ халқы мен басқа да түркі халықтарының бостандығына арнаған нағыз көрнекті тұлғаға айналдырады. М. Шоқайдың XX ғасырдың басында көтерген түркі бірлігі мәселесі қазіргі тәуелсіз Қазақстанда өз құндылығын жойған жоқ. Тәуелсіз мемлекетіміздің көк байрағы төбемізде нұрын желбіреп шашып тұрғанда, тәуелсіздіктің қайптас күрескері Мұстафа Шоқайдың уақыт өткен сайын рухы ашыла түсіп, жоғарылай беретіні анық.

Әдебиет

1. Н. Назарбаев. Елбасы лебізі // Егемен Қазақстан. - 2007, 10 сәуір. №89. - 7-9 б.
2. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық. - Алматы: «Қайнар», 2007. 1 том. - 352 б.
3. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. - Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2012. III том - 664 б.
4. Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық / Құраст. Ғ. Исахан. - Алматы: «СаҒа» баспасы, 2006. 1 том. - 424 б.
5. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. - Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2008. - 504 б.
6. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық. - Алматы: «Қайнар», 2007. 2 том. - 392 б.
7. Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық / Құраст. Ғ. Исахан. - Алматы: «СаҒа» баспасы, 2006. 2 том. - 372 б.
8. Н.Ә. Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы: «Атамұра», 2003. - 288 б.
9. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық. - Алматы: «Қайнар», 2007. 3 том. - 384 б.

УДК 34 (091)

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ – ҚҰНДЫ ДЕРЕК

Бектұрғанов Қ.Б., Қайрғали Н.

(Ө.Сұлтангазин ат. Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті)

Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған азаттықты аңсаған қазақтың ұлы перзенттері еді. Өйткені олар қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алды. Сондай дара тұлғалардың бірі Мұстафа Шоқай.

Мұстафа Шоқайдың саяси күресінің ең маңызды құралдарының бірі – баспасөз болып табылады. Ол саяси идеяларын тарату құралы ретінде газет-журналдарға әрдайым үлкен мән беріп, күрес жылдарының кезеңінде мақала жазып отырған. Мұстафа Шоқай мақала жазумен ғана шектелмей, Түркістанға қатысты жеке газет немес журнал шығаруға да күш жұмсады. Әйтеуір, Мұстафа Шоқайдың баспасөз саласынан сырт қалған кезеңі жоқ десе де болғандай.

М. Шоқай Лондонда болған сапарлары барысында Англияның Кеңес Одағына байланысты көзқарасын білуге де әрекеттенеді. Бұл мәселе жөнінде консервативтік партия ұстанымының екіұшты екендігін анықтайды. Партияның бір тобы елдің Кеңес Одағымен қарым-қатынастарын дамытуды жақтаса, келесі тобы Кеңес Одағына сенімсіздік танытып, ондағы ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, ұлттық қайшылықтарға мән береді дейді [1, 114 б.]. Соңғы топтағылар консервативтік партияның көрнекті қайраткері, парламент мүшесі герцогиня Атольскаяның салонында бас қосады. М. Шоқай ағылшын саяси элитасының өкілдерімен бірге осы атақты салонда болып, олардың пікірлерін тыңдайды. М. Шоқайдың айтуынша, ақылды да аса білімді герцогиня Кеңес Одағындағы ашаршылық туралы әңгімеге ден қояды. Бұл тақырып төңірегінде пікір алысудың бел ортасында М. Шоқайдың болғаны күмән тудырмайды. М. Шоқайдың бұған дейін қазақтар мен Орта Азия халықтарының арасында Қазан революциясынан кейін орын алып отырған ашаршылық туралы «Ашаршылық және большевиктердің Түркістандағы ашаршылық саясаты» [2, 26 б.], «Түркістандағы ашаршылық» [2, 89 б.], «Ферғанадағы ашаршылық және оны ұйымдастыруға Кеңес өкіметінің қатысы» [2, 271 б.], «Ашаршылық» [3, 188 б.], «Қазақтар арасындағы ашаршылық» [3, 123 б.], «Большевиктердің Түркістандағы ашаршылық саясаты» [3, 405 б.] және тағы басқа мақалалары «Дни», «Последние новости», «Йени Түркістан» секілді басылымдарда жарық көрген. Кеңес одағындағы ашаршылық материалдар жинастырып жүрген герцогиня Атольскаяның назарынан бұл мақалалар тыс қалмаған болу керек және бұл мәселеге байланысты М.Шоқайдың өз аузынан тың мағлұматтар алады. Сөз жоқ, сол кезде қазақтардың жаппай ашаршылық нәубетіне ұшырап жатқандығы жөнінде де әңгіме болады. «Ашаршылық туралы және Түркістандағы Кеңес саясатының ерекшеліктері туралы сөйлестік» [7, 110 б.], - дейді. М. Шоқай Мұның өзі ағылшын герцогинясының түркі-мұсылман халықтарының жеріне ашаршылық Қазан революциясы мен азамат соғысына ілесе келгендігі, оның көп жағдайда Кеңес өкіметі тарапынан ұйымдастырылғаны, 20-30 жылдардағы зұлматтан қазақ халқының жартысынан астамы құрбан болғаны, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов секілді алаш қайраткерлері туралы әңгіме тыңдағанын білдіреді.

М. Шоқай «Дни» газетінде 1923 жылы №120 санында жарияланған мақаласында [9, 200 б.] «қолдан жасалған саясаттың құрбаны болған түркістандықтардың жеуге наны болмағандықтан, халық жаппай малын қорекке айналдыруда. Соның нәтижесінде «Намаган уезінде 1920 жылы 31574 бас жылқы және сиыр болса, бұл көрсеткіш 1921 жылы 5397 басқа дейін қысқарған», - деп жазады. Статистика ғылымы латын тілінен «күй, жай» деген мағынаны білдіреді. М. Шоқай статистикалық деректерді салыстыра келе, бір жылдың ішінде мал басының қаншалықты азайғанын дәлелдейді. Араға 9 күн салып, дәл осында мазмұнда «Голод в Туркестане» [2, 403-406 б.] деген мақаласы жарияланады. Мақалада жергілікті «Қызыл байрақ» газетіне сілтеме жасай отырып, тұрғындарды аштықтан құтқару негізінде «Қоқанда 2400 адамдық, Әндіжанда 2500 адамдық, Наманганда 500 адамдық, Ошта 2500 адамдық асханалар ашылғандығын» жазады. Біз осы деректегі сандарды саралай келе, ашаршылықтың қай өлкеде қатты белең алғанын көре аламыз. Деректің шынайылығын тексеру жағдайларында автор ақпаратты қайдан алғандығы маңызды. М. Шоқай өзінің әрбір дерегінде мақаласының дереккөзі саналатын жергілікті мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларға сілтеме жасап отырған.

М. Шоқай 30-жылдардағы алапат ашаршылық туралы батыс баспасөздерінде де хабарлайды. Лондонда тұрып жатқан орыс қайраткері А. Байкалов 1934 жылдың 15 шілдесінде М. Шоқайға: «Ашаршылық туралы мәліметтеріңіз үшін үлкен рахмет, мен оны тиісті жерлерге тапсырдым» [7, 269-270 б.], - деп жауап қайырады. Бұл жағдайлар М. Шоқайдың қазақтардың жартысынан астамын қырғынға ұшыратқан 30-жылдардағы

ашаршылықты құпия ұстауға тырысқан Кеңес өкіметінің зұлымдықтарын әлем жұртшылығы алдында әшкере еткендігін көрсетеді. Деректер арасындағы бірнеше генеалогиялық байланыс түрлері бар. Егер зерттеуші соңғы жылдардағы деректі негізге алатын болса, дұрыс қорытынды жасай алмайды. Алайда М. Шоқайдың Түркістандағы ашаршылық туралы 1923 жылы жарияланған мақаласы мен 1934 жылы А. Байкаловқа жазған хатындағы мәтінді саралайтын болсақ, автордың екі деректе те айтқызы келгені Кеңес өкіметінің зұлым саясаты.

Париждегі «Последние новости» журналында М. Шоқайдың қазақ жеріндегі аштық туралы 1921 жылғы 26 қарашада «Голод в Киргизии» [3, 282-285 б.] атты мақаласы жарияланады. Берлиндегі «Новый Мир» журналының №244 санында Ахмет Байтұрсыновқа телінген «Қазақ даласындағы ашаршылық» атты мақаласы басылады. Әрине, бұл қайта басылған мақала, яғни журнал басшылығының өзгертуі негізінде жазылған. А. Байтұрсыновтың пікірінше, қазақ жерінде аштық табиғаттың келеңсіз жағдайларынан (стихиялық түрде) болған деп есептейді. Мерзімді баспасөз бетінде жарияланған әрбір дерек субъективті түрде жарияланады. Себебі, баспасөз басшылығы жазылған мақаланы өзгертіп, өзі қалайтын шындықты көрсете алады. Осы жерде объективті шындықты білу үшін сол кезеңдегі Қазақстандағы табиғи жағдайды еске түсірсек, осының өзі жеткілікті. Бұл пікір қаншалықты дұрыс болғанымен, оның негізі «большевиктердің арнайы жоспарланған, халықты қолдан қыру саясаты», - деп жазады М. Шоқай. Бұдан байқатынымыз, батыс баспасөздерінде Қазақстанға қатысты жазылған әрбір мақалаға өзгертулер енгізілгендіктен, М. Шоқай өзінің сенімді газет-журналдарында жауап ретінде мақала жариялап отырған. М. Шоқай 30-жылдардағы ашаршылық нәубетінің ең алдымен қазақтардың басына төнгендігін айтып, оны төңкеріске дейінгі қазақтардың жан басына шаққанда қанша малы болғаны, енді қанша малының қалғаны туралы статистикалық деректермен дәлелдейді.

М. Шоқайды, әсіресе, қазақ халқының жағдайы қатты алаңдатады. «Вольный горец» газетінің 1920 жылғы үш бірдей санында жариланған «Кеңес өкіметі және қырғыздар» [4, 154-166 б.] деген туындысында қазақтардың патша заманынан бері қарай орыстарды бөліп-жармай, тұтас қабылдағанын, қазақтардың таптық санадан аза екендігін, олар үшін қазақ жерінде отырған орыс қоныстанушылары мен орыс әкімшілігінің арасында ешқандай айырмашылықтың жоқтығын, қазақ интеллегенциясының түгелге жуық «Алаш» туының астында топтасқандығын, большевиктердің «Үш жүз» партиясын «Алашқа» қарсы қойып, ұлттық қозғалысқа іріткі салғандығын баяндайды. Осы кезден бастап М. Шоқай Түркістан ұлттық қозғалысын жеке-дара қарастырмай, оны түрік-мұсылман халықтарының ұлттық тәуелсіздік үшін күресімен, большевиктердің Шығыс халықтары жөніндегі саясатымен байланыстыра пайымдап, бұл текетірестегі ортақ заңдылықтарды белгілеуді көздейді. «Кеңес Шығыс саясатының кезеңдері» [5, 151-152 б.], «Большевиктер және анатолгиялық қозғалыс» [5, 167-170 б.] деген мақалалар осы бағыттағы алғашқы ізденістер қатарына жатады.

Көшпелілерді отырықшылыққа ауыстыру, Қазақстандағы мал шаруашылығы туралы зерттеулерінде М. Шоқай ашаршылықтың себеп, салдарларын анықтайды. Ол «Қазақстанды өнеркәсіп ошағына айналдырдық» деген большевиктердің үгіт-насихаттарының астарынан Ресейдің ғана экономикалық мұң-мүддесін көздеушілікті көреді. М. Шоқай өнеркәсіпті индустрияландыру барысында Түркістанда бірнеше зауыт, фабрика және комбинаттар салынғандығын теріске шығармайды, бірақ «мұның бәрі түркістандықтардың ұлттық мүддесіне сәйкес келмейді» [6, 12 б.], - деп жазады. Әңгіме бірнеше зауыт, фабрика салуда емес, олар түркістандықтардың ұлттық қажеттіліктері мен экономикалық жағдайларына жауап бере ме – әңгіме осында деп ой түйеді. Орта Азия республикалары мен Қазақстанда өнеркәсіп ошақтарын

ұйымдастыру, оларда жұмыс істеу үшін славян халықтары өкілдерін көшіріп әкелу орыс орталығының мүддесіне орай жүзеге асырылады.

Оның пікірінше, қоныс аударушылық орыс мемлекеттілігінің өзіндік мәнін құрайды. Егер Еуропа мемлекеттерінің басқа бір елді жаулап алу процесі саудагер-өнеркәсіпшілердің экспансиясымен қатарласа орын алса, орыс жаулап алушылығы оған ілесе жүретін қоныс аударушылықпен сипатталады. Еуропалықтар басқа жерлерді өз тауарларын өткізетін рынок ретінде, ал орыстар өз халқының бір бөлігін апарып қоныстандыратын жаңа мекен ретінде қарастырады. Осы жағдайға байланысты М. Шоқай Ресейдің Қытаймен, Моңғолия, Иран, Әзірбайжан және басқа да елдермен қарым-қатынастары тарихынан бірнеше мысалдар [6, 20 б.] келтіреді. Ресейдің басқа аймақтарға орыс мұжықтарын орналастыру әрекеттерінің бірі табысты аяқталса, қатарына I дүниежүзілік соғыстың қарсаңында Ресейге ың-шыңсыз қосып алуға әрекет жасалған Урянхай өлкесі, 1915 жылы Иран жерінің бір бөлігі жатады. Ресей Моңғолия мен Қашқарға да көз тігеді.

Мұстафа Шоқай Орта Азия мен Қазақстанда орын алған ұлт-азаттық қозғалыстың барысы мен сипаты туралы зерттеулерін жалғастырады. Солардың бірі – «1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі» [6, 192-195 б.] атты мақаласы. Онда «1916 жылғы көтерілістер және Қоқан автономиясы, басмашылар әрекеттерімен қосылып, орыс тепкісіне қарсы бағытталған ұлттық қозғалыс ретінде тарихымыздың ең маңызды құбылыстардың бірінен саналады», 1916 жылғы көтеріліс – жалпы алғанда ұлттық қозғалыс, онда таптық күрестің елесі де болған жоқ деп ерекше атап көрсетеді.

1916 жылғы Торғай даласындағы орыс үкіметіне қарсы көтерілген халық көтерілісінің басшысы – Амангелді Иманов. Ол туралы баспасөз беттерінде қисапсыз көп материалдар жарияланды. Кеңес тарихнамасында Амангелдіні дүниеде теңдесі жоқ төңкерісшіл, ұлт пен ұлтшылдықтан жоғары тұратын интернационал большевик, дінге дұшпан, Түркістан түріктігін орыс большевизмі және интернационалдық төңкерісшілдікпен табиғи түрде тығыз жымдастырған ірі тұлға ретінде көрсетілді. М. Шоқай да 1936 жылы «Яш Түркістан» журналының №85 санында «Батыр большевик Амангелді хақында ақиқат» [6, 79-82 б.] деген атпен мақаласын жариялайды. «Яш Түркістан» журналында жарияланған мақалада Амангелді жайында жарық көрген еңбектерге сараптама жасайды. «Ынсабы мен қаламдарын сатқан Майлыұлы Бейімбет пен Мүсірепұлы Ғабиттер орыс жазушысы Всеволод Ивановпен бірлесіп «Социалды Қазақстан» жжәне «Казахстанская правда» газеттерінде жариялаған мақалаларында Амангелдінің большевиктік бейнесін жасауға тырысқан», - деп жазады М. Шоқай. Өзінің мақаласында Мұстафа Шоқай халық ақыны Есенбайұлы Сағиттың «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған «Амангелдінің шабу жылы» мақаласы және «Ердің өлімі» атты жырларына сыни баға береді.

Осылайша, үлкен террор жылдарындағы М. Шоқайдың жарияланымдары большевиктердің саясатын толыққанды айыптайтын және әшкерелейтін деректер болып табылады. Түркістан ұлттық қозғалысының лидері, Кеңес өкіметіне қарсы ойларын кеңестік мерзімді басылым материалдарын дерек ретінде пайдалана отырып, ашық жариялаған М. Шоқай аталған кезең құжаттарын талдаған бірден-бір қоғам қайраткері екені белгілі. Мерзімді басылымдағы материалдар сол кезеңдегі қоғам тынысы туралы мәліметтерді ашық көрсетіп, халық жауларын әшкереулеуінің бір түрі болғандығы шүбәсіз. Осы тұрғыдан қарағанда, Мұстафа Шоқай үлкен террордың күрделі мәселелерін анықтап, талдап берді. Оның еңбектерінде ой еркіндігі анық байқалады, деректанулық талдау дәрежесі де жоғары. Сондықтан да шығар, қаншама тың мұрағат деректері жарияланып жатса, М. Шоқайдың негізгі ой-түйіндері маңызды орын алуда.

Әдебиет

1. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. - Алматы: «Дайк-Пресс», 2012. I том - 544 б.
2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. - Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2012. III том - 664 б.
3. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. - Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2012. IV том - 572 б.
4. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық. - Алматы: «Қайнар», 2007. 1 том. - 352 б.
5. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық. - Алматы: «Қайнар», 2007. 2 том. - 392 б.
6. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық. - Алматы: «Қайнар», 2007. 3 том. - 384 б.
7. Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық / Құраст. Ғ. Исахан. - Алматы: «СаҒа» баспасы, 2006. 1 том. - 424 б.

ӘОЖ 94 (574)

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ҚАРСЫЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Бимаканова З.Ш., Әнуарбекова М.Қ.

(М.Қозыбаев ат. СҚМУ)

1867-1868 жылдары «Уақытша Ереже» қазақ халқының рыноктық элементтерді жеделдетуімен бірге, 1868 - 1870 жылдарда көтерілісті туғызған өткір қайшылықтарды тереңдетті. Соның бірі Маңғыстау жеріндегі 1870 жылғы қазақтар көтерілісі еді. Негізінен мал шаруашылығымен күнкөріс жасаған жергілікті халық жан - жақтан зорлық - зомбылыққа, қысымға үздіксіз ұшырайды. Байтақ қазақ жерінің түкпір - түкпірінде халық көтерілістері болып тұрды. 1870-1873 жылдардағы Маңғыстау шаруалар көтерілісі туралы зерттеуші ғалымдар, тарихшылар тұжырымдамалар келтіреді.

1868 жылдың 21 қазанында Ресей патшасы бекіткен Уақытша ереже тәжірибе ретінде екі жыл ішінде жүзеге асырылуға тиіс болатын. Патша өкіметінің Маңғыстау қазақтарына Уақытша Ережені енгізу жөніндегі белгіленген жоспарларының жүзеге асуына Кіші жүз қазақтарының 1869 жылғы көтерілісі кедергі болды. Бұл өлкенің негізгі халқы-адай руы жаңа реформаны күрессіз қабылдамайды деп қауіптенген патша әкімшілігі «Уақытша Ережені» жүзеге асырудың қолайлы жағдайларын қарастырады [1; 200 б].

1868 жылы Маңғыстау приставы болып тағайындалған подполковник Рукин дала тұрғындарының жағдайымен санаспай, адайлардан 1869-1870 жылдар үшін түгін салығын жаңа тарифке сай біржолата жинауды талап етті. Көптеген жергілікті тұрғындар, соның ішінде Бозашы түбегінің балықшы жатақтары Рукин талабын орындаудан бас тарады. Бұрынғы бір жылдық салық мөлшерін, үш есеге жуық өсіреді. Үй санын дәл есепке алуды, ел билеушілерін сайлап қоюды, уездік соттарды тағайындауды, жерді мемлекет меншігі деп тануды, ру - рудың орнына болыстар мен ауылдарға бөлінуді, паспорт жүйесін енгізуді талап етеді.

Маңғыстау қазақтары мұндай қысымға кезікпеген. Байтақ даланың өзіне тән кең пейілділік дәстүрінен өзге заңға мойын ұсынбаған болатын. Оның үстіне кезкелген салықты төлеуге мүмкіндігі болмады. Патша өкіметінің отарлау саясатын ұстанған жергілікті әкімдер қазақтардан алынатын алым - салықтың түрлерін көбейтеді. Бұл кезде Каспийден арғы өлкеге бойлай түсу саясатын ұстанған патшалық Ресейдің, осы мақсатқа байланысты әскери операцияларының ауыртпалықтары да жергілікті қазақтардың мойнына жүктеледі.

Кіші жүз қазақтарының басына төнген бұл қиындық, әсіресе, Маңғыстау қазақтарына ауыртпалығын туғызады. Олар бұл кезде бір жағынан Батыс Орданы билейтін сұлтандарға алым - салық төлесе, екіншіден, патша өкіметіне алым -салық төлеуге міндетті болады. Оның үстіне жиі - жиі Хиуа хандығы ұшыр, зекет салықтарын жинап әкететін. Бұл кезеңде Маңғыстау қазақтарын топтастырып, басын біріктіріп отырған, саяси - экономикалық, территориялық бірлестік жоқ болды. Он топқа бөлінген маңғыстаулықтарды он сардар билейтін. Оның бесеуі жоғары адайлар дистанциясының бастығына бағынса, қалған бесеуі төменгі адайлар дистанциясының бастығына қарасты болды. Өйткені 1824 жылғы реформа бойынша кіші жүз қазақтарының жері дистанциялық бөліктерге бөлінген. [2; 419 б].

Жаңа ереженің енгізілуіне және патша әкімшілігінің езгісінен әбден титықтаған көтерілістің негізгі қозғаушы күші - қазақ шаруалары малшы Досан Тәжіұлы мен старшина Иса Тіленбайұлы болды. Иса Тіленбайұлы патша үкіметінің отарлаушылық саясатына қарсы 1870-1873 жылдардағы Маңғыстау қазақтары көтерілісі басшыларының бірі, халық батыры, ақын, би болды. Мұрын жырау деректеріне қарағанда 1840-1910 жылдары өмір сүрген делінеді. Иса, Досан сарбаздары Кавказдан жіберілген жазалаушы отрядпен де шайқасады. Бірақ қарулы қолға төтеп бере алмай, көтерілісшілер шегінуге мәжбүр болады. Иса, Досан көтерілісшілері 1872-1873 жылдар Хиуа жағында, Хиуа, Арал теңізі аралығында жүрген көптеген ауылдарда болып, Хиуа, Үстірт бетіне үдере көшеді.

1873 жылы патша үкіметі Хиуаны жаулап алғаннан кейін, жер - жерге көтерілісшілерді жазалаушы жасақтарды шығарады. Көп жыл ат үстінде жүрген Иса, Досан сарбаздары бірте - бірте сирей бастайды. 1874 жылы жазда жазалаушылар Үстірт өңірінде Досан батырды қолға түсіргеннен кейін, Иса Тіленбайұлы елге оралады. Фортқа келіп, ұлық алдында жасаған істерін баяндап, халқы үшін қызмет ететіндігін айтады.

1874 жылы патша әкімдері Иса Тіленбайұлының ел алдындағы беделінен қаймығып, қайтадан халық наразылығын тудырмас үшін Исаға кешірім береді. Ол отыз жылдан астам болыс болады. Иса Тіленбайұлы әр кез халық мұратын көксеген аузы дуалы шешен, айтулы ер, сері ақын, мерген, құсбегі, саятшы адам болған. Исаның көтеріліс кезінде және өзге уақытта шығарған «Күйкеннен аттанарда», Хиуаға кетерде», «Болыс болып жүргенде», «Досанды жоқтауы» сияқты тағы басқа да өлеңдері бар. Иса, Досан ерлігін Ақтан, Бала Ораз, Қашаған, Сәттіғұл ақындар да жырлаған [3; 15 б].

Көтеріліс ауқымы шағын сипатта болғанымен, оның географиялық шеңбері ауқымды болды, «Уақытша Ереженің» жүзеге асырылуын қиындатады. Көтеріліс аяусыз жаншылады. Тарихта бірақ оның тарихи маңызы зор еді. Маңғыстау даласында болған патша отарлаушыларына қарсы наразылықтың бір көрінісі ғана емес, Рукиннің отрядына қарсы бас көтерген адайлардың шағын тобы алты мың адамға, артынан он мың адамға дейін жеткен барлық еңбекші адай тайпаларының барынша белсенді, ең ұзаққа созылған күресі болды. Оны ұйымдастырушы және басқарушы халық батыры атанған Досан Тәжіұлы да болды. Бұл көтерілістің өзінің мақсаты мен міндеті жағынан отарлауға қарсы, ал қозғаушы күші жағынан алғанда, бұл көтерілістің нақты шабуылдық сипатта болғанын анықтауға болады.

1870 жылғы Маңғыстау қазақтары көтерілісінің орыс патшалығын дүрбелеңге түсірілді, оның дүмпіуінің Ресейден асып, шетелдерге жетуі де осы Рукин өліміне байланысты болды. Жаңа қылышпен, санаулы ғана ши мылтықпен, сойылдармен қаруланған, соғыс әдістерінен бейхабар қыр қазақтары Ресейді үлкен дүрбелеңге түсірді. Сонымен қатар, жеңіліс тапқанына қарамастан, төрт жыл бойы қаруларын тастамай жазалаушыларға қарсы жанкештілік ұрыс жүргізулері де халықтың қайтпас

қаһармандығын, тәуелсіздік жолында табандылығын айғақтауға болады. Бұл көтеріліс кезінде мыңдаған көтерілісшілер де құрбан болды.

Патшаның жазалаушы отрядтары елді ойрандап, малды талауға түсіреді. Орыс отарлаушылары салған сол бір зобалаңда көптеген туысқандар атамекенін тастап, өзбек, тәжік, түрікмен, иран, түрік елдеріне ауып кетуге мәжбүр болды. Олардың ұрпақтары енді ғана біртіндеп, атамекендеріне оралып жатыр. Иса, Досан батырлар азаптауға төзіп, патша отарлаушыларына бас иемей, тәуелсіздік жолында шейіт болды. Отаршылдыққа қарсы қазақ жерінде болған көтерілістер басшыларының көрген азаптарынан тым ауыр болғандығы аңғарылады. Иса, Досан сияқты батырлардың қайсарлығы табандылық пен төзімділіктің, ептілік пен өзге батырларға ұқсамайтын ерекше ерлік қасиеттің, әруақтылықтың, туған елін, жерін шексіз сүйетін абзал жандар. Үлкен патриоттықтың бәрін бір басына жиған хас батырдың есімі бүкіл қазақ халқы үшін қастерлі тұлғалардың қатарынан орын алса, орынсыз болмас.

Сөйтіп, бұқаралық сипатына қарамастан, көтерілістің негізгі қозғаушы күші - қазақ шаруалары өз қатарларын біріктіруде қол жеткізе алмады. Мұның өзі саны жазалаушы отрядтардың халық қарсылығының негізгі ошақтарын тұншықтыруына мүмкіндік берді. Қазақ шаруаларының рулық мүдделері отаршыл империяның әскери құрамаларының ұйымдасуы жағынан кем түскен көтерілісшілер жасақтарындағы тұрақтамаушылықты туғызды. Көтерілістің ішінара рулық үстем топқа, ал кейде жоғары көшпелі ақсүйектерге жататын басшылары екі жүзділік көрсетіп, әртүрлі тұрғыдағы көзқарас ұстанды. Иса Тіленбайұлы Ресей патшалығының езгісіне қарсы Маңғыстау шаруаларының көтерілісін бастап, бес жыл кескілескен соғыста жеңіліске ұшыраған соң, Фортта кепілдікке ұсталған пікірлестері мен тумаластарын тұтқыннан босатып алу үшін өзі келіп уезд басқармасына берілген. Сол кездегі патша саятшылары Иса Тіленбайұлының ісі туралы Ресей патшасына арнайы хат жолдап хабарлаған.

Маңғыстау қазақтарының патша отарлаушыларына қарсы көтерілісінің мән - маңызын жете ұғынып, оның бастаушылығы болған Иса, Досан сияқты батырларымызды, көтеріліске қатысып, ерлікпен шейіт болған басқа да батырларды қадіріне жетіп, қастерлейтін болсақ, олардың ерліктерін, есімдерін есте қалдырарлық бүгінгі кейінгі ұрпақтарға үлгі мұра етерлік келелі бір игілікті істер көрініс табуы тиіс.

Досан Тәжіұлы (1835 ж., Маңғыстаудағы Бозашы түбегінің Жиделі деген жері (қазіргі Маңғыстау ауданы, Қызан ауылы) – 1876 ж. Форт-Шевченко қаласы) – халық батыры, Маңғыстаудағы қарсылық қозғалысының ібасшыларының бірі.

Досан Ресей үкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ережесін» әділетсіздік деп бағалап, халықты көтеріліске шығуға үндейді. Онымен бірге Иса Тіленбаев, Алғи Жәлімбетов, Тілеуберген Орақов, Шүрен Иманов, Дихан Өтепов, Сүгір Шабаевтар халықты көтеріліске бастап шығады. Досан бастаған 400 сарбаз Үшауыз деген жерде Маңғыстау приставы подполковник Рукиннің жазалаушы отрядын талқан етіп жеңеді. 1870 жылы сәуірде Досан сарбаздары Фортты қоршап алып, ондағы базарды талқандайды, саудагерлер мен өндіріс иелерін тұтқындайды, Николаевск станцияны өртеп, армян слободкасы мен Қарағантүптегі маякті қиратады. Кавказдан жіберілген жазалаушы отрядпен Досан сарбаздары кескілескен шайқас жүргізе отырып, Хиуа хандығына өтіп кетеді.

1873 жылы Хиуа хандығын бағындыруға жіберілген Ресей әскерлеріне Қоңырат, Хожелі, Қарабайлы аймағында Досан тұтқиылдан шабуыл жасауды ұйымдастырып отырған. 1873 жылдың күзінде Досан жасағы Үстіртке қоныс аударды. 1874 жылы Ресей үкіметінің Аничкин бастаған іздеуші жасағы Сам құмында отырған Досан ауылын қапыда қоршап алып, жаралы Досан батырды қолға түсіреді. Досан Форт түрмесінде 2 жылдан кейін қаза тапты. Досан батырдың сүйегін туған жері Бозашыға Жанғабыл (халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылұлының әкесі) бастаған бір топ азаматтар

жеткізген. Мүрдесі сондағы Қаратөбе зиратына қойылған. Досан батырдың ерлігін Ақтабан, Бала Ораз, Қашаған, Қалнияз, Сәттіғұл ақындар жырға қосқан.

Тіленбаев Иса – халық батыры, ақын. Маңғыстау көтерілісі басшыларының бірі. Тіленбаев Ресей үкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ережесін» әділетсіздік деп бағалап, халықты көтеріліске шығуға үндейді. Ол Досан Тәжіұлы, Алғи Жалмамбетов, Тілеуберген Орақов, Шүрен Иманов, Дихан Өтепов, Сүгір Шабаев, т.б. бірге халық көтерілісін басқарады. Тіленбаев, Досан бастаған 400 сарбаз 1870 жылы 22 наурызда Үшауыз деген жерде Маңғыстау приставы подполковник Рукиннің жазалаушы жасағына ойсырата соққы беріп, 40 солдатын жойып жіберді. 1870 жылы сәуірде көтерілісшілер Александровск бекінісін қоршап алып, ондағы армян базарын талқандады. Саудагерлер мен өндіріс иелерін тұтқындап, Николаевская станциясын өртеді, армян слободкасы мен Қарағантүптегі шамшырақты қиратты. Кавказдан жіберілген жазалаушы жасақпен Тіленбаев сарбаздары кескілескен шайқас жүргізе отырып, Хиуа хандығына өтіп кетті.

1872-1873 жылы туған бастаған көтерілісшілер Хиуа жағында, Хиуа мен Арал теңізі аралығында болды. Көптеген ауылдар да Хиуа, Үстірт бетіне үдере көшті. Патша әкімдері 1873 жылы Хиуа хандығын басып алғаннан кейін халық көтерілісін болдырмау үшін көтеріліс басшыларына кешірім жасады. Тіленбаев 1874 жылы елге оралып, отыз жылдан аса уақыт болыс болды. Тіленбаев құсбегі, мерген, саятшы да болған. Көтеріліс кезінде және өзге уақыттарда шығарған «Күйкеннен аттанарда», «Хиуаға кетерде», «Оязға барарда», «Сексен жас», «Болыс болып жүргенде», «Күн қайда», «Ояз алдында», «Досанды жоқтау», «Қара өлең», т.б. өлеңдері бар. Тіленбаев ерлігін Ақтан, Бала Ораз, Қашаған, Сәттіғұл ақындар жырлаған. Өлеңдері мерзімді баспасөз беттерінде және «Жырдария» жинағында (Ақтау, 1995) жарық көрді.

«Досан батыр» – тарихи жыр. 1868 жылғы Маңғыстау қазақтары көтерілісінің басшылары Досан Тәжіұлы мен Иса Тіленбайұлына арналған. Авторы - халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылұлы.

«Досан батыр» жыры өзінің оқиға желісінің тартымдылығымен және көркемдігімен, тарихи деректерінің нақтылығымен ерекшеленеді. Сәттіғұл жырының Орталық ғылыми кітапхана қорында үш түрлі нұсқасы сақталған. Мазмұны мен көркемдігі жағынан толығырақ нұсқасын латын әрпімен жаздырып, 1939 жылы Сәттіғұл ақын өзі тапсырған.

«Досан батыр» жыры «Қазақ әдебиеті тарихында» (А., 1961, 1-т., 2-кіт.), «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» кітабында (1979) және Қ.Сыдиықұлының «Ақын жыраулар» (1974), «Сарқылмас қазына» (1996) моногр. еңбектерінде айтылады. Ендігі кезекте осы жырдың тарихына келіп тоқталайық.

1939 жылы жазылған «Досан батыр» дастанын сол кездегі аудандық партия комитеті қарап, қырық жыл болыстық қызмет атқарған Исаны дәріптеп, қаһармен тұлға етіп көрсетудің социалистік реализм әдісіне мүлдем қайшы келетіндігін ескерткен. Сөйтіп, өмір шындығын қапысыз жеткізген құнарлы шығарма ажарынан айрылып, жұқарған, жүдеген күйінде 1940 жылы оқырмандар талғамына ұсынылған.

Біреп сөз “Иса - Досан” дастаны жайында айта кетсек, оны Сәттіғұл Нұржанов ақсақал өз естелігінде былайша әңгімелейді. “Мен сияқты сөз шығаратындар артына атаулы еңбек қалдырып жатыр, мен де сөйтсем қайтеді деп, біраз ойландым. Менің әкем Жанғабыл Иса - Досан көтерілісіне бастан - аяқ, Досанның жерленуіне дейін қатысқан адам еді. Сондағы көрген - білгендерін бірнеше рет түгелдей айтып отыратын. Халық үшін болған үлкен оқиға ғой, осыны жыр қылып қалдырайын деп шештім де “Иса - Досан” деген еңбегімді шығарып, қағазға түсірдім. Біраздан кейін райком шақырады, “Иса - Досан” дастанын ала келсін, деген хабар келді. Келдім. Бірнеше адамдар отырып, менің дастанымды талқылады. Біраз жерден Исаны алып

тастады. Маған “40 жыл болыс болған адамды соншалықты дәріптеуіңіз қате, олай етуге болмайды”, – деп ескертті. Біраздан кейін тағы шақыртты. Исаға байланысты біраз жерін тағы өзгертті. Енді менің еңбекті шығарудағы мақсатым өзгеріп кетті [4; 4-5 б].

Сөйтіп жүргенде Гурьевте ақындар айтысы болады деп шақырды. Оған “Иса-Досанды” ала бару тапсырылды. Гурьевке келдім. Қарсы алды. Оспанов Жәмек деген жас жігіттің үйіне орналастырды. Жақсылап әңгіме айтатын шалы бар үй екен, өте жақсы болды. Бір күннен кейін обкомге шақырып жатыр, жырыңызды ала жүріңіз деп Жәмек мені обкомге алып келді. Бұнда да обкомы бар, КГБ-сы бар оншақты адам отырып, менің жырымды талқылап, Исаны жырдан мүлдем алып тастады. Мен қайтерімді білмей қиналып шықтым. Әрі ойлап, бері ойлап, не де болса өз еңбегім ғой, ізсіз қалмасын деп, “Досан батыр” деп өзгертуіме тура келді. Көтерілістегі негізгі тұлға Исекем атаусыз қалды. Менің де уақытым жақындап қалды. Қабірге түскеннен кейін Исекем мені қайтер екен деген уәйім ойымнан кетпейді”. Обкомдағы соңғы Иса - Досанды талқылаудағы адамдардың ішінде газет қызметкерлері С. Хайдаров, Ж. Оспановта (марқұм) болған екен.

“Ел тәуелсіздігі үшін күрестегі Иса - Досан көтерілісінің тарихи маңызы” атты ғылыми - теориялық конференцияға қатысқан зиялы қауым өкілдері бұл тарихи проблемаға тың серпін, соны леп қосарына сенеміз. Өйткені, бұл мәртебелі форум шаруалар көтерілісінің бесігі болған 360 әулиелі Маңғыстау өлкесінде өтіп отыр. Иса - Досан батырлар қашанда халқымыздың есінде десек, ақиық ақынымыз Сәттіғұл Жанғабылов “Досан батыр” жыр дастанымен өшпес із қалдырды. Сондай-ақ Иса мен Досанға арналған монументті ескерткіш кешені дайындалып, Форт-Шевченко қаласы іргесінде орнатылды. Әйтсе де “Иса-Досан” көтерілісін біз әлі толық танып болған жоқпыз. Олай болса, бүгінгі ғылыми-теориялық конференция “Иса - Досан” көтерілісін танудың бір белесі болар деп ойлаймыз.

1873 жылдан бастап өмірден озғанша Иса Тіленбайұлы уездің 2 Түпқараған болысын басқарған. Иса атақты әруақты батыр, әділетті би болуымен қатар, ақын, құс алған саяткер, аса мерген болған.

Көп жыл бойы тарих беттерінен өзінің лайықты орнын ала алмай келген осындай бабаларымызды жас ұрпаққа үлгі етер заман туды. Өшкенімізді жандырып, өлгенімізді тірілтер кез келді. Сөйтіп, олардың Қазақстан тарихынан, әдебиетінен өз орындарын алуына барынша қамқорлық жасау, бүгінгі ұрпақтың басты міндеті болуға тиіс деп есептеймін. Жас ұрпақты халқымыздың дәстүрі мен салты, елдігі мен ерлігі рухында тәрбиелеу басты міндеттеріміздің бірі болып табылады.

Жас ұрпақты бабалар рухында тәрбиелеудің құралдары теледидар, баспасөз, ұлы бабаларымыздың өмірі мен күресі жөнінде сценарийлер жазып, кино түсіру, телефильмдер жасап, теледидардан хабарлар беру кеңінен қолға алынса, бұл секілді шаралардың түптеп келгенде жеткіншек жас ұрпақты ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеуде ықпалды әсері болары сөзсіз. Бабалар есімін мәңгілік есте қалдыру мақсатында олардың мерей тойларын жергілікті жерлерде ғана емес, республикалық дәрежеде өткізіп отыруды дәстүрге айналдыру, олардың есімдерін елді мекендерге, көшелерге беруді жалғастырып отыру қажет деп ойлаймын. Олай болса, бұл ұлы бабалар мектепте, орта арнаулы және жоғары оқу орындары бағдарламаларында кеңінен орын алып, жастардың сүйіп оқитын оқулығына ерлікке, адалдыққа үйретер кітабына айналуға тиіс деп ойлаймын.

Иса Тіленбайұлы мен Досан Тәжіұлы құрметіне орнатылған ескерткіш кесене бүгінгі таңда халықты имандылыққа тәрбиелейтін осындай ұлағатты орынға айналатынына, мұның мәңгілік екеніне де сеніміміз мол.

Әдебиет

1. Спан Ә. Иса Тіленбайұлы. Алматы. Нұрлы Әлем. 2004 ж. 200 б.
2. Қазақстан тарихы. 3 том. Алматы, 2002 ж., 419 б.
3. «Алтын Орда» газеті, Досан батыр һәм патшалық Ресей. 2001 ж., 16 ақпан. 15 б.
4. Нұржанов С. Иса Тіленбайұлы. Маңғыстау. 2010 ж. 14 қазан. 4-5 б.

ӘОЖ 070

«ЖАС АЗАМАТ» - ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Бимақанова З.Ш., Сұлтанаева Ә.С.

(М.Қозыбаев ат. СҚМУ)

Қазақ халқының тарихында ХХ ғасырдың басы – зиялы қауымның ұлт тарихында саяси-әлеуметтік және рухани төңкеріс жасаған кезеңі. ХХ ғасырдың басындағы ұлт қоғамы-Алаш идеясы мен Кеңес үкіметінің саяси өкіметке талас туғызған, алмағайып уақытты басынан кешті. Елдің келешегі мен тұтастығы, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, сауатсыздықпен күресу яғни ағартушылық және өз алдына мемлекет құрып, ұлт бостандығы үшін күрес жүргізу сияқты өзекті мәселелер-ұлт зиялыларының алдына күрделі де жауапты сұрақтарды қойды. Алаш зиялылары ата-бабадан мирас болып қалған ұлттық құндылықтарымызды, тіліміз бен салт-дәстүрлерімізді аман сақтау мәселесін өздерінің жеке мақсат-мүдделерімен ұштастырды. Міне, осы орайда қазақ зиялы өкілдері баспасөз тарихын көркейтуді, жалғастыруды қолға алды. Осы тұстан, яғни ХХ ғасырдың басынан қазақ баспасөзінің тархы жаңа бағытта дамып, әртүрлі ұстанымдағы мерзімді басылымдармен толықты. Әрбір басылымның әрқилы тағдыры, мерзімді өмір сүрген уақыты, сондай-ақ мақсаты мен мүддесі және оған жету жолдары, яғни стратегиясы болды. Алаш қайраткерлерінің асыл мұраттарын паш ететін ой-идеялары баспасөз бетінде жарық көріп, бұқара халыққа тарады. Олар баспасөз арқылы халықпен өз ой-идеяларымен бөлісіп, ағартушылық мақсатындағы саяси ақпараттар таратты. Олардың негізгі мақсаты халық санасын ояту, сауаттандыру, ағартушылық бағытта халықтың білімін көтеру және т.б. болатын. Баспасөз материалдарының әр дәуірдің, әр кезеңнің деректерін жинақтаған мұрағаттық сипаты да бар, ондағы материалдар таптырмайтын және қайталанбайтын автордың өз қолымен өңделіп тапсырылған дүниелері.

Қазақтың халық ретінде өз мәдениеті мен тарихын және осыған дейінгі сатылық үрдіспен өз діні мен тілін қорғап, қолдап оның келешегі үшін күрескен қазақ зиялыларының айқын еңбегінің ең бір көрінісі болған ХХ ғасырдың басындағы қазақ басылымдарының ішінде Қазақстанның солтүстік өңірінен шыққан «Жас Азамат» газетінің тарихына тоқталғанды жөн көрдім. Басылымның шығу тарихына келсек, 1918 жылы сәуірде Омбыда І жастар съезі шақырылып, осында бүкіл қазақтың жастар ұйымы «Бірлік» ұйымының негізінде «Жас Азамат» ұйымы болып қайта құрылады.

«Бірлік» ұйымының тарихына тоқтала кететін болсақ, «Бірлік» - 1914 жылы Омбы қаласында құрылған қазақ жастарының ұйымы. Оның мүшелері қатарында А. Сейітов, М. Сейітов, С. Садуақасов, А. Баржақсин, Ш. Әлжанов, Б. Байділдин, А. Сералин, Қ. Кемеңгеров, Ғ. Тоғжанов, Д. Әділов, О. Темірбеков болды. «Бірлік» ұйымы өзінің алдына қазақ халқының мәдениетін, өнерін, әдебиетін көтеру арқылы ұлттық сана мен сезімді оятуды мақсат етіп қойды. Осы мақсатқа жету үшін ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оларды бастырып шығаруды, ауыл мектептерін оқулықтармен қамтамасыз

етуді, қаражатқа мұқтаж оқушыларға көмек ұйымдастыруды қолға алады. 1916 жылы «Балапан» атты қолжазба журнал дүниеге келді. 1917 жылы 1-4 қазан аралығында ұйымның кеңейтілген жиналысы өтіп, онда ұйым мүшелері Алаш партиясына қолдау көрсететіндіктерін білдіріп, халық арасында оның бағдарламасын насихаттауды өз мойнына алды. Дегенмен оның мүшелері арасында Әлжанов секілді «Үш жүз» партиясын қолдағандар да болды. 1918 жылы «Бірлік» ұйымы мүшелері барлық қазақ жастарын біріктіру үшін құрылған «Жас азамат» ұйымының құрамына енді. Қазақтың ұлттық баспасөзінің тарихында елеулі орны бар «Жас азамат» газеті ұлт тәуелсіздігін көздеген, патша үкіметінің жүргізген қатаң саясатына қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық – саяси газеті болды. 1918 жылдың сәуір – мамыр айында Омбы қаласында өткен қазақ жастарының тұңғыш құрылтайының шешіміне орай, «Бүкілқазақтық жастар ұйымының тілі» ретінде бұл газеттің алғашқы саны 1918 жылдың 30 шілдесінде Қызылжар қаласында жарық көрген. Оның төрағасы - М. Мырзаұлы, редакторы - Қ. Кемеңгерұлы болды. «Жас Азаматтың» 1-11 - нөмірлерінің редакторы – Қ. Кемеңгерұлы, ал 12-16 нөмірлерінің редакторы - Біләл Малдыбайұлы, 17-22-санының редакторы - қайтадан Қ. Кемеңгерұлы болды. Газет Алаш қозғалысының тынысы ретінде елдік істі хаттауға, түсіндіруге, байыптауға көп жігер жұмсаған. Мұнда Қ. Кемеңгерұлы, С. Садуақасұлы, А. Жантәліұлы, М. Әуезов, Б. Серкебайұлы, Х. Ибраһимұлы бүркеншік атпен жазған авторлардың мақалалары жарияланған. Әр нөмірінде Алаш қозғалысының барысынан хабар беріп отырған. «Жас азамат» газетінің алғашқыда қалай шыққандығы туралы С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты еңбегінде мынадай жолдар бар: «Май айында, 1918 жылы, Омбыдағы оқудағы Алашорда жастарының ұйымына айналған «Бірлік ұйымы» «Жалпы жастар съезін» жасады. Съезге әр жердегі жастар ұйымынан екіден өкіл шақырды. Біз «Жас қазақ» ұйымынан Абдолла Асылбекұлын жібердік. Біріне Омбыда оқып жүрген Жанайдар Сәдуақасұлын сайлап, телеграмма бердік... Абдолла майдың аяқ кезінде қайтты. Жастар съезіне Ақмола, Семей, Қостанай губернияларының жастар ұйымдарының өкілдері жиналыпты... Съездің көпшілігінің қаулысы бойынша, енді барлық жастар ұйымдарының бұрынғы аттарын қалдырып, «Жас азамат» деуге қаулы қылған [1; 78 б].

«Жас азамат» газетінің алғашқы нөмірі «Жас тілек» атты бас мақаламен ашылған. Онда «Жас азаматтың» мақсат – мүддесі: «Өмір тәжірбиесінің, білім аздығының кемдігіне қарамай, төрт түлігі сайланбай «Жас азамат» тәуекел кемесіне мініп, тұрмыстың таласатын, күресетін майданына шықты. Келешектің қараңғылығы саяси һауаның күн сайын құбылуы, қалың өрттей, кеселді дерттей, апаты күшті күндердің тууы, дүниеде болу-болмауы, әлінің майданға қойылуы, ұлттың өмірлі құқықтары аяқ астына тапталып, зорлықтың қан соруы «Жас азаматтың» үстіне ауыр жүк салып отыр. Қоғамдасып, қолтықтасып, күш беріп, ауыр жүкті тиісті орнына жеткізу – жастардың бас міндеті, үлкен борышы. «Жас азаматтың алтын идеалы, әулие мақсұты, негізгі жолы ұлт бостандығы, ұлт теңдігі» – деп көрсетіледі [2; 66 б].

Газеттің өзіндік ерекшелігі - мақалалар көбінесе авторсыз, бүркеншік атпен ұсынылғандары бар. Оның әртүрлі себептері болды. Біріншіден, көп мақалалардың бір автордың қолымен жазылуы немесе, сол кездегі аумалы-төкпелі кезеңге байланысты кез келген автордың сақтануынан туындаған фактор. Екіншіден, 1918-1919 жылдары Қазақстанды билеуге қол жеткізген большевиктер, 1920 жылы қазақтар мекендеген Сібір, Түркістан аймағында да жеңіске жетті. Соның нәтижесінде ұлт теңдігін жоқтағандар, шынайы демократия үшін күрескендер қуғын-сүргінге ұшырады. Міне, осындай басты себептерге байланысты көптеген материалдар авторсыз немесе бүркеншік аттармен беріліп отырған.

XX ғасырдың басында Қазақ баспасөзінің тарихында Алаш қайраткерлері шындықты айтуға ұмтылды. Олардың алдында өз халқының сауатсыздығына көз ашып, терең жолдан өтіп, бірлікті сақтап, өз ұлтының санасын ояту міндеті тұрды. Қазақ баспагерлерінің бірінші қатарында А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, С. Сәдуақасов, Қ. Кемеңгерұлы, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин секілді өз Отанының тәуелсіздігі үшін өмір сүрген көрнекті жазушылар болды. Олар XX ғасырдың басында жаппай баспа басылымы ұлттық сананың оянуына әсер ететін ғылыми түсінік берді. Алаш Орда үкіметінің шешімі бойынша Кеңес өкіметі құлаған кезде Қызылжарда газеттің бірінші нөмірі шықты. 1918 жылдың маусымында Алаш Орда Үкіметі аймақтардағы нақты билікке қол жеткізу үшін бірнеше декрет қабылдады. Ол күн тәртібіндегі негізгі міндеттер: Құрылтайды ұйымдастыру, Ұлттық Қарулы Күштерді құру және басқа да мәселелер «Жас азамат» газетінің әр нөмірінде жарияланды. «Жас азамат» тілшісі Алаш Орда атынан осы жиналысқа Халел Досмұхамедов, Ахмет Байтұрсынов, Түркістан автономиясының басшысы Мұстафа Шоқай қатысатын және онда «үлкен автономиялық үкіметтерден бір үлкен мемлекет құру мәселелері талқыланатынын, егер жиналғандардың барлығы ортақ пікірге келсе, онда олардың қаулысы бұзылмайтын болады» деп атап өтіледі. Ерекше назар аударатын газеттегі тағы бір жарияланым-бұл 1918 жылдың 4 қазанындағы Смағұл Сәдуақасовтың «Өмір үшін күрес» атты мақаласы. Мақаланы терең ойдың жемісі деп атауға болады. Қазақ баспасөзінің тарихын тереңдете отырып, «Жас азамат» газетінің еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігі үшін күресте қандай саяси-қоғамдық маңызы бар екенін көреміз. Бес жыл ішінде жарияланып, ол саяси күресшіге айналды. «Жас азамат» ұйымдастыру жұмысының үлгісін көрсетіп, дұрыс ұйымдастырылған баспасөздің мүмкіндіктерін қалай тиімді пайдалану керектігін көрсетті. Саяси мақала, көптеген адамдарға таныс, тіпті қысқа ақпарат, өлеңдер түріндегі материалдар, ән- газетті тартымды етіп, оның таралуына ықпал етті. «Жас азамат» газеті қысқа уақытта өзінің саяси бағытына ие болып, оқырмандардың назарына лайық болды деп айтуға болады. «Жас азамат» газетінің соңғы нөмірі 1919 жылы 3 ақпанда шықты. «Айқап» журналы мен «Қазақ», «Жас азамат» газеттері бастаған қазақ баспасөзі халықтың ұлттық санасын оятып, XX ғасырдың басында ұлттық бостандық идеясын ту етіп, адамдардың жүрегінде шығармашылық күш пен шешім қабылдау сезімдерін орнатты. Қазақ баспасөздерінің тарихында «Жас азамат» газеті өз бағытын қатесіз анықтап, ұлттық рухты көтеріп, халық тәрбиешісінің міндетін орындады.

Басылымда жер мәселесіне көп көңіл бөлінген. Мәселен, «Қазақ жері» деген мақалада «Қазақ жерін Ресей – сүлік сорды. Болшевик көп нәрсе істеген жоқ, бірақ қазақты түгел кедейлендіріп, орысты жібермекке бел буды», - деген жолдар арқылы халықтың көңілін нақты мәселеге аударса, «Өлген тірілмекші» деген екінші бар мақалада «Қазақ жерінің бір кезде эзірейліболған переселен мекемесі қайтадан тіріледі деген қауесет бар», - дей отырып бүйте берсек жер бетінен ұлт ретінде жойылып кету қауіпі бар, сонда одан құтылудың жолы қандай болмақ деп отаршылдықтың бұғауынан босаудың жөн жобасын жазады.

«Жас азаматтағы» енді бір топ мақала жаңа өкімет, саясат ісіне арналған. Мысалы, большевиктердің іс-қимылы, қарапайым халықпен екі арадағы қарым-қатынас туралы Байділдә Мырзалыұлы мен Ғабділә Назайбекұлы өздерінің «Бұны не дейміз?» атты мақаласында: «Жетісу жағында болшеуиктер қазақ болсын, қазақ – орыс болсын қойдай қырып, қанын судай ағызып жатыр. Ең аяғы емшектерге нәресте балалары мылтықтың ұшына шаншып, қанын ағызып жатқанда, біз қолымыздағы большевиктерді еркелетіп отырған жөніміз қалай?..», - деп халыққа сұрау салады [3; 3 б]. Осыған орай авторы көрсетілмеген «Саясат күйі» атты мақалада Ресейдегі уақытша үкімет пен Алаш Орда арасындағы мәселелер сөз болса, екінші бір мақалада «Уфада «Учредительное

собрание» мүшелері мен социал-революция партиясы кіндік комитеті мүшелерінің абақтыға жабалғаны» туралы айтылып, алаңдаушылық білдірілген.

Осындай қиын-қыстау кезеңдегі қазақ қоғамының жағдайын, саясат сахнасындағы теңсіз күрес жайлы «Жас азаматтың» бетінде М. Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» атты өлеңі, М. Дулатовтың «Алаш құрбаны», «Бір керекті нәрсе, «Жазушылар» (авторы - Смағұл Бакебайұлы), «Қағаз ақша», «Көлбай, Шәймерден қашып шықты», «Біздің ұлтшылдар» деген сияқты түрлі жанрдағы материалдарда сол кездегі шындықты айна-қатесіз көрсететін фактілер болды.

Газеттің басқа нөмірлерінде Омбыдағы Алаш партиясы бас комитетінің «Алаш азаматтарына!» деген ашық хаттары басылған. Онда ел ағалары сондарына ерген жастарға: «Алаш орда тігілді, ақ тау көтерілді. Енді әркім шамасына қарай ұлтына қызмет қылуы тиіс», - деп отырып, «Жастар! Атқа мін! Басқа ұлттар көрсін!», - деп ұран тастады. Мұндағы келесі бір азулы мақала «Бүлдіргеннен бүлдіргі алма», - деп аталады. Авторы «Ел баласы». – Ол: Большевиктер орыс зиялары мен жұмыскер – қарашекпенділердің жүк түседі, бұл ауру бізге жұғып жүрмесін», - деген ой айтып, елді бірлікке шақырады. Бұдан басқа газетте елдің ішкі, сыртқы жағдайымен қатар шет ел жаңалықтары да жиі жарияланып тұрған.

Қазақ баспасөзі – ұлтымыздың ұлы тұлғаларының арманы, өзге озған жұрттармен қазақ баласының терезесін теңестіруге ұмтылысы болатын. Алаш ғұламалары халықтың рухани бостандығын, сана сілкінісін баспасөз ғана оятатынына сенді. Сондықтан да кезінде М. Жұмабаев өзінің сана оятар рухани қазына жолына жастарды: «Жастар! Алда жүрген, Алаш жолында аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өнеге алыңдар. Елдіктен, ерліктен айырылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойлаңдар. Күнді - түн, жақынды - жат, пайданы - зиян деп жүрген, толық саяси құқықтарын іздеп алуға ер жетіп, есі кірген елді ойлаңдар!» - деп жастарға өнегелі өсиет қалдырған болатын. Осы мақсатта жазылған М. Жұмабаевтың «Жастарға!» деген өлеңі сол замандағы қазақ жастарының ел жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама десе болғандай. Баспасөз – заман үні, өз дәуірінің айнасы ретінде сол басылымдардың қаншама тарихы бар. Ұлттың ұлы зиялы тұлғалары мақалаларын, әңгіме – жырларын осы басылымдарда жариялады.

Ұлттық баспасөз тарихында елеулі орны бар, «Қазақ» газетінің бағытын жалпы жұртқа мәшһүр етуге жәрдемдескен, азаматтық ой-сананы ілгерлетуге септігі тиген газет-журналдардың ішінде «Жас азамат» басылымды ерекше орынға ие болды. «Жас азамат» ұлт мүддесін көздеп, халықтың игілігі мен жастарға жаңа серпіліс берген тұңғыш газет болатын. Сондықтанда бұл басылымның жастар мәселесін көтеруде рөлі зор деп айта аламыз. «Жас азамат» газетінің дүниеге келуі қазақ жастарының тұңғыш мәдени-ағарту ұйымы «Бірлік» пен сол ұйымнан жеке шаңырақ көтеріп шығып, күллі жас алашшыларды ұйымдастыруға талпынған «Жас азамат» ұйымымен тікелей байланысты болды. Яғни, «Жас азаматтың» уығын шаншығандардың бәрі де кезінде «Бірліктің» сапында болды. «Жас азамат» жаңарған «Бірлік» ұйымы еді. Ол «Бірліктің» көздеген мақсатын толық орындауға әрекет жасады. Аталған ұйым мен газеттің мән-мағынасы, бағыт-бағдары: 1917 жылы «Бірлікте» топтасқан жастардың жолы төңкеріс буының әсерінен екі айырыла бастады. Саясат ісінде тәжірибесі тым аз жастардың сол кездегі қателесулері ізденістер барысындағы қателесу еді. «Бірліктің» жаңа басшылығына қарсы өре түрегелгендер Алашорданы қолдағандардың көздеген мақсатымен ымыраға келе алмайтындарын білдірді. Олар «Ресейдің ең дұрыс жобалы төңкерісшіл партиясымен бірге майданға шығатынын, Ресейдің құрама республика болуын қалайтынын» мәлімдеді. Бұл ұйым «алашордашыларға көмектесіп, төңкеріске қарсы болған «Бірліктен» бөлініп, өздерінше «оқушылардың демократиялық кеңесін» құрғандардың қолтығына су бүркіді. Сол кездің мерзімді басылымдары туралы

С. Сейфуллин: «Бұл газеттер (яғни, «Сарыарқа», «Алаш», «Бірлік туы», «Ұран»), «Тіршіліктен» басқасының бәрі, бір бетте болды... Бәрінің ортақ туы «Қазақ» газеті болды», - деп жазады. Бірақ «Жас қазаққа» кіргендердің баршасына «ұлт мүддесінен төңкеріс мүддесін жоғары қойды» деп кінә қою орынсыз. Олар да қазақ қамын ойлады. Алайда діттегенге жетудің жөн-жосығы жөнінен бұл жастар мықтап қателесті. Ең өкініштісі - Алаш ұранды аға толқынға тыныс болудан бас тартты. «Жас қазақтың» бағыт-бағдарындағы солақайлықты түсінген көптеген саналы жастар кешікпей ұйыммен ат құйрығын кесісті. Қазақ қауымының алдында енді алашорда партиясының, Алашорда үкіметінің мақсат-мұратын жүзеге асыруға жәрдем беретін, саяси қайраткерлердің орнын басатын жастарды баулып, тәрбиелеу міндеті тұрды. Оны шешу үшін жас алашшылардың басын қосып, ұйым жасау қажет еді. Бұл 1918 жылы сәуір айында жүзеге асты. Алтайдан Атырауға дейінгі қазақтың кісі көп шоғырланған елді мекендеріндегі ұзын саны жиырма бір қазақ жастары ұйымдары бір орталыққа бірігіп, «Жас азамат» ұйымы болып қайта жасақталады. Бұл ұйымның құрылуының мәнін «Жас азаматтың» кіндік комитеті жалпы жұртқа жазған «Ашық хатында» түсіндіреді: «Ел көп топырдың ортасында аяқасты болуға айналған соң, қырғыз-қазақ жастары бас қосайық деген пікір туып еді. Бұл пікірді туғызған -көкті қаптаған қара бұлт большевик дауылы еді. Бұл дауылдан қырғыз-қазақ елін шамамыз келгенше аман сақтап қалайық, шамамыз келгенше тарих алдында кінәсіз болармыз, өлсек бір шұқырда, тірі болсақ бір төбеде боламыз деген мақсұтта еді» [4; 127 б]. «Жас азаматты» ұйымдастыру туралы ой аға толқын қазақ оқығандарынан шықты деуге негіз бар. 1917 жылы Ә. Бөкейханұлы Омбыға Орынбордан арнайы келіп, алашшыл қазақ жастарымен кездеседі. Жалпы саяси жағдай һәм ұлт халі хақында сөз сөйлейді, жастармен ой бөліседі.

Қазақ баспасөзі - қазақ халқының қоғамдық, әлеуметтік ой пікірін оятуға, мәдени-әдеби дүниетанымын қалыптастыруға, кеңейтуге едәуір әсер еткен рухани құрал қызметін атқарып келді. Жалпы баспасөз атаулыға тән төл ерекшелік үгіт-насихат қызметін атқару барысында салмақтанады. Сондықтан да болар әр жылдары жарық көрген басылымдар-еліміз тарихының әр күні, айы мен жылының жылнамасы іспетті. Қазақ баспасөзі халқымыздың тағдырымен бірге қайнасып, бірге жасасып келеді. Осы мезгіл ішінде түрлі кезеңдерді бастан кешіп, бүгінгі күн егеменді елдің еркін жазып, ойын еркін айтар демократиялық тұрғыдан көп ілгерілеген, жан-жақты дамыған баспасөзіне айналды. Газеттің ақпарат жеткізуші, үгіт-насихат саласындағы қызметі жөніндегі А. Байтұрсыновтың «»Газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, басында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр секілді» - деуі, газеттің әлеуметтік-қоғамдық өмір саласындағы алатын орнын, қызметін нақты бағалаудан туындаған.

Қорытындылай келе ХХ ғасырдың бірінші жартысында болып халыққа қызмет еткен қазақ баспасөздерінің ішінде саяси-қоғамдық және әлеуметтік мәні зор болғаны – «Жаз азамат» газеті деп айта аламыз. Себебі бұл басылым ұлт тарихының жаңа беттерін ашуға, жаңаша бағыт - бағдар жасауға талаптанды. Жастарды ауызбіршілікке шақырып, жаңа серпіліс берді, олардың бойында қазақ елінің жарқын болашағына деген сенімді қайта оята білді. Жастарды тәлім - тәрбиеге шақыра отырып, сауатты болуға, елде болып жатқан жағдайлардың ақ-қарасын ажырата білуге, егемендікке жету жолында бар күштерін бір арнаға жұмылдыруға үйретті.

Жастар мәселесі қай кезеңде болмасын өте өзекті мәселелердің қатарында. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Еліміздің болашағы-жастардың қолында!» дей отырып, осы жылды бекерден бекер «Жастар жылы» деп жарияламаса керек. Жас ұрпақтың алдында көптеген маңызды міндеттер мен тұтастай елдің жауапкершілігі тұр. М. Жұмабаев «Мен жастарға сенемін!» дей отырып ақ ниетті, пәк тілекті жалындаған жастар қауымы ұлтымыздың кемел келешегінің иесі екендігін әрдайым есте ұстау

керектігін бізге ерскертеді. Бабалар аманатына мұрагер ретінде әрқашан өткеніміз бен келешегімізден ғибрат алып, Отан алдындағы борышымызды орындау жас ұрпақтың алдындағы ең үлкен парыз.

Әдебиет

1. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. А.: Қазақ мемлекет баспасы, 1964. - 300 б.
2. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. А., 1960. - 387 б.
3. Қамзабекұлы Д. «Алашқа таныс болған Жас азамат» // «Ана тілі», 1993, №14, 8 сәуір.
4. Алаш-Орда. Сборник документов, 300 б.
5. «Жас азамат», 1918 жыл, 30 шілде №1.
6. «Сарыарқа» газеті, 1918, 8 шілде.

УДК 343.352.4

ГЕОГРАФИЯ КОРРУПЦИИ 21 ВЕКА В АФРИКЕ

Богуш О.В., Баранова Н.К.
(СКГУ им. М.Козыбаева)

Цель – изучение неравномерности географии коррупции на африканском континенте.

Коррупция является укоренившейся частью политической культуры Африки. Эта статья определяет коррупцию и обозначает её причины и последствия. В исследовании используются ретроспективные и современные данные Transparency International, исследователей коррупции в африканских государствах для эмпирической и географической оценки коррупции в Африке, а также сопоставляются уровни её распространения с уровнем экономического развития, грамотностью, неравенством в доходах и свободой СМИ. Новизна связана с тем, что это первое изучение коррупции в Африке с пространственной точки зрения, показывающее её разнообразные контексты и последствия.

Коррупция является очень заметным аспектом африканской политики, явно выраженном в ряде громких скандалов. Она распространена повсеместно по всей планете, но существенно различается по степени тяжести, типу и последствиям. Коррупция является уголовно наказуемым преступлением в соответствии с законодательством почти каждого африканского государства, и она прямо запрещена в некоторых из них конституцией и региональными антикоррупционными документами [1, с 75].

Правительство настолько обеспокоено проблемой коррупции, что едва ли проходит день без активизации какой-либо государственной структуры, критикующей коррупцию.

Африканская коррупция была и остается широко распространенной и одной из самых серьезных в мире. Например, ретроспективные данные Transparency International пятилетней давности указывают на то, что шесть африканских стран оценены как «чрезвычайно коррумпированные», а ещё 35 считаются «очень коррумпированными», только Ботсвану отнесли к группе «слегка коррумпированных» стран, и ни одна страна не входит в «наименее коррумпированную» группу, в которую входит большая часть экономически развитого мира [2].

Такое явление, как коррупция оказывает разрушительное воздействие на экономику и общество. В обществе, где коррупция глубоко укоренилась, снижается общественный дух, возникает цинизм и недоверие к государству, она также препятствует эффективности и действенности государственной политики, включая ненадлежащую доставку государственных средств для достижения поставленных целей. Коррупцированные строительные подрядчики могут возводить некачественные и небезопасные здания или использовать государственные средства для строительства роскошных домов для состоятельных политиков. В Южной Африке коррупцированная элита захватила коммунальные услуги, наградив себя субсидированной водой, в то время как бедные платят более высокую цену [3, с. 427].

По сравнению со многими частями мира, особенно подвержены коррупции, африканские государства с низкими средним доходом, уровнем грамотности и репрессивным правительством. Нигерия, например, упоминалась как государство, увядающее в коррупционном бедствии. Судан и Южный Судан управляются военизированными клептократиями, в которых системы патронажа оставляют мало средств для социальных услуг. Точно так же, конфликт в Анголе из-за её нефтяного и алмазного богатства, включая племенные войны между противоборствующими группировками элитного класса, лишил государство возможности сдерживать системную и широко распространенную коррупцию. Многие авторы пишут, что в Анголе, где отмечался и отмечается высокий уровень младенческой смертности, при коррупцированном и самодержавном президенте Жозе Эдуардо душ Сантуше, миллиарды долларов перешли небольшой элите, при том, что дети голодали [4].

Фисман находит это явление в рамках нормализованного « коррупционного комплекса», который включает в себя отсутствие эффективных санкций, широкое распространение подарков, хищнические формы государственной власти и перераспределительные режимы накопления [5].

Большинство африканских государств характеризуются слабыми государственными институтами, анемичным частным сектором, высокой степенью зависимости от иностранной помощи. Африканская политика, как правило, демонстрирует высокую степень неопатримониализма, сочетание личной власти, родовой политики и бюрократических форм господства. Государственные должности часто рассматриваются как путь к личной выгоде со стороны элиты и общественности, исследования в области коррупции часто выявляют дублирование между частным и государственным секторами, которое может препятствовать усилиям по борьбе с коррупцией.

В более раннем докладе Transparency International (2006 год) описываются распространение взяточничества, продажа поддельных лекарств, злоупотребление средствами для различных целей и отвлечение ресурсов, а также другие злоупотребления.

Коррупция влияет на усилия по управлению дикой природой в Африке. Например, коррупция препятствует попыткам сохранить количество травоядных в Восточной Африке, часто усиливая, браконьерство, такое как массовые убийства популяции слонов в Уганде, Кении и Сомали. Та же ситуация с вырубкой лесов.

Коррупция имеет широкий спектр последствий, поощряет кумовство и некомпетентность, порождает широко распространенный цинизм и недоверие к государству, искажает распределение государственных услуг, сводит к минимуму благотворное влияние иностранной помощи и препятствует иностранным инвестициям.

Более толерантные правительства, активно стремящиеся контролировать коррупцию, демонстрируют более низкий уровень коррупции, чем те, в которых политические свободы сведены к минимуму. Африканский опыт указывает на обратную связь между коррупцией и демократией.

Умеренно коррумпированные государства расположены в основном в северных и западных частях континента, такие как, Мали, Алжир, Марокко, Эфиопия, Танзания, Замбия, Мозамбик. Наименее коррумпированные государства находятся на юге, особенно в Ботсване, в меньшей степени в Южной Африке и Намибии, также сюда входят Тунис и Гана [6].

Некоторая сложность эмпирических выводов может отображать вероятность того, что факторы, порождающие коррупцию в африканских странах, не имеют одинаковых последствий на всем континенте.

Переменные, такие как уровень жизни и грамотность, были очень важны, указывая на то, что относительно богатые, хорошо информированные люди реже переносят массовую коррупцию. Вполне возможно, что широко распространенная коррупция проявляется как в растущей, так и в убывающей экономике.

Коррупция должна пониматься контекстуально и географически, как совокупность обстоятельств, которые расширяют или ограничивают её. Такими обстоятельствами являются: колониальное наследие границ, племенные конфликты, внешняя политика, поддержка диктаторов и неолиберальной структурной перестройки. Наиболее серьезные случаи коррупции в Африке происходят в проблемных государствах, охватывавшихся гражданскими войнами и межплеменными конфликтами, в таких как, Судан, Южный Судан, Ливия, Сомали и Демократическая Республика Конго. На другом конце спектра, Ботсвана выступает в качестве модели минимальной коррупции с активным контрольным агентством, которое отслеживает и контролирует злоупотребления [7].

Как и многие страны мира, африканские государства часто участвуют в периодических антикоррупционных компаниях. Кения и Танзания, например, применили традиционный метод предотвращения рейдов вооруженных группировок, чтобы очистить свои заведомо коррумпированные судебные системы и обеспечить безопасность. Зачастую антикоррупционные компании спонсируются иностранными инвесторами. К сожалению, подобные компании обычно имеют ограниченные шансы на успех. Учитывая то, насколько глубоко укоренилась коррупция в общественных отношениях, эти попытки часто сводятся к тому, что проводятся атаки на политических противников существующих режимов. Например, африканский механизм коллегиального надзора, созданный в интересах Африки, включает в себя 30 стран-добровольцев Африканского союза и предназначен для мониторинга политического и экономического управления в его государствах- членах. Тем не менее, он добился незначительных результатов. В него входят некоторые из наиболее коррумпированных государств континента, такие как Нигерия, Кения, Ангола. Более значимые шаги по обузданию коррупции включают в себя реформирование существующих законов и институтов, рост грамотности, политической стабильности, повышение зарплат государственным служащим, динамичные и независимые СМИ, свободные от цензуры, защита информаторов, более строгий контроль над иностранными инвесторами и над доходами от экспортируемых ресурсов.

И всё же шансы стать более развитой у Африки есть. Ботсвана, наименее коррумпированная страна Африки, является региональным лидером в области инфраструктуры, образования и общественных услуг и имеет сравнительно сильные демократические институты. Хотя национальное управление по борьбе с коррупцией и экономическими преступлениями (DCEC) было создано в ответ на серию коррупционных скандалов в начале 1990-х годов, в Ботсване уже был относительно низкий уровень коррупции, кроме того, нация извлекла выгоду из ряда факторов, которые делают её ситуацию уникальной: относительно здоровая экономика, доступные средства для государственных услуг, небольшое и относительно этнически

однородное население, отсутствие кровавых конфликтов. Манга Фомбад приводит DCEC в качестве примера того, каким может быть многосторонний подход к коррупции с упором на её предотвращение и на укрепление верховенства закона [8].

Проведя сравнительный анализ между опросами о коррупции за 2015 и 2019 год, можно прийти к выводу, что во многих странах Африки положение ухудшилось. Например, опрос показал, в Уганде, Судане и Тунисе снизилась эффективность борьбы с коррупцией, ухудшилось антикоррупционное законодательство. Люди стали более уверенными в том, что не могут повлиять на снижение уровня коррупции. Но всё же не все африканские страны меняют своё положение в отрицательную сторону. Есть и те, которые начали признавать коррупцию негативным явлением и стали более усердно бороться с ней. Примером можно назвать государство Зимбабве, Южную Африку, где повысился уровень эффективности действия антикоррупционного законодательства, а также люди считают, что могут повлиять на снижение уровня коррупции [9].

Литература

- Лоусон, Л. (2009), «Политика антикоррупционной реформы в Африке», журнал современных исследований Африки, Vol. 47, с. 73-100.
- Ацемоглу Д., Джонсон С. и Робинсон Дж. (2001), «Колониальные истоки сравнительного развития: эмпирическое исследование», American Economic Review, Vol. 91, с. 1369-1401.
- Трансперенси Интернешнл (2015а), Индекс восприятия коррупции за 2014 год - результаты доступны по адресу: www.transparency.org/cpi2014/results
- Ауриол, Э. и Бланк, А. (2009), «Захват и коррупция в коммунальных службах: случаи с водой и электричеством в странах Африки к югу от Сахары», Utilities Policy, Vol. 17 № 2, с. 203-216.
- Кристоф Н. (2015), «Смертельная страна для детей», New York Times, 18 марта, доступно по адресу: www.nytimes.com/2015/03/19/opinion/nicholas-cristof-a-deathly-country-for-kids.html?_R
- Фисман Р. (2001), «Оценка стоимости политических связей», American Economic Review, Vol. 91 № 4, с. 1095-1102.
- Варф, Б. (2016), «Глобальная география коррупции», Geojournal, doi: 10.1007/s10708-015-9656-0.
- Теобальд Р. и Уильямс Р. (1999), «Борьба с коррупцией в Ботсване: региональный образец для подражания или девиантный случай?», Содружество и сравнительная политика, Vol. 37, с. 117-134.
- Манга Фомбад, С. (1999), «Борьба с коррупцией в Африке: некоторые уроки из опыта Ботсваны», International Social Science Journal, Vol. 51, с. 241-254
- Transparency International Global Corruption Barometer Africa 2019.

ӘОЖ 94(574)

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ – АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ АСЫЛ АРМАНЫ»

Буркутбаева А.Е., Қоңырбаева Д.Т., Оспанова А.М.
(М.Қозыбаев ат. СҚМУ)

2014 жылдың 17 қаңтарында тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің кезекті халыққа жолдауында: «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» идеясы жалпыұлттық болашақ табыстардың негізі екенін баса айтты. Ал ең бастысы еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жарияланды. «Мәңгілік Ел» идеясы елімізді өз мақсатына талай дәуір сыннан жеткізетін тұғырлы идея, бастысы экономикасы дамыған, бәсекелестікке қабілетті, ең дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз [1].

Мәңгілік Ел - қазақ халқының тарихынан бастау алуы тиіс. Тамыры тереңге жайылған қазақ халқының тарихына сыр шертер болсақ, қанша қиын жағдайларды бастан кешіруге тура келді, ашаршылық, елден жыраққа ауып кету, аз дегенде тілімізден де айырылу қаупі төнген болатын, сұрқия соғыс та біздің Қазақстаннан аттап өтпеді. Бірақ осының бірде – біріне мойымастан бүгінгі күнге жеткізген ата – бабаларымызға мың алғыс!

Әлемде жерінің кеңдігі жөнінен бірінші ондыққа орналасқан қазақ елін, мәңгілік ел болып қалуы үшін батыр ұлдарымыз төтеп берген жауға қарсы тұрып, ұлтарактай да болсын жерімізді жау қолына бермей, қызғыштап қорғап, халық қорғаны бола білді. Алысқа көз жүгіртпей қарайтын болсақ, мен үшін Мәңгілік ел XV ғасырдан бастау алды.

XV ғасырдың басында өмір сүрген Фазоллах ибн Рузбехан «Михманнама – и Бухара» кітабында: «Бұл қазақтар – өздерінің қайтпас ерлігімен де қуат – күшімен де бүкіл әлемге танылған халық», - деп жазған.

Алтын Орданы билеген Орыс ханның немерелері Жәнібек пен Керей Шу бойында бір қауым халықты ұйымдастырып, өзге елге тәуелсіз орда тіккен, дербес ту көтерген Қазақ хандығы іргесін кеңейттіп, үлкен мемлекет ретінде мойындатқан болатын.

Содан бері заман желі талай борандатып, ұйытқып соқты. Асау өмір өзені барлық дарқан салт – дәстүрлер мен салт – сананы түгел ағызып кете алмады. Сатыр – сұтыр шытырлаған найзағайдан кейін өркендеген сан ұрпақ өсіп – жетілді. Қазақ - қазақ болғалы өз алдына жеке отау тігіп, тасбауыр тағдыран тартып алған еншісін иемденіп, үкілі бесігіп түзеп, атына айтылған марапатты да, жаманатты да аз естіген жоқ. Оның ұлан – асыр жеріне көз алартып, балағынан тартып, жағасына жармасқандар да көп болды. Көшбасшы хандарына еріп, тыныш қазақ мемлекетінің іргетасын қалаған 200 мың адам ұлт болып ұйысып, иісі қазақ халқы болып қалыптасты.

Қолдан жасалған ашаршылықтың өзі де қаншама қазақты бір – біріне жауыз, ашкөй жәндіктей қылып, қазақтың санын кемітіп, қала берсе басқа мемлекеттерге ауып кетіп, өз отанын кітап, журналдардан оқитын тарыдай шашылған қазақтың бытырауына себепкер де болды емес пе? Оның бірін де көрмеген біз қандай бақытты ұрпақ едік!..

Адамазт тарихындағы ең сұмдығы 4 жылға созылған Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Жалғыз жанын қу шүберекке түйеген жауынгер ұлдарымызбен қатар қыздарымыздың орны біз үшін бір бөлек болса, тылда еңбек еткен ауыл адамдары сонымен қоса ер адамның жұмысын бір өзі жасаған батыр аналарды да айтып кету керек.

Алайда бізді қазақ деп ешкім мойындамады. Ресейдің бақылауында бола тұра, ең басты байлығымыз салт – дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді, әдет – ғұрпымызды жоғалттық. Бұл жылдары елдің ел болып қалыптасуына батырларымыз қолына найза алып алаңға шықса, қоғам қайраткерлері қаламның ұшымен күресе білді.

Бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең – Тәуелсіздік те келіп жетті. Бұл сөздің өзі таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан күдіретті де дара сөз. Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн – «Мәңгілік Елге» ұласты.

XXI ғасырдағы Қазақстанның жалпыұлттық идеясы болып «Мәңгілік Ел» жарияланған болатын. Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты да әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың асыл арманы десе де болады. Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сыңынан өткен Қазақстандық жол тәжірбиесі.

Біріншіден, бұл - Қазақстанның тәуелсіздігі және Нұр-Сұлтаны. Нұр-Сұлтан - барша қазақстандықтардың мақтанышы және тәуелсіздіктің алғашқы сәтті жетістіктерінің бірі.

Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Қазақстандық қоғамдағы этносаралық келісім Ата Заңда және басқа да заңдарда берік бекітілген. 1995 жылы Қазақстан халықтарының Ассамблеясы – азаматтық бейбітшілік пен келісімнің бірегей институты, жалпы қазақстандық бірлік, барлық азаматтардың этникалық, діни, нәсілдік тиістіліктеріне және өзге де өзгешеліктеріне қарамастан тең құқықтығы – әркімнің және барлығының табысы мен лайықты өмірін білдіретін тұрақты шоғырландырылған фактор.

Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият. Біздің еліміз әлемдік қауымдастыққа рухани әлем мен келісімнің оң үлгісі ретінде қабылданады. Мемлекеттік және қоғамдық өмірдің зайырлы сипаты экономикадағы өрлеудің, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениеттің ұлттық жүйесін табысты дамытудың ең маңызды шарты

Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім. Экономикалық өсу – бұл біздің ең маңызды міндетіміз. Қазақстанның өңірлік және жаһандық бәсекеге қабілеттігі осыған тікелей байланысты.

Біздің басты міндетіміз – өндірісті, білім мен ғылымды біріктіру. Сондықтан елімізде ғылым саласының шешуші реформалары, білім беру жүйесін жаңғырту жүргізілуде, техникалық және кәсіби мамандарды даярлаудың жаңа тиімді жүйесі жасалды.

Бесіншіден, бұл – жалпыға ортақ еңбек қоғамы. Қазақстандықтарды әлеуметтік жұмыспен қамтудың ең маңызды шарттарының, отбасылар табысының тұрақты өсуінің, өмір сапасын тұрақты жақсарту. Еңбек өнімділігін арттыру – өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, энергетикада, инфрақұрылымдық қызмет салаларында жұмыс атқаратын барлық патриоттардың үлкен еңбегі.

Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Туған жеріміздің тарихында бірнеше мыңжылдықтар бар, оның беттерінде ата – бабаларымыздың ұлы істері сақталған. Тек бірлікті сақтай отырып, ортақ тілге және дәстүрге ие халқ ретінде сақталды. Әрбір нағыз патриоттың парызы – мемлекеттік тілді білу. Сонымен қатар, Қазақстандағы барлық ұлттық тілдерін дамыту үшін жағдай жасау, үштілділік қағидасын енгізу де маңызды.

Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысы. Бұл – мемлекетіміздің белсенді, теңдестірілген, сындарлы және жауапты ішкі саясатының басты мәні.

Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайтып, гүлденуіне септігін тигіздік. Жаңа Қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр.

Бұрынғы және соңғы уақыттағы ғалымдар мемлекеттік сипатқа ие жалпыұлттық идеяға және қоғам мүшелеріне ұнамды болуы үшін жалпы қабылданған екі талап орындалуы керек деп санайды.

Біріншісі – адамдардың осы елде тұратын адамдардың мақсаты мен мүделерінің толық сәйкес келуі;

Екіншісі – қоғамда байырғы, мемлекет тарихымен байланыстырылған жетекші идеологиялық субъектінің болуы.

Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Бұл арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз, гүлденген мемлекет атану. Қазіргі кезде тамыры тереңге жайылған біздің мемлекет көп елдерге үлгі болатындай, мақтанышпен айтатындай биік белестерді бағындырды.

Елбасы өз сөзінде былай деген болатын: «Біз бәріміз бір атаның - қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз. Тәуелсіздік алғаннан кейін небір тар жол, тайғақ кешулерден сүрінбей өттік. Бүгін Қазақстанды бүкіл әлем танып отыр. Қазақстан таяудағы жылдар ішінде әлемдік бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына кіруі тиіс. Бұл дегеніміз – бәсекеге төтеп беру. Әлемдік бәсекеге төтеп берудің басты шарты – күшті рух пен білім». Қазақтың «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» деген даналығы бар. Біздің ата – бабаларымыздың басты арманы Тәуелсіздік болғанын ешкім жоққа шығармайды. Осынау ұлан – ғайыр даланы біздің ата – бабаларымыз қасық қаны қалғанша қорғап, ұрпақтарына «Тәуелсіздік» деген баға жетпес сый қалдырды. Ендігі біздің мақсат – осындай кең қасиетті қазақ даласын көркейтіп, бүкіл әлемге танытып, Тәуелсіздігімізді сақтап, ата – баба аманатын болашақ ұрпаққа жеткізу [2].

Әлбетте, қазір қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман. Біз «қанды қырғын» дегеннің не екенін білмей өсіп келеміз. Ал осындай бейбіт заманда біздің мемлекетке, Отанымызға деген ең басты парыз сапалы, жақсы білім алып, алған біліммен мемлекет мүддесіне адал да аянбай қызмет ету болып табылады.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырып, одан әрі дамытатын жастар, болашақ біз болғандықтан, олар ең алдымен білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білген, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға талпынуы керек.

Ғұлама Мұхтар Әуезовтің қанатты сөзінде: «Ел болам десең бесігіңді түзе» деген болатын. Дұрыс ұғына білетін адам үшін бұл нақылдың астарында терең мағына жатыр. Мәні «Мәңгілік ел» идеясымен бір арнаға тоғысады. Бесігі түзу халықтың ғана ғұмыры мәңгілік. Мұхтар Әуезовтың айтып отырған бесігі – тәлім - тәрбие бесігі. Бұл ретте елдің осы алтын бесігін тербетіп отырған балабақша тәрбиешілері. Ал адам баласының өмірінде бес жасқа дейінгі алған тәрбиесінің барша ғұмырына ғибрат сыйлар іргетас секілді екендігін ескерсек, онда мектепке дейінгі мекемелердегі ұстаздарға жүктелер жауапкершілік жоғары болмақ. Өйткені мектеп қабырғасындағы мұғалім, тәрбиелеп отырған бүлдіршін халықтың басты мұратына айналған Мәңгілік ел ертеңінің азаматы. Сондықтан да әр тәрбиеші өз міндетін мінсіз атқаруға күш салып, Елбасы Жолдауында көрсетілген нақты тапсырмаларды ойдағыдай орындау үшін көп жұмыс жасауы керек.

Бүгінгі күні өмірге келген жас ұрпақ - ертеңгі қазақ халқының мәңгілік перзенті болмақ. Біздің басты міндетіміз - олардың санасына «Мәңгілік ел» идеясын сіңіріп, мән - мағынасын ұғындыру басты ұстанымыз. Ол үшін балабақшадан басталатын тәлім - тәрбиенің негізін осынау басты ұлттық мұраттың бағытына қарай батыл бетбұрыс жасауымыз керек. Сонда ғана өсіп келе жатқан келешек жас ұрпақ тәуелсіздік таңымен арайлап атқан азаттықтың қадір - қасиетін жете сезініп, өзін Мәңгілік елдің, Мәңгілік патриоты ретінде таныта алатын болады.

Қазақ елінің мәңгілік мұратына айналған бұл ұлттық идея бір сәтке де санамыздан өшпеуі тиіс. Ұрпаққа ұлағатты тәрбие беретін болашақ тәрбиеші ұстаздардың басты ұстанымы болады. Егер бүгінгі бүлдіршінді халқымыздың жарқын болашағы мен еліміздің кемел келешегі үшін еселі еңбек ететін, адалдықтың ала жібін аттамайтын азамат ретінде қалыптастырса, онда мақсатымыздың толық жүзеге асатынына кәміл сенеміз.

«Мәңгілік Ел» – жалпы қазақстандық ортақ шаңырақтың ұлттық идеясы. Яғни, «Мәңгілік Ел» болу – шектеусіз ғұмыры бар, тәуелсіз, тұғыры биік, ғылым-білімі дамыған, бірлігі жарасқан алдыңғы қатарлы, бүкіл дүние жүзі таныған алпауыт елге айналу. Сондықтан да, мәңгілік, әрі бәсекеге қабілетті ел болуы үшін, болашақ ұрпағымыз осы негіздегі мықты идеологияны бойына сіңіріп, болуы керек.

«Әрбір күшіміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!» - деген Еласымыздың сөзімен қорытындылағым келеді.

Әдебиет

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы, - Астана, 2013. - 33 б.

Мәңгілік Ел. / М.Б. Қасымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова. - Оқулық. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы. «Ұлағат» баспасы, 2015. - 336 бет.

<http://bilim-all.kz/article/2684>

ӘОЖ 94 (574)

ЖАҒАНША ДОСМҰХАМЕДОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Ибраева А.Ғ.

(М.Қозыбаев ат. СҚМУ)

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтің «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласындағы тапсырмаларын орындау аясында «тұлғаландыру сипатына ие болған» отан тарихын шынайы түрде талдау мақсатында біртуар қайраткерлердің мемлекеттіліктің, елдің ғылымы мен мәдениетіне қосқан үлесін зерттеу өзекті болып табылады. Біртуар тарихи тұлғалар елдің символы әрі мақтанышы, оның мұраты әрі өнегесі болып табылады. Кез келген қоғамда өз халқының тарихында елеулі рөл ойнаған тұлғаны дәріптеу зор идеологиялық және тәрбиелеу маңызына ие, өскелең ұрпақты отан сүйе және жоғары деңгейлі мәдениетке баулуға ықпал етеді. «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы үшін өзектендіру, ғылыми тұрғыдан таңдау және ақпараттық қамтамасыз ету бойынша талдамалық зерттеу жасау» жобасын жүзеге асыру ел тарихының әр кезеңінде өмір сүрген көрнекті тұлдардың қажырлы істерін насихаттау, жұртшылыққа паш ету мақсатында жасалып отыр.

Алаш тарихын зерттеу ісі – ел тәуелсіздігінің жемісі болып табылады. Алаштанудың негізін салып берген және тарихнамасының бастауында тұрған Алаш қайраткерлерінің өздері болатын. Бүгінде қазақ тарихы мен сол тарихты қалыптастырған ұлы тұлғалардың басым бөлігі терең және үлкен зерттеулерді қажет ететіні анық. Алаш арыстарының бірі, Алашорданың Батыс бөлімі жетекшілерінің басшысы Жағанша Досмұхамедов сынды тұлғаны жан-жақты тереңдете зерттеу бүгінгі күні өзекті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» баяндамасы аясында жұртшылыққа бүгін ұсынылып отырған бұл мақала Жағанша Досмұхамедовтың өмірбаяны, саяси қызметі туралы құнды мәліметтерге сыр шерткен.

Досмұхамедов Жағанша – қазақ халқының көрнекті мемлекет қайраткері, жоғары білімді алғашқы заңгерлердің бірі, саясаткер, Алашорда үкіметінің мүшесі, І-ІІ Мемлекеттік Дума мүшесі. 1885 жылы Сырым ауданы, Бұлдырты ауылы, Тамды өзені

бойында дүниеге келген. Әкесі Досмұхамед Жайық өңіріне аты мәлім дәулетті, көзі ашық кісі болған. Бала кезінде ауыл молдасынан хат танып, жалдама жәдид мұғалімінен, кейін болыстық орыс-қазақ мектебінен білім алды.

Белгілі тарихшы ғалым Д. Аманжолованың еңбегінде Ж. Досмұхамедов жайлы құнды мәліметтер келтіріледі. Атап айтсақ: «1999 ж. 10 ақпанында Ресей Федеративтік Қауіпсіздік қызметінің Мәскеу және Мәскеу облысы бойынша архиві ҚК 58 б. 10 және 11 тармақтары бойынша айыпталған Жаһанша Досмұхамедовтың № 6516 Ісі құпиясыздандырылып Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивіне берілген. Оның мазмұнын 1938 жылғы тергеу материалдары құрайды» [1]. Бұл материалдар Ж. Досмұхамедовтың өмір дерегі және саяси ұстанымдары жайлы нақты ақпарат алуға ықпалын тигізеді сөзсіз. Автордың мәлімдеуінше Ж. Досмұхамедовтың өз қолымен жазған анкетасында, ол 1887 жылы Орал (қазіргі Батыс Қазақстан) облысы Жымпиты ауданының № 3 ауылында, малшының отбасында дүниеге келген. Бұл жерде ол шыққан әлеуметтік жағдайын жасырған болу керек, себебі ол кезеңде ауқатты отбасынан шыққан қазақ балалары ғана жоғары білім алуға мүмкіндігі болған.

1898 жылы Сырым елінің баласы Жаһанша Досмұхамедов Оралдағы әскери реалдық училищенің дайындық класына қабылданады. Училищенің 1 дайындық, 6 негізгі және 2 қосымша кластарында 300-ге жуық бала оқыған. Соның ішінде 18-і қазақ балалары. Жаһанша мектеп есігін алғаш ашқан күннен бастап-ақ оқу ынталылығын, зеректігін көрсеткен. Жаһанша зеректігімен дайындық кластан негізгі 1-ші класқа 1899 жылы тамыз айында емтихансыз қабылданған [4]. Осы оқу орнында Жаһанша Досмұхамедов Халел Досмұхамедов Жалмұхамед Сүйінтұрұлы, Нұрғали Ипмағамбетов, Нұрғали Досбайұлы, Ғұбайдолла Бердиев, Шабһазкерей Күсепқалиев сияқты болашақ қоғам қайраткерлерімен жақындасып, осы топ әсерімен алғашқы саяси-қоғамдық көзқарастарын қалыптастыра бастады.

Училищеде 1902 жылы 21 ақпанда ұлы орыс жазушысы Н.В. Гогольдің қайтыс болуына 50 жыл толуын атап өтуде Жаһанша «Ревизордың» бірінші актісіне қатысып және «Майская ночь» повесінен үзінді оқуда өзінің әдебиетке көп көңіл бөлетінін танытты. 1905 жылы 31 мамырға дейін толық курсы оқып бітіріп, сол жылғы 27 қарашада № 991 аттестатпен 1906 жылы тамыз айында, Орал облысының стипендиаты ретінде Император атындағы Мәскеу университетінің заң факультетіне түсіп, оны № 175 бітіру куәлігімен 1910 жылы 4 наурызда бітіріп шыққан. Университет студенттерінің арасында ұлт аймақтарынан келген студенттер сирек кездесетін, деген олар оқуда, қоғамдық кездесулерде, пікірталастарда белсенділігімен көзге түсетін. Сол кезде Столыпин реформасы ресми әңгімелерде жарасымды пікірлер уағыздалды; Ресейде буржуазиялық-демократияға жол ашылды делінген. Жаһанша оның Орта Азия т.б. Шығыс аймақтарынан келген әріптестері Столыпиннің жер реформасын патша өкіметінің отарлау саясатының басты құралы деп түсінді.

Мәскеу университеті Жаһанша Досмұхамедовке тек құқықтық көзқарасын шыңдауға әсер етіп қоймады, оның адами қалыптасуына, ержетіп, қанатының қатаюына зор ықпал еткен. Ол университет қабырғасынан заңгерлік білім алуда басқалардан озыңқы, ыждағаттылық көрсетіп, өзін біліммен қаруландырып, алға қойған мақсаттарын орындап отырған. Университетте заңгер-профессорлардың лекцияларынан басқа Батыс Еуропа елдері заңгерлерінің еңбектері болды. Жаһанша заңгерліктің басты шарттарының бірі ораторлық (шешендік) өнерге барынша тырысып бақты. Шығыс тілдері факультетінде өтетін лекцияларға өз бетімен қатысып, бұрын сонды естімеген деректерге көңіл аударып, Қазақстан, Орта Азия халықтарының Ресей империясының қол астына бағыну тарихымен және ол аймақтардағы ұлт-азаттық қозғалыстар жөніндегі ғылыми-зерттеу жинақтарын іздестіріп тауып оқыған. Қосымша шығатын «Вестник права», «Тюремный вестник» журналдарын, «Права» заңгерлік газетін т.б. оқып, өз білімін тереңдетумен айналысты.

Осы оқу орнында орыс және Батыс ғалым-заңгерлерінің озық ойлы бөлігінің еңбектері ықпалымен заңдық-құқықтық қоғам жетістіктеріне көз жеткізіп, қазақ тәрізді дамудың төменгі сатысында қалған ел үшін ескі кереге биліктен азаматтық-заңдық билік түріне көшудің аса қажет екендігін ұғынды. С.А. Андреевский, Н.П. Карабчевский, А.Ф. Кони, Ф.Н. Плевако, В.Д. Спасович сияқты Ресейдің атақты сот шешендерінің өмірі мен қызметін зерттеп, болашақ қызметіне керек шешендік өнердің қыр-сырын меңгерді [2]. Оралға оралып, заңгер болып жұмысқа орналасты, жергілікті газетте жер, ұлт мәселесіне қатысты батыл ойлы мақалалар жариялады. Қырғидай қыршын юристен сескенген Орал генерал-губернаторы соңына түсіп, Том қаласына қызметке кетуге мәжбүр болды. 1911-1917 жылдары әуелі адвокат, кейін Том округтік сотының Каинск уезі бойынша прокуроры қызметтерін абыроймен атқарды [1, 158 с.].

Университет қабырғасында мемлекеттік, азаматтық, әсіресе қоғамдық құрылымдар құқықтары тарихынан және басқа да заң пәндерінен терең білім танытқан ол, оның ішінде қазақтың дәстүрлі халықтық құқық үлгілері мен соңғы француз революциясының республикашыл алдыңғы қатарлы құқықтық заңдары да бар, патшалы Ресейдің сот, прокуратура жүйесіне қызметке қабылдануына қол жеткізген. Ж. Досмұхамедовтың революцияға дейін қолы жеткен жоғары ресми мәртебесі және заң саласындағы білімі мен біліктілігі оның Батыс Қазақстандағы ұлттық қозғалыстың, кейін Алаш қозғалысының жетекшілерінің біріне айналдырды. 1938 жылғы тергеуде айтқан бір жауабында, ол қазақ облыстың комитетінің тапсырмасымен Орал облысының қазақтар қоныстанған аймағында «Орал бөлігін» басқару Ережесінің жобасын дайындағандығы жөнінде мәлімдейді. Сонмен қатар, Ж. Досмұхамедов сиезге төраға болып сайланып, ол әзірлеген Ереже еш толықтыру, өзгеріссіз қабылданған. [1, 165 с.].

Сол кезеңде ұйымдастырылған Қазақ сиездері монархиялық билікті сынап, оның мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп жатқанын айтқан және Құрылтай жиналысы бар федеративті демократиялық республиканы құру қажеттігін дәлелдеп, Құрылтай жиналысына белсенді дайындық жүргізу керек екендігін патша әкімшілігіне жеткізген болатын. Осындай саяси науқанға Жаһанша Дұсмұхамедов аянбай атсалысты, бел ортаында жүрді.

1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін округтық соттың прокурорының жолдасы (орынбасары) міндетін атқарған. Туған топырағына, өз қандастарына борышты екендігін Жаһанша еш уақытта ұмытпаған. Қазақтардың басым көпшілігінің қараңғылықта, әлеуметтік, саяси ағымдардан бейхабар қалғандығы жас заңгер барынша мойытты. Томск қаласында округтік прокурордың жолдас-орынбасары болып және оған қоса адвокаттық жұмыс атқарған. Көп ұзамай жас адвокаттың істеріне ризалардың қатары көбейген. Жаһанша Досмұхамедов осы жұмыста жүріп қазақ даласының саяси істеріне барынша өз көмегін берген. «Қолынан бәрі келеді» атанған заңгер Жаһанша Досмұхамедов Омск, Троицк, Санкт-Петербург қалаларында өткізілген талай процестерге қатысып, абырой үстіне абырой жинап, үлкен беделге ие болған. Жан-жақты, қабілетте, терең білімді, орыстың айшықты тілін еркін меңгерген, сөздері өткір әрі дәл, шешен сөйлейтін Жаһанша ортақ заңдылықты мойындамаушыларға, сот жүргізушілердің озбыр қылықтарына қарсы болды. Жаһанша ортақ заңдылықты мойындамаушыларға, сот жүргізушілердің озбыр қылығына қарсы болды. Ол қазақ жұртынан шыққан тұңғыш прокурор еді.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінің жеңісі күллі қазақ деген ұлт зиялыларының басын қосуға мүмкіндік берген. 1917 жылы сәуір-мамыр айларында көптеген облыс уездердің орталықтарында аймақтық қазақ съездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрыла бастады. Оралдың жекеленген өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған

облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамына енген. 1917 жылы қазақ съездері Орынбор (Торғай облыстық), Орал (Орал облыстық), Семей (Семей облыстық), Омбы (Ақмола облыстық) қалаларында болды. Қазақ съездерін өткізу Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Ақбаев, Ә. Ермеков, Х. Ғаббасов, Р. Мәрсеков, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов т.б. белсене араласты.

Осындай аласапыран жағдайда Жаһанша Досмұхамедов саяси іске батыл араласып, сол жылдың сәуірінде Орал облыстық атқару комитетінің төрағасы Ғұбайдолла Әлібековтің шақыруымен осы өлкеге келген. Сол жылы наурыз айында демалыс алып, Оралдағы Уақытша Қазақ комитетінің арнайы шақыруымен елге келді, комитеттің I Қазақ Орал облыстық съезін жинау жөніндегі жұмысына қатысты. 1917 жылы 19-22 сәуір аралығында Орал қаласында облыстық Қазақтардың бірінші съезі өтті. Съезге 800 делегат қатысты. Съезд өз жұмысына тыңғылықты дайындықпен келді. Ұсынған бағдарламамен жүрген сиезд Жайық қазақтары үшін өмірлік маңызы бар бірқатар қарар қабылдады, соның ішінде тұрақты Жайық сырты облыстық қазақ комитеті сайланды, жаңадан жергілікті басқару құрылымы белгіленді. Съезд Жаһанша Досмұхамедовты Мәскеуде өтетін I Бүкілресейлік мұсылман съезіне делегат етіп сайлады [3].

Съезде облыстың қазақ комитетінің құрамына мына адамдар сайланды: Ж. Досмұхамбетов, И. Таңберменов, Х. Тасымов, Т. Сыпырбөлиев, И. Мұқанов, Д. Сарсенбаев, Ғ. Әлібеков, Д. Құсіпқалиев, Б. Жанқадамов, Р. Қаржаубаев, Д. Жұлдызов, Х. Досмұхамбетов, И. Топаев, И. Әбенев, К. Жаленов, Ғ. Есенғұлов, С. Қаратілеуов, Б. Жұманғалиев, С. Омаров, Б. Тілепов. Орал облысының барлық болыстарынан сайланып келген 800 делегаттың қатысуымен Орал қаласының қазіргі Ж. Молдағалиев ескерткіші тұрған жерде, бұрынғы цирк үйінде қазақ құрылтайы өткізілді. Оған Байұлы, Әлімұлы, Жеті ру өкілдері мен болыс басшылары қатысты. Съезді уақытша қазақ комитетінің төрағасы Ғұбайдолла Әлібеков ашып, құттықтау сөз сөйледі. Сол бірінші облыстық қазақ съезінің төрағалығына бір ауыздан Жаһанша Досмұхамедұлы сайланған.

Жаһанша Досмұхамедов съездің хаттамасындағы мәліметтерге қарағанда, Томск округтық соты прокурорының қызметін атқарған; ол съезд жұмыс істеген уақытта Оралда демалыста жүрген болатын. Округтық сот орынбасары үлкен лауазым иесі болған екен. Оған Томск губерниясындағы саяси айдауда болғандар мен қамау орындарының үстінен қарау құқығы берілген болатын. Халық өкілдерін қолайлы саяси ахуал шабыттандырса керек, олар ерекше көтеріңкі көңіл-күймен төрт күн бойы мәжіліс құрған. Құрылтай Төрағасы ретінде Ж. Досмұхамедов халық өкілдері жиналысының мазмұнды өтуіне тікелей әсерін тигізді. Жаһанша Досмұхамедұлының ұсынуымен съезд алғашқы күні мемлекеттік басқарудың түрі туралы және уақытша үкімет пен соғысқа көзқарасты айқындау жайында мәселелер қарады. Төрағасының ұсынысы бойынша съезд мынандай шешімдер алды: 1. Ресей халықтарын құлдыққа, қараңғылыққа ұстаған монархия осыдан былай жойылсын; 2. Ресейде Демократиялық Республика орнату идеясын түгел қуаттай отырып, қазақи халқына ұлттық территориялық автономия беруді талап етеді. 3. Қазақ еліне келімсектерді жіберуді тоқтатып, осы кезге дейін пайдаланбай келген монастырьлардың, шіркеулердің, дворяндардың жерлерін қазақтарға себеп-сылтаусыз қайтарылсын; 4. Бұрынғы бюрократтық әкімшілік жүйесі жойылып, оның орнына қазақ жерінде халық сайлаған өкілетті комитеттер құрылсын; 5. Халық ағарту ісін қанағаттанғысыз деп тауып, мұғалімдер съезін өткізу, Оралда гимназия бағдарламасы негізінде қазақ балаларына арнайы оқу орнын ұйымдастырып оны қазақ қаражатына салынған бұрынғы кәсіптік мектептің үйіне орналастыру белгіленсін; 6. Қазақ тілінде газет, кітапшалар шығу шаралары жүзеге асын.

Орал облыстық қазақ съезінде құрамы 22 адамнан тұратын тұңғыш рет қазақкомитеті құрылды. Съезд қабылдаған шешім-қарарлар хаттамасына оның төрағасы Жаһанша Досмұхамедов, оның серіктестері (орынбасарлары) Ғ. Әлібеков пен А. Қалменов, хатшылары Ғ. Жетпісбаев, Х. Ахметше және Н. Арғыншиев сайланды [3, 112 б.].

Жанша Досмұхамедұлының ұсынуымен съезд алғашқы күні мемлекеттік басқарудың түрі туралы және уақытша үкімет пен соғысқа көзқарасты айқындау жайында мәселелер қарады. Талқылау нәтижесін қорыта келе: «...монархизм – демократияны құлдықта ұстаудың символы, бір халықты екіншісіне айдап салудың қайнар көзі – мәңгі жойылуға тиіс; қазақ халқы демократиялық Республика идеясын қолдайды, ұлттық-территориялық федерация туралы мәселені әзірге ашық қалдырады», «...қазақ халқы соғыстан басқа халықтармен бірдей зардап шегуде, оның ұлдары да отан қорғау үшін шақырылып алынған; ...қазақ халқы бастан кешіп отырған ауыр экономикалық жағдайға қарамастан, съезд мынаны мойындайды: күллі әлемнің тыныштығына қауіп төндіріп тұрған герман милитаризмі жойылғанға шейін соғысу қажет; жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі жария еткен жоғары адамгершілікті принципте, яғни аннексиясыз, контрибуциясыз бітім жасалуға тиіс, алайда бұл бітім талқандалған елдердің тәуелсіздігін қайта қалпына келтіруді, ұсақ халықтарға өз тағдырын өзі айқындау құқын беруді және артынша барша мемлекеттердің қарусыздануын ескеріп жасалуға керек», «жария етілген бағдарламасын жүзеге асыруға және демократия мүддесін қорғауға қызметі бағытталып тұрған шақта – уақытша үкіметке жан-жақты жәрдем көрсетілісін» деген қарарлар қабылданды [4].

Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтер Орал облысындағы ұлттық-демократияшыл зиялылардың көшбастаушылары болған. Олар қазақ съезін ойдағыдай өткізуге, қабылданған қарарлардың ұлттық мүддеге сай келуіне күш жұмсады. Екі азаматтың басшылығымен дайындалған уақытша ережелер, негізінен, қазақ автономиясын құруға деген талпынысты көрсетті. Оны «Ереженің» тоғыз баптан тұратын «Милицияны құру» деп аталған төртінші бөлімі дәлелдейді. XX ғасырдың екінші онжылдығындағы аласапыран төңкерістер кезеңінде қазақ халқының жеке ел болу мүддесін көздеп, Досмұхамедовтер автономия құруға ұмтылды және сол үшін де олар уақыттың тығыздығына, жағдайдың қиындығына байланысты қазақ жерінің батысында басқарушы аппараты, әскери, орталығы бар, тиісті қаржысы жинақталған, белгілі бір территориясы бар мемлекеттік құрылым жасады. Жаһанша жас кезінен-ақ халқы үшін өте маңызды мәселеге араласып, болашақта үлкен істің басына келетін азамат, тағылымы мол, көргені көп, хылықының өткен тарихынан жан-жақты хабардар ортадан өсіп шыққан адам.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында I Жалпықазақтық съезі шақырылды. Съездің күн тәртібінде 14 мәселе енгізілді. Олардың қатарында: мемлекет билеу түрі; қазақ облыстарында автономия; жер; халық милициясы; земство; оқу; дін; әйел; құрылтай жиналысына қазақ облыстарынан депутаттар сайлау; бүкіл Россиялық мұсылмандарының кеңесі; Қазақ саяси партиясы; Жетісу облысының оқиғасы; бүкіл Ресей федералистерінің съезіне, Петроград оқу комиссиясына қазақтан өкіл жіберу. Осы съезде Алаш партиясы құрылып төрағасына Әлихан Бөкейханов сайланды. Орынбасары Ахмет Байтұрсынов ұсынылып, Алаш билігінің құрамына қазақтың зиялы өкілдері – М. Тынышпаев, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, Ғ. Қарашев, С. Торайғыров, Х. Ғаббасов, Ә. Ермеков, Ж. Досмұхамедов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов т.б. кірді. Бұл съезге Ақмола, Семей, Торғай, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстары мен Ішкі Бөкей Ордасынан өкілдер қатынасты. Съезде Құрылтай жиналысына депутат сайлау мәселесі көтеріліп, Орал мен Манғышлақ облыстарынан сайланатын депутаттардың тізімі жарияланды. Сондай-ақ, Ә.Бөкейханов (1866-1937), У. Танашевпен бірге

Ж. Досмұхамедов та тамыз айында Киев қаласында өтетін федералистер съезіне белгілі бір себептермен 8 қыркүйекке қондырылды.

Алаш қайраткерлері бір уақытта бүкілресейлік мұсылмандар қозғалысына да белсене араласты. 1917 жылдың 1-11 мамыр аралығында Мәскеуде, көпес Асадуллаев үйінде өткен I Бүкілресейлік мұсылман сиезінде Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, Ғ. Әлібеков, К. Жәленов, рухани өкілдер Ғұбайдолла ишан және Дәулетов ишандар қатысты. Съезд Жаһанша Досмұхамедовты Ресей мұсылмандарының кеңесі – Бүкілресейлік «Шуро-и-ислам» комитеті төрағасының орынбасары етіп бірауыздан сайлады. Осы сапар сондай-ақ Уақытша үкіметтің Құрылтай жиналысы жөніндегі заң жобасын әзірлейтін Айрықша Кеңесіне (Предпарламент) мүше болып енді. Кейінгі тергеу материалдары көрсеткендей, Ж. Досмұхамедовтың айтуынша патша үкіметінің құрамында отаршылық езгіде болған аймақтар «өздеріне территориялық автономияны және Ресейде федеративтік республикалық құрылыс» орнауын қалаған. Тіпті сәлемдемемен келген кадеттер партиясының өкілі князь П.Д. Долгоруковты қабылдамай, Ж. Досмұхамедовтың айтуынша кадеттерден бас тартқан. Сол кезде Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі құрылып, оның атқарушы органы А. Цаликов (төраға), Ж. Досмұхамедов (төрағаның орынбасары), мүшелері: У. Танашев, У. Ходжаев, С. Максудов, М. Бигеев; З. Шәміл, А. Валидов сайланған. Комитет кеңес өкіметін мойындамау туралы шешімді бірауыздан қабылдаған [5].

Бұл мәселеден шығатын түйін, Жаһанша Досмұхамедов бастаған қазақ өкілдерінің саяси ұстанымдары Құрылтай жиналысы бекітетін буржуазиялық-демократиялық федеративтік республиканы құруды көздеді. Осыған орай, Қазақстанда автономиялық және земствалық өзін-өзі басқаруға негізделген буржуазиялық-демократиялық құрылыс орнау керек, ал оның тиімді түрі АҚШ-тың қоғамдық-саяси құрылысы деп түсінді. Сондықтан, ұлт қайраткерлері Қазақ өлкесін кеңестендіруді қаламады және оған жол бермеуге бел шеше кірісті.

«Сарыарқа» газетіне жарияланған Орал облысы атынан Құрылтай жиналысына сайланған депутаттар тізімінде Ж. Досмұхамедов турасында: «Жаһанша Досмұхамедов – өзгеріске шейін Томск окружной сот товарищ прокурор еді. Өзгерістен кейін ол орнын тастап, халыққа қызмет етіп жүр. Бұл күнде Петроградта Шура-и-Ислам ағзасы, социалист-революционер» делінсе, ал «Қазақ» газетінде: «Жаһанша Досмұхамедов – юрист, Петроградтағы Шура-и-Ислам ағзасы» деген мәліметтер келтірілді. Ж. Досмұхамедов Орынборда 5-13 желтоқсан аралығында өткен II жалпықазақ съезіне арнайы шақырылды.

1917 жылы 3-5 желтоқсанда Орынбор қаласында II Жалпықазақ съезі шақырылды. Съезге төрағалық еткен – Б. Құлманов, серіктері Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, Ә. Кенесарин, Ғ. Қарашев болды. Күн тәртібінде Алаш партиясы бағдарламасы жобасының талаптары және 10 мәселе, олар: Сібір, Түркістан автономиясы және Оңтүстік Шығыс одағы; қазақ-қырғыз автономиясы; милиция; ұлт кеңесі; ұлт қазынасы; муфтилік мәселесі; халық соты; ауылды басқару және азық-түлік жөніндегі мәселелер. Ұлттық территориялық қазақ автономиялы мемлекетін құруда съезд делегаттары бірауыздылық танытқанымен, автономияны ресми түрде жариялау мәселесінде пікірталастар жүргізілген. Автономияны жариялау мерзімі туралы қызу айтыстар бірнеше күнге созылды. Бұл айтыстардың негізінде Қазақ автономиясын жариялауға байланысты өлкені мекендеген басқа ұлт өкілдерінің пікірін анықтау және жариялауға тиісті автономияға Түркістанды мекендеген оңтүстік қазақтарының қосылу-қосылмауы туралы мәселесін нақтылы шешу қажеттілігі жатты. Съезді шақыруға және оның жұмысына белсенді түрде араласқан Халел Ғаббасовтың айтуынша, онда автономияны жариялау мерзімі туралы принципті мәселеде біріне-бірі қарама-қарсы екі бағыт қалыптасты [4, 95].

Оның бір жағында Әлихан Бөкейханов бастаған топ «кейінірек», яғни оны жақтаушылар съезде өкілдері болмаған орыстардың еркін білмейінше автономияны жариялауды кідірте тұру қажет деді. Ал Халел және Жанша Досмұхамедовтер бастаған топ «дереу» жариялансын деген ұстаным қалыптастырған. Дауыс беруге көпшілік бірінші бағыт жағында болды, бірақ қарсыластар мұнымен келіспеді. Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтардың автономияны дереу жариялауды ұсынуының себебі: Орал, Бөкей Ордасы Ресеймен шекаралас, Ресейдегі болып жатқан жағдай міндетті түрде қазақ жерлеріне тез арада тарайды. Егер де біз жан-жағымызға жалтақтап қарап отырсақ, уақытты өткізіп алуымыз мүмкін. Халық Кеңестерді жақтап, тапқа бөлініп кетсе, қазақ халқының тұтастығынан айырылып қалу мүмкіндігінің зор қаупі бар екендігін айтты. Бұл ұсынысты Бөкей Ордасының өкілдері де қолдады. Автономия жариялаумен бірге жеке мұфтият құру қажеттілігін айтып, қазақтардың діни сезімдеріне қозғау салды. Ал бұл пікір, қазақ халқының қаймағын бұзбау ұстау үшін, сөйтіп, Ресейден өз отауын бөліп алудың қамы болатын.

Дегенмен, ұлттық, халықтық мүддені жеке бастарының саяси ұпай жинауынан жоғары қойған Ә. Бөкейханов басқарған съезд делегаттары мен Жаһанша Досмұхамедов бастаған Орал облысы мен Бөкей Ордасының өкілдері Алаш автономиясын жариялау мерзіміне байланысты ортақ, ымыралы келісіміне келді. Съезд шешімі бойынша Алаш автономиясы жарияланып, Алашорда үкіметі құрылды. Алашорда үкіметінің құрамына Орал облысынан Халел Досмұхамедов, облыстан тысқары Жаһанша Досмұхамедов сайланды. Ал Алашорда үкіметінің төрағасы болып Ә. Бөкейханов көп дауыспен сайланды.

Екінші жалпықазақ съезінен оралған Жаһанша, Халел Досмұхамедовтер қазақтың батыс аймағын басқаратын үкімет құруға кірісті. М. Шоқай, Ә. Кенесарин мен А. Шегіровтар бұл мәселеге дауыс беруден қалыс қалған.

1917 ж. жазда және желтоқсанда өткен I және II Жалпықазақ съездерінде Орал қазақтары атынан делегат болып қатысып, соңғы сиезде Алаш-Орда үкіметіне (Уақытша ұлт кеңесіне) мүше, «Шуро-и-исламға» II Жалпықазақ съезі атынан өкіл болып сайланды. 1918 ж. сәуірдің аяқ кезінде Қазақ Әскер үкіметі мен Орал Қазақ земство басқармасы арасын әскери-саяси одақ жөнінде келісімшарт жасалып, Жайық сыртына, қазақ ауылдары арасына көшіру жөнінде ойға әкеп тіреді. Таңдау Жымпиты қалашығына түсті. Ол 1918 ж. мамырда Жымпитыда өткен IV Қазақ Орал облыстық сиезінде төрағалық етіп, осы сиезде Орал губерниясының Жайық сырты бөлігін біріктірген дербес әкімшілік бірлік – «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметінің төрағасы болып сайланды [6].

Жаһанша Досмұхамедов 1918 жылы 8-23 қыркүйекте өткен Уфа кеңесіне белсене қатысып, Директорияның Старейшиналары құрамында жұмыс істеген. Кеңес күндері Ж. Досмұхамедов бастаған Уәлаят делегациясы орталық Алаш-Орда үкіметінің төтенше мәжілісін өткіздіріп, Ойыл уәлаяты үкіметін таратып, оның орнына бүгінде «Батыс Алаш-Орда» деген композит атау алған ірі әкімшілік бірлік – Алаш-Орданың автономиясының батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімшесін құру жөнінде шешім шығартуға қол жеткізді. Мұнымен Батыс Алаш-Орда орталық Алаш-Орда үкіметі тарапынан заңды түрде мойындалды және оның әкімшілік басқару билігі Бөкей, Ырғыз, Маңғыстау жеріне тарады.

1920 жылы қыркүйектің аяғында аталмыш мекеменің жолдамасымен Түркістан Республикасы Халық шаруашылығы Ортақ кеңесінің жүн-жұрқа бөлімшесіне меңгеруші болып Ташкент қаласына жіберілді. Түркістан Республикасы Орталық атқару комитеті Қазақ бөлімінің хатшысы міндетін қоса атқарды. 1922-24 жылдары Ташкенттегі «Талап» мәдени-ағарту қауымының тапсыруымен «Жауыздық низамы» деген атпен қазақ тіліндегі алғашқы кеңестік Қылмыстық кодексті әзірледі. 1927 жылы

қарашадан 1929 жылға дейін Қызылорда қаласындағы Қазақ ауыл шаруашылық банкінде заң кеңесшісі болып істеді, 1928 жылы Қорғаушылар коллегиясына мүше болып қабылданды. 1930 жылы басына дейін осында болды, сол жылы ақпанда Надежда Константиновна Колоссовскаяның шақыруымен Мәскеуге ауысты. 1930 ж. қазан айында «Скотовод» басқармасында аға экономист болып істеп жүрген кезінде Замоскворечье ауданындағы Шаболовка келте көшесіндегі үйінде тұтқындалып, Бутырка түрмесіне қамалды, кейінірек Алматыда жауапталды. 1932 ж. 20 сәуірде Қазақстан ОГПУ Үштігінің «1921 ж. Ташкентте М.Тынышпаевпен бірге астыртын ұйым құрды және 30-жылдары Кеңес өкіметіне қарсы қимыл жасады» деп айып таққан қаулысымен Воронеж қаласына бес жыл мерзімге жер аударылды. Воронежде жоғары оқу орындарында сабақ берді. Жаһанша Досмұхамедовтің бұдан кейінгі тағдыры жөнінде бір-біріне қайшы келетін ауызекі бірнеше дерек бар. Бір мәліметтерге қарағанда, жаза мерзімін өтеп келген соң 1938 жылы қыста Мәскеудегі пәтерінен қазақстандық екі қауіпсіздік қызметкері шұғыл алып кеткен. Енді бір деректер бойынша, бет-әлпетін өзгертіп Қарақалпақстанда бой тасалап жүріп, Мәскеуге келген жерде ұсталды. Үшінші бір дерек үйде сал болып жатқан күйінде Мәскеу түрмесіне салынғанын көрсетеді. Жаһанша Досмұхамедов 1958 жылы 28 ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы сотының шешімімен ақталды. Жымпиты ауданында бір көшеге және Орал педагогикалық колледжіне Жаһанша Досмұхамедов аты берілген.

Әдебиет

1. Аманжолова Д. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. - Алматы, 2009, 412 с.
2. Досжанов Д. Абақты. Алматы, 1992, 288 б.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, Ататек, 1995. – 101 б.
4. Р. Жаханша Досмұхамедов. – Алматы: Арыс, 2007. – 209 с.
5. БМС мүшелерін сайлау 1917 ж. 11 мамырында өткізілді. Исхаков С.М. Российские мусульмане и революция. 1917-1918. М., 2003. – С. 290-297.
6. Сүлейменова Д. Алаш тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлімі. - Алматы, 2007, 85 б.

ӘОЖ 94 (574)

АХМЕТ БІРІМЖАНОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Ибраева А.Ғ.

(М.Қозыбаев ат. СҚМУ)

Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жарыққа шығумен елімізде қыруар істер тындырылуда. Осы мақаланың лайықты жалғасы «Ұлы Даланың жеті қыры» туындының дүниеге келуі, ұлы тұлғаларды ұлықтауға арқау болды. Олардың қатарына Алашшыл азамат, Алашорда өкіметінің іргетасын қалаушылардың бірі, Торғай өңірінен Ресейдің алғашқы екі Думасына да депутат болып сайланған Бірімжанов Ахмет Қорғанбекұлы. Ол Фракция төрағасының орынбасары болға кезде ұлт аймақтары мен қазақ халқының мүддесін қорғады. «Алаш Орда» энциклопедия кітабында: «1917 жылдың көктемінен Уақытша өкіметтің Қостанай уездік комиссары болды. II Бүкілқазақ съезінде Алашорданың Ұлт Кеңесінің құрамына сайланды. 1918-1920 жж. Семейде заң кеңесшісі, 1920-1926 жж. Орынбор мен Қызылордада Қазақ АКСР Ішкі істер Заң халкоматында, Жоғарғы Сот төралқасында кеңесші, алқа мүшесі, бөлім меңгерушісі

болып қызмет атқарды. Санкт-Петербургтегі Волков зиратында жерленген» – деген мәлімет бар [1].

Мақала барысында көрнекті қоғам қайраткері, алашшыл азамат Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжановтың ғұмырнамасының мына тұстарына тоқталдық: *1. Туып-өскен ортасы, балалық, жастық шағы; 2. Еуропалық және орыс ағартушылығының ықпалымен қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуы; 3. Ахмет Бірімжанов өміріндегі Думалық кезең; 4. Ақпан төңкерісінен кейінгі Уақытша үкіметтің Қостанай уездік комиссар болған кезеңі; 5. Азаматтық қарсыластық кезеңіндегі А. Бірімжановтың идеялық-саяси ұстанымдары; 6. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі А. Бірімжановтың құқық саласындағы қызметі.*

Текті әулеттен тараған, отбасындағы тұңғыш ұл болған соң, ата-ананың одан күткен үміті мол еді. Ахмет әке-шешесінің арман-мұратын толық орындады деуге болады. Ол жастайынан-ақ өзінің текті әулеттен шыққанын естіп, көріп, біліп өсті. Егер тегін қуалар болсақ, Ахмет Бірімжановтың арғы аталары да жай адамдар емес. Атақты Жәнібек Тархан Қошқарұлынан бері қарай тарқатқанда Дәуітбай, Мұса, Шеген, Бірімжан, Қорғанбек, Ахмет болып өрбиді. Осылардың ішінде Шеген бидің беделі халық арасында өте күшті болған. Шеген би кезінде Кенесары көтерілісін қолдаған. Ал Шеген бидің қызы Айман Ыбырай Алтынсариннің анасы болып келеді. Ахмет Бірімжановтың әкесі Қорғанбек – атақты педагог Ыбырай Алтынсариннің алдын көрген, одан сабақ алған үлгілі шәкірттерінің бірі. Кейін ол ұлы ұстаздың сенімін ақтап, жоғарыда айтқанымыздай, өз заманының оқыған, білімді, зиялылары қатарында жүрді [2].

Шақшақ Жәнібек тарханның ұрпақтары Торғай өңірінің ертеден жайлаған, ел-жұртқа кеңінен танымал, атақ-даңқы жан-жаққа тегіс тараған, алыс-жақын ағайындар арасында құрмет – беделге ие болған. Ахметтің атасы Бірімжан арғы тегінен Торғай өңірін қоныстанып, үрім – бұтағын кеңінен жайған әулет болатын. Ахметтің атасы Бірімжанның әкесі Шеген Орта жүздегі арғын руының жоғары шектілерінің басқарушысы болған. Мұсаұлы Шегеннің жаз жайлауы – Тобыл және Торғай өзендерінің арасы, ал қыстауы Торғай өзенінің бойында болған [3].

Әкесі Қорғанбек отбасымен сенімді достық қарым-қатынас орнатқан Әлмұхамед Сейдалиннің Қорғанбек отбасының мүшелеріне, оның ішінде бала Ахметке үлкен ықпалы болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Өркениетті отбасында тәрбиеленген Ахмет Қорғанбекұлы жастайынан-ақ зерек, алғырлығымен көзге түскен.

1878-1893 жылдар арасында Торғай облысында жаңадан 60 оқу орны ашылды. 1892 жылы Торғай облысында 2 мектеп инспекциясы құрылып, оның біріншісіне Торғай және Қостанай уездерінің мектептері қарады [4].

Ахмет Бірімжановтің әкесі Қорғанбек балаларының заман талабына сай білім алуының қажеттілігін ерте түсініп, Ахметті Торғайдағы 2 кластық орыс қазақ мектебіне берген. Сөйтіп Ахмет Қорғанбекұлы білімін Торғайдағы түземдіктер үшін ашылған 2-кластық орыс-қазақ мектебінен бастаған. Ахмет зерек, алғыр шәкірт болып, ата-анасының және ұстаздарының үмітін ақтаған. Торғайдағы 2 кластық мектепте білім негіздерінен алғаш ұғым қалыптастыратын барлық пәндерді толық меңгерді және қысқа аралықта өзіне бейтаныс орыс тілін жетік біліп, орысша еркін сөйлеп, жазатын дәрежеге жеткен.

Сөйтіп, Ахмет Бірімжанов Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ мектебін тәмәмдағаннан кейін, 1883 жылы Орынборда ер балаларға арналған гимназияда оқуын жалғастырған. Осы гимназияда Ахмет 7 жыл абыройлы оқып, қазақтар арасында өте беделді деп есептелген оқу орнын 1891 жылы күміс медальмен үздік бітірді. Гимназияда оқушылар арасында ерекше қабілетімен көзге түскен. Орынбор гимназиясының 1891 жылғы педагогикалық кеңестің хаттамасында Ахмет

Бірімжановқа: «Табиғатынан талантты және ақыл-ойы өте дамыған бала» деген мінездеме берілген.

Орынбор ерлер гимназиясын күміс медальмен бітіргенде Ахмет саяси – әлеуметтік көзқарасы толық қалыптаспағанмен, қоғамдық саяси-экономикалық өзгерістерге ден қойып, заман ыңғайын аңғара білетін деңгейге жеткен. Өз таңдауын Санкт-Петербург университетінің заң факультетімен байланыстырған. Гимназияның үздік түлегі ретінде жоғары білім алу үшін мемлекеттік стипендия алу мүмкіндігі болды. Бірақ Орынбор гимназиясын бітірген қазақ балалары үшін Қазан университетіне бөлінген стипендияны Санкт-Петербург университетінің қорына аударуға болмағандықтан, Ахмет Бірімжанов құжаттарын Қазан университетіне тапсыруға мәжбүр болған. Сөйтіп, 1891 жылы 20 тамызда Император атындағы Қазан университетінің студенті атанған. Аталған университетті 1895 жылы алтын медальмен бітірген. Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов ХІХ ғасырда Ресей мемлекеттік жоғары оқу орындарында білім алған қазақ зиялыларының алғашқы өкілдерінің бірі болып есептелген.

Ахмет Бірімжановтың қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына сол кезеңдегі патшалы Ресей империясындағы ахуал және отарланған Қазақстанның ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайы әсер еткен еді. Ол гимназияда оқып жүрген кезінде ақ Орынбор жандармериясының бақылау тізіміне енген. Оның екі себебі бар еді. А. Бірімжанов гимназияда оқып жүргенде халықшыл сөздер айтып, орыс отаршыларының қазақтардың жері тартып алып жатқан әрекеттеріне наразылық пікірлерін айтқан. Бұл біріншіден, екіншіден, А.Бірімжанов атақты тархан Шақшақ Жәнібек батырдың ұрпағы еді. 1868-жылы Торғай уезі құрылғаннан бері Шегеннен бастап, оның ұрпақтары Дәуренбек, Жақып, Қорғанбек Ресей патшалығы құлағанға дейін Тосын болысын басқарды. Солай десек те, ел арасында өте беделді Шеген ұрпақтарының бәрін уездік жандармерия үнемі бақылауда ұстап, айтқан сөздерін, істеген істерін тіркеп отырған. Ахмет Бірімжановтың да жандармерия бақылуында болуының да осындай себептері бар еді.

1895 жылы Ахмет Бірімжанов Қазан университетінің заң факультетін бітірген соң туған жері Торғайға оралған. Түрлі жағдайлармен Ахмет өз мамандығы бойынша жұмысқа бірден орналыса алмаған. Сонымен 1898 жылы Ахмет Бірімжанов Торғай облыстық басқармасына (правление) қызметке орналасып, бір жарым жылдан кейін, 1900 жылы Орынбор округтік сот қарамағында сот қызметіне кіші кандидаттық жұмысқа ауысқан. Келесі, яғни 1901 жылы білімді, сауатты және өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, өзін білікті маман ретінде көрсеткен Ахмет Қорғанбекұлы сот қызметінде аға кандидат дәрежесіне дейін көтерілген.

Дегенмен, осыдан кейінгі жылдары Ахмет Бірімжанов жоғары білімі бар диплом иесі бола тұра, округтік сот аппаратында қазақ халқының өкілі ретінде басшы қызметке қойылмады, оның қызметтік баспалдақтармен өрлеуі өте баяу жүрді. Бұл патша өкіметінің жергілікті халық өкіліне байланысты саясаты болатын.

Орынбор округтік сотындағы қызметінен кейін Ахмет Бірімжанов Ақтөбе уезіне мәмлегерлік сот қызметіне ауысқан [5]. Осы қызметте жүре 1906-1907 жылдары Ресейдің 1-2 мемлекеттік Думасының мүшелігіне қатарынан екі рет Торғай облысы қазақтары атынан сайланды. Ресейдің мемлекеттік Думасы күшпен таратылған соң Ахмет Бірімжанов, елге оралып, Орынбор округтік сотының сот тергеушісі қызметіне орналасқан.

Ресей мемлекетінің жергілікті басқару органдарында қызмет істей жүріп Ахмет Бірімжанов қазақ даласында елді басқару және сот жүйелерінің дұрыс жолға қойылмағандығын түсінген. Қазақ даласында басқару және сот жүйелерін қайта құру-реформалау керектігін қажет деп есептеді.

1901 жылы Ақтөбе уезінде сот жүйесінде істегеніне қарамастан Ахмет Бірімжанов бірінші Мемлекеттік Думасына Торғай облысының Торғай уезінің Тосын болысынан кандидаттыққа тіркеліп, сайлауға түскен. Ақтөбе қаласында 1906 жылы 28 мамырда Ресей Мемлекеттік бірінші Думасына сайлаудың соңғы туры өткізіліп, Ахмет Бірімжанов 95 пайыз дауыс жинап, депутаттыққа Торғай облысынан сайланған. Ресейдің мемлекеттік Думасы 1907 жылы 20 ақпанда өз жұмысын бастап, 1907 жылы 3 маусымда аяқтаған.

Бірінші мемлекеттік Думаға қазақ елінің атынан үш депутат қатысқан. Олар: Орал облысынан – Алпысбай Қалменов, Торғай облысынан – Ахмет Бірімжанов және Семей облысынан – Әлихан Бөкейханов сайланған. Бірінші мемлекеттік Думаның тарағаны жөніндегі жарлық шыққанда, Жетісу облысында сайлау науқаны енді басталған. Сондықтан бірінші мемлекеттік Дума таратылған кезде Жетісу және Сырдария облыстарында депутат анықталмаған күйінде қалды.

Қазақ депутаттары А. Қалменов пен А. Бірімжанов Петербургке Дума ашылғаннан кейін бір жарым ай өткен соң, яғни 10-17 маусым аралығында келіп, Дума жұмысына қатынаса бастағанда аграрлық, азаматтық теңдік туралы және басқа мәселелер алғашқы талқылаудан өтіп, олар бойынша тиесілі комиссиялар құрылып қойған еді. Ал Ә. Бөкейханов болса, қазіргі анықталған деректердің көрсетуіне қарағанда, Дума жабылуға 1-2 күн қалғанда жеткен. Міне, осыған қарағанда, қазақ депутаттарына Дума жұмысына араласуға берілген уақыт тым өлшеулі болған сияқты.

Думаның 2-ші шілде күні Дума отырысында Ахмет Бірімжанов сөз сөйлеп, қазақ елінің жерге байланысты шешілмей жатқан тұстарының баршылық екендігін айтып, аграрлық мәселе бойынша құрылған комиссияның құрамына Қазақ депутаттарының өкілін енгізуді ұсынды. Бірінші мемлекеттік Дума жұмысына Қазақ депутаттары Мұсылман депутаттары фракциясының қатарында ат салысқан. Сол фракция аграрлық мәселеге байланысты бас құжат болып табылатын заң жобасын жасауға күш салысты. Олар мұсылмандар партиясының бағдарламасына сүйене отырып аграрлық тұжырымдама жасады. Сонымен қатар, сырттан қоныс аудару біржолата тоқталуын һәм иелік еткен жеке мүшелерінің арасында тиісті еншісін алу құқы ауылдық қауым меншігіне берілуін талап етті. Думаның комиссиясына берілген осы құжатпен қатар Ахмет Бірімжанов, Алпысбай Қалменұлы басқа депутаттармен бірге жоғарғы үкімет органдарына қоныс аударушыларды жерге орналастыру комиссияларының қазақ даласында жасап жатқан заңсыз әрекеттері жөнінде сұрау салды.

Өз жұмысын 1907 жылдың 20-шы ақпанда бастаған екінші мемлекеттік Думаға қазақтар арасынан депутат сайлау қорытындысы былайша анықталды: Ақмола облысынан – Ш. Қосшығұлұлы, Торғай облысынан – сот қызметкері Ахмет Бірімжанов, Семей облысынан – Т. Нұрекенов, Жетісу облысынан – көпес Т. Аллабергенұлы, Б. Құлманов, А. Бірімжанов және Б. Қаратаев мұсылман депутаттар бөлімін, ал М. Тынышбайұлы кадет фракциясын қолдады [6]. Ахмет Бірімжанов 2-ші Думада әскери дала соттарын жою туралы заң жобасын жасау комиссиясының құрамына енеді. Бұдан басқа өзге де 53 депутатпен бірлесіп, Министрлер Кеңесіне 1906 жылы 4 маусымда қазақ даласында қоныс аударушылар учаскелері мен ормандағы саяжайлардың орналасу заңсыздығы жөнінде сұрау салады. Қазақ даласына ішкі Ресейден қоныстанушылардың жаппай шұбыруына байланысты жер, қоныс мәселесі қатты ушығып, қазақ халқының тағдырына тікелей әсер еткендіктен, қазақ зиялыларын қатты толғандырып, оны Дума мінбері арқылы жеңілдетіп шешуге әрекеттенген іс-қимылдары еді. Алайда Дума таратылып, бұл іс-әрекеттер нәтижесіз болып, Дума мүшесі ретінде А. Бірімжанов қазақ өлкесінде қызмет істеуіне рұқсат етілмей, 1917 жылға шейін Бұзылық қаласында сот тергеушісі болған.

I-ші және II-ші Дума мүшелерінің қатарында эсер, меньшевиктердің, социалистік халық партиясының да өкілдері болды. Осы партиялар мен Дума депутаты Ахмет Бірімжанов пен мұсылмандар фракциясы ұсынған заңдардың көбі Премьер министр Столыпинге жақпады. Өйткені, жоғарыда аты аталған партиялардың талабы бойынша ішкі әлеуметтік жағдайды көтеруге империяның экономикалық мүмкіндігі де жоқ еді. Сондай-ақ, Орта Азияда отаршылдық бағыттағы саясатын кері өзгертуге патшалық Ресейдің ойы да болған жоқ. Яғни, бұл кезеңде Ресейдің көптеген шаруалары, қара шекпенділері Орта Азияға, оның ішінде Қазақ жерінің ең шұрайлы жерлеріне жаппай орналастырыла бастаған кез еді. Жазушы Ғалым Ахмедов өзінің «Россия Думасындағы қазақ депутаттары» деген мақаласында Бірімжанов Ахмет Қорғанбекұлы туралы мынадай деректер келтіреді: «Бірімжанов Ахмет Қорғанбекұлы Торғай облысынан (ол кезде Торғай облысына қазіргі Ақтөбе және Қостанай облыстары кіреді). Қазан университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген, бітімші сот болып қызмет істеген. Думаның аграр комиссиясының мүшесі болған, мұсылман фракциясының жұмысына қатынасқан. Аса жұмсақ мінезді, білімді депутат».

Қазақ даласында орыс шаруаларының қоныс аударуын тоқтатып, оның қателігіне үкіметтің назарын аудару мақсатында Дума депутаттары: М. Қаратаев, А. Бірімжанов, Ш. Қосшығұлов, Т. Нұрекенов егіншілік және жерге орналастыру ісінің бас басқарушысы Васильчиковке барып, осы мәселелерді алға тартқан. Орыс отаршылдығының толық сипатын Ресей Мемлекеттік Думасына депутат болып сайлаған алаш қайраткері Бақытжан Қаратаев Думаның 1907 жылғы мамыр айындағы өткен пленарлық мәжілісінде қатаң сынға алған. 1906 жылы Торғай облысынан И.Ф. Голованов деген большевик Ресей Думасына депутат болып сайланған. 1907 жылы 25 ақпанда Ақтөбе қаласында еңбекшілердің жиналысы болып, онда депутатпен байланыс орнату жөніндегі арнайы комитет құрылды. Қала басшылығының бұл ісіне теріс пиғыл білдіруіне байланысты, жиналыс билік тарапынан бұл комитеттің жұмысына ресми түре рұқсат берілмесе, онда комитет халықтың берген санкциясы негізінде жұмыс атқарады деген шешім қабылданған [5, 125 б.]. Осы жылы 11 наурызда қала халқының жиналысында екінші Дума қызметі және И.Ф. Головановтың өз сайлаушыларына жазған хаттары туралы мәселелер қарастырылған.

1908 жылы Ахмет Қорғанбекұлы зиялы қауымның өкілі Әлмұхамед Күнтөреұлы Сейдалиннің қызы Гүлжауһар Әлмұхамедқызымен отбасы құрған. Бұл кезде Ахмет Бірімжанов мемлекеттік қызметкер ретінде жаңа қызметке ауыстырылып, зайыбы Гүлжауһармен бірге Қазақстаннан тыс, Торғай даласынан тысқары, Бұзылық қаласына қоныс аударуға мәжбүр болды. Орынбор округтік соты, Торғай облыстық басқармасында, Ақтөбе уездік сот жүйелерінде біршама қызмет атқарған Ахмет Қорғанбекұлы Бұзылық қаласындағы қызметінде өзін білікті маман екендігін көрсете алды. Дей келе, Қорғанбекұлы өмірінің соңына дейін қоғамдық жұмыстармен белсенді түрде айналысқанын айта кету керек. Өмірінің әр кезеңінде қайраткердің басына талай ауыртпалықтар түсті. Осыған байланысты тілі басқа, салт-дәстүрі мүлдем басқаша ортада бала тәрбиесін қазақы қалыпта бірқалыпты ұстау қиынға айналған кезде, Ахмет Бірімжанов әйелі Гүлжауһарды екі баласы Батырбек пен Іңкәрді алып, Бұзылықтан Торғай өңіріне көшіреді. Осы жерде Ахметтің тұңғышы Батырбек ауыл мектебінің табалдырығын аттаған.

Кейінгі Ақпан, Қазан революциялары мен азамат соғысының зардабынан елдің жағдайы нашарлап, жұт пен аштық ауыл адамдары үшін қатты соққыға айналды. Қазақ халқының тарихында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің маңызы өте зор болған. Торғай облысының қазақтары Ресей патшасының «25 маусым жарлығына» жаппай қарсылық көрсетіп, Торғай облысының Торғай уезі көтерілістің негізгі орталығына айналды. Ахмет Бірімжанов Алаш көсемдерімен бірге елдің «шошынбай, желікпей

шаруаға қайтып, егін-пішенін, басқа тіршілік жабдығын үлгертіп алуын» жақтаған. Дегенмен шошынған халық көтеріліске шығып, адам мен мал шығынға ұшырап, 1916 жылғы мәлімет бойынша тек Торғай облысының өзінен 10175 адам еріксіз түрде майданның қара жұмысына алынған [8].

Майдан даласында қорғаныс жұмыстарында болған қазақтарға басшылық жасап, қамқорлық көрсеткен қазақ интеллигенциясының арасында Ахмет Бірімжановтың бауыры Әзімбек Бірімжанов та белсене қызмет көрсетті.

1916 жылы көктемде Күнбатыс майданында қара жұмысқа алынған қазақ жігіттерге баскөз болған, қамқорлық көрсетуге келген оқыған азаматтардың қатарында А. Кенжин, Б. Сүлеев, Ы. Ғалымжанов, Е. Омаров, Р. Мақатаев, Х. Болғанбаев, Т. Шахулеев, С. Жиенбаев, Б. Жанқадамов, Сәндібеков, Боранқұловтар мен бірге Әзімбек Бірімжанов та болды [9].

1916 жылы Әбдіғапар мен Оспан хандар бастап, сардарлары Амангелді мен Қасымхан қостаған Торғай облысының үштен бір бөлігін қамтыған көтеріліс Ресей патшасының сол тұстағы бодан халыққа жасаған қатаң тәртібіне сай бұрқ еткені мәлім. Осыған орай ақ патша Николай II-нің 1916 жылдың 21 желтоқсанында арнайы жарлығы шықты. Онда Торғай, Ырғыз және Қостанай уездерінде әскери тәртіпке көшу атап көрсетіледі.

Ақ патша жарлығына орай Қостанай уездік полициясы тәртіп сақтау саласындағы сындарлы жолдан бас тартып жазалаушы жолға түседі. Сөйтіп, олар өзінің халық арасындағы беделін жоғалтады. Патша жарлығына дейін орыс әскері бас штабының 1916 жылғы 4 желтоқсанында 359-ші баяндау хаты жарияланды. Онда подполковник Кисленко бастаған Қостанай жазалаушы отряды мына құрамда бекітілді: Олар 5-ші Орынбор казактар жүздігі, 109-ші жая полкі, 9-ші пулемет және 2-ші қару-жарақ полкі. Мақсаттары Қостанай, Торғай аймағының жан-жағын жіті бақылау, қатаң қадағалауға алу. Бұған генерал Сандецкий, генерал-лейтенант, уақытша штаб бастығы Добрынин қол қояды.

Бұл уақытта жазалаушы тобының бастығы подполковник Кисленко өзінің алған бағытынан таймай қарапайым халықты ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушыларды қолдайды деп зорлық-зомбылықтың шектен шыққан әдістерін қолға алды. Бұған қарсы болған қазақ ұлты көсемдерінің көшбасшысы Ресей Думасының депутаты Әлихан Бөкейханов өз наразылығын білдірді. Көп ұзамай Ә. Бөкейханов Торғай облысы Уақытша үкіметінің комиссары болып тағайындалды. Бұл 1917 жылдың наурыз айы болатын. Яғни, Қостанай уезіндегі подполковник Кисленкомен тіл табысып, халықты жазаламау бағытын ұстаған талабының арқасында, осы сәуір айында облыстық комиссар Әлихан Бөкейханов барлық күш-жүгерін табандылықпен ұштастыра отырып, Қостанай уездік милиция комиссарлығына бұған дейін Ресейдің Самара әділет сотының Бүгірслан уезінде қызмет атқарған Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжановты тағайындайды.

1917 жылдың сәуір айында Торғай облысының комиссары Ә. Бөкейханов Ресейдің Самара сотының Бүгірслан уезінде қызмет атқарып жүрген А. Бірімжановты Қостанай уездік полиция комиссарлығына тағайындау үшін Уақытша өкіметтің әділет министрі Керенскийге жедел хат жолдайды. Онда былай деп жазылған: «Ресей Мемлекеттік Думасының 1-ші және 2-ші шақырылымының бұрынғы депутаты, Самара сотының Бүгірслан уезі 2-ші учаскесі қызметкері А. Бірімжановты Қостанай уездік милиция комиссары қызметіне шақырылуына байланысты, оның менің қарамағыма жіберуіңізді сұраймын» [10].

Осы жеделхаттың негізінде Торғай облысының комиссары А. Бөкейхановтың қолымен 1917 жылы 28 сәуірде шығ. № 5453 сан ретімен А.Қ. Бірімжановқа уездік комиссар болып тағайындалды деп Уақытша үкіметтің Ішкі істер министрі Шелкин мырзаның өкіміне сәйкес қызметтік куәлік берілген [2, 7 б.].

Сөйтіп, 1917 жылдың сәуір айында Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов Қостанай уезінде Қостанай уездік милициясын құрып, Ресей уақытша үкіметінің Қостанай уезіндегі милициясы 1918 жылдың қаңтар айына дейін жұмыс істейді.

1917 жылдың 17 сәуіріндегі милиция құрылымы 1918 жылдың 26 тамызында жаңаша жолға түсіп, бұрынғы лауазым иелерін қызметтен қуды. Осы кезеңде Қостанай уездік милиция комиссарының да уақыты зая кеткен жоқ. Өйткені, ақтардың қарапайым халыққа жасап отырған қиянатына қанатымен су сепкен қарлығаштай болса да көмектесуді мақсат еткен А. Бірімжанов милиция органын қайыра құрды. Бұл туралы Қостанай уездік «Новый путь» газетінің 1918 жылдың 5 қыркүйегіндегі 34 санында нақты дәлелдер келтірілген. Газеттегі хабарландыруда бұлай деп жазылған: «Қостанай уездік милиция бастығы А. Бірімжанов кәсіби заңгер ретінде учакелік милиция бастығына, олардың көмекшілігіне және қатардағы милиция қызметіне, сондай-ақ уездік милиция басқармасына жеке машинкаға қағаз баса алатын адамдарды қызметке шақырады» – деген хабарлама жариялайды [10, 21 п.].

Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату процесі жүріп жатқан кезде, «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21-қарашадағы 251 – санында Алаш партиясының бағдарламасы жарияланған. Бұл бағдарламаны Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Е. Ғұмаров, Е. Тұрмұханбетов, Ғ. Жүндібаев, А. Бірімжанов дайындаған [11]. Бұл бағдарламада қазақ халқы үшін өзекті болған мына мәселелер қарастырылған: мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін, билік пен сот, ел қорғауға салық, жұмысшылар, ғылым білім үйрету, жер мәселесі.

Ахмет Бірімжанов Ақпан революциясынан кейін Торғай облыстық комиссары Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар құру, әлеуметтік-экономикалық реформалар бағдарламаларын жасау ісімен айналысты. Сол кезден бастап «Қазақ» газетінің басшылығымен қазақ зиялылары жалпы қазақ құрылтайын шақырып, онда жалпыұлттық мәселелерді талқылауға дайындалды. Алдымен облыс орталықтарында екі-үш облыс өкілдерінің съездері өтеді, артынан, яғни шілде айында Орынборда бірінші жалпықазақ съезі шақырылады. Ол туралы «Қазақ» газеті 31 шілдедегі санында былай деп жазды: «Өзгеріс болғаннан бері әр облыс жиналысын, съез құрып, мұң-мұқтажын кеңесті. Әр облыс өзара кеңесіп, бір қаулыға келгеннен кейін, бүкіл қазақтың тілегін қорытып «Алаштап» атқа мініп, ертең ашылғалы тұрған Учредительное Собраниеге тобымызды жазбай бару үшін жалпықазақ съезі қажет болды».

21-26 шілдеде Орынборда өткен 1-ші жалпықазақ съезіне барлық қазақ облыстарынан бар болғаны 20-дан астам делегат қатысқан. Бірақ, делегаттардың санының аздығына қарамастан, онда қаралған мәселелердің және олар бойынша қабылданған қаулының жалпы ұлт тағдыры үшін үлкен тарихи маңызын бүгін жоққа шығару мүмкін емес. Осы съезде Алашорда бүгіннен бастап қырғыз – қазақ халқының билігін алады деп жарияланған. Алаш автономиясының Алашорда аталған ұлт кеңесінің құрамына 15 адам сайланды. Осы кеңес мүшелерінің құрамына Торғай облысының өкілі ретінде Ахмет Бірімжанов сайланды.

Съезде Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарының һәм Бөкейліктің өкілдері болды. Съезд төрағасы болып Халел Досмұхамедов сайланды. Төрағаның серіктері болып: А. Байтұрсынов, Ә. Көтібаров сайланған болатын. Сонымен қатар осы съездің осы съездің хатшылығына М. Дулатов пен А. Сейітов сайланған.

Орынбор қаласында 21-26 шілде аралығында жұмыс жасаған жалпықазақ съезінің «Уақытша Кеңеске дайындалу һәм қазақ облыстарынан сайланатын депутаттар» деген қаулысына сәйкес, әр облыстан депутаттыққа һәм оларға кандидаттыққа лайықталған адамдар анықталды. Осы қаулы негізінде: Ақмола облысынан – 11 адам, Семей

облысынан – 8 адам, Торғай облысынан – 7 адам, Орал облысынан – 7 адам, Жетісу облысынан – 11 адам, Сырдария облысынан – 14 адам, Ферғана облысынан – 15 адам, Амудария облысынан – 3 адам, Бөкей ордасынан – 3 адам құрылтай сайлауына шақырылды.

Осы қаулы бойынша Торғай облысынан Ахмет Бірімжанов қазақ зиялылары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Е. Тұрмұхамедов, Е. Омаров, Т. Жаманмұрынов, С. Кәдірбаевтармен бірге тізімге кіргізілді. Ахмет Бірімжановтің мемлекеттік қызметкер, білгір заңгерлігі және ұлттық жанашыр зиялылығын замандастары өте жоғары бағалады. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов 1917 жылы «Қазақ» газетінің №235 санында жарияланған «Қазақ депутаттары» деген мақаласында «учредительное собраниеге» депутаттыққа лайық деп есептелген 43 адамның ішінде тізім бойынша бесінші адам етіп Ахмет Бірімжановтың кандидатурасын көрсетуі, Ахметтің қазақ зиялыларының арасында беделінің аса зор болғандығын көрсетеді.

1917 жылы «Қазақ» газетінің 250-ші номерінде «Алаш» партиясы атынан «учредительное собраниеге» аталған депутаттардың Торғай облысынан сайланған нөмірі бірінші тізімінде: 1. Ахмет Байтұрсынұлы, 2. Ахмет Бірімжанов, 3. Сағындық Досжанұлы, 4. Абдолла Темірұлы, 5. Тел Жаманмұрынұлы, 6. Ержан Оразұлы, 7. Әлихан Бөкейханұлы көрсетілді. Ахметтің бұл тізімге Бөкейханов, Байтұрсынов сияқты ұлт зиялыларымен Торғай облысынан тізімге ілінуі оның қазақ қауымы арасындағы зор беделін көрсетеді.

Осы құрылтайда Алашорда өкіметінің құрамына мына адамдар сайланған: Бөкейліктен – Уәлитхан Танашұлы, Оралдан – Қалел Досмұқамбетұлы, Торғайдан – Ахмет Бірімжанов, Ақмоладан – Айдархан Тұрлыбаев, Семейден – Қалел Ғаппасұлы, Жетісудан – Садық Аманжолұлы, Сырдариядан – Мұстафа Шоқайұлы. Алашорда үкіметінің басшылығына – Әлихан Бөкейханов тағайындалды [2, 8 б.].

1917 жылы Ақпан революциясынан кейін Қазақстанда уақытша үкіметтің жергілікті органдары құрылған болатын. Ахмет Бірімжанов ақпан революциясынан ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар құру, әлеуметтік-экономикалық реформалар бағдарламаларын жасау ісімен айналысты. Осы тұста ауылдық азаматтық комитеттер құру ісіне жетекшілікке бекітілген. А. Қыдырғалиевпен бірге Ахмет Бірімжанов та тындырымды істерді жүзеге асырған болатын. Торғай облыстық қазақ съезінің шешіміне сәйкес ауылдық азаматтық комитеттер ұйымдастыру үшін: Ақтөбе уезіне – 9 адам, Ырғыз уезіне – 9 адам, Қостанай уезіне – 12 адам, Торғай уезіне – 6 адамнан тұратын арнаулы топ (комиссия) жіберілді. Осы жұмысты ұйымдастыруда, яғни уездерде азаматтық комитеттер құру ісінде Ахмет Бірімжанов іскерлік танытты.

Осы съезд делегаттары Алашорданы жоғарғы үкімет деп танып, Қостанай уезінің территориясын Қазақ Автономиясының құрамдас бөлігі деп жариялады. Съезд делегаттары көптеген маңызды мәселелерді талқылаған. Сондай-ақ Қостанайда өткен съезд делегаттары уездік милиция құру қажеттілігін атап көрсетіп, оның міндеттерін анықтады. 1919 жылдың екінші жартысынан бастап 1920 жылдың басына дейінгі аралықта Қаревком Алашорда мүшелеріне кешірім жасау туралы мәселені бірнеше рет қарастырған. Алашорда мен Кенес үкіметі арасында жүргізілген келіссөздер нәтижесінде Қазревкомның 1920 жылдың 5 наурыздағы қаулысымен Алашорда таратылды. Алашорда көсемдері мен мүшелеріне кеңестер жағына шыққан жағдайда саяси кешірім жасалынды, бірақ Алашорданың белсенді қызметкерлері ревком мүшелігіне және басқа да жауапты қызметкерге ұсынылмайтын болды. Бұл шешім Алашорданың белсенді қайраткері болған Ахмет Бірімжановқа да тікелей қатысты еді [12].

1917 жылғы Қазан революциясынан кейін Торғай облысында саяси жағдай шиеленісіп кетті. Алаш қозғалысының лидерлері көздеген мақсаттарына жете алмады.

Ахмет Бірімжанов 1923 жылы отбасымен Торғайдан Орынборға көшіп келіп жұмысқа орналасты. 1923-1926 жылдар аралығында Ахмет Бірімжанов Юстиция халық комиссариатында заң шығару бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1918 жылы 14-17 қазанда Ахмет Бірімжановтың басшылығымен А. Алдияров және Омаровтың ұйымдастыруымен Қостанайда өткен төтенше уездік съезге әуелі 39 делегат қатынасып, кейін олардың саны 69 адамға жетті.

1925 жылы Қазақ АКСР-нің астанасы Қызыл-Ордаға ауысқанда да Ахмет Бірімжанов бұрынғы жұмысын абыроймен атқарған. Сол жылдары ол Қазақ АКСР юстиция комиссариатының алқа мүшесі, Қазақстанның жоғарғы сотының мүшесі болды. 1925 жылы жаңа астанаға Әділет комиссариатына жұмысқа баратын қызметкерлердің тізімі жасалған болатын. Осы тізімге Ахмет Бірімжанов республика прокурорының орынбасары Мұрзағұл Атаниязов, прокурор Сәлімгерей Нұрлыханов, прокуратураның аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі Ғаббас Сейдалиев, комиссариаттың сот құрылысы жөніндегі бақылау бөлімінің меңгерушісі Сейдәзім Қадырбаевтармен бірге енгізіліп, осы тізімді Әділет Халық Комиссары және Республика прокуроры Қанай Боранбаев бекіткен болатын [13].

Ахмет Бірімжанов бөлім басшысы ретінде 1924-1925 жылдары Қазақстанның барлық губернияларындағы сот құрамын түгелдей қайта сайлау науқаны кезінде үлкен ұйымдастырушылық қабілетін жан-жақты көрсеткен. Оның қатысуымен осы сайлау науқанының алдында республика сотының жергілікті құзырлы органдарының қызметіне бағыт-бағдар беретін қатынас қағаздар нұсқаулар дайындалды. Осы құжатта жергілікті заң орындарында мынадай мәселелерге арнайы назар аударып, басшылыққа алуды міндеттелінді:

- бұқара халықпен тығыз байланыста болатын әділқазылардың (судьялардың) мәдениеті жоғары болуы ең басты шарт;

- сот тергеу органдарының құрамына тексерістен өткен жұмысқа икемі бар қызметкерлерді іріктеу үшін тәжірибеден өткізетін практиканттар институтына қолдану, қажет болған жағдайда осы бағдарламадан өткен үздік практиканттарды запастағы әділқазы (судья) қызметіне пайдалану;

- әйелдерді сот қызметіне кеңінен тартудың бар мүмкіншіліктерін пайдалану, халық кеңесшілерінің құрамына әйелдерді енгізу үшін практиканттар институтының тәжірибесін қолдану және т.б.

Осылайша алдын-ала жүргізілген дайындық істерінен соң 1924 жылдың аяқ кезімен 1925 жылдың басында Әділет комиссариатының басшылығымен республикалық соттардың құрамында кезекті сайлау өткізілді. Қазақ мемлекетінің астанасы Қызылордаға ауысқан кезде Ахмет Бірімжанов Әділет Халық комиссары Қанай Боранбаевпен және одан кейін осы қызметке тағайындалған Садуақас Мәмбеевпен бірге қызмет істеді. Осы жылдары Қанай Боранбаевтың басшылығымен Ахмет Бірімжанов және Қазақ АКСР Әділет Халық комиссариатының басқа да қызметкерлерінің қатынасуымен 1925 жылы өткен Кеңестердің бүкілқазақтық V съезіне республика сот-тергеу, прокурорлық бақылау және халыққа құқықтық көмек беру, нотариалдық кеңселердің жұмыстары жайлы анықтамалық ақпарат дайындалды. Осы анықтамалық ақпарат Орынбордағы «Караван – Сарай баспасынан» «Отчет правительства Киргизской АССР 5-му Всекиргизскому съезду Советов» деген атпен жарық көрген.

Ахмет Бірімжановтің Орынбор және Қызылорда қалаларындағы заңгерлік қызметі Қазақ АКСР-нің Конституциясын дайындау және қабылдау жұмыстарымен тығыз байланыста болды. 1920 жылы 26 тамызда В.И. Ленин және М.И. Калинин «Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» тарихи декретке қол қойылды. Осы жолы 4-ші қазанда Орынбор қаласында Қазақстан

Кеңестерінің ұйымдастыру съезінде тарихи ерекше маңызы бар «Қырғыз (қазақ) АКСР-і еңбекшілерінің құқықтарының декларациясы» қабылданды. осы декларация Қазақстанның жаңа тарихында Кеңес Автономиясы түрінде ұлттық мемлекеттің құрылғанын жариялады.

1922 жылы КСРО-ның құрылуы КСРО Конституциясын қабылдаған. Осыған байланысты 1924 жылы 5-10 қаңтар аралығында Қазақ АКСР-і Кеңестерінің VI съезі болып, онда Қазақ АКСР-і конституциясының жобасы қаралды. Қазақ Кеңес Автономиялы Социалистік республикасының бірінші Конституциясы 1926 жылы 18 ақпанда Қазақ АКСР-і Орталық Атқару комитетінің қаулысымен қабылданды.

Қазақ АКСР-ның Конституциясыны жобасын дайындау, оның негізгі тұжырымдарын талқылау және ел Конституциясын қабылдау жұмыстарына тәжірибелі заңгер, бұрынғы Ресей Думасының депутаты, республика Әділет комиссариатының бөлім басшысы ретінде Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов белсене қатынасты және өзінің біліктілігін көрсеткен. Республика және Әділет комиссариатының басшылықтары тарапынан Ахмет Қорғанбекұлы Конституция жобасының маңызды тараулары мен тұжырымдамаларын дайындау тобының мүшесі ретінде үлкен сенім артылды. Бұл Конституцияда Қазақстанның саяси-экономикалық, мәдени жетістіктері көрініс тапқан.

Кеңес өкіметіне қазақ ұлтының мүддесін қорғайтын алашордашылар қажет емес еді. Сондықтан да Ахмет Қорғанбекұлы қызметтен аластатылды. Ал кәсіби білімі мен жинақтаған тәжірибесіне сай қызмет бермегені Алаш арысының жанына батты. Ақыры айықпас ауруға шалдығып, Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов 1927 жылы 5 қаңтарда ұзаққа созылған науқастан соң Ленинград (Санкт-Петербург) қаласында қайтыс болып, Ново-Волховскідегі мұсылман бейітіне жерленген.

Ахмет Бірімжановты соңғы сапарға шығарып салуға Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлерімен қатар, сол кезде Мәскеу мен Ленинградта оқып жүрген М. Әуезов пен Ә. Марғұлан және туған баласы Б. Бірімжанов бастаған студент жастар да қатысты.

Еліміздің тәуелсіздігі мен жарқын болашағы үшін аянбай күрескен абзал, алашшыл азамат, қоғам және мемлекет қайраткері, білікті заңгер Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжановтың есімі мәңгілік халық жадында сақталып, оның мұрасы болашақ ұрпаққа насихатталады.

Ұлықталуы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 1 наурыздағы № 311 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» құжатында белгіленген талаптарға сәйкес, аталған мәселені қарастырып және шешу Қостанай облыстық ІІД-нің ұсынысы негізінде облыстық тілдерді дамыту басқармасының құзырына жатады» деп көрсетілген. (23.09.11 ж. № Қ-8). Кезінде Ахмет Бірімжановты насихаттау мақсатында ҚР ІІМ-нің «Сақшы», жалпыұлттық «Қазақ», Қостанай облыстық «Қостанай таңы» және «ИнфоЦес» пен Қостанай ОІД-нің «На службе Закона» газеттерінде топтама мақалалар жарияланған.

Шымкент қаласында Ахмет Бірімжановтың есімімен көше аталған.

Әдебиет

1. Алаш Орда. Энциклопедия // Құраст. Ғ. Әнес, С. Смағұлова. – Алматы: «Арыс баспасы», 2009. – 544 б.
2. Қарабала Е. Ахмет Бірімжановты ұлықтай алдық па? немесе Алаштың ардақтысы туралы ой-толғау // Қостанай таңы, 25 қазан 2013 ж.
3. Қазақ шежіресі. Алматы, 1994. – 35 б.
4. ҚР ОМА. 4 – қор, 1 тізім, 2303 іс, 10-32 п.п.

5. Жұлдыз. 2003, №3, 124-125 бб.
6. ҚР ОМА. 25 – қор, 1 тізім, 3804 іс, 221 п.п.
7. Озғанбай Ө. Ресей мемлекеттік Думасы және Қазақстан. – Алматы, 2006. – 147 б.
8. У истоков Компартии Казахстана. Часть 1. – 218 с.

ӘОЖ 94(574)

СОТ БИЛІГІНІҢ БАСҚА БИЛІК ТАРМАҚТАРЫМЕН АРАҚАТЫНАСЫ

Әшкен А., Жақаева Г.К., Оспанова А.М.

(М.Қозыбаев ат. СҚМУ)

Билікті заң шығарушылық, атқарушылық және сот деген тармақтарға бөлу идеясы саяси-құқықтық концепция ретінде еуропалық буржуазиялық революциялар дәуірінде ағылшын ғалымы Джон Локк пен француз ғылымы Шарль Монтескье ілімдері негізінде қалыптасты. Олар мемлекеттік билікті үш тармаққа бөліп, оны асыра пайдалануға жол бермеудің бірден бір көзі деп білді. Француздың басқа ойшылы Жан Жак Руссоның пікірінше, билікті бөлу мүмкін емес, яғни мемлекеттік билік пен егемендік халыққа тиесілі болуы тиіс, ал халық атынан халық жиналысы немесе басқа да өкілді орган әрекет етуі тиіс [1].

Биліктің бөліну тұжырымдамасы екі жарым ғасыр бойы көптеген мемлекеттердің құқықтық жүйесіне енгізілді. Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі биліктің бөліну қағидасы монархиялық мемлекеттердің де конституциясында көрініс табады. Әрине, бұл жерде биліктің бөліну қағидасы шартты мағынаға ие, яғни билік заң шығарушылық, атқарушылық және сот болып бөлінгенімен, олардың басында монарх тұрады, демек, оған барлық мемлекеттік органдар бағынышты.

Мемлекеттік құрылым және басқару нысандары әртүрлі болғанымен, көптеген елдердің құқықтық тәртібінде жоғарыда аталып отырған тұжырымдаманың қолданылатынын көреміз. Біріншіден, әрбір билік тармағында өзіне тән өкілеттіктердің болуы; екіншіден, билік тармақтарының қарым-қатынасында құқықтық шектеулердің болуы; үшіншіден, бір тармақтың екінші тармаққа әсер етуінің құқықтық шегінің болуы. Осыны барлығы бірігіп, мемлекеттік басқаруда бір жүйенің болуына қолайлы жағдай жасайды. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, тіпті, мемлекеттіліктің қалыптасуындағы жеке қазақстандық тәжірибе де мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы өкілеттіктердің бөлінуі өте тиімді әрі ұтымды екендігінің дәлелі.

Қазіргі кездегі жаһандану үдерісі, қоғамдық қатынастардың күрделене түсуі мемлекеттік билік жүйесін әрдайым жетілдіріп отыруды қажет етеді. Сондықтан демократиялық мемлекеттердің көпшілігінде биліктің классикалық үш тармағымен қатар, биліктің бөліну тұжырымдамасына кірмейтін, басқа да мемлекеттік органдар қызмет етуде. Мұндай органдардың тізімі мен өкілеттіктері әр мемлекетте әрқалай, бірақ оларды біріктіретін бір белгі - олар ешқандай билік тармағына бағынбайды. Қазақстан Республикасында әрекет ететіндері: Конституциялық кеңес, Жоғарғы сот кеңесі, прокуратура, Ұлттық банк, Орталық сайлау комиссиясы, Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитеті және тағы да басқалары. Жоғарыда аталған мемлекеттік органдардың әрбіреуінің арнайы өкілеттіктері бар, ал олар қабылдаған шешімдер біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өміріне қосатын үлестері зор [2].

Қорытындылай келе, мемлекеттік билікті үш тармаққа бөлу қағидасы ескірген жоқ па деген сұрақ туындап отыр. Егер заңды тұрғыдан биліктің төртінші, бесінші

тармақтары бекітілсе, мүмкін мақсат басқаша болар еді деген болжамдар жасауға болады. Мысалы, дүниежүзілік тәжірибені алып, қарайтын болсақ, жарғылық, сайлау, бақылау, техникалық деген билік тармақтары кездеседі және олар мемлекет конституцияларында бекітілімін тапқан. Кейбір мемлекеттер қоғамдық санаға әсер ету деңгейін жоғарылату мақсатымен, бұқаралық ақпарат құралдарын төртінші тармаққа жатқызады. Әрине, бізге де конституциялық дережеде дәстүрлі емес билік тармағын төртіншіге бекітуге әбден болады. Бірақ мәселе олардың екінші орында, яғни қосымша қызмет атқаратындығын естен шығармаған дұрыс. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, тек «классикалық үштік» ғана мемлекеттік биліктің бірлігін сақтап, оны тиімді қолдануға мүмкіндік береді деп қорытынды жасаса, автор қателеспеген болар еді.

Благодаря документам из архива Аккольского района и материалам Аккольской центральной районной библиотеки была восстановлена история развития аула Жалгыскарагай, бывшее село Приозерное. Село образовалось в 1908 году. Основателями села были первые переселенцы – 13 семей из областей Украины. К ним относятся: Ковальков, Лютый, Тарасенко, Федорченко, Нестеренко, Ермак, Карлов, Холодняк, Нежелченко, Скорик, Давидченко. 1909 г – построена церковь, в 1910 году была основана первая на селе школа.

Сакральными объектами для многих жителей района являются места сражений периода Гражданской войны. Боевые действия проходили практически по всем населенным пунктам и местные жители указывают на территории боевых сражений отрядов Красной армии с белогвардейцами. Сопка Домбыралы, по мнению старожилов хранит не только легенду о несчастной любви, но содержит память героического прошлого района. Именно отсюда, с высоты 472 м, можно было контролировать всю территорию, открывающуюся как на ладони. И сегодня на вершине Домбыралы сохранились окопы, которые позволили местным жителям обороняться от насильственного призыва в Белую гвардию, доказательством являются не только окопы, но и патроны, которые находят здесь местные жители [2, 110].

В 2007 году Приозерный сельский округ и село Приозерное были переименованы соответственно в Жалгыскарагайский аульный округ и аул Жалгыскарагай, село Лидиевка данного сельского округа в ауыл Тастыадыр, а село Кызылту в аул Кайнар.

Это довольно небольшой объем информации, собранный в ходе экспедиции, еще раз доказывает, что сакральная география требует дальнейшего изучения. Люди хранят в памяти события, передают историю и учат любить свою землю.

Литература

1. Сакральные объекты Казахстана общенационального значения. - Астана: Фолиант, 2017. - 496 с.
2. Бектұров Ж. Енеден ерте айрылған төл секілді. - Алматы: Қазақстан, 2002. - 624 б.
3. Там же, с. 58.
4. Резов П. Из истории Алексеевки // Знамя Родины. - 1995. - №15. - 12 марта.
5. Жармуханов Х. Жер шежіресі - ел шежіресі (Ақкөл ауданы тарихынан) Земля и люди (из истории Аккольского района). - Астана: Полиграфия, 2012. - 196 с.
6. ГУ «Государственный архив Аккольского района», Ф. 24. Оп.1. Д.1. Л.2

ОТКРЫТИЕ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАСКОПКИ ПАМЯТНИКА КЫЗЫЛОБА В УАЛИХАНОВСКОМ РАЙОНЕ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Кусаинов О.Ж.

(СКГУ им. М.Козыбаева)

Период средневековья в Северном Казахстане до сих пор является малоизученной темой. Поэтому недавние раскопки мавзолея Кызылоба в Уалихановском районе Северо-Казахстанской области могут помочь ответить на некоторые вопросы в изучении данного периода и поставить новые, которые в свою очередь потребуют последующих исследований. Экспедиция по изучению данного объекта была организована в сентябре 2019 года Северо-казахстанским государственным университетом им. М. Козыбаева совместно с "Margulancentre" Павлодарского государственного педагогического университета. Автор данной статьи принимал непосредственное участие в раскопках в качестве преподавателя группы студентов, обучающихся на специальности «История» в Северо-Казахстанском государственном университете.

О том что, на данной территории могут быть исторические памятники, указывали в свое время Алихан Букейханов [1, с. 108-109] и Алькей Маргулан [2, с. 5]. А. Букейханов был некоторое время в составе статистической экспедиции Щербины Ф.А., работавшей на всей территории Казахстана в 1896-1903 гг., она была организована Главным Управлением Земледелия и Землепользования. В составе экспедиции он находился, будучи студентом третьего курса Петербургского лесотехнического института, принимая деятельное участие в ее работе [3, с. 11-13]. Экспедиция изучала территорию Казахстана на предмет возможности массового переселения крестьян в степные регионы. Территория, на которой расположен памятник, относилась в то время к Акмолинскому уезду и не подверглась заселению только потому, что она была признана непригодной для земледелия. Возможно это обстоятельство и сыграло свою роль в том, что захоронение не было найдено в то время, так как вероятность его обнаружения при распашке земель увеличивалась. За время своего участия в работе экспедиции Алихан Букейханов собрал и накопил достаточно большой объем фактического материала по экономике, этнографии и культуре Казахстана. В дальнейшем по этим материалам он опубликовал множество работ, в том числе краткую заметку "Список обам на реке Слеты Коржункульской волости Акмолинского уезда" [1, с. 108-109], которые вошли в «записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского И.Р.Г.О. выпуск №3 от 1907 года», где есть прямое упоминание памятника Кызылоба и его местоположения, а также о других памятниках из жженого кирпича на берегах данной реки. В заметке говорится о том, что местные жители разбирали мавзолеи для хозяйственных нужд, особенно отмечался тот факт, что кирпичи имели квадратную форму и были толщиной в три пальца, а также и то, что их качество было выше аналогов того времени. Данные факты подтвердились в ходе археологических работ.

Известный казахстанский ученый А.Х. Маргулан занимался изучением и систематизацией средневековых памятников на территории Казахстана. В своей работе "Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане" [2, с. 5] А.Х. Маргулан попытался локализовать в долине р. Селеты ряд городищ и мавзолеев, упомянутых в записках российского академика И.П. Фалька.

Однако целенаправленных поисков и разведок этих объектов не проводилось, за исключением археологических работ Северо-Казахстанской археологической экспедиции под руководством А.А. Плешакова, осуществлявшего в 80-90 гг. прошлого века паспортизацию памятников археологии этого региона. Тому, что эта территория была слабо изучена, есть несколько причин:

1. Отдаленность от крупных населенных пунктов, что затрудняет организацию экспедиции.

2. Отсутствие мотивации в исследовании средневековых памятников в советское время.

3. Отсутствие письменных источников средневекового периода, которые бы подтверждали наличие здесь следов средневековых городищ и мавзолеев.

Лишь в 2003-2007 гг. в долине р. Селеты археолог Т.Н. Смагулов (в то время научный сотрудник археологического центра ПГУ им. С. Торайгырова, научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана) обследовал остатки мавзолеев в урочищах Мортък (п. Изобильный Акмолинская область), Байнияз, Кызылоба (Северо-Казахстанская область). Им было проведено их картирование и сборы подъемного материала. Эти же объекты в 2003 г. осматривались директором Института археологии им. А.Х. Маргулана академиком К.М. Байпаковым, которым было высказано мнение о необходимости поиска в этом районе средневековых городищ и раскопок вновь выявленных объектов.

Как уже упоминалось выше, к раскопкам приступили в сентябре 2019 года, в силу погодных условий они носили рекогносцировочный характер. Сам объект представляет собой бугор размером 30х40 м. Целью ставилось получение предварительных данных о хронологической принадлежности, степени сохранности и целесообразности дальнейшего полномасштабного археологического исследования объекта.

В процессе раскопок был вскрыт участок северного сектора мавзолея площадью 100 кв. м, в котором выявлен хорошо сохранившийся северо-восточный угол сооружения. Стены мавзолея были возведены из кирпича форматом 25х25х5, 25х24х5, 24х24х5 см и кирпича половинного формата. Кладка производилась на глиняном и алебастровом растворе (ганче). Ширина основания северной стены 2,45 м и высота 0,87 м. Ширина восточной стены 2,3 м, высота 0,92 м. Помимо этого было обнаружено множество обломков керамических сосудов-чигирей от водоподъемных механизмов.

В ходе раскопок обнаружено внутреннее помещение, представлявшее собой фрагмент семейной усыпальницы-гурханы с кирпичным полом, на котором зафиксированы остатки 4 ступенчатых надгробий из жженого кирпича, выложенные в виде так называемого «ложного свода». Одно из погребений, представляющее собою кирпичный склеп, оказалось в недавнем прошлом непреднамеренно разрушено при сооружении топознака. В заполнении склепа вместе с останками человека найдены золотая серьга в виде вопросительного знака с подвеской и бирюзовыми вставками, а также две декоративные миниатюрные серебряные нашивки.

Также в ходе археологической разведки местности и анализа спутниковых снимков и материалов аэрофотосъемки с беспилотных летательных аппаратов выявлены многочисленные следы древней ирригации в виде плотин и арыков, что является свидетельством развитого оседлого земледелия и может в свою очередь указывать на расположение здесь поселений и городищ. Это аргументирует гипотезу академика А.Х. Маргулана о существовании в древности на территории Северного Казахстана памятников средневековой городской культуры [2, с. 14-15]. О том, что в древности на этой территории люди занимались земледелием, указывает также А. Букейханов в своей работе «Русские поселения в глубинах степного края» [1, с. 196-197], опубликованной в журнале Сибирские вопросы в № 33-34 от 1908 г. с. 29-45 СПб.

По мнению руководителя экспедиции Смагулова Т.Н. (директор "Margulancentre" Павлодарского государственного педагогического университета) в усыпальнице средневекового мавзолея, относящегося к середине-второй половине XIV-XV вв., были захоронены представители правящего дома чингизидов из династии Джучи хана (Жошы хана). Это в свою очередь говорит о том, что в данной местности находился ранее неизвестный культурно-политический и экономический центр кочевников, населявших Северный Казахстан в эпоху Золотой Орды и казахско-ногайлинское время.

Результаты исследований мавзолеев, проведенных в последние годы казахстанскими археологами на городище Бузук у г. Нур-Султан, мавзолеев Ботагай, Жанибек, Шалкар (Акмолинская область), мавзолеях Аулиеколь, Калбасунская башня (Павлодарская область), Абат Байтак, Кобланды батыр (Актюбинская область), Жайык (Западно-Казахстанская область), позволяют уверенно говорить о существовании в степной зоне Казахстана ранее неизвестных культурно-политических центров, сопоставимых с уже известными и хорошо изученными золотоордынскими центрами Хорезма, Улытау, Урало-Поволжья и Крыма.

Уалихановский район Северо-Казахстанской области после открытия памятника Кызыл-оба приобрел перспективы на долгие годы в плане изучения средневековой истории Казахстана. Северо-Казахстанским государственным университетом им. М. Козыбаева совместно с «Margulancentre» Павлодарского государственного педагогического университета будет продолжена дальнейшая работа по изучению памятников в нижнем течении р. Селеты.

Раскопки мавзолея в урочище Кызылоба являются продолжением реализации государственной программы «Культурное наследие Казахстана», принятой по инициативе первого президента Казахстана в 2004 году, так как одним из направлений ее деятельности является систематизация, сохранение и реставрация памятников истории и археологии.

«В нашей стране нет египетских пирамид и Римского Колизея, но роль кочевников, живших в древности на территории Казахстана, неопределима не только для Евразии, но и для мировой истории. Мы должны на мировом уровне показать величие степной цивилизации – это одно из главных задач программы «Культурное наследие» - подчеркнул Президент Казахстана Н.А. Назарбаев [4].

Открытие памятника средневековой архитектуры в Северном Казахстане приоткрывает новые страницы в истории Казахстана, связанные со сложением государственности на территории Сарыарки в эпоху Золотой Орды и Казахского ханства. Расширение источниковой базы, слабая изученность памятников данного периода на севере страны и необходимость воссоздания полномасштабной картины культурно-исторических и экономических процессов, имевших место на территории степной Евразии в 14-16 вв., диктует актуальность дальнейших исследований.

Особенно символично, что открытие данного памятника случилось в те дни, когда президент Казахстана К.К. Токаев объявил в своем послании народу Казахстана о праздновании 750-летия Золотой орды [5].

Литература

1. Алихан Букейхан. Полное собрание сочинений. т. 3. На казахском и русском языках. Монографии, научные исследования, статьи, литературные переводы 1907-1913 гг. / Сост. Жусип С.А. Издательский дом «Сарыарка», 2009 г. 560 с.
2. Археологические памятники Казахстана. // под ред. Акишева. Алма-Ата: 1978 г. 214 с.
3. Материалы по киргизскому землепользованию: В 12-томах. 1898-1909 гг. под ред. Ф.А. Щербины. т. 4. 708 с.
4. Источник: <https://e-history.kz/ru/contents/view/1568> © e-history.kz
5. Источник: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana © akorda.kz

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ БОЙЫНША
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ****Қаңтарбаева Д.Е., Оспанова А.М, Арбагулова С.С.***(М.Қозыбаев ат. СҚМУ)*

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Жолдау стратегиясында сапалы жаңа деңгейдің міндеті қойылды, атап айтқанда елде абсолютті инновациялар құру және болашақ технологияларды іздеу және құру бойынша ғылыми жобалық басқару моделін қолдану. Қазіргі әлемде әр түрлі білім ағынының болуы экономика дамуының тұрақтылығын түбегейлі арттырады. Дамудың жоғары қарқыны бар елдер білім мен технологиялардың трансфертінің арқасында неғұрлым жаңа идеялардың ағынын қамтамасыз етеді, олар талдануы, іріктелуі және кейіннен нақ осы қазақстандық экономиканың талаптарын ескере отырып, нақты технологияларға айналдырылуы мүмкін. Мұндай міндет елдің ғылыми қоғамының алдында тұр. Қазақстандық ғылым әлемдік зерттеу жүйесінде өз орнын табуы керек. Отандық ғылымның осы салаларындағы серпіліс үшін жаңа дәрежедегі зерттеушілер қажет. Бүгінде барлық технологиялық дамыған елдер үздік мамандар мен ғалымдарды тарту бойынша өз стратегияларын әзірлеуде [1].

Адамзат зияткерлік меншік қоғам үшін рухани байлықты ғана емес, сонымен қатар әр елдің экономикалық дамуы үшін маңызды фактор екенін бұрыннан түсінді. ХХІ ғасыр адамдардың шығармашылық қарқындылығы мен оны құқықтық қорғаудың қауіпсіз жүйесі сияқты басты рөл атқаратын зияткерлік экономиканың ғасыры болатыны айқын. Осылайша, инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың табыстылығы зияткерлік шығармашылық саласын коммерцияландыруға, ғылыми – зерттеу қызметінің беделі мен беделін арттыруға және, әрине, осындай қызметтің нәтижелерін шаруашылық айналымға тарту тиімділігіне байланысты. Біздің еліміздің қазіргі дамуының басты бағыты бұл өмірдің ең үздік стандарттарын қояды, жасаушыларға өз дарындары мен іскерліктерін өз бетінше жүзеге асыру үшін тең мүмкіндіктер беретін қоғамды құру болып табылады. . Инновациялық үлгідегі экономиканың дамуын дәл осындай тәсіл сипаттайды. Бүгінгі таңда біздің экономикамыз үшін принципті жаңа тәсіл қажет: инновацияларға ынталандыру, бұл жеке бастамаға, технологиялық жаңалықтарды жасауға және енгізуге ынталандырудың маңыздылығын білдіреді. Бұл бағыт зияткерлік құқықтарға да, атап айтқанда патенттік құқықтарға да қатысты. Даму қарсаңында ел өзекті мәселелерге көп көңіл бөлді, алайда қазір белгіленген жүйені жетілдіру туралы мәселе тұрды. Барлық мемлекеттердің экономикасын дамытудың негізі Техника мен ғылымды дамыту болып табылады [2].

Шығармашылық идеяларға сыйақы беру нысаны ретінде патенттер өнеркәсіп пен инновацияның өзін-өзі дамытуын ынталандырады. Күн сайын әлем түбегейлі өзгереді және өнеркәсіптің дамуы да өзгеше болады. Пікір бұл патенттеу объектілері болып табылады. Патенттеу объектілері күрделі және қолжетімсіз болып табылады деген пікір ескірген. Пайдалы және қарапайым объектілерді құру біздің күнделікті өмірімізді жеңілдетеді, сол арқылы оны жақсартады. Мұндай объектілер көптеген міндеттерді орындауды жеңілдетеді, атап айтқанда автомобильдер мен телефондар өмірді жеңілдетеді, микроскоптар үлкен шолу және таным береді, теледидарлар мен радио өмірді қызықты етеді, өрт сөндіргіштер өмірді құтқарады және т.б. Кейбір нысандар

жай ғана адамдардан міндеттердің бір бөлігін алып тастайды, кейбіреулері оларды орындауға көмектеседі, бірақ кейбіреулері адамдардың ең толыққанды өмір сүруі үшін өмірлік қажет. Көбінесе, жасаушылар адам қалауына байланысты бірдеңені жеңілдеу немесе пайдалану үшін ыңғайлы етіп ойлап табады – Барлық елдердің адамдары бірдеңе мұқтаждықтарын сезінеді, көбінесе бұл бірдей, яғни проблемалар бірдей және тиісінше олар үшін әртүрлі шешімдер табуға тырысады – Қазақстанның халықаралық аренаға шығуы, мемлекеттік саясатты әлемде жалпыға танылған қағидаттармен келісу процесі шығармашылық қызмет нәтижелерін құру және пайдалану үшін құқықтық базаны реформалау негіздерін дайындады Өйткені зияткерлік капиталды қайта құру процесі зияткерлік әлеуетті қамтамасыз етеді, бұл экономикалық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді. Бірақ бүгінгі таңда, тіпті егер мемлекет жағдайларды жақсарту және осы жағдайда патенттік құқыққа қатысты қандай әдістер қолданылса да, егер елде патент мерзімі аяқталғаннан кейін құқық объектілерін енгізетін орган қатысса, нәтиже болмайды. Патент пен қорғау құжаты аяқталғаннан кейін осы объектіні айналымға енгізу қажеттілігі туындайды, өйткені олардың барлығы кем дегенде өнеркәсіптік мәнге ие. Өкінішке орай, республикада өнертабыстардың аз ғана бөлігі өзінің іс жүзінде іске асуын табады, және бұл маңызды мәселе. Өз объектісін патенттеу туралы шешім объектіні сатудан коммерциялық пайда алудан тұратын патенттеудің негізгі идеясына байланысты. Мұндай жағдайда өнертапқыштық белсенділіктің артуы коммерцияландыру мүмкіндігімен тікелей байланысты. Нысанды жасағаннан кейін, оған құқықтарды рәсімдеу уақыты көптеген жасаушыларды осы кезеңде тоқтатады, алайда, өзінің құрылған объектісінде ақша табудың жалғыз жолы-оны сату екенін есте сақтау маңызды. Коммерциялық тұрғыдан табысты объектілер инновацияға айналады, бұл адамдар пайдаланатын өндірістік құралдарды өзгертуге қабілетті. Идеядан бастап тәжірибелік пайдалануға дейінгі даму жолы ұзақ және өте қиын. Ол қандай инновациялық және бірегей болса да,оны ұйымдастыруда күш-жігер, шығындар және осындай идеяға ең бастысы ішкі сұраныс қажет. Жеке әзірлеудің әлеуетін кешенді бағалау, оның ішкі ресурстарын ашу, нақты пайдалану ортасына бейімделу үшін эксперименттер, осындай ғылыми өнімнің ауқымдылығын зертханалық тексеру жүргізу қажет. Зерттеу нәтижелері бойынша ғана объектінің жетіспеушілігі, процестерді жетілдіру, артық факторлар туралы айтуға болады. Және ғылымның өзі патенттеу объектісін қолдануға дайын аяқталған объектіге дейін жеткізе алады. .

Әзірге Қазақстанда өнертапқыштарды енгізуойлап табушылардың өз үлесінде, өкәнәшке орай. Мұндай жеке іске асыру мүмкіндіктері, ең жақсы жағдайда, бұл технопарктер, жеке үлгілерді дайындауға арналған инновациялық қорлар және сынақтарды жүзеге асыру. Бұл кезеңде жеке іске асыру мүмкіндіктері аяқталады. Қазақстанда бәсекеге қабілетті отандық әзірлемелерді ішкі өндіріске енгізу тетіктері туралы нақты, заңмен бекітілген ережелер жоқ. Және көбінесе нарықтық экономиканың негізін теріске шығаратын парадоксалды жағдай қалыптасады, атап айтқанда, әзірлеу жақсырақ болған сайын, оны пайдалану ықтималдығы соғұрлым аз. [3]

Қазақстанда ұзақ уақыт бойы, әлемдік техникалық прогресс көшбасшыларына дейін болмаса да, тым болмағанда дамыған мемлекет деңгейіне дейін елдің патенттік – өнертапқыштық қызметін арттыру қажеттігі туындайды. Мемлекет өз назарыда болатын және енгізу шарттары айқындалатын патенттерді мемлекеттік қолдау жүйесін құру қажет.

Сондай-ақ, болашақта сөзсіз болуы мүмкін шетелде бар әзірлемелерді көтермелеу және ынталандыру, осы салада кадрлар даярлау, патенттік даулар бойынша соттардың жұмысын жолға қою шараларын де көздеу қажет Алайда, проблеманы неғұрлым адал және ашық баяндау үшін тұтынушылар мен сатып алушылар сияқты экономиканың

маңызды бөлігінің белсенді қатысуынсыз мұндай нарықты дамыту мүмкін еместігін атап өту қажет. Нарықты қалыптастырудағы маңызды факторды, атап айтқанда өндірістік сектордың жаңа ғылыми технологиялар мен әзірлемелерге сұранысының жоқтығын және шығармашылық қызметтің жаңа қорытындыларын нақты қолдануда жоғары технологиялық компаниялардың өздерінің өте төмен мүдделілігін ескеру қажет. Сонымен қатар, мұндай нысандарды енгізуге салғысы келмейдін пинвесторлар әрекеті де дұрыс емес деп айтуға болмайды, . Патент мерзімі өтінім берілген сәттен басталады, егер көп болмаса, яғни бөлінген уақыттан іс жүзінде бір жыл жұмсалған болса, патент алудың өзі бірнеше айға созылады, . Әлеуетті инвестордың іздеуінің өзі аз уақыт алады және патенттеу объектілерін құру үшін өндірісті одан әрі жолға қою да бір айға созылады. Барлығы, пайдалы модель үшін пайдалану уақыты мүмкіндігі кем дегенде екі есе азайған. Сондықтан инвестор мұндай өндірісті қаржыландыру үшін оның салымдарының өтелімділігіне қаншалықты сенімді болуы керек?!

Сонымен қатар, Қазақстан халқы айтарлықтай консервативті және шетелде танымал болудың барлық тенденциялары біздің елге сай келе бермейді. Мұндай инвестициялау венчурлік қаржыландыруды еске салады, өйткені бұл жағдайда байқалатын тәуекелдер капиталды әдеттегі енгізу үшін тым жоғары. Алайда, айтып өткендей, Қазақстанның Ашық инновациялар үлгісінде даму үшін барлық мүмкіндігі бар, ол үшін осы институтқа көбірек назар аудару қажет, бұл өз нарығын қалыптастыруға және елге дамудың жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік береді [4].

Егер қоғам білім мен ақпаратқа, іскерлікке, институттарға және тіпті адамдарға инвестициялайтын болса, осы деректермен алмасуды қолдайтын болса, онда ол барлық азаматтар үшін қажетті болашақ деңгейін қамтамасыз ете алады. Қазір қызметкерлерді оқытуға және қайта мамандандыруға, Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ақшалай материалдық қаражат салуға, атап айтқанда, ертеңгі және келесі күні инновациялық және революциялық бірдеңені құруда бірінші болу үшін, қазіргі көзқарасты шындыққа өзгертуге қабілетті шығармашылық дарынды адамдарды және өз салаларында жай ғана мамандарды үгіттеуге және қолдауға уақыт бөлуге неғұрлым тиімді екенін түсіну маңызды.

Әдебиет

1. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы "Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Қазбеков Т.Б. Индустриалды-инновациялық вектор Қазақстан экономикасының дамуының басты бағыты ретінде // "ҚарМУ хабаршысы" журналы, 2014, № 4, 21 б.
3. Абдақимова Д.А. Халықаралық зияткерлік меншік құқығы көздері // "ҚарМУ хабаршысы" журналы, 2005, № 2, б. 41.
4. Досманбетова М.С. Ұйымдағы зияткерлік капиталды қалыптастыру ерекшеліктері // "Вестник КазНУ" журналы, 2014, № 6, 37 б.

ГЕНОЦИД – АДАМЗАТҚА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ АУЫР ТҮРЛЕРІНІҢ БІРІ РЕТІНДЕ

Қаңтарбаева Д.Е., Оспанова А.М., Құрбанова М.Н.

(М.Қозыбаев ат. СҚМУ, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ)

Адамзат тарихында халықтар мен этникалық топтардың жаппай қырылу жағдайлары аз емес. XX ғасырдың тарихында мұндай қылмыстар жиі кездеседі, өйткені осы кезеңде азаптау мен қорлау арқылы бүтін халықтарды түбімен жоюға бағытталған ең қорқынышты және қатыгез әрекеттер әшкереленген болатын. Атап өтсек, мұндай қатігез қылмыстарды жасаған адамдар әрекеттерін қылмыс ретінде мойындамайды және өздерін халықтарды жаппай қыруға құқығы бар ең жоғарғы раса ретінде санайды. Геноцид - (грек, *genos* - тек, тайпа және лат. *caedo* - өлтіру) - қандай да бір ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топтың өкілдерін түгелдей немесе жекелеп қасақана қырып-жою, денсаулығына аса ауыр зиян келтіру, бала тууына күштеп кедергі жасау, балаларды мәжбүрлеп ауыстыру, мәжбүр түрде көшіру немесе осы топтың мүшелерінің тұтастай немесе бір бөлігінің құрып кету қаупін туғызатын жағдайлар туғызу.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 168-бабына сәйкес, геноцид, яғни ұлттық, этностық, нәсілдік немесе діни топты осы топтың мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зиян келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп беріп жіберу, күштеп көшіру не осы топтың мүшелерін қырып-жою мақсатында өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана іс-әрекеттер болып табылады [1].

Бұл терминді геноцид қылмыс ретінде сипатталғаннан кейін шамамен он жыл өткен соң 1944 жылы еврей ұлтының тумасы, поляк және американдық заңгер Раффаэль Лемкин ашты. 1944 жылы профессор Лемкин «Axis Rule in Occupied Europe», яғни «Оқшауланған Еуропадағы негізгі ереже» кітабын басып шығарды.

Бұл еңбегінде профессор Лемкин фашистік Германияның адамгершілікке жатпайтын әрекеттері туралы және Гитлердің жаулап алған территорияларын, оның ішінде Еуропа халықтарын германизациялау үшін жаппай қыру жоспарын құрғаны туралы жазған болатын. Профессор аталған қылмыстардың мәнін аша келе, геноцид ұғымын: «геноцид дегеніміз - бұл ұлттың немесе этникалық топтың жойылуы» деп тұжырымдады. Геноцид ұлттардың тез арада жаппай қырылып, жойылып кетуін білдірмейді. Дәлірек айтсақ, бұл қылмыстың ұғымы халықтар мен ұлттардың өмір сүру негіздерін жоюға бағытталған іс-қимылдардың жүйелі жоспарын білдіреді. Мұндай жоспардың құрамдас бөліктерінің мақсаты саяси және әлеуметтік институттардың, мәдениеттің, тілдің, ұлттық бірегейліктің, діннің, халықтар мен топтардың өмір сүруінің экономикалық негіздерін жою, сондай-ақ осы этникалық топтар мен халықтардың мүшелерін жеке басының қауіпсіздігі мен бостандығынан, денсаулығынан, қадір-қасиеті мен өмірінен айыру болып табылады. Геноцид тұтастай ұлтты қырып-жоюды мақсат етеді, қолданылатын әрекеттер адамдарды жеке тұлға ретінде жою емес, халықтар мен ұлттық топтардың мүшесі ретінде жоюды көздейді.

Бүкіл өркениет тарихында геноцид адамзатқа үлкен шығындар алып келді және бұл зұлымдық апаттан құтылу үшін бүтін қоғамның халықаралық ынтымақтастықта болуы шарт деген сенімділікпен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1948 жылғы 11 желтоқсандағы 96 (I) қарары негізінде, геноцидті халықаралық құқықтың

заңдарын бұзатын және Біріккен Ұлттар Ұйымының рухы мен мақсаттарына қайшы келетін Қылмыс деп жариялады. Тараптардың келісуі бойынша, геноцид бейбіт не соғыс уақытта жасалғанына қарамастан, халықаралық құқықтың заңдарын бұзатын, алдын-алу шараларын қабылдауға міндеттейтін және осы қылмысты істегені үшін жазалануға жататын қылмыс ретінде танылды.

Халықаралық қауымдастықтың шешімі бойынша геноцид халықаралық қылмыс деп танылған болатын. 1968 жылғы «Әскери қылмыстар мен адамзатқа қарсы қылмыстарға ескіру мерзімінің қолданылмауы туралы» Конвенцияға сәйкес, Геноцид қылмыстарының жасалған уақытына қарамастан, ескіру мерзімі қарастырылмаған 7 қылмыстың қатарына енді [2].

Осылайша, тарихи қатынастардың ғасырлық эволюциясының бастамасы негізінде, бұл қылмыстардың бос жерде пайда болмағаны туралы қорытынды шығаруға болады. Қазіргі заманғы саяси өмірдің шынайылығы халықаралық бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігінің әл-ауқатының жақсаруы үшін бізге бірқатар күш-жігер жұмсау керек екендігінің куәсі. Біз өзімізді өркениетті қоғам деп атағанымызбен, ХХ ғасырдың соңғы ширегі мен ХХІ ғасырдың басындағы тарихтың өзінде-ақ ұлттар мен этникалық топтардың жойылуы туралы көптеген мысалдар толып жатыр. ХХ ғасырда геноцидтің әртүрлі формаларының және ұқсас қылмыстардың таралуы осы тұжырымдаманың дағдарысқа ұшырауының тағы бір дәлелі бола алады.

Бұндай ұқсас қылмыстарға жер аудару, яғни адамдарды тұрғылықты жерлерінен мәжбүрлеп көшіру, осындай мақсатты көздейтін, бірақ сонымен бірге көрінгісіз зұлымдықтармен, оның ішінде заңсыз кісі өлтіру, зорлау, өлтіру, азаптау сияқты заң бұзушылықтармен ұласатын қылмыстар. Этноцид-ұлысты, халықты нысаналы түрде қырып-жою немесе олардың ұлыстық-мәдени ерекшеліктерін: тілді, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, тарихи зердені зорлық-зомбылықпен жою үдерісі. Демоцид - үкімет жүзеге асыратын жаппай кісі өлтірудің түрлі нысандарын қамтитын термин, мұндай кісі өлтіру әдетте қаруланбаған азаматтарға, халыққа қарсы бағытталады.

Освенцимде геноцид емес, ұлттың тұтастығын бұзу, яғни демоцид орын алды, соның кесірінен 70000-нан 75000-ға дейін поляк жаппай қырылды. Қырып-жою - белгілі бір уақытта белгілі бір жерге әдейі жиналған, қарусыз адамдарды жаппай өлтіру болса, саяси қастандық - саяси мақсатқа қарсы бағытталған жаппай өлтірулер.

Геноцидтің қылмыс ретіндегі қорқынышты және адамгершілікке жатпайтын қыры - бұл ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топты толығымен немесе ішінара жою.

Сондай-ақ, кез-келген геноцид актісі адам өлтірумен салыстырғанда немқұрайлықпен емес, қасақана жасалуы мүмкін. Егер нормативтік құжатта көзделмесе, адам өлтіру кезінде ұлттық, нәсілдік, этникалық, діни тиесілілігі туралы көрсетілмейді.

Сонымен қатар, геноцид жеке тұлғаға емес, бүкіл халыққа қарсы бағытталады.

Геноцид бүкіл мәдениеттің, халықтың, қоғамның қасақана жойылып кетуімен қауіпті болып келеді. «Біреуге қарсы геноцид жоқ. Геноцид әрдайым барлығына қарсы». Геноцид туралы жалпы түсініктен басқа, қазіргі әлемде «жанама» геноцид ұғымы бар:

1) этникалық араласу - мүдделері қарсы топтар арасындағы қақтығыс, яғни этникалық тұрғыда ерекшеленетін топтаралық қақтығыс түрі. Стокгольм халықаралық бейбітшілікті зерттеу институтының мәліметтері бойынша 90-жылдардың ортасындағы барлық қақтығыстардың үштен екісі этносаралық сипатта болды, этникалық араласудың классикалық мысалы ретінде американдық, австралиялық және басқа континенттердің отарлауын айтуға болады.

2) мәдени және тарихи ортаның өзгеруі, бір сөзбен айтқанда - сананың бұзылуы. Мәдени - тарихи орта деп адамның әлеуметтік және рухани ортасы, оның ішінде осы мемлекеттің аумағында қалыптасқан тарихи процестері, мәдени дәстүрлері түсініледі.

3) биологиялық араласу – табиғи жағдайларды өзгерту мақсатында биологиялық және өсімдік әлемін жаппай жою.

«Жанама» геноцидті жаппай зорлық-зомбылықтың басқа түрлерінен ажырату өте қиын, сондықтан геноцид құбылысын зерттеуде ғалымдардың көпшілігі тек бір критерий қолдану жеткіліксіз деп санайды.

Геноцид қылмыстарын жасаған адамдармен қарым-қатынасқа түсуге тілек білдірмейтін мемлекеттер 1948 жылғы Конвенцияның VI бабын негізге ала отырып, қылмыс жасады деп айып тағылған адамдарды «аумағында осы қылмыс жасалған мемлекеттің құзыретті соты қарастыруы керек немесе соттың юрисдикциясын таныған осы Конвенцияның тараптарына қатысты юрисдикциясы болуы мүмкін осындай халықаралық қылмыстық сот соттауы тиіс» деген пікірді ұстанады [3]. Атап өтсек, шет елдердің қазіргі қылмыстық заңнамасында жалпы ішкі құқық нормалары халықаралық құқық нормаларымен сәйкестендірілген. Сонымен қатар, көптеген елдер халықаралық құқықтың нормаларын мемлекеттің ішкі заң жүйесіне қосылуын міндетті түрде қамтамасыз етіп отыр.

Халықаралық-құқықтық актілердің жалпы талаптарына қарамастан, көптеген елдерде геноцидтің мәнін түсінуде белгілі бір айырмашылықтар сақталып отыр, алайда бұл геноцидтің қылмыстық жауапкершілікке тартылатын ең қауіпті қылмыс болып танылуына әсер етпейді. Қазіргі уақытта Мьянмада рохиндж мұсылмандарына қарсы геноцид жүріп жатыр. Олар баспаналарынан айырылып, азаматтық құқықтары танылмайды, мойындалмайды, көптеген жылдар бойы сарбаздар тарапынан кемсітушілікке ұшырап келді, үйлерінен қуылды, сол себепті көрші Бангладеш еліне қашуға мәжбүр болды. Босқындарға қарсы әскери күштер, қару-жарақтар, миналар қолданылды, ауылдары өртелді.

Сол себепті Түркия президенті Режеп Тайып Ердоған Мьянмадағы оқиғаларды «мұсылмандардың геноциді» деп таныған болатын. Мьянмадағы оқиғаларға қатысты түсінік берген Шешенстан Республикасының басшысы Рамзан Кадыров геноцид адамзатқа қарсы жасалған жаңа ғасырдың ең қорқынышты қылмысы деген пікірге келді. Қазіргі әлемдегі геноцид мәселесінің проблемасы адам құқықтарының жалпы әлемдік мойындалуына қарамастан, кез келген этникалық, діни топтың құқықтары қысымға алынуы және бұзылуы мүмкін, сол себепті адамзатқа қарсы ауыр қылмыстың бір түрі ретінде геноцид қазіргі әлемде айтарлықтай ауқымға ие болып отыр.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының 03.07.2014 жылы қабылданған Қылмыстық кодексі.
2. «Әскери қылмыстар мен адамзатқа қарсы қылмыстарға ескіру мерзімінің қолданылмауы туралы» 1968 жылы қабылданған Конвенциясы.
3. «Геноцид қылмысының алдын алу және олу үшін жазалау туралы» 1948 жылы қабылданған Конвенциясы.

ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ПАРА АЛҒАНЫ ҮШІН ҚЫЛЫМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК: САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

Қаңтарбаева Д.Е., Оспанова А.М., Нұрмұқан А.Е.

(М.Қозыбаев ат. СҚМУ)

Парақорлық қылмысына талдау жасауда тек қана отандық заңдылық нормаларына талдау жасап, шет мемлекеттердің осы тұрғыдағы заңдылық нормаларына салыстырмалы-құқықтық зерттемеу өте үлкен кемшілік болып табылар еді.

Француздың атақты заңгері Марк Ансель «шет ел тәжірибелеріне зерттеу заңгерлерге өз елінің заңының табиғатын терең түсінумен бірге, оларға танымдық жетістіктерге жетуге үлкен жол ашады. Салыстыру заңгерлерге жаңа идеялар, ойлар, пікірлер береді, олар арқылы өз елінің заңдарын жетілдіруге кең өріс ашылады» деген [1].

Осыған орай біз бірқатар шет мемлекеттердің қылмыстық кодексінде парақорлыққа байланысты заңдарға қысқаша тоқталсақ, Германия Федеративтік Республикасы Қылмыстық Кодексінің 29 тарауы тұтастай «Лауазымдық Қылмыстық іс-әрекеттер» деп аталады [2].

Мұнда парақорлық, лауазымдық қылмыстарға арнаулы баптар арналған. Германия Қылмыстық Кодексі бойынша лауазымдық қылмыстардың субъектісі болып лауазымды тұлғалар, ал пайда табу мен парақорлықтық субъектілері болып жария міндеттерді арнайы тапсырмалар мен орындауға уәкілетті адамдарда танылады. Бұл түсініктің мазмұны Германия Қылмыстық Кодексінің 2 - параграфында берілген.

Осыған орай лауазымды адамдары болып шенеуніктер мен судьялар, өкімет немесе басқару органдарында мемлекеттік міндетті жүзеге асыратындар немесе осы қызметті арнайы тапсырмалармен жүзеге асыратындар. Ал арнайы тапсырмалар мен жария міндетті атқаратындарға лауазымдық тұлғалармен қатар, лауазым иесі болып табылмайтын, бірақ заң негізінде өзіне тапсырылған міндетті адал атқаруға арнайы уәкілеттік алған адамдар жатқызылады.

Франция қылмыстық кодексі 1982 жылы қабылданған, 1994 жылдан күшіне енген осы кодекс 4 кітаптан тұрады [3]. Осы кодекстің 4 - кітабы «Ұлтқа, мемлекетке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар мен теріс қылықтар туралы» деп аталады, кітаптың үшінші бөлігінің 2 тарауында «Мемлекеттік қызметтегілердің мемлекеттік басқару органдарына жасаған қол сұғушылық туралы» деп аталады.

Парақорлыққа байланысты Француз Қылмыстық Кодексінде «адалдық парызын бұзуға байланысты» (432-10, 432-16) баптар арналған.

Бұл тұрғыдағы адалдық сертін бұзуға қарсы қылмыстарға: заңда көрсетілген негіздерге байланысты деген сылтаумен заңсыз ақша қаражаттарын жинау; пара алу және абыройды саудаға салу; заңсыз пайда табу; мемлекеттік ұйымдар үшін қызмет көрсетулер мен тауар нарығындағы кандидаттардың еріктілік пен теңділік бостандықтарын бұзу; бөтеннің мүлкін заңсыз алу және талан-таражға салу;

Франция Қылмыстық Кодексі бойынша жария лауазым адамының түсінігі берілмеген.

Франция Қылмыстық Кодексіне сәйкес лауазымдық қылмыстар субъектісі болып

- 1) өкімет билігі өкілі;
- 2) мемлекеттік аппарат органдарының қызметін атқаратын адамдар;
- 3) қоғамдық мандатқа ие болған адамдар;

4) аралас түрде мемлекеттік ұйымдар, лауазым адамдары, егер сол ұйымдарда мемлекет 50% тен жоғары капиталға ие болғандар саналады.

Испанияның жаңа Қылмыстық Кодексі 1995 жылы қабылданды [4, 126-128 б.). Мұнда мемлекеттік қызметшілердің өз өкілдіктерін пайдаланып жасаған теріс әрекеттері үшін кең көлемде түсінік берілген. Қылмыстық Кодекстің XIX бөлігі «Мемлекеттік өкіметке қарсы қылмыстарға» арналған.

Осы бөлікте мемлекеттік қызметшілердің және басқарудың лауазымдық қылмыстарды (404-406 баптар), міндеттерін орындамағаны үшін қылмыстық қудалау (407-409 баптар), бағынбаушылық және жәрдем көрсетуден бас тарту (410-412 баптар), қркаттарды сақтау және құпиялықты бұзуға байланысты қиянаттар (413-418 баптар) парақорлық туралы (419-426 баптар), беделді пайдалану туралы (428-431 баптар), ысырап етушілік туралы (432-435 баптар), алдау және заңсыз алым туралы (436-438 баптар), мемлекеттік қызметшілердің келісімдер жасау жөніндегі және қызмет өкілдігін атқару кезінде шектен шығуы туралы (439-445 баптар) арналған. Осы аталған қылмыстардың көпшілігінің субъектісі - лауазымды тұлға немесе мемлекеттік қызметкер.

Лауазымды тұлға туралы түсінік қылмыстық заңда арнайы берілмеген. Ал мемлекеттік қызметшіге заңның тікелей көрсетуімен немесе сайлау қорытындысы нәтижесінде немесе тағайындау арқылы мемлекеттік функцияларды атқарғанда (ҚК-нің 25 бабының 2 бөлігі) жатады деп көрсетілген. Парақорлық үшін алқа билер де, сарапшылар да басқа да жария функцияларды атқаратындар да қылмыстық жауаптылыққа тартылады деп айтылған.

Польша Республикасы Қылмыстық Кодексі бойынша пара алу термині қолданылмайды [5]. Бірақ мұндай іс-әрекет жасағандар Қылмыстық Кодекстің 228-бабына сәйкес мүліктік немесе жеке пайданы жария функцияны атқаруға байланысты алғаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады [6]

Америка Құрама Штаттарында лауазымдық қылмыстар үшін жауаптылық Федералдық және штат заңдарында көрсетілген [7].

АҚШ Федералдық заңының 18 заңдар жинағында лауазымды қылмыстар туралы арнаулы тарау жоқ, мұндай іс-әрекеттер туралы жауаптылық заңның «Парақорлық, арам пайдалар немесе жария биліктегі өз қызметін теріс пайдалану» (I тарау); «Лауазымдық тұлғалар және жалдамалы қызметшілер» (93 тарау), «Қорқытып талап ету және қорқыту» (41 тарау); «Сайлау және саяси іс-әрекеттер» (29 тарау) бөліктерінде реттелген. Осы заңдарға сәйкес пара алудың субъектісі болып АҚШ конгресі мүшелері, АҚШ атынан әрекет ететін тұрақты комиссия мүшелері, қызметшілер, жалдамалы қызметшілер, атқарушы өкімет органдарының ресми функциясын атқаратын адамдар, сайлау арқылы немесе ресми түрде тағайындалған жария биліктің лауазымды тұлғалары; заң шығарушылық немесе атқару органдарының қызметшілері (ақылы немесе ақысыз) егер олар жылына 130 күннен кем емес осындай қызметтер атқарса.

АҚШ үлгі қылмыстық кодексінде лауазымдық қылмыстардың субъектісіне «жария қызметшілер» немесе «партиялық лауазымдық тұлғалар» да жатқызылған, әр штаттың қылмыстық заңы бұл қағиданы өз ерекшеліктеріне қарай қабылдаған.

Көптеген шет мемлекеттер парақорлықтан басқа сыбайлас жемқорлық жөнінде де арнайы заңдар қабылдап, қылмыстық жауаптылықты көздеген. Мысалы, АҚШ-да 17 қазан 1990 жылы үкімет шенеуніктері мен қызметшілерінің этикалық мінез-құлық принциптері, 1978 жылғы үкімет мекемелеріндегі этика туралы заң, Ұлыбританияда Азаматтық қызмет статусы; Герман Федералдық Республикасында - мемлекеттік қызмет туралы федералдық заң; Францияда - Мемлекеттік қызметтің бас статусы (1946 ж.).

АҚШ нормативті актілерінде шенеунікке мемлекеттік қызметтен басқа ақы төлейтін қызметті аткаруға тиым салынған, қызмет өкілдігін пайда табу көзіне айналдырмауға, кез келген сыйлық, сияпат алуға тиым салынған. Бұл қағидаларды бұзу қылмыстық немесе тәртіптік шараға әкеліп соғады.

Англия ережесі бойынша мемлекеттік қызметшілерге жеке компания, фирмалармен кандай да бір болмасын байланысты болуға тиым салынуда, жеңілдікпен осындай ұйымдардың заттарын сатып алуға да болмайды. Англия заңдары бойынша мемлекеттік қызметшілер өзіне ұсынылған кез келген сыйлықтардан бас тартуы керек.

Швейцария Қылмыстық кодексінде әртүрлі сыйлықтарды алғаны үшін (316 бап) қылмыстық жауаптылық арнайы түрде көрсетілген [8].

Америкалық қылмыстық-құқықтық доктрина парақорлықты төрт түрге бөліп белгілейді:

- 1) жария әкімшілік қызметіне қол сұққаны үшін парақорлыққа бару;
- 2) коммерциялық парақорлық;
- 3) кәсіподақ қызметіне байланысты парақорлық;
- 4) спорт саласындағы парақорлық.

Штаттардың қылмыстық кодексінде бұл доктриналар одан әрі жетілдірілген. Нью-Йорк штаты Қылмыстық кодексі жария мемлекеттік қызметке байланысты пара алу немесе партиялық лауазымға байланысты пара алу, сондай-ақ куәгер мен алқа билердің пара алуы деп парақорлық түрлерін даралап көрсеткен.

Яғни осы заң пара алу жауаптылығын - лауазым адамын сатып алу (Фелония Д); пара-сыйлық лауазым адамының қызмет өкілділігін теріс пайдаланып бұрынырақ жасаған жақсылығы (Фелония Е); жария мемлекеттік қызметшілерге өз құзыреті шеңберінде заңды әрекеттерді жүзеге асырғаны үшін параны алғыс ретінде беру (Мисдиминор А) деп жікке болген.

АҚШ Үлгі қылмыстық кодексінде (2405 бап) жауапты жария қызметшілердің әртүрлі сыйлықтар алғаны үшін де қылмыстық жауаптылық түрлері көрсетілген.

Парақорлық пен коррупцияға байланыста бұрынғы кеңестік жүйеге кірген, кейін ТМД елдеріне кіретін Республикаларда да әртүрлі заң нормалары қабылданған.

Эстон Республикасы 1992 жылы ТМД елдері ішінен бірінші болып қылмыстық кодексті қабылдады. Осы кодекстің 160 - бабына сәйкес лауазымды тұлға болып меншік нысанына қарамастан әкімшілік, қадағалау, ұйымдастырушылық, биліктік, оперативті функцияларды ұйымдар, кәсіпорындар мен мекемелерде жүзеге асыратындар танылады.

Молдава, Беларусь, Украина Республикаларының жаңа қылмыстық кодекстерінде де лауазымдық тұлғаға Эстон қылмыстық кодексіндегідей анықтама берілген.

Өзбекстан Республикасы 1994 жылғы 22 қыркүйекте қабылданған қылмыстық кодексінде лауазымдық қылмыстарға жеке тарау арналмаған, бұл тұрғыдағы қылмыстар «Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар» деген тарауда көрсетілген. Пара алу (210 бап), пара беру (211 бап) парақорлыққа делдалдық (212 бап) үшін арнайы нормалар берілген. Қылмыс субъектісі - лауазымды тұлғаға - мемлекеттік немесе мемлекеттік емес ұйым, кәсіпорын мекеме қызметкерлері жатқызылған. Қылмыстық заңда лауазым адамы, жауапты лауазымдық тұлға, өкімет өкілі деген терминдерге анықтама берілген. Өзбекстан қылмыстық кодексінің 214 бабында қызметшіні сатып алу үшін қылмыстық жауаптылық белгіленген, бірақ қылмыстық заңда қызметшінің түсінігі көрсетілмеген.

Қырғыз Республикасы Қылмыстық кодексінде лауазымдық қылмыскер «Мемлекеттік өкіметке қарсы қылмыстар» деген арнайы тарауда белгіленген. Парақорлық түрлері мұнда пара сыйлық (310 б), параға сатып алу (311 б), лауазым берген үшін пара алу (312 б), параны қорқытып талап ету (313), пара беру (314 бап) деп бөлінген.

Әдебиет

1. Ансель М. Методологические проблемы сравнительного права // Очерки сравнительного права. - М., 1991. - 72 с.
2. Уголовный-кодекс ФРГ / Науч.ред. Н.Ф. Кузнецова и Ф.М. Решетников. - М., 1996. - 210 с.
3. Новый Уголовный кодекс Франции / Научн. ред. Н.Ф. Кузнецова, Э.Ф. Побегайло. - М., 1993. - 180 с.
4. Уголовный кодекс Испании / Под ред. Н.Ф. Кузнецова и Ф.М. Решетникова. - М., 1998. - 140 с.
5. Уголовный кодекс Польши / Под общ. ред. Н.Ф. Кузнецова - М., 1998. - 47 с.
6. Ответственность за должностные преступления в зарубежных странах /отв. ред. Ф.М. Решетников. - М., 1994. - 210 с.
7. Примерный уголовный кодекс США / Под ред. Б.С. Никифорова. - М., 1969. - 192 с.
8. Швейцарский Уголовный кодекс. - М., 1947. - 30 с.

ӘОЖ 37.018.011

АДАМ ТҰЛҒАСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ

Қоңырбаева Д.Т., Утегенова М.С., Кантарбаева Д.Е.
(*М. Қозыбаев ат. СҚМУ*)

Отбасы-адамның басты құндылығы. Ол адамдардың көптеген бастамаларының негізі және іргетасы болып табылады. Көбінесе отбасының қолдауы мен сенімі арқасында біз керемет биіктер мен жетістіктерге қол жеткіземіз. Сондай-ақ, отбасы әрқайсымызда жеке тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастырудың негізі болып табылады. Ата-аналар-өмір мұғалімдері. Бұл тұлғаның қалыптасуы, бала санасына белгілі бір білімді, қағидаттар мен дәстүрлерді салу арқылы, тәрбиелеу арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан біз отбасы қоғамның қалыптасуында басты рөл атқаратынын батыл айта аламыз, өйткені қоғам-бұл адамдар, ал бұл адамдарды отбасы тәрбиелейді. Біздің тақырып бойынша біз жеке тұлғаға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеуде отбасының қоғам алдындағы рөлі мен жауапкершілігі қандай екенін қозғаймыз. Сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейтін тұлғаны қалай тәрбиелеу керек?! Бала кезден бастап бізді біреудің затын, мүлкін алмауға, меншігіне қол сұқпауға, басқа адамдарды құрметтеуге, заттардың құндылығын білуге және кез келген істе адал болуға үйретеді. Біздің ата-аналарымыздың ұстанған бұл негіздері мен принциптері біз үшін дұрыс жол бағыты болды.

Неге сол кезде осы қарапайым шындықты балалар санасына сіңіре отырып, сыбайлас жемқорлық әлі де өсіп келеді және еліміздің әрбір үйде дерлік тамаша өмір сүреді. Балалар тек қана айтатынымызды ғана емес, сонымен қатар біз не істейтінімізді байқап отырады, өйткені олардың жасында біз оларға еліктеу үлгісі болып табыламыз. Өз сөздеріңіз бен іс-әрекеттеріңізді бақылаңыз, тіпті бір-бірімен пара берген немесе оны алған біреу әр түрлі сәттерді талқылай отырып, олар сізді еститінін ұмытпаңыз, және оларда мұғалімдер мен отбасының ықпалына беймәлім және қандай да бір цинизм қалыптаса бастайды.

Сыбайлас жемқорлық туралы үш жастан бастап айту керек, бұл қабылдаудың бірінші кезеңі, көбінесе осы уақытта олар балабақшаға барады, бірінші кезең алты жасында аяқталады. Оларға дұрыс және дұрыс емес, адал немесе адал емес, әділ немесе жоқ деп айтуға болады. Әдетте бұл туралы тәрбиешілер алты жастан кейін, екінші кезеңде мектеп пен университетті бітіргенге дейін әңгімелесуді бастайды. Бұл, әрине, қазір білім беру мекемелерінің өздері әңгімелесулер мен білім беру бағдарламаларын өткізетіні жақсы, бірақ сізді барлық жерде емес, барлық уақытта бұл болып жатқан жоқ деп сендіремін.

Өз тәжірибем бойынша біздің оқу орнында, әрине, қандай да бір әңгімелер, видеороликтер көрсетілді, бірақ олар өте сирек болды, мен оларды бір қолдың саусақтарымен санай аламын, сондықтан балаларды тәрбиелеу үшін тек сіз ғана емес, басқа ешкім де жауапты емес екенін есте сақтаңыздар және тәрбиені өзіңіз бақылауыңыз керек. Әрине, олармен танымдық ойындар ойнау, мультфильмдер мен фильмдерді көру, ертегілерді оқу және сыбайлас жемқорлықтың жалпы тақырыбы бойынша мәселелер қозғалатын мысалдар қою жақсы. Ең бастысы, балаларға сыбайлас жемқорлықтан басқа таңдау бар екенін, оларда әрқашан қорғау керек құқықтардың бар екенін және олар әрқашан ескеріліп, қорғалатын болатынын түсіндіру қажет.

Мен жаман деп айта алмаймын, бірақ бір жағынан сынай аламын, әр отбасында әртүрлі проблемалар болады, көбінесе сол балалардың проблемаларын шешу үшін ақшамен байланысты проблемалар. Ата-аналар балалардың қандай қажеттіліктерін қанағаттандыру керек екенін ажырата білуі керек, ал қалған қиырлықтардың жолын кесу керек. Жоқ шамадан тыс қамқорлық жасап, оның барлық теріс қылықтарына көзді жабу баланың тек материалдық құндылықтарды бағалайтынына әкеледі. Олардың басты міндеті балаларды жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйрету. Қазір балабақшаға бару үшін кезекке баланың туған сәттен бастап, туу туралы куәлігін алғаннан бірден тұру қажет, ал күткіңіз келмесе онда әрқашан жеңілдірек жолды табуға болады, яғни жай ғана пара беру.

Сіз бала мұндай мысалды көріп, басқаша жасай алады деп ойлайсыз ба?! Балалар ата-аналардың бейнесі, отбасы балаға қандай үлгі және жол көрсететіні өте үлкен рөл атқаратынын ұмытпаңыз. Неге қазіргі уақытта отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеудің маңыздылығын түсінбейді, сыбайлас жемқорлықты қоғам үшін жаман және қауіпті нәрселерге жатқызбайды. Мен менталитет, дәстүрлер, тұратын жері және тәрбиелеу әдістері де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеуге үлкен әсер ететінін жоққа шығармаймын.

Әрбір бала ата-анасына теңеседі, бірақ ата-ана үлгісі ересек өмірде көрінбейді, тіпті бала тәрбиесінде қандай да бір кемшіліктен баланы жақсы тәрбиелеген кезде де, олар мұны ересек өмірде өзі үшін, ал одан әрі өз балалары үшін парақорлықтың көмегінсіз емес шешетіні мүмкін, бала кезіндегі жалпы жай-күйінен итеріледі.

Сондай-ақ Томас Гоббс «Левиафан» кітабында айтқандай, бай адамдар құқықбұзушылықтарды батыл жасайды. Көбінесе бай адамдар өз балаларының басына өмірде бәрі оңай беріледі, өйткені байланыс пен ақша бар. Және бұл олардың басты қатесі, өйткені әрқашан бәрі жақсы және тұрақты болмайды, әрдайым құлау да болады, тек қана таныс ағалар мен тәтелерге, сондай-ақ ата-аналардың ақшасына сүйенуге болмайды. Сол арқылы сіз тек ақшаға сүйенетін дәрменсіз және теріс пиғылды адамдарды тәрбиелеп, тек өз балаларыңызға нашар зияндық келтіресіз. Өйткені сыбайлас жемқорлық тек ақша беру ғана емес, ақша алу немесе осының бәрін басқа игіліктер үшін жасау. Ал бұл балалар өсіп, мемлекеттік қызметші болып, өз жағдайын пайдалана отырып, заңды бұзса, сыбайлас жемқорлық болып қалатынын елестетіп көріңізші [1].

Тіпті Никколо Макиавелли сыбайлас жемқорлықты емдеуге қиын аурумен салыстырды [2]. Сыбайлас жемқорлық болып, пара беріп немесе оны алуға оңай үйреніп, болашақта адал өмір сүруге ол үшін қиындық туғызады.

Тіпті бір заңды табыс өмір сүруді немесе қосымша бірақ қазірдің өзінде заңсыз табыс бар елестетіп өмір сүреді. Барлығы бұған назар аударуды тоқтатты. Ал осының барлығына көп жағдайда ата-аналар, әжелер, аталар және басқа да туыстары, отбасы кінәлі. Отбасын үнемі білім мен тәрбиені дұрыс бермейтінін айыптауға болмайды, кейде өзінің шайынына қарап, үлкен қателікке жол бермеуге болмайды.

Кейде баланы қадағаламау оның қолайсыз компаниямен байланысына жол беруі мүмкін, және бұл жағдайда біз оған тәрбиелеу процесінде берген барлық нәрселерді ғана жоғалтпаймыз, сондай-ақ оны жеке тұлға ретінде жоғалтамыз.

Сонымен қоса, өз Отанына деген сүйіспеншіл және адал болуы керек, сол кезде оның алдында жауапкершілік пайда болады. Отанға деген сүйіспеншілікті бізде ата-әжелер, ата-әжелер тәрбиелеп, оның байлығын, асыл қасиеттерін және ұлы тарихымен таныстырды. Өйткені сіз өзіңіздің сүйікті Отаныңыз туралы ойлай отырып, қалай оған зиян келтіретін нәрсе жасауға батылыңыз барады. Өйткені сыбайлас жемқорлық-бұл бір бөлігі мемлекеттік құрылымның бұзылуына, елдің экономикалық, ұлттық және саяси жақтары қауіпсіздігінің бұзылуына әкеледі, бұл құрылымның барлық жұмысына күмән келтіреді. Өйткені, балалар-еліміздің болашақ азаматтары. Балалардың ғана емес, сонымен қатар ата-аналар үшін түрлі сабақтар мен әңгімелесулер өткізу, балаларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеуде қандай қадамдар, қандай әдістерді қолдану қажет екенің көрсету керек.

Шынында да, дұрыс емес негіз болғандықтан, бәрі дұрыс болмайды, ал басты мәселе - ата-ананың оны жемқор шенеунік ретінде тәрбиелегенін әрқашан түсінбейді.

В качестве мотива преступлений в социальных сетях выступает классическое желание преступника обогатиться, но, у молодых преступников появилась новая мотивация - это обретение популярности, совершая противоправные деяния. К этой категории можно отнести такие явления как избиения, издевательства над животными, изнасилования и убийства на камеру и последующее опубликование ролика в социальную сеть для получения благоприятных отзывов, набор просмотров и получение «лайков». Главные лица приобретают популярность, на которую они и рассчитывали, приобретают единомышленников, которые потенциально могут стать такими преступниками как их предшественники. Таким образом, у подростков происходит подмена понятий, обесценивание человеческих ценностей, существенные нарушения в формировании и устройстве мировоззрения, формируется преступный нигилизм. С наступления этого момента, молодой преступник не считает себя преступником, преступное поведение не является для него таковым, он не воспринимает норму права как установленную законом норму поведения, которую необходимо соблюдать и придерживаться. Во многом этому способствует виртуальная сеть, которая дает преступнику мнимое ощущение безнаказанности [6, С. 77].

Несмотря на то, что молодые люди ведутся на поводу у преступников, а также стремятся заработать популярность любыми путями и даже преступая закон, в этом не столько их вина, сколько самого общества, менталитета того региона, где они обитают, и конечно же неготовность государства и иных крупных организации в должной мере обеспечить безопасность подростков от влияния деструктивных, преступных течений.

В истории ранее не было случаев, когда преступления совершались в виртуальной системе, но с развитием научно-технической индустрии мы имеем такую данность как стремительное и динамическое распространение преступлений в социальных сетях. Так как данное явление в новинку, то средства и методы по борьбе с ней должны быть соответствующими.

Таким образом, в качестве предложений по усовершенствованию борьбы с преступностью в социальных сетях следует принять на разработку законопроект о преступлениях, совершаемых в социальных сетях с использованием информационно-телекоммуникационных сетей. Также считаем необходимым вести статистическую отчетность по преступлениям, совершенным в социальных сетях, для разработки новых методов борьбы с ней и профилактики борьбы с ней. Необходима работа пропаганды по снижению влияния социальных сетей на жизнь членов общества и признание их опасной средой. Следует обеспечить контроль за осуществлением профилактических работ в семьях и в образовательных учреждениях. Таким образом, благоприятный эффект должны принести комплексные меры, целью которых будет воздействие на общественное мнение, не прибегая к ограничению прав и свобод через законодательство.

Литература

1. Манойло А.В. Криминализация информационного пространства и преступная деятельность экстремистских группировок в социальных сетях // Межрегиональное бюро судебных экспертиз им.Сикорского [электронный ресурс]<https://www.expertsud.ru/content/view/207/36/>
2. Соловьев В.С. Преступность в социальных сетях Интернета (криминологическое исследование по материалам судебной практики) // Криминологический журнал Байкальского государственного университета экономики и права. - 2016 г. - Т.10 - №1 - С. 60-72.
3. Тропина Т.Л. Борьба с киберпреступностью: возможна ли разработка универсального механизма? // Международное правосудие. - 2012. - № 3. - С. 86-95.
4. Уразаева Г.И. Методологические принципы изучения личности преступника и преступного поведения // Вестник Казанского юридического института МВД России. - 2014. - № 3 (17). - С. 126-130.
5. Романова Н.М. Групповая преступность подростков в современных зарубежных социально-психологических исследованиях // Известия Саратовского университета. – 2016 г. - №4 - С. 443-449.
6. Ефимов Е.Г. Социальные интернет-сети (методология и практика исследования). Волгоград: - Волгоград. науч. изд-во, - 2015 г. - С. 169.

УДК 340.66

ТРУП ЧЕЛОВЕКА КАК ОБЪЕКТ ПРАВА

Шут О.А., Мукатаев А.С.

(СКГУ им. М.Козыбаева)

Ключевой элемент исследования заключается в определении буквального и правового значений понятия «труп», для установления места и роли трупа в качестве объекта права. Статья посвящена раскрытию термина «труп» с точки зрения лингвистики и юриспруденции; констатации смерти человека и некоторым особенностям юридической техники законодателя.

Итак, исследуемый термин «труп» отсылает к латинскому слову «cadaver», которое до сих пор используется в науке и медицине. Переводя cadaver (кадавр) дословно возможно узнать, что это за этим понятием скрывается тело человека или животного после биологической смерти [1]. Большой толковый словарь русского языка аналогичным образом определяет труп как мертвое тело человека или животного: разумеется, без указания на момент, с которого человек или животное перестают считаться живыми, и становятся мертвыми, то есть трупами [2, с. 987]. По этой причине возникает необходимость самостоятельного изучения и анализа нормативных правовых актов, связанных с констатацией смерти человека и изменением его правового статуса. Стоит подчеркнуть, что в исследовательской работе в силу первостепенного значения упор сделан на правовую судьбу человеческих трупов и компонентов мертвого тела, связанных с трупом де-юре и де-факто. По этой причине характеристика норм казахстанского законодательства, связанных с правовым статусом трупов животных, в исследовании приводиться не будет.

Как было сказано выше, труп человека – тело после биологической смерти. Определение момента смерти – это процедура, состоящая из медицинских аспектов, отраженных в НПА, имеющих юридическую силу для лиц, обязанных оказывать медицинскую помощь и устанавливать факт смерти человека. В настоящее время выделяют три стадии «умирания», приводящие к возникновению правовых последствий:

1) Момент смерти мозга, наступающий при полном и необратимом прекращении всех функций мозга, при работающем сердце и искусственной вентиляции легких;

2) Биологическая смерть человека, установленная на основании наличия ранних и (или) поздних трупных изменений (необратимая гибель человека);

3) Клиническая смерть человека, вызванная остановкой жизненно важных функций организма (кровообращения, дыхания), являющаяся обратимой из-за отсутствия признаков смерти мозга [3, ст. 66].

Клиническая смерть – терминальная стадия между жизнью и биологической смертью. Поэтому клиническая смерть относится к реверсируемому этапу, характеризующемуся прекращением жизнедеятельности организма, без необратимых изменений в человеческом теле. Помимо прочего, стоит отметить, что при констатации клинической смерти на фоне неизлечимых заболеваний или последствий травм, несовместимых с жизнью, прогрессирующих и достоверно установленных, реанимационные мероприятия не проводятся, что автоматически приводит к биологической смерти человека [3, ст. 66].

Исходя из норм, содержащихся в законах и подзаконных актах, тело человека становится трупом после установление ответственными субъектами (лечащим врачом или консилиумом врачей, в зависимости от стадии «умирания») момента биологической смерти, прекращения функций головного мозга при работающем сердце и искусственной вентиляции легких либо при констатации клинической смерти без права на проведение реанимационных мероприятий.

В документально-образовательном исследовании журналистки Роуч Мэри «Кадавр. Как тело после смерти служит науке», посвященном использованию трупа в научных и медицинских целях, автор заостряет внимание на то, что и в обиходе, и в профессиональной терминологии слово «труп» заменяется синонимичными выражениями. Например, «покойный», «останки 10 господина такого-то», реже «мертвец» или «тело». Происходит это для проявления достойного отношения к покойному и для смягчения психологического удара, наносимого родственникам в связи со смертью родных и близких [4, с. 43].

В нормах казахстанского законодательства также встречаются контекстные синонимы. Помимо упоминаемого в нормативных актах и раскрытого понятия «труп», употребляются и другие правовые категории: «тело умершего человека», «тело», «умерший», «тело (останки) человека». В недавней статье о законодательном соотношении приведенных терминов дается инфографика частоты упоминания в кодифицированных и некодифицированных правовых актах слов и словосочетаний, связанных с «трупами» [4].

Объяснить указанные терминологические неточности в законодательной технике возможно, попытавшись истолковать конституционные положения. Так, в ст. 17 Конституции РК гарантируется государственная охрана достоинства личности, без оснований для умаления. В комментариях к Конституции РК в ст. 17 написано следующее «государству предписывается охранять достоинство личности от любых форм унижения со стороны кого бы то ни было, включая само государство». Поэтому, предположительно, разрозненность в терминологических подходах – способ государства проявить этичность и уважение, как по отношению к личности усопшего, так и к родственникам и близким умершего. Однако отметим, что высокий уровень культуры законотворческого процесса, а также качество принятых 11 нормативно-правовых актов – олицетворение демократичности государства и развитого, цивилизованного общества.

По этой причине, для эффективного функционирования законов в механизме правового регулирования общественных отношений, во избежание их неисполнимости в силу неясностей и несовершенств законодательной техники, требуется задавать высокую планку содержанию НПА. В силу того, что при издании правовых норм

колоссальное влияние оказывает правильность формулировок, изложенных в текстах законов, где юридическим понятиям и терминам надлежит быть избавленным от двусмысленностей, неясностей, неточностей, а Общая часть закона должна содержать информацию о целях закона и практической целесообразности, а также выделять термины, которым дается определение для дальнейшего использования в тексте, представляется возможным порекомендовать законодателю закрепить указанные далее разграничения в законодательных актах.

Тело, как говорится в толковом словаре С.И. Ожегова и Н.Ю. Шведовой – организм человека или животного во внешних, физических формах. Истолковав понятие «тело» логически, становится очевидно, что тело – принадлежность живого человека, и «превращается» оно в труп после констатации факта смерти человека. Аналогичные выводы возможно сделать и при проведении антонимизации понятий «тело умершего человека», «тело умершего» и «умерший» [5, с. 154].

Таким образом, для перечисленных выше понятий характерно наличие момента рождения живого человека. Термин «труп» – понятие более обширное, включающее не только состояние человека после установления момента смерти, но и, к примеру, рождение мертвого ребенка (то есть такого, у которого отсутствовали признаки живорождения).

Исходя из этого, для сохранения внутренней логики построения права, согласованности и непротиворечивости законов законодателю рационально закрепить значимые для понимания термины на уровне законодательства, придав им собственное значение, или, введя указанное выше буквально-словарное толкование. Закрепить их представляется возможным.

Литература

1. Фамстер М. Труп: Происхождение, этимология Этимологический словарь русского языка. // Classes.ru. Иностранные языки для всех. Словари онлайн. Режим доступа: <https://classes.ru/all-russian/russian-dictionary-Vasmer-term13876.htm> (дата обращения: 12.03.2019).
2. Кузнецов С. А. Большой толковый словарь русского языка. – СПб.: Норинт, 1998. - С. 1534
3. Закон Республики Казахстан от 19 мая 1997 года № 111-І Об охране здоровья граждан в Республике Казахстан. Электронный ресурс: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1007900
4. СК И НМП разрабатывают новые статьи в УК о врачебных ошибках // vademec.ru. Режим доступа: <https://vademec.ru/news/2018/07/20/sk-i-nmprazrabatyvayut-novye-stati-v-uk-o-vrachebnykh-oshibkakh-glavnoe/> (дата обращения: 22.04.2019)
5. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка / Российская академия наук. Институт русского языка имени В.В. Виноградова. - 4-е изд., доп. - М.: Азбуковник, 1997. - 944 с.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕН

Арынова З.Қ.

(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық Университетінің 2 курс магистранты)

Ғылыми жетекші: Дүкенбаева З.О.

(Л.Н.Гумилев ат.Еуразия Ұлттық Университетінің профессоры, т.ғ.д.)

Аннотация

Бұл мақалада білім беру жүйесіндегі мемлекеттік реформалардың іске асуы мен тәуелсіздік жылдарындағы даму жүйесі кезең-кезеңімен қарастырылады. Сонымен қатар, оқыту процесінде пайдаланылатын озық білім беру технологияларының білім-ғылым саласында көрініс табуы, халықаралық стандарттарға сай оқыту жүйелері мен жаңа білім беру ұйымдарының пайда болуы, білім саласындағы инновациялар, дәстүрлі оқыту жүйесінің бағыттары негізінде баяндалған.

Түйін сөздер: білім реформасы, «Білім туралы» заң, білім саласындағы мемлекеттік саясат, әлемдік тәжірибе, жаңа технологиялар, инновациялық инфрақұрылым, латын әліпбиі

Қазіргі тәуелсіздігіміздің аясында Қазақстанның білімі мен ғылымында түбегейлі өзгерістер жүргізілуде. Әрине, ұзақ жылдар бойы жинақталған мәселелерді тарихи қысқа мерзім ішінде шешіп тастау мүмкін емес. Сондықтан, атқарылған шаралардан гөрі алда тұрған міндеттерді басшылыққа алған дұрыс. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «XXI ғасырдағы дамыған елдің азаматтары білімді, белсенді, денсаулығы мықты болуы керек. Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда ауқымды жұмыстар тұрғанын, заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін білікті мамандар ұсыну маңыздылығын, таяудағы 2-3 жылда дуальдік, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесінің негізін қалыптастыру бағытында 2014 жылдың 1 маусымына дейін осы мәселелер бойынша нақты ұсыныстарды енгізуді» талап еткен [1, 2 б.]. Олай болса, жоғары білім мен ғылым саласындағы іргелі мәселелер мемлекеттік саясаттың бүгінгі күні ел назарында тұрған ең өзекті мәселесі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, еліміздің білімі мен ғылымын сапалы жаһандық заманауи білім берудегі мемлекет реформаларының басты құрылым жүйесіндегі ұлттық тәлім-тәрбие идеяларын сақтай отырып, әлемдік білім кеңістігіне кірігумен анықталады. Үшінші мыңжылдық жылнамасын ашып отырған бүгінгі Қазақстанның білім беру саясатындағы атқарар өзекті мәселесі - еліміздің экономикасы мен әлеуметтік саласының тұрақты дамуының басты факторлары – білім деңгейін жаңартуға байланыстылығы. Қазақ қоғамы білім мен ғылымның қадірін ертеден білген. «Оқу білім азығы, білім ырыс қазығы», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген ата-бабаларымыз қалдырған нақыл сөздер осының дәлелі. Оқу-білімді ұлықтаған қағидаттар Әл-Фарабидің, М. Қашқаридің, Ыбырай мен Абайдың шығармаларында молынан кездеседі. Білімнің дамуы қоғамдағы сұранысқа тәуелді. Ал, білімге кемелдену өз кезегінде ғылымның көкжиегін кеңейтеді. Адамзат тарихында білім мен ғылымның қауырт көтерілгені өнеркәсіптік төңкеріспен тығыз байланысты. Демек, Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуының жаңа тарихи кезеңі қазіргі кездегі ауқымдылықпен іске асырылып отырғанына ешкімнің де дауы жоқ. Осыған

орай, Елбасының 2012 жылдың 10 шілдесінде жарияланған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Бірдей Еңбек Қоғамына 20 қадам» атты мақаласында еліміздің жас ұрпағына арналған жаңа құндылықты іске асырудың бағдары баянды етілгендігін атап айту абзал [2, 2-3 б.]. Қазақстанның болашағын білімді жастармен байланыстырған Елбасы білім беру мәселесіне баса назар аударып, дүниежүзілік озық тәжірибелермен қамтылған орта және жоғары оқу орындарын негіздеуге ерекше тоқталды. Осы мақсатта Назарбаев зияткерлік мектебі мен Назарбаев Университеті құрылып, жұмыс істеуде. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары білім мен ғылым салаларында өзіндік жайсыз жағдайлар да орын алды. 1991 жылмен салыстырғанда 1998 жылы республикадағы мектепке дейінгі мекемелер саны 70%ға дейін, жалпы білім беретін мектептер жүйесі 301 мектепке, интернаттық мекемелер желісі 1042-ге, мектептен тыс мекемелер саны 937-ге қысқарды. Сонымен қатар осы жылдары республикада 229 шағын комплектілі мектептер жабылды. Ауылдың әлеуметтік экономикалық жағынан ғана емес, рухани тұрғыдан да жұтаған кезінде, мектептердің жабылуы елдің интеллектуалдық әлеуетін әлсірете түсті. Міне, осындай дағдарысты жағдайға қарамастан Қазақстан Республикасы білім мен ғылым салаларына да үлкен маңыздылықпен қарады. Себебі, елдің өсіп-өркендеуі, өркениетті өмірден өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан - 2030» Даму стратегиясында білім мен ғылымды дамытуды ерекше атап көрсетті. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған даму стратегиясы және әрбір білім дамуының кезең-кезеңін қамтитын стратегиялық жоспарлары дайындалды. Қоғамдық-саяси өмірде орын алған қайта құрулар Қазақстанның білім беру жүйесі мен ғылым саласын ұйымдастыруда да жаңа өзгерістер жасауға негіз болды. Тәуелсіз Қазақстанның білім реформасы бірнеше кезеңдерден тұрды [3, 72].

Реформаның **бірінші кезеңі** 1991-1993 жылдар аралығында болды. Тәуелсіз Қазақстанның білім жүйесінің құқықтық негізін қалыптастыру, оны заңдық тұрғыда қамтамасыз ету мақсатында 1992 жылы «Білім туралы», 1993 жылы «Жоғары білім туралы» Заңдар қабылданды. Бұл заңдарда жоғары білім жүйесін реформалаудың құқықтық негізі жасалып, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі ұстанымдары айқындалды. 1993-1996 жылдар арасындағы **екінші кезеңде** білім берудің әр саласын қамтыған 18 тұжырымдама жасалынды. Білімді мемлекеттік қолдаудың - Ұлттық бағдарламасы дайындалды. Білім саласындағы мемлекеттік саясат Концепциясы, Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім концепциясы бекітілді. 1996-1997 жылдарды қамтыған **үшінші кезеңде** басқару мен қаржыландыру жүйесі жетілдірілді. 1998-2000 жылдарды қамтыған **төртінші кезең** – білім жүйесін тұрақтандыру және оның дамуының стратегиялық бағдарлану кезеңі. Осы жылдары білім жүйесін тұрақтандыру мен дамыту мақсатында бірқатар білім орталықтары құрылды. Олар: Республикалық Мемлекеттік стандарттар орталығы, «Дарын» Республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы, Білім жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасын қамтамасыз ететін Республикалық білім жүйесін ақпараттандыру ғылыми-тәжірибелік орталығы. Аталған құрылым мен орталықтар ғылым-білім жүйесін нығайтып, оны жаңа ақпараттық технологиялармен толықтыру ісінде елімізге берері мол.

Білім беру саласы 2001 жылдан реформаның **бесінші кезеңінде** он екі жылдық орта білім беруге көшу, білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру, отандық білім беру ісін әлемдік білім беру кеңістігіне оңтайлы кіріктіру, жаңа ақпараттық және озық кредиттік технологияларды оқу тәрбие үдерісіне енгізу және басқа да күрделі өзгерістер бесінші кезең еншісінде. Бастысы, білім мазмұны мен сапасына маңыз беріліп, кәсіби маман дайындаудың тиімді тұстарын жүйелі жүргізудің басым бағыттары айқындалды. ХХІ ғасыр – телекоммуникациялық жүйелер мен қоғамды

ақпараттандыру ғасыры [4, 23]. Еліміздегі уақытша қиыншылықтың желеуімен осындай ауқымды үдерістен жастарды шет қалдырмау мақсатында барлық жалпы білім беретін мектептер толығымен компьютерлендіріліп, ғаламторлар жүйесіне қосылды. Әсіресе, білім беру мен ғылымды дамыту бәсекеге қабілеттіліктің бірден-бір белгісі. Кеңестік кезеңде қазақ мектептерінің саны күрт азайып, қазақ ұлтының балалары өз ана тілінде білім алу мүмкіндігі шектелген болатын. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бергі уақытта осы олқылықтарды толтыру мақсатында қазақ мектептеріне басымдық берілуде. Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ мектептерінің саны 811-ге өсті. Қазір Қазақстандағы мектептердің 3716-сы немесе 45,2%-ы ұлттық мектептер. Біздіңше, бұл бағыттарда жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Сондықтан орта мектептің білім беру деңгейі мен сапасына техникалық мамандар дайындайтын училищелер мен колледждерде жастарды мамандыққа дайындауға баса мән берілуі қажет [5, 75].

Елбасының Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы бүгінге дейінгі барлық бастамаларының лайықты жалғасы деуге толық негіз бар. Жолдауда білім беру сапасына байланысты 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 7,4%-тен 10%-ке дейін жеткізу туралы міндеті қойылды. Сонымен қатар Зияткерлік мектептерінің әдістемесін жалпы білім беретін мектептердің тәжірибесіне енгізуге, жоғары сынып оқушыларын нарық сұранысына сәйкес мамандық тарға бейімдеуге, олардың білім сапасын бағалауды халықаралық стандарттарға негіздеуге, барлық оқу орындарын бейнебақылау жүйесімен қамтуға, психолог мамандардың жұмысын жандандыруға көңіл бөлді. Бұдан өзге, педагогтердің мәртебесін арттыру, жаңа мектептер салу, сондай-ақ, учаскелік медицина қызметкерлерінің еңбекақысын 20%-ке біртіндеп арттыру, денсаулық сақтау саласын цифрландыру және Астанада жаңа ғылыми онкологиялық орталықты салу шаралары қабылданып, «Педагог мәртебесі туралы» заң әзірленіп, заңда педагогтың әлеуметтік мәртебесін көтеретін стимулдар, оқу жүктемесін азайту, қажетсіз тексерістерді азайту мәселелері қаралатынын да атап өтті. Осы стратегиялық құжатта белгіленген міндеттердің шешім табуы халықтың әл-ауқатын арттырып, болашаққа деген сенімін нығайтады. Қай елді алып қарасақ та, білім беру жүйесі экономика, саясат, мәдениет саласындағы өзгерістер мен дамуға әсер етеді. Білім экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан маңызды. Сапалы білім – тұлғаның ертеңгі күні бәсекелестікке төтеп бере алатын жоғары білікті маман болуының негізі. Мемлекеттік саясаттың негізгі ұстанымдарының бірі жеке тұлғаның ерекшеліктері мен әлеуметтік мәртебесіне қарамай, баршаның білімге, ғылымға қол жетімділігін қамтамасыз ету болып табылады [6, 2]. Себебі еліміздің ертеңі – қазақстандық жоғары білімнің үздік дәстүрін жалғастыратын саяси сауатты, білімді жастар болмақ. Қазіргі білім саласындағы басты мақсат, Елбасымыз атап өткендей «еліміздің әрбір азаматының өзіндік дәрежесінде білім мен біліктілік алғаннан кейін әлемнің кез келген елінде қажетті маман бола алатындай» деңгейге жеткізу болып табылады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. [7, 1].

Еліміздің латын әліпбиіне көшу ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Бұл бізге таңсық дүние емес. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиі б.з.б. VII ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. I ғасырда қалыптасқан. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарады. Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарады. Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар. Дауысты дыбыстарға әрпісозылыңқы және қысқа айтылуына байланысты мысалы: *Liber* - тәуелсіз, *Liber* – кітап сөздердің мағыналары өзгереді [8, 238]. Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады, жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Түркияның ғалымы Әбдіуақап Қара өзінің «Латын әліпби қазақ тілін еркіндікке шығарады» атты мақаласында Түркия халқы латынға 1928 жылы өткенімен онда бар-жоғы 29 әріп бар. Олардан бірқатар дауыстылар ескерілмегенін бүгінгі ғалымдар айтып отыр. Негізі түркі тілдерін 34 таңбамен белгілеуге болады. Бүгін түрік латын әліпбиінде 5 әріп кем болып отырғанын айтады.

Тіл ғалымдары, солардың ішінде ең ұтымды алфавиттің Қазақстан қолданған кирилл әліпбиі екенін айтуда. Мәселен, түрік ғалымы Хатиже Ширин Ұсер қазақ-кирилл әліпбиі өзге түркі-кирилл алфавитіне қарағанда, таңбаның графикалық және фонетикалық тұрғыдан бір-бірімен байланысты болуы және бір дыбысқа бірден көп таңба берудің болмауына байланысты мұқият дайындалғанын айтады. Бұл тұрғыда қазақ-кирилл әліпбиін дайындаған тіл ғалымы С.А. Аманжоловтың рөлінің зор екендігін атап өтеді.

Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары латын қарпіненегізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Айта кетсек, солардың бірі - филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды – деп айтты [9, 3].

Әрине, ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасалу жолдарына қатысты өрбісе және басқа жоғарыда аталған елдердің тәжірибесіне қарап салыстыра отырып жасалса, болашақ ұрпағымыз үшін маңызды шешім болар еді. Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған,

Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр.

Қорытындылай келе, еліміздің латын әліпбиіне көшу мәселесі және білім жүйесіндегі мемлекеттік реформалар қоғамның жемісті дамуының кепілі және ұлттың келешегін айқындайды.

Яғни, білім беру саласындағы қол жеткен осындай жетістіктер бүгінгі тәуелсіздіктің нәтижесінде іске асып отырғаны баршамызға айғақ.

Әдебиет

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ // Айқын. - 2014. - 18 қаңтар. - № 7 (2401).
2. Н.Ә. Назарбаев: Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан. - 2012. - 10 шілде.
3. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан жолы. - Астана, 2007. - 372 б.
4. Х. Әбжанов, Ғ. Кенжебаев Тәуелсіз Қазақстан: жоғары білім, ғылым, саясат. - Алматы: «Ғылым», 2009. - 237 б.
5. Высшие учебные заведения Республики Казахстан. - Алматы, 2009. - Т.1. - Серия 4. - С. 75.
6. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы - Егемен Қазақстан. - № 190 (29421) 6 қазан, 2018 жыл.
7. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 ж.
8. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы, 2004. - 238 б.
9. Латын әліпбиі: рухани тәуелсіздік жолы / Қазақ үні, 11 сәуір 2017 ж.

ӘОЖ 821.511.21

ӘЛ-ФАРАБИДЕН АБАЙҒА ДЕЙІН (Әл-Машани зерттеулері негізінде)

Абубек Айерке, Нұрқасым Ерасыл, Дукенбаева З.О., Жылқыбаев К.
(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті)

Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қазынасын, тарихи тұлғаларымызбен, дана ойшылдарымыздың қайталанбас мұраларын қайта жаңғырту бүгінгі жас ұрпақтың алдындағы біздің міндетіміз болып отыр. Сондықтан, ұлт тарихымыздағы құнды еңбектерімізді зерттеп зерделеуде, ата дәстүріндегі ұлт мұраларын ұрпақ бойына сіңіру мақсатында, ұлттық құндылықтарымызға жаңа көзқарастар негізінде шынайы бағасын беруге ат салысу. Осы мұрат жолында Елбасымыздың «2050 стратегиялық бағдарламасы» бойынша бірнеше басым бағыттарды айқындап берді, соның бірінде бүгінгі таңда елімізге білімді, білікті азаматтар тәрбиелеу керектігі айтылған. Осы бағытта Қазақстанда бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында ұлтымыздың кемелді келешегін ойлап, жаңа заманның талаптарына сай жауапты шараларды іске асыруда. Елімізді әйгілі ететін іс-шаралар. Халқымыздың тәуелсіздігі жолында қанын төккен, жанын қиған, терең ойлы ерен еңбектерімен арттарына өшпестей із қалдырған тұлғалардың еңбектері келешек ұрпақтарына маңызды болмақ. Осындай халқының құрметіне бөленген даналар еңбегіне тоқталуды жөн көрдік.

«Ғылыми мирас қалдырмаған ғалым нажағай ойнатып күрілдеп жаумай өткен бұлтпен тең», - деген араб халқының мақалы. Осы мақалды тілге тиек ете отыра қазақ халқының тарихында өшпестей із қалдырған ұлы бабалар әлемінен қалың орман да, кең дала да, тау-кен тас та, аспандағы жұлдыздар да, жердегі құндыздар да нәр алып сусындағандығы кемел шындық. Ұлы адамдар дүниеге мың жылда бір-ақ келеді дегендей қазақ топырағынан шыққан екі ойшыл данышпанның арасы да мың жыл шамасы. Ұлылар дүниетанымындағы екі алып тұлғаны жеке-жеке тануда, олардың ортасындағы ортақ даналық сипаты мен рухани сабақтастығын тануда әл-Машани зерттеулерінің орны ерекше болмақ. Ғылым болғаннан кейін әртүрлі көзқарастардың орын алатындығы табиғи құбылыс. Дегенмен де, айтулы ғалымдар тарапынан өрелі ойлар мен өзіндік ғылыми мойындаулар табылып жатса, нұр үстіне нұр болары анық.

Екі ұлы бабаларын дана дейді ұрпағы. Сонда олардың даналығы неде? Екі алыптың даралығын айта білсек, олардың рухани сабақтастығын неге зерттемеске! Екі

ұлының арасын жақындастыру, үндестіру халқымыздың мың жылдық рухани, мәдени дүниесін тірілту деген сөз емес пе?! Демек, бұл бір ғана адамның емес, халқымыздың игі мақсаты жолындағы бүтін қауым қолға алар қастерлі іс.

Әл-Фараби мұрасын зерттеуге жарты ғасырлық ғұмырын бағыштаған, ұлы бабасын ұрпағымен қауыштырған ғұлама: жер ғылымы саласының белді маманы, алпыс жылдай кен мамандарын дайындауда ұлағатты ұстаздық еткен профессор; қазақ әдебиетіндегі балауса жанр – фантастиканың бастауында тұрған және ғылыми-көпшілік жанрды да жаңа деңгейге көтерген жазушылығы және бар абыз ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани қаламынан туған «Әл-Фараби және Абай» атты кітап осынау ұланғайыр істің соны бастауы, халқымыздың мың жылдық мәдени тарихының сабақтастығын зерттеген алғашқы еңбек десек артық айтпаған болармыз. Бұл аталмыш еңбектің өн бойында ұлттық сезімді қанаттандыратын өрелі ұшқыр ойлар мен ғибраттық соны ұғымдар бар, ғалымдыққа баулитын ғылыми танымдар мен тарихқа қайта үңілдіріп, ескілік деп ескерілмей келген, кертартпа деп мансұқ еткен рухани байлығымыздың бастауы бар. Жарты ғасырдай уақыт бойы үзбей әл-Фараби мұрасын зерттеумен шұғылданып келген ғұлама ғалым: «...Әл-Фараби музыкант, біз оны философ дейміз, Абай философ, оны ақын дейміз» деген А.Ж. әл-Машани тұжырымында. Әл-Фараби тұлғасын ұшқыр ғылыми-ислами тұрғысында зерделеуде, әл-Машани ғылымның ең биік даналығын көрсете білген абыз тұлға. Оның адами да ғылыми қазынасы ұрпағына таусылмайтын ұлы қазына. Заманымыздың ойшылы М. Әуезов Абай нәр алған рухани үш қайнар көз бар деген-ді. Олар: біріншісі – қазақ халқының көнеден келе жатқан мәдениеті мен өнері, екіншісі – орыс мәдениеті сол арқылы келген Батыс мәдениеті, үшіншісі – Шығыс мәдениеті мен өнері. Осының біріншісі, әсіресе үшіншісінің Абайға да, әл-Фарабиге де ортақ екендігі талас тудыра қоймас деген ойлар туындатады. Арабстанда әл-Фарабидің ғұмыр кешуі, Абайдың орыс мәдениетінен хабардар болуы екі ғұламаның кемелденіп есеюіне себеп болды. Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани шығыстың Аристотелі атанған атақты Әбу Насыр әл-Фарабиді зерттеуші қазақтың тұңғыш ғалымы. Ол осы жолда таяу шығыс елдерінде болып Москва, Ленинград, Қазан, Уфа, Ташкент т.б. қалалардағы архивтерді сан рет сүзіле ақтарып, бірнеше мемлекеттер архивтерімен хат жазысып қыруар күш-жігер жұмсаған, еңбектер жазған абыз ғалым. Ақырында әл-Фараби сынды Ұлы ғұламаның рухы, есімі өз Отаны қазақтың қасиетті топырағына қайтып оралды. Ақжан атаның айтуынша ғалымның математика, геометрия, физика, астрономия, философия, әдеби шығармаларын былай қойғанда тек бір музыкадан әлденеше томдық еңбегі болған екен деуінің өзі әл-Фарабидің қаншалықты жан-жақты білімпаздығын аңғартады.

Абыз ғалым өзін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың шәкірті санайтын мамандығы геолог әл-Машанидің айтуынша: «...Абай романы жаңа шығып жұрт қызу оқып жатқан кез еді. Мұхтар Әуезов Қанышпен бірге келіп кабинетінде біраз отырып шыққан бойда ауыз бөлмеде қағаз жазып отырған маған жақындап келіп «Машанов, сен кітапты тиянақты оқитын оқырманның бірісің ғой, Абай романын оқыдың ба?»-деді.

«Я, Мұқа оқыдым, оқыдым» -дедім. Мұқаң не айтар екендеген пікірде «қалай ұнады ма» -деді. Мен « Тамаша, ел түгел оқып жатыр ғой, бірақ »-деп кідіріңкілеп қалуым мұң екен жалт еткен ол, ия бірағың қалай деді. Мен «Мұқа, Абайды алдымен шығысқа қаратпай осы Долголопов»-дей бергенімде, ол әрмен қарай сөйлетпей «әй, Машановтоқта, ол әлі келешектің елегінен өтетін жұмыстар ғой» - деп жүріп кетті... Заманымыздың заңғар жазушысы, қоғамымыздың алып тұлғасы М.О. Әуезовтың абыз ғалым әл-Машанимен үндесуінің өзі екі тұлғаның арасындағы көрегендікпен ұлылықтың белгісін танытатындығында. Ұлы Мұхтар Әуезовтың Абай болмысындағы даналық төркінін орыс мәдениетінен іздеуі де отаршылдық саясаттың кіріптарлығынан көруге болады. Дей тұрсақ-та , әл-Машанидей ғұламаның көп жылдар бойғы ізденісінің

нәтижесінде әл-Фарабидің ғылыми трактаттары мен тарихи оқиғаларды салыстыра зерттеу нәтижесінде екі дана арасындағы дүниетанымдық ұқсастықтарды дәлелді дәйектермен де көрсете білуінде. Әсіресе, әл-Фараби ілімінің ізін Абай шығармаларынан іздеуі, алдымен ақын, сосын музыкант, ақырында дүние жүзіне танымал философ ретінде танылған әл-Фарабидің аспантаным, математика, медицина, сәулет, механика, физика, оптика салаларындағы құнды еңбектері арқылы үндестікті ғылыми-ислами тұрғыда қалың көпшілікке тағлым етуінде. Сондай-ақ, табиғат танудағы әл-Фарабидің басты еңбегі «Табиғат тағылымы» («Табиғат матбуғат») идеясы Абай шығармаларында кеңінен айтылатындығын ғұлама әл-Машани былай деп түйіндеген: Мәселен, әл-Фараби «Ғалымның көркі оның иесін танудың жолы» екендігін ескертсе, Абай жер жүзін безендірген тәңірім шебер деп ғалам иесіне тәуба келтіреді. Немесе әл-Фарабидің: « Әр адамның ғаламда орны бар» деген тұжырымын, Абай « сенде бір кірпіш дүниеде» деп анықтай түседі. Сол сияқты әл-Фараби ғаламның тартылыс күшін магнитте, жер заты-темір деп бүгінде қапысыз дәлелденген ғылыми ойын, Абай: «Қара жер адамзатқа болған мекен, қазына іші толған әртүрлі кен. Ішінде жүз мың түрлі асылы бар. Солардың ең артығы қайсысы екен?» деп жұмбақтаған ұлы баба ойын «сөз патшасы өлеңге» айналдырып: «айналасын тептегіс жұмырлаған» дей отыра, шешуі – темір екенін де өзі айтады. Әл-Фарабидің: «Ғақли көзбен қарасаң, Дүние ғажап сен есім. Жаһли көзбен қарасаң, Дүние қоқыс сен – мешін» дегеніне ұлы Абай: «Әсемпаз болма әр неге, Өнерпаз болсаң арқалан. Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан. Осындай терең ғылыми салыстырулар тұрғысында А.Ж. әл-Машани екі дана арасындағы дүние ғажап құбылыс екендігін, әр заттың, әр адамның өз орыны болатындығын, соны тапқанда ғана өзіңнің қадіріңнің артатындығын; ерліктің, адамгершіліктің содан туындайтындығын, яғни әл-Фараби – Абай қағидасының «адам табиғаттан үйренеді» дегенге саятындығын әл-Машани ғылыми тұрғыда тұжырымдаған. Абайдың: ғақлия – нахлия, ғылым – құдірет, жүрек таразысы – инсаф, өмірдің өзі – шындық тәрізді әр қайсысы бір-бір томдық шығармаға өзек болатындай қағидаларының әл-Фараби мирасынан кезіктіру де тәңірдің тек әл-Машаниға берген еншісі екендігін түсінуге болады. Зерделілердің ертеде айтқан ой-түйіндерін бұл күнде ғылым растап отыр. Адамзат баласы өз мекенінде жарастықпен тату – тәтті, үнемділік өлшеммен, келешегінің қамын жеген инсафпен ғұмыр кешпесе өз мекенін ойрандайды. Кешегі өткен Кеңес империясы кезеңінде қазақтың бастан өткерген ащы шындығы емес пе бұл. Осыны көріп болжағандай Абай дана: «Адаспайтын хакімдер болмаса дүние ойран болар еді» деген сәуегейлік сөзі мың жыл бұрын «Қайырымды қала адамдары» кітабында баба айтқан оймен астасып жатуы кездейсоқтық болмаса керек. Энциклопедиялық ойдың ғұлама ғалымы әл-Машани бүкіл адамзат баласының ұлы ұстазы саналған әл-Фараби ілімдерінің Абай болмысынан рухани сабақтастығын іздеп, соған қаламын ұшқарлатқан қандай күш? Ұлы баба мұрасының қыры мен сырын ашуға, жарты ғасырлық тайғақты жолдың тауқыметін көріп, Абай тақырыбына баруының себебі неде? дегенге абыз ғалымның: «...Абайды оқып, тағылым-тәрбие алмаған болсақ әл-Фарабиді сөз етер ме едік... Өзіме шындық жолды іздеуге бағыт берген Абай шығармалары деп білемін»деуінің өзі әл-Машанидің Абай-Шәкәрім өлеңдеріне сусындап өсуіне тағдырдың өзі себепкер болғандай. Ақжанның атасы Машан Қарқаралы дуанының аға сұлтандары Құнанбай мен Жамантай төренің белді биі болса керек. Машан дүние салғанда Жамантайдың: «Машан, Машандай ұл туғанша қашан» деп күңіренуі осыған дәлел. Ал, Құнанбай мен Машан құдандалы, силасымы жарасқан замандас болыпты. Бұл қатынас Абай – Шәкәрім заманына дейін сақталған. Қарқаралыдағы «Ақтерек» мектеп-интернатында Алаштың айтулы азаматтарының бірегейі болған Ә. Бөкейхановпен бірге оқыған әл-Машанидың ағасы Нөгербек пен Шәкәрімнің дос-жарандас силастығы да себепкер

болады. Міне, Ақжанның жастайынан Абай – Шәкәрім өлеңдерін жаттап өсуі осыдан. Табиғатынан жазушылық дарыны бар әл-Машани техника саласында жүрсе де Абайдан үйренуді үзбеді. Абай туралы ғылыми диссертация жазбаса да әл-Машани 1943 жылы ұлы дананың 100 жылдық мерей тойында Қ.Сәтбаевтың тікелей тапсырмасы бойынша Абай шығармаларындағы табиғат ғылымының көріністері тақырыбына баяндама жасайды. Ұлы тұлға М.О. Сәтбаевтай алып бастаған Абайтанушы ғалымдар, жазушылар және қалың қауым алдында данышпан ақын қақында техника саласы ғылымының айтар ойы қаншама мағыналы да терең болғандығын тарихтың өзі де дәлелдейді. Әл-Машани өзіне артқан үлкен үмітті адами-азаматтық тұлғасымен ақтады.

Осындай ғылыми ойдың астарынан халық алдындағы, ел алдындағы борышым деп санаған абыз ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани тоқсанның сегіріне аяқ басқан шағында Абай тақырыбына қайта оралып, екі алып баба арасындағы рухани, ғылыми байланыс арқауын іздеген зерттеу нәтижесінұлы Абайдың 150 жылдық тойына сый ретінде жазылған «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегін ұсынды. Бұл ғылыми ойдың көкжиегінен, өзінің мән-мағынасымен, ойшылдық, талдау болжамдарымен аса құнды, тың бастау, халқымыздың мың жылдық мәдени тарихының үндестігін зерттеген тамаша еңбек. Әл-Машани Абай дүниетанымын, ғылымның бастауы орта ғасырлық, араб, шығыс елдерінде жатқанын, оның көш бастаушысы әл-Фараби болғандығын, екі дананың арасын жалғастырар нәзік жіптің желісін ғылыми баяндайкеле, мың жылдан астам уақыт өткен әл-Фараби данадан кейін, соңғы кезде оған жақын ой өрісі парасаты кең, ойшыл бар ма десек сөзсіз біз Абайды атар едік. Абайхалқымыздың мақтаны, абыройы, ұлт ұстазы. Осындай ұлылықтың белгісін таныта білу ұлағаттының сыбағасы, даналықты ашуға дарын қажет – осындай қасиеттердің бәрі абыз ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің энциклопедиялық терең ойларынан табуға болады.

Әдебиет

1. Машани А. Библиографиялық көрсеткіш – Алматы, 2005.
2. Ақжан аль-Машани. Аль-Фараби и современная наука. - Алматы, 2007. - 218 с.
3. Әбдіраман Ш. Ақжан Машани. - Алматы, 2007. - 392 б.
4. Ақжан әл-Машани. Әл-Фараби көпірі - Алматы, 2005. - 350 б.
5. Әл-Фараби мен Абай әлемі туралы: Әл-Машани толғауы Ғ. Ақпанбек // Сарыарқа. - 1994. - 22 желтоқсан.

МАНАШ ҚАБАШҰЛЫ ҚОЗЫБАЕВ ТАҒЛЫМЫ – ҰРПАҚТАР ҮНДЕСТІГІНДЕ

Сембаева Әсел, Амантай Алтынай

*(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті,
тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының I курс студенттері)*

Ғылыми жетекшісі: Дукенбаева З.О.

*(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д.)*

Жылқыбаев К.

*(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы)*

Ұлылардың өмірі мен тағылымы арқылы ұрпағын тәрбиелеу – әсіресе қазақ халқында ежелден-ақ келе жатқан үрдіс. Ұлтымыздың осы бір жақсы әдет-салты бүгінгі тәрбие үрдісінде тиімді екені даусыз мәселе. Қазіргі таңда біз егемендігіміздің іргесін бекемдеп, ширек ғасырдан беріелдіктің сара жолына түстік. Елбасының салиқалы саясатының арқасында берекебірлігі бекем, тыныш та, тұрақты мемлекетке айналдық. Осындай жетістіктің нәтиже сінде ғаламдық жаңару үдерісінен тыс қалмай, әрі ұлттық, елдік бетбейнемізді сақтай отырып, мемлекетті дамытудың жаңа кезеңі келгенін аңғарған Елбасы қазақ қоғамына «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалықмақаласын ұсынды. Мақалада Елбасы: «Ұлттық бірегейлікті сақтау масатындаұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз... ұлттық рухымызбойымызда мәңгі қалуға тиіс. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екіережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» [1, 1] - дейді. Рухани жадымызды жаңғырту мақсатында Егеменді еліміздің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын сонау ерте заманнан келе жатқан ата-бабалар салт-дәстүрімен, халықтық мұраларымен сабақтастыра тәрбиелеуде рухани жаңғыру – қазіргі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Себебі ең берекелі, ең парасатты тәжірибе – халық түйгентұжырымдар, ғасырлар бойы «зергерлік» ұқыптылықпен сұрыпталған үрдістер, дамыған даналық дәстүрлер, тәлім-тәрбиелік ойларбүгінгі таңда жаңашыл ойлайтын, жігерлі, жалынды жастарға өте қажет. Ел ертеңінің тірегі болатын жастар мемлекеттің болашағына үмітпен қарап, еліміздің дамуына, 30 елдің қатарына қосылуға білім мен іскерлігін көрсетуге аянбайды.

Міне, осы орайда, аталмыш ойымыздың негізгі тақырыбы да ұрпақтар үндестігіндегі тұлға тағылымы. Тарихи тұлғалар әр дәуірдің тарихында өзіндік қайталанбас із қалдырғандар. Олардың ұлты үшін жасаған өнегелі істері, қарымды қызметі, өшпес ерліктері өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болуының да тәрбиелік мәні барлығын айтуымыз жөн. Әр ғалым отандық зерттеулерге айтарлықтай өз үлесін қосады. Бұған халқымыздың: «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген дана сөзі дәлел. Осындай нақыл сөзді халқымыз тарих тарланбозы, академик Манаш Қозыбаевқа арнап айтқандай. Қазақстан тарихына 40 жылдық өмірін арнаған М.Қозыбаев артынан 800-ден астам ғылыми-көпшілік еңбектер, соның ішінде 30 монография, 50-ден астам ұжымдық еңбектер, оқулықтар мен оқу құралдар қалдырып кеткен. Оның еңбектері басым көпшілігі Қазақстанның тәуелсіздігінің қалыптасуы мен осы кездегі тарихи оқиғаларға арналған. Осындай айтулы тұлғалардың бірі

М.Қ. Қозыбаев 1931 жылы 16 қараша қазіргі Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Тазкөл басындағы ауылда шаруа отбасында дүниеге келген. Оның сонау А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ы. Алтынсарин сияқты ірі тұлғалардың кіндік қаны тамған жерінде дүниеге келуі бекер емес. 1947 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Меңдіқара педагогикалық училищесін үздік бітіріп, бір жыл Үлгілі жеті жылдық мектебінде мұғалім болып қызмет етеді. Манаш Қабашұлы бала кезінен ауыз әдебиетімен сусындап өсті. Балалық шағы осы Ұлы Отан соғысы қарсаңына дәл келгендіктен, оны ғылымға алып келген осы соғыс оқиғасы. Өзінің еңбектерінің басым көпшілігі осы аталған тақырыптармен байланысты болған. Негізінен Манаш Қозыбаевтың еңбектері екі ірі сатыдан тұрады. Бірінші Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан болса, екіншісі тәуелсіздік кезіндегі жылдар. Ғылыми зерттеулері Қазақстан халқының Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы ерлігі мен қаһармандық еңбегіне, Қазақстан мемлекетінің құрылу және қалыптасу тарихына арналған. Оның «Қазақстан – майдан арсеналы», «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Ұлы ерлік», «Қазақстан тарихы» т. б. монографиялары жарық көрген. Ғалымның тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихына, елдегі ұлттық идеологияны белгілеп, қалыптастыру мәселелеріне арналған. Бірқатар еңбектерінде Абайдың қазақ тарихында алар орны мен тарихи көзқарастары қарастырылады. Жалпы, тарихшы қауым Алаш деген сөзден үркіп-қорқып, ат-тонын ала қашқан кезде «Алаш – қазақ халқы деген ұғым. Алаш – еліміздің ежелгі аты. Ол ғасырдың басындағы ұлттың санасында өсу процесінің құрамдас бөлігі» деп алғаш айтқан да М. Қозыбаев. Археолог Кемал Ақышев пен Карл Байпақов зерттеген «Дала өркениеті» туралы мақаланы зерттеген Манаш Қабашұлы оған толық сипаттама беріп, өзінің «Әлемдік өркениеттің қайнар бұлағы» деген мақаласын жазып шығарады [2, 21].

Тәуелсіздік жылдарында жазылған ерекше шығармасы 1992 жылы Алматы қаласында шыққан «Ақтаңдақтар ақиқаты» болатын. Бұл еңбекте қудалауға ұшыраған тұлғаларды ақтау және ашаршылық туралы айтылып кеткен. 1920-30 жылдарындағы аштық туралы шындықты қалпына келтіру, тоталитарлық кезеңнің құрбандарын еске алу туралы ащы ақиқатты алғаш болып ашқан да дәл осы Манаш Қабашұлы еді. М.Қ. Қозыбаевтың зерттеулерінің негізінде тәуелсіздік алғаннан бергі 10 жыл ішінде Ұлы Отан соғысының зардабын айтуға да, жазуға да болмайтын тұстары жария болды. Қазақстанның тарихнамасы жаңа тұрғыдан зерделенді. Ол Қазақстанның Ресейдің отарына айналу процесі қазақ халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан қайта қаралды, еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыстардың жаңа концепциясы жасалды. Кеңес Одағы кезеңіндегі саяси қуғын-сүргін тарихы зерттелді, оның құрбандары ақталды. Ауыл шаруашылығы күштеп ұжымдастырумен қазақ шаруаларын зорлап, отырықшыландыру тарихы мен оның қасіретті салдарлары ашық айтылды. Тарихшы қауым Алаш деген сөзден үркіп-қорқып ат-тонын ала қашқан кезде «Алаш» – қазақ халқы деген ұғым. Алаш – еліміздің ежелгі аты. Ол ғасырдың басындағы ұлттық санасында өсу процесінің құрамдас бөлігі - деп алғаш айтқан да М.Қ. Қозыбаев болды.

М.Қ. Қозыбаев Ермақтың тексіз баукеспе қарақшы екендігін Ресей шіркеуінің Ермактан әулие жасауының арамзалығын Ресей империясының отаршылдық саясатының түп негізін «Ермак: аңыз бен ақиқат» деген еңбегінде жан-жақты ашып көрсеткен. Осы орайда, Манаш аға қырғыншылық заманының қолшоқпары болғаны әйгілі Сібір отаршысы Ермақтың есімін алып тастау жөнінде тұңғыш рет ғылыми дәлдігі мен еліміздің бас тарихшысы ретінде батыл үн қатты. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбдеш Төлеубаев Манаш Қозыбаевты «Сегіз қырлы қазақ» деп мынадай сипаттама беріп кеткен. «Отан соғысының ащы шындықтары Ресейдің отарлау саясатының зардаптары ХХ ғасырдың 30-40 жылдары геноцид ұлттық элитаға қарсы террор трагедиялары сияқты мәселелер еді. Академик М.Қ. Қозыбаев түркі өркениетін

б.з VI-VIII ғ түрік қағанаттарынан емес., сонау б.з.б V ғ Үйсін мемлекеттігінен бастау керек екендігін тиянақтады. Бұл тарих ғылымы үшін жаңа пайым еді» [3, 5].

М.Қ. Қозыбаевтың басшылығымен «Қазақстан тарихы» академиялық басылымының 3 томы, ағылшын тілінде «Қазақстан тарихы» көптеген құжаттар жинақтары, т.б. жарық көрді және отандық тарихнамада жеке ғылыми мектеп қалыптастырды. Еңбектері Ресей, Украина, Қытай,Түркия, Иран, АҚШ, Корея, Армения, Беларуссия, тағы да басқа елдерде жарық көрді. М.Қ. Қозыбаев 1990-1993 жылдары сайланған ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Кеңестің ұлттық саясат, мәдениет және тілдерді дамыту комитетінің мүшесі, 1993 жылы Қазақстан республикасының Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес мүшесі, 1994-1998 жылы Адам құқығы жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшесі болды. Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық (1970), Қазақстан Мемлекеттік сыйлық иегері (1995), Қазақстан республикасы Президентінің Бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығының лауреаты (1997), 2001 жылы «Парасат» орденімен марапатталды. Ғалымның халқына сіңірген еңбегін туған жері Қостанай облысы Мендіқара ауданының, Қостанай қаласының құрметті азаматы ретінде бағалай білді. Бүгіндері Петропавл қаласындағы Солтүстік Қазақстан университеті академик ағамыздың есімімен аталады.

Ойымызды қорытындылай келе, М. Қозыбаев аштықты да,соғыста да бала кезінен қиыншылықта өсседе, өмірге деген қызығушылығын жоғалалтқан емес. Манаш Қозыбаев өз ұлтының тарихын еш қорықпастан, ащы шындықты жаза білген батыл әрі қайсар қайраткерлеріміздің бірі. Кеңестік үкімет кезінде қаншама бұрмалаушылық, қатаң тәртіп болсада, еш мүлдікпестен, қорықпастан өз басын қатерге тіге тұра тарихымызды жазып кетті. Мен болашақ археолог және тарихшы ретінде Манаш Қозыбаев секілді тарихшының ұрпағы болғанымды мақтан тұтамын.Мен осындай тұлға туралы бүгінгі күнге дейін тереңірек зерттемегеніме қатты өкінемін.Бүгінгі күннен бастап, болашаққа нық мақсат қойып, М. Қозыбаев туралы тереңірек зерттеуге тырысамын және болашақ археолог, тарихшы ретінде ұлт қайраткері, академик, тарихшы Манаш Қабашұлынаң бойынан кіршіксіз табылатын ұлтты сүю, елін сүю, жерін құрметтеу, отанын ардақтау, шындық үшін шырылдау, адалдықтың қамын жеу секілді адамгершілік қасиеттерді өз бойыма сіңіргім келеді. Осы кісіге еліктей келе, болашақта жақсылықтың жанашыры болу, жоқшылықтың жоқшысына айналу ұлт үшін аянбай еңбек ету, қазақ тарихына бармақтай болсын өз үлесімді қосу менің басты мақсатым болады! Манаш Қозыбаев мен үшін ұлы тұлға! Ұлы есім! Шындық пен адалдықтың нақ символы.

Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры. // Егеменді Қазақстан. 2018 жыл. 21 қараша.
2. Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры. - Алматы, 2009. - 327 б.
3. Төлеубаев Ә. // «Жас Алаш» 2011 ж. 15 қараша.
4. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. Замана асуы. 1-кітап, Алматы: Ғылым, 1998.

ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕГІНДЕГІ «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ»

Ахмет Нұрзат, Бектұрсын Нұрсұлтан

*(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті,
тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының I курс студенттері)*

Ғылыми жетекшісі: Дукенбаева З.О.

*(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д.)*

Жылқыбаев К.

*(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы)*

Биыл Президент Қ. Тоқаевтың Жарлығымен әл-Фарабидің 1150 жылдығына дайындық жұмыстары басталып кетті. Осы мақсатта арнайы мемлекеттік комиссия құрылды. Келер жылы Ұлы даладан шыққан ғұламаның мерейтойы ЮНЕСКО, ИСЕСКО сынды халықаралық ұйымдардың аясында әлемдік деңгейде атап өтіледі. Ұлы ойшыл, әлемнің Екінші ұстазы Әбунасыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фарабидің еңбектерінде орта ғасырлық араб философиясында саясат, мемлекет және билік пен құқық туралы ойлары жан-жақты талқыланған. Саясат, мемлекет және билік арасындағы айырмашылықтарға көңіл бөлмеген араб философтары бұл ұғымдарды синонимдер ретінде бағалап саясат пен саяси ілімнің басқа варианттарын (нұсқаларын) ұсынды. Саяси мәселелерді қарастыруда араб-мұсылман философиясы көп жағдайда ежелгі грек философиясына, әсіресе Платон, Аристотельдің көзқарастарына сүйенді. Олардың көпшілігі үшін өздері «қайырымды қала» деп ат қойған идеалды мемлекет істері туралы ғылым болып саналды. Мұндай қалалар ретінде олар бірге тұрған, мақсаттары бір, бір басшылыққа бағынған шағын қауымнан бастап Араб халифатына дейінгі адамдар қауымдастығын түсінді. Грек дәстүрлерін мұсылманның саяси өмірімен байланыстыру араб-мұсылман философиясының барлық тармағында өз белгісін қалдырды. Осы орайда, *Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында төл тарихымызды бағалап, жаңғыртуға арналған нақты тапсырмасын іске асыру аясындағы «...бабаларымыздың өмірі мен олардың гажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Олар әлемнің бүкіл архивтеріндегі өз ізденушісі мен зерттеушісін күтіп жатыр. Ел – елдегі архив құжаттарына назар аударып, ұлы даланың данышпандары жөнінде, тарих қойнауына барлаулар жасап отырып, оны хатқа түсіріп, тезірек халықтың рухани игілігіне, мәдени байлығына айналдыруымыз керек. Сөйтіп әлемнің тілдеріне аударып, бүкіл әлемдік деңгейде, өркениетке қазақ халқы қандай үлес қосқандығын айқындауымыз керек» - деп дәйектеген. [1, 1] Осындай ұлы бастамаларының аясында – қазақстандық ғылымның жарқын өкілдерінің бірі, Әл-Фараби және оның тұңғыш зерттеушісі әйгілі ғалым фарабитанушы Ақжан әл – Машанидің ғылыми мұрасының заманауи қоғамдық ойының теориялық - әдістемелік негіздерін бүгінгі күні жаңаша тұрғыда тұжырымдау және өзектілендіру.*

Осындай еңбектердің бірі Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» атты трактаттары күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жойған жоқ. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» – әл-Фарабидің негізгі еңбектерінің бірі. Ол 948 жылы Мысырда жазылды. 942 жылғы мәтіннің бірінші үлгісі «Китаб ас-сийаса

ал-маданиййа» жеке шығарма ретінде танымал болды. Әл-Фарабидің қайырымды және қайырымсыз қалалар туралы ілімі түп-тамырымен Платон және Аристотельдің мінсіз мемлекет және мемлекет түрлері туралы ілімінен бастау алады. Платон өзінің «Мемлекет» деген шығармасында мінсіз қаланың құрылымы туралы ойын білдірген. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактаты» – ойшыл дүниетанымының мазмұнды арналарының бірі. Трактатта ізгілікті қоғам болмысының негізгі тетіктері мен қажетті шарттары туралы жан-жақты талданып, зерделенеді. Мәселен, адамның табиғатынан көмекті қажетсініп, қоғам құруға бейілді екенін және қоғамның түрлері көптігін айтады. Себебі, әрбір адамның тіршілік етуі мен кемелділікке жетуі үшін қандайда болмасын қауым керек. Әл-Фарабидің пікірінше, «қайырымды қала» идеал болып табылады.

Бұл еңбек ұлы ойшылдың өз дәуірінің адамдары мен басшыларының есімдерін атамай – ақ жазған әлеуметтік – этникалық еңбегі. Ойшылға сол кездегі қоғамның барлық құрлымы ұнамады, бірақ негізсіз екенін біліп, ашық айтудан аулақ болды. Оның қарсылығы бүркеліп, ал аллегориялық тұрғыда «қайырымды» және оған қарама – қарсы «қайырымсыз» қалалар жәйлі жазып қалдырған. Біз бұл еңбек ойшылдың сол уақыттағы әділетсіздікке қарсы, өзінің көріп білгенін, өмірден алған тәжрибесін бір еңбегіне жинақтап бізге арнап қалдырған мұрасы ретінде қабылдауымыз керек. [2, 10]

Әл-Фарабидің тұжырымдамасы бойынша қайырымды қала туралы ой қозғасақ. Қайырымды қаланың бұқарасы түрлі адамдардан құрылса, көсем оны біріктіруші, ұйымдастырушы. Көсем қала тұрғындарына мақсат береді, ал қала тұрғындары көсемнің мақсатына жетуге атсалысады. Қайырымды қала көптеген жақсы қасиеттерге ие. Олар қайырымдылық, әділдік, біртұтастық және де қайырымды қаланың ең басты қасиеттері оның татулығы мен тәуелсіздігі. Әл-Фарабидің ойынша қайырымды қаланың бірінші әділ басшысы болу керек, қайырымды қалаға лайық халықы болуы тиіс. Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактаты» ойшыл дүниетанымының мазмұнды арналарының бірі. Трактатта ізгілікті қоғам болмысының негізгі тетіктері мен қажетті шарттары туралы жан-жақты талданып, зерделенеді. Мәселен, адамның табиғатынан көмекті қажетсініп, қоғам құруға бейілді екенін және адам қоғамының түрлері көптігін айтады.

Қайырымды қала басшысы ол имам, ешкімге бағынбайды, тәуелсіз, әділ, қайырымды, көпті көрген, өнер, білімге құштар, тілмар адам. Сауық құмардан алыс адам. Қазіргі уақытта біздің басшыларымыз осы қағидаларды үлгі етсе әділетті, қайырымды, жанашыр болар еді. Және де ойшыл өнер адамдарының көбісі басшы бола алмайды деген. Өнер адамы қаншама қабілетті болса да, басшы болу үшін ол білімге құштар, көпті көрген, қиын жағдайдан тез амалын таба алатын адам болуы керек.

Сонымен қатар, қайырымды қалаға қарама - қарсы қайырымсыз қалаларда бар. Олардың бірі надан қала. Надан қала дегеніміз - ешқашан да бақытты көріп-білмеген, оған талпыну ешқашан ойына да кіріп шықпаған тұрғындар қаласы. Олар мұны ешқашан бастан кешіріп те көрген емес, бұған ешқашан сенен де емес. Ізгілікті алатын болсақ, олар жұрттың ойынша игілік ретін- де саналатын алдамшы нәрселерді ғана, жұрттың ойынша өмірлік. мақсат болып көрінетін нәрселерді ғана біледі, мәселен, дененің байлық, ләззат, Құштарлыққа салыну бостандығы, құрмет текосындай нәрселер. Осы игіліктердің әрқайсысы надан қыламынбарлық тұрғындарының пікірінше бақыт болыптабылады. Ал хел зор, толық бақыт барлық осы игіліктердің жиынтығы. Бақытсыздық атаулы - денедегі дерт, кедейлік, ләззаттың жоқтығы, құптарлыққа салынудың мүмкін еместігі, сый-құрметтің жоқтағы сияқты нәрселер осы игіліктерге қарсы тұрады. [3, 40]

Надан қала бірнеше салаға бөлінеді. Ділгер қала. Даңғой қала Мансапшыл қала. Құштарқала. Құламалы қала. Адаққан қала. «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғындарында көбірек болатындығын дәлелдейді. Әл-Фараби басқаруды қайырымды және қайырымсыз деп екіге бөлді. Қайырымды, білімді, мәдениетті басқару – халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Ол үшін басқару заң күшіне, игі тәжірибеге негізделуі тиіс. Ал қайырымсыз, надан басқаруда теріс әрекеттер мен жаман қасиеттер бой алады. Сондықтан ол надан адам басқарған, озбырлыққа сүйенген, қайырымсыз, қатал мемлекеттік тәртіпті өткір сынайды. Ол мінсіз мемлекетті уағыздайды. Осы еңбегінде ол «бақыт дегеніміз – игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. [4, 10] Ал, ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы және негізгі белгісі – жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл-парасаты. Сондықтан әл-Фараби бұндай қалалардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжырымдайды. Бүгінгі таңдағы Мәңгілік ел ұлттық идеялар түріндегі саяси бастамалар сөзсіз ұлы ойшылдың идеяларымен ұштасатыны анық. Мәңгілік ел ұлттық идеясы барлық қазақстандықтарға, барлық халыққа жолдау болып табылады, өз кезегінде әл-Фараби де өз ғылыми шығармаларында қамтыған болатын. Мәңгілік ел идеясы Платонның ізгілікті, әділетті, мемлекет және әл-Фарабидің «қайырымды қала» жөніндегі идеясы жайындағы ойлардың қисынды жалғасы болып табылады.

Қандай қала екенін олардың аты ақ айтып тұр. Біреуі өздерін ғана ойласа, біреуі өз мақсатынан, дінінен адасқандар. Біздің ел көп уақыт надан қаладай болған. Бірақ қазір қайырымды қаланың бағытымен келе жатырмыз. Бізде мақсат пен міндеттіміз бар. Елбасымыздың рухани жаңғыру бағдарламасын осы тізімге енгізуімізге болады. Біздің елбасымыз мақсат қойды, біздің міндетіміз сол ойды жүзеге асыру. Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды. [5,91]. Бүгінгі таңдағы Мәңгілік ел ұлттық идеялар түріндегі саяси бастамалар сөзсізұлы ойшылдың идеяларымен ұштасатыны анық. Мәңгілік ел ұлттық идеясы барлық қазақстандықтарға, барлық халыққа жолдау болып табылады, өз кезегінде әл-Фараби де өз ғылыми шығармаларында қамтыған болатын. Мәңгілік ел идеясы Платонның ізгілікті, әділетті, мемлекет және әл-Фарабидің «қайырымды қала» жөніндегі идеясы жайындағы ойлардың қисынды жалғасы болып табылады. Әл-Фараби – орта ғасыр мен жаңа заманның, шығыс пен батыс мәдениетінің ортасында, екі уақыттың, екі аймақтың ерекшеліктерін, ілімін зерттеп, адамзат өркениетінің болашағын тереңнен тани білген ойшыл. Адамзат баласына өскен ортасынан, жүрген жерлерінен жиган білімін, дін ілімінен үйренгенін ұсынып, соларқылы болашақта ғылымның, технологияның күшімен қалыптасқан адамзаттың жаңа өркениетіне үлгі болатын, жаһандану заманында адамның болашағына қамқор болатын қайырымдылықтың үлгісін жасаған. Әл-Фараби ілімінен өз заманының ғана емес, бүгінгі замандағы адамзат қоғамының да бет-бейнесін көруге болады, оның ойлары бүгінде өзекті. Адамзаттың екінші ұстазы атанған Әл-Фарабидің пікірінше, мәдениеттіліктің күші

– мәмілеге келу. Мемлекет пен халықтың бір бағытта бір-бірін қолдап отыруы. Мәмілеге келудің басты белгісі түсінік, халық мемлекетті, мемлекеттің халықтың жағдайын түсінуі. Әл-Фарабидің еңбектерінде көретілгендей, қоғамдағы бар қиыншылықты жеңетін, бақытқа жеткізетін, бұл - ақыл парасат, адамның ақыл-ойы. Сондықтан қазіргі жастар өз елінің көркеюін, ел үшін қызмет етуді қаласа, олар алдымен тынбай ғылым, білімді игеруі қажет.

Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017 жыл.
2. Н. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» // Егемен Қазақстан, 21 қараша. 2018 жыл.
3. Әл-Фараби. Философия трактаттары. Алматы: Ғылым, 1973. 211-391 бб.
4. Әбу Насыр Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. 1210 б.
5. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. - А., 1989. 291 б.
6. Қасымжанов А.Х., Луканин Р.К., Е.Д. Харенко «Великий Мыслитель Востока». Изд. «Казахстан». Алма-Ата. - 1975. 56 с.

ӘОЖ 374.32

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ

Болат Лина, Жусупова Ақбөпе

*(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті,
тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының I курс студенттері)*

Ғылыми жетекшісі: Дукенбаева З.О.

*(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д.)*

Жылқыбаев К.

*(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы)*

Бүгінгі таңда мемлекетіміз өз тәуелсіздігін алып, өзінің дербес мемлекеттілігін қалыптастыруда. Болашақ мемлекетіміз ұрпаққа деген сабақтастықтан туындайтын дүние болғандықтан, әр халықтың болашағы жастарына тәуелді екені даусыз мәселе. Бүгінгі жастардың қоғамдық өмірден еш уақыт қол үзбей, өз елін сүйуге, салт - дәстүр мен әдет - ғұрпын білуге тәрбиелеуге бүгінгі педагогика ғылымдарының алдында тұрған зор міндеттердің бірі. Қай ғасырда болсын ұлт өмірін өркендетуші саналы да салауатты, ұлтжанды, рухы биік парасатты ұрпақты тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі. Сонымен қатар өз елінің рәміздерін, Ата заңын білуге, әрі құрметтеуге әрбір азамат міндетті. «Бүгінгі өскелең ұрпақ нағыз білімді, жан - жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген, нағыз өз елін сүйетін, ұлт жанды азамат болуы керек», – деп атап өтті ел Президенті Н.Ә. Назарбаев.

Бүгінгі таңда жастарға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – ұстаз алдындағы үлкен міндет. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ

халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттықимандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық тәрбиебіздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол болашақ болашақ ұрпақтыөмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Ал тәрбие тамыры тереңде-халыққазынасында,оның қадір қасиеті мен бітім - болмысындаген ұлтты қалыптастыратын орта - оның ұлттық мектебі. Сондықтан қазақ мектебінің тағдыры – ел тағдыры. Ұлтымыздың болашағын ойлаған алаштың ардақтылары мұны әрқашан ескеріп отырған. Қазақ халқының ұлы перзенті Мұстафа Шоқай «Ұлттың мәдениеттен жұрдай рухпен тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жақтайтын пайдалы азамат шықпайды» - деп, ұлт болашағын ұлттық мектепте, ұлттық рухта тәрбиелеу керектігін көрсеткен.Егеменді еліміздің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясынсонау ерте заманнан келе жатқан ата-бабалар салт-дәстүрімен, халықтықмұраларымен сабақтастыра тәрбиелеуде рухани жаңғыру – қазіргі күннің өзектімәселелерінің бірі. Себебі ең берекелі, ең парасатты тәжірибе – халық түйгентұжырымдар, ғасырлар бойы «зергерлік» ұқыптылықпен сұрыпталған үрдістер,дамыған даналық дәстүрлер, тәлім-тәрбиелік ойлар.

Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы –қазақстандық патриотизм болды. Патриотизм туралы идеяларды кезіндеөздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары Әбу-Насыр әл-Фараби, Хас Хажиб Баласағұн, Махмұд Қашқари, жыршы-жыраулары Асанқайғы, Доспамбет жырау Қалқаманұлы, Махамбет Өтемісұлы айтқанболатын. Аталған ғұламалардың еңбектері еліміздің егемендік алуыменбайланысты педагогикалық тұрғыда зерттеліп, бір жүйеге келтірілді. Елбасының Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамныңидеялық бірлігінде» - дейтін еңбегіндегі мына бір тамаша ойға жүгінісжасаған дұрыс болар: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай дадаңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпенсезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің мәселелеріде, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адамбала кезінен Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты менде ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндейістегені жөн». Міне, осы сөздің өзі – тұла бойы тұнған отаншылдық тәрбиеміндеттері. Өз ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары ШоқанУәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев шығармаларынан дабайқауға болады.«...Қырандай күшті қанатты. Мен жастарға сенемін!» деп, Мағжан Жұмабаев өзі армандаған бостандық таңына қажырлы жастардың қолы жететініне сенім білдірген сұңғыла ойдың хас шебері келешек жас буынға ел тізгінін бере отырып, олардың рухтарын жігерлендіре түседі. Бүкіл Алаш жұртына, өз ұлтына ұран салған ақын қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, қоғамдық өміріне өз қолтаңбасын қалдырған.

Егемен ел болған Қазақстанның алғашқы ұрпағы ат жалын тартқан азамат, елдің тізгінін ұстайтын халге жетті. Өткенге сәл шегініс жасап көретін болсақ, тәуелсіздіктің бірінші күні, яғни, 1991 жылдың 16 желтоқсанында Елбасының «Кең – байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік. Әсіресе, жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмал, кеңпейіл болса, халықтың атына сөзкелтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе»-дегенінің өзінде Елбасының көрегенділігімен Қазақстанның жарқын болашағына деген үлкен сенімі мен серпіліс берер салиқалы ойы ұштасып жатқаны бүгінде ақиқатқа айналды [1, 1]. «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» деген сөзі де әлі де өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Тіпті бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табатын дана сөз болып қалары анық. Жастар – кез келген қоғамның болашағы мен

қозғаушы күші. Бұл оймен дауласудың өзі артық. Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар буыны, ал бұл тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, олардың ұмтылысы мен ынтасына байланысты. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында кездесетін «бәсекелестік», «білім», «ғылым», «тұтастық», «ұлттық код» сынды сөздердің жастар үшін маңызы зор. Себебі білімдінің мыңды жығар заманы келе жатыр. Сандық Қазақстанның болашағы өсіп келе жатқан ұрпақтың қолында. Себебі ХХІ ғасырдың ұрпағы сандық әлемге етене енбесе, Кеңестік кезеңнің дәмін татқан буынның икемі бірден келе бермейді. Басты талап меңгеру. Қай жағынан келсе де кез-келген саланы жіті меңгере отырып, жұмыс жасау. Мақалада көрсетілген орындалу керек міндеттердің бәрі дерлік жастар алдында тұрған міндеттер [2, 3]. Тіл үйрену, қабілетті болу, ел үшін тер төгу. Сондықтан да мемлекеттік саясаттың негізгі бағытының бірі - жастар секторы. Жастар секторына Қазақстанда айрықша назар аударылады. Үлкен мүмкіндіктер, биік армандар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев және Үкімет қазіргі толқынға, жастарға үлкен үміт артады. Осы тұста жақсы нәтиже беретін жүйелі тәсіл өте маңызды. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша қызметпен қамтамасыз ету Жас қазақстандықтар қазіргі таңда «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде білім алуда, елімізде жоғары білім алу үшін білім гранттары бөлінуде. Жастарды түрлі саладағы қызметтермен қамту мәселесі бойынша бағдарламалар жүзеге асырылуда. Мысал ретінде, «Дипломмен ауылға», келісімшарттық негіздегі әскери қызмет (бүгінгі таңда Қазақстан Қарулы күштерінің жеке құрамының 70 пайыздан астамы келісімшарт негізіндегі әскери қызметте) және т.б. атап өтуге болады. Жыл өткен сайын жастар арасындағы жұмыссыздық қысқарып келеді. Ресми көрсеткіштерге сүйенсек, еліміздің 120 мыңға жуық жас тұрғындары бұл бағдарламаға қатысып, жұмыспен қамтамасыз етілген. Ескере кететін жәйт, бұл көрсеткіштің жартысынан көбі ауыл тұрғындары. Мемлекеттік бағдарламалар жастарды жұмыспен қамтып қана қоймайды, сонымен қатар біліктілігін арттыруға, мамандығын ауыстыруға, жаңа мамандықтарды игеруіне де көп көңіл бөледі [3, 21]. Елбасының тапсырмасы бойынша, өз мамандығы бойынша қызмет еткісі келетін адамға мемлекет барлық жағдайды тегін ұсынады. Бірінші кезекте, бұл шара жұмыссыз және өздігінше жұмыспен қамтылған жастарды қолдауға бағытталған. «Жастар практикасы», «Дипломмен ауылға», «Жасыл ел» секілді бағдарламалар жастарды тұрақты және уақытша жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді. Жастардың билікке келуі, олардың сауаттылығы мен ел басқарудағы әрбір міндеттері маңызды рөл атқарады. Әрбір қазақстандық жас осы мақаладағы көрсетілген міндеттер мен тапсырмалар негізінде жұмыс жасауы керек. Қоғамдық сана жаңғыруының қозғаушы күшіне айналуға жоғары оқу орындарының ғылым, білім беру және жас ұрпақты тәрбиелеуде орны ерекше. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт», - делінген Елбасы мақаласында. Ұлт Лидері қойған негізгі міндет, осы бағдарламаны жүзеге асыру барысында негізгі рөлде - жастарды бөліп қарастыру. Бүгінде, 3D-принтинг секілді жаңа технологиялар мен салалар, онлайн сатылымдар, мобильді банкинг, сандық қызметтер прогрессивті жастардың арқасында кең ауқымдағы даму үстінде. Себебі, жастар жаңашылдыққа ұмтылады, өзіндік бәсекеге қабілеттілігін арттыруға тырысады [4, 1].

Біз бүгінде 18 миллион қазақстандықпыз. Тәуелсіз, әлем мойындаған мемлекетіміз бар. 18 миллион азаматтың әрқайсысы «бұл – менің елім» деп айтып, жай айтып қана қоймай, мақтанып, оны жан-тәнімен қорғайтындай жағдай жасауымыз керек. Бүгінгі ұрпақ үшін рухани жаңғыру ұлттық қасиеттеріне ие болу және мәдениеттілікті, еңбек пен білімді иеленіп, кез-келген игілікті іске ынта мен жігерді танытып, қабілеттілікті көрсете білу, өміржолында өз ісіне адалдық танытып, өзіне

бағындырған құндылықтарды халықтың игілігіне айналдыра алатын деңгейге қол жеткізу, сол арқылы мемлекетінің мүддесіне, ұлтының болмысына күш беру. Рухани жаңғыру ұлт пен оның өкілі жеке адамның кісілік табиғатына тәуелді. Ұлттық санада шынайылық, туралық, ұқыптылық орын алмаса әлеуметтік ортаның даму күші әлсірейді. Осы себептен тарихтың тәжірибесінен, уақыттың елегінен өткен құндылықтар сақталып, адамның қоғамдық ортадағы іс-әрекеті, қоғамдық психология сонымен реттеліп, кез-келген ел мүддесіне қажет нәрсе прагматикалық және реалистік принципте зерделенуі тиіс. Ұлттық код ұлттық болмыстың рухани көзі, тарихи негізі. Ұлттық код болмаса тарихи ақпараттар, мәдени құндылықтар ұрпақ санасында бірікпейді. Ұлттың игілігіне негізделген барлық тарихи және заманауи ақпараттар ұлттық код арқылы ұлттың зердесінде жинақталып, таратылып, өңделіп жүзеге асып отырады. Қазақ хандарының заманында мемлекетті қалыптастырып нығайту, оны үнемі ел болып қорғап отыру ұрпақ міндетіне жүктелді. Сол кездегі ата-бабаларымыз өздеріне жүктелген міндетті ұлттық парыз деңгейінде түсініп қабілетті, білікті, есті, кеменгер, ерік жігері мол жауынгер болуға ұмтылды. Жауынгерлікті адам мал мен пұлға сатып ала алмайды, ол ұлттық тәрбиемен, діни сауаттылықпен, баланың жастайынан ел тұрмысымен араласып шырығып өсуімен келеді. Осы себептен ата бабаларымыздың батыр, би, шешен және тума талант өнер иесі болуында қазақ ұлтының тарихи өмір мен уақыт талабына ілесе білген қабілеті жатыр. Уақыт бір орында тұрмайды, заман алға жылжиды. Уақыт өрісіндегі заман болмысының ерекшеліктері мен белгілері ұрпаққа жүктелетін міндетіне тәуелді. Өз дәуірінің ел болашағымен біріктіретін міндетін дұрыс орындай білген ұрпақ қана мемлекетінің мүддесін сақтап, өзінен кейінгі буынға табыстап кетеді. Ұлттық қасиеттер болмаса ұрпақтың бірегейлікте өмір сүру ұстанымы қалыптаспайды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын әрі қарай жалғастыру, жаңаша бағыттармен толықтыру менің ойымша жастарға тиесілі. Ол үшін жастар қауымының барлық бастамалары мен атқарған қызметтеріне қолдау керектігін ашық қарастыратын ауқымды іс-әрекет қажет. «Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек.

Биылғы 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялануының өзіеліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті.

Қорытып айтқанда, жастарды жаңа қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеудің тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып, іске қосылды. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айтылғандай, біз өз отанымыз – Қазақ елі мен оның байырғы халқы – қазақ халқын, басқа өркениетті елдермен салыстыра отырып, тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан өркениет ретінде қарастыруымыз керек және біз төл тарихын жетік білетін, бағалайтын және мақтан ететін өскелең ұрпақ болып, ұлттық өркениетті рухта тәрбиеленуіміз қажет. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында!

Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында». Алматы. 1999 жыл. 590 бет.
2. Назарбаев Н.Ә. // Егеменді Қазақстан. 2017 жыл. 12 сәуір.
3. Назарбаев Н.Ә. «2019 жыл – Жастар жылы» 2019 жыл. 5 қазан.
4. Назарбаев Н.Ә. // Егеменді Қазақстан. «Ұлы даланың 7 қыры» мақаласы.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ

Мыңбай Ұлдана, Серік Ұлпан

*(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті,
тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының I курс студенттері)*

Ғылыми жетекшісі: Дукенбаева З.О.

*(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д.)*

Жылқыбаев К.

*(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы)*

Тәуелсіз мемлекеттің негізгі мақсаттарының бірі және міндеті елін алға жетелейтін ұрпақ тәрбиелеумен астасады, өйткені елдің ертеңі отаншыл, жан-жақты тұлға болып қалыптасу тәрбиесін алған ұрпақпен тығыз байланысты. Бүгінгі заман ағымы жастарды азаматтылық пен елжандылыққа тәрбиелеу, жаңа іскер адамды қалыптастыру талап етіп отыр. Ұлт лидері Н.Ә. Назарбаев тәуелсіздікті баянды ету жолындағы іргелі саясаттың болашағын отаншыл жастардан бөліп қараған емес. Жас ұрпақ бойында отан сүйгіштік, елжанжандылық қасиеттерді үздіксіз күшейту мәселесі адамзат тарихының өне бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатырған ұлы мақсаттар ішіндегі ең бастыларының бірі болып саналады. Сондықтан да Елбасы бұқара арасында патриоттық тәрбие беру мәселелері жөнінде «отаншылдыққа тәрбиелеу, патриоттық білім беру деңгейінің жүйесі оқу орындары мен өзге де ұйымдарда көкейтесті мәселенің бірі болып табылады», - деп бұл өте маңызды іске ерекше мән беріп келеді. Отанға деген сүйіспеншілікті күшейту міндеттерін орындауда патриоттық рух мәселесіне ерекше көңіл бөлінетіні анық. Себебі мұның өзі әрбір адамның әлеуетін ашатын, көптің қуатын ортақ арнаға қосатын, халық даналығы жинақталған еркіндіктің түрі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «патриоттық рухты «рухы еркін халық қана ұлы істерді атқара алады» деген ұстаныммен жастар бойында қалыптастыруға бар күш-жігерін салып келеді. Бұл уақыттың қатаң талабы. Патриоттық рухы биік, күшті елдердің қашан да бағы таймаған. Біздің ойымызша қазақтың патриоттық рухының негізгі тіректерінің бірі, оның ұлтжандылығы, ұлтшылдығы болып табылады. Бұл жердегі ұлтшылдықтың дәл мазмұнын Елбасының «өз ұлтын сүю, шын мәнінде нағыз қазақ болу—өзге ұлт өкілдеріне астамшылықпен қарау емес» немесе «әр этностың ұлттық сезімін сыйлап, бірде—бір ұлтпен қарама-қайшылық туғызбау» деген тұжырымдарымен анықтауға болады. Аталмыш тұжырым Қазақстан жағдайында еліміздегі этникалық көпшілік қазақтардың ұлттық ерекшелігін басқа этностар құқықтарымен үйлестіру арқылы нақты жолмен жүзеге асырылуда. Ендеше, қазақ халқы өзінің ұлттық мүддесін қорғаса ол, басқа ұлтты төмендету, өзін басқалардан жоғары қою болып саналып, ұлтшыл ретінде танылмауы тиіс.

Еліміздің дамуы мен гүлденуі жастардың қолында, яғни, болашақты құрайтын да білікті жас ұрпақ. Қазіргі таңда жастардың - алға қойған міндеттерін жүзеге асыруға мол мүмкіндіктері бар. Сол себепті жастарға мемлекеттік деңгейде, кең көлемде көңіл бөлінуде. Өйткені тәуелсіз еліміздің иесі болатын, елімізді бүкіл әлемге танытатын осы жастар болуда. Қазақстан Республикасының Президенті атап өткендей, бізге экономикалық жетістіктер мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етудің арасындағы

оңтайлы үйлесімді табу қажет. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырудың шешуші міндеті осында жатыр. Мемлекеттік стратегияның векторы әлеуметтік қорғау арқылы әлеуметтік прогреске қарай дамытылуда. Бұл дегеніміз әлеуметтік саясат тек көмек пен қолдауға ғана емес, қазақстандықтардың қоғамның инновациялық өміріне белсене атсалысуына сүйенуі тиіс дегенді білдіреді. Бұл жерде адамның, ең алдымен, жастардың еңбек және шығармашылық әлеуетін анықтауға басымдық беріледі. Жастардың өмірлік мақсаттары мен оған жету жолындағы пайдаланатын құралдары – әлеуметтік белсенділіктің маңызды факторы әрі қазақстандық қоғамның алдағы фундаменталды өзгерістерінің маңызды индикаторы. Әлеуметтік өсімнің басты критерийлері әлеуметтік мәртебенің пайда болуы мен өзгеруі, азаматтық көрегенділік пен әлеуметтік шынайылық. Президент - жастар мәселесін үнемі айтып келеді, бірақ биылғы жылы бұл мәселеге ерекше мән берді. Осылайша, жастар саясаты еліміздегі стратегиялық маңызы бар мәселелердің қатарына енді. Жастар мәселесіне қазір мемлекет тарапынан да, қоғам тарапынан да баса мән берілуде. Осындай үрдістің өзі жастарға нақты не керек деген сұрақтың нақты жауабын табуға көмектеседі.

Жастар – елдің болашағы. Ертеңгі күннің жарқындығы, сәулелі болуы соларға байланысты. Аға ұрпақ өмірден озады. Олардың орнын бүгінгі Тәуелсіздік белбалалары басатын болады. Ұрпақтар сабақтастығы – тарихи үдеріс, объективті құбылыс. Әрбір жаңа ұрпақ өмірге өзімен бірге жаңа леп, жаңа ахуалды қоса әкеледі. Бұл ұрпақ прагматизмді, тиімділікті, жаңалыққа, инновацияға иек арта келеді. Кешегі күні үлкен бейнетке түсетін, қол күшімен атқарылатын үдерістерді енді техника күшімен атқарады. Қалам-қағазға жүгініп, қолмен есептеп жататын шаруалар техника үлесіне көшті. Компьютер арқылы қажетті мәліметтерді таба алады, алысқа хабарды интернет, ұялы телефон арқылы жібере алады. Бүгінгі ұрпаққа бұл қиындық келтірмейді, техника құлағында еркін ойнайды. Жастар қоғамдағы қозғаушы күшке айналды. Мұның себебі де бар, Елбасы жастар саясатына соңғы жылдары үлкен маңыз берді. Олармен нақты жұмыс істеудің үлгісін көрсетті. Бұл жергілікті билік өкілдеріне де үлкен сабақ болды. Олар да жастар саясатына үлкен бетбұрыс жасады.

Кез-келген мемлекет өзінің болашағы жайында терең ойланып, оның барынша жарқын болуын қалайды. Сол елдің болашағының қандай да бір дәрежеде, белгілі бір бағытта болуына қазіргі жастардың орнының ерекше екендігін ешкім жоққа шығара алмасы анық. Өйткені, қоғам жастар арқылы өзін биологиялық бүтін ретінде ғана емес, сонымен бірге, әлеуметтік бүтін жүйе ретінде де ұдайы сақтай отырып, дами алады. Бұған дәлел Н.Ә. Назарбаев: «Әр буынның өзіндік тағдыры бар. Сіздерде де ол өздеріңіздікі. Сіздерге осындай уақытта өмір сүру үлесі тиді және сіздер елді көтере аласыздар... Қуатты күш болғандықтан Қазақстан Республикасы кері бағытта жүргісі келмейтіндігін нық жариялай отырып, жастар жүргізіп жатқан реформалар бағдарын қолдай алады» [1, 1], -деп, республикамыздың жастарына үлкен сенім білдіреді. Демек, жас ұрпақ өз кезегінде, қоғамның басым бір бөлігі, өзегі, өкілі болғандықтан, біз оны қоғамнан тыс қарастыра алмаймыз. Сонымен қатар, қазіргі жастар деп бағалап отырған буын, болашақ қоғамның қайраткерлері және басшылары әрі өкілдері екендігі даусыз.

Жастар – бүкіл қоғамның экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, рухани дамуының әрі объектісі, әрі субъектісі. Бұл, бір жағынан, олардың сан жағынан халықтың басым көпшілігін құрайтындығымен, екіншіден, жастардың өршілдік, шығармашыл, мобильділік, креативті, жаңашыл болу қасиеттерімен байланысты болмақ. М. Ильинскийдің сөзімен айтқанда, «адамзаттың жаһандық мәселелері мен жаһандану үдерісінің өлшемі де, болмыс-бітімі де жастарға қатысты, тұрақты даму идеясын бәрінен бұрын ұғынуға және жүзеге асыруға тиіс болатын да жастар, нақ сол жастар ғаламдық жаңа әдепті, құндылықтардың жаңа жүйесін игеріп, солардың негізінде өмір сүруді үйренуге тиіс» [2, 8]. Сондықтан, жастарға қоғамдағы

әртүрлі материалдық ресурстардан анағұрлым маңызды стратегиялық «адам капиталы» ретіндегі көзқарас қажет.

Жалпы, жастар ұғымының ғылыми категория ретінде қалыптасып даму жолы өз бастауын XVIII ғасыр аяғы мен XIX ғасыр басынан алады. Ғылымда бұғанға дейін жастар ерекше әлеуметтік топ ретінде мойындалмаған деген тұжырым бар. XIX ғасырдың аяғына дейін жастар мәселесі салыстырмалы жанама түрде, яғни жеке тұлғаның даму мәселесі шеңберінде, нақты тарихи қоғам азаматын тәрбиелеу мәселелері контекстінде қарастырылды. Олар негізінен Қайта өрлеу дәуірінің, Жаңа заманның философиясы, XVII-XVIII ғғ. Батыс философиясында ғылыми формада көрініс тапты. Сөйтіп, жастар мәселесін теориялық тұрғыдан зерттелу өзектілігі, дербес ғылыми концепцияның қалыптасуы XX ғасыр басына келіп, әртүрлі жастар теориясының дамуы етек алды. «Жастар» – олар қоғамның әлеуметтік-демографиялық тобы, ол жастыққа тән сипаттамалардың жүйесі. «Жастар» термині ғалым-социолог Г.С. Абдрайымованың сөзімен айтқанда, қазіргі тарихи үдеріс аясында келешек құндылықтарын сомдайтын, жаңа қоғамның пайда болуына негіз қалайтын, ескіргенді жаңартатын, қоғамды алға жетелейтін ұлы күшті сипаттайтын ұғым [3, 11]. Жастар – қоғамның жемісі және оны түрлендіруші күш. Бұл шындықты түсіну өскелең ұрпаққа қатысты объективті дұрыс саясаттың алғышарты болып табылады.

Мемлекеттік жастар саясаты елдің әлеуметтік-мәдени дамуының негізі болып табылады. Жастар саясаты өз кезегінде кез-келген елдің басты басымдығы. Өйткені, жастар саясатының өзі жастардың қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси, құқықтық, мәдени-рухани мәртебесін сақтау, әрі қорғау шаралары жүйесі, осы тұрғыдағы мемлекеттік және қоғамдық органдардың қызметі болып табылады. Тарихқа жүгінсек, кез келген елдің саясатында жастардың қолдауына ие бола білу аспектiсi аса мыңызды болып табылған. Бұл заңдылық әрбір елдің идеологиясына, оның ішінде жаңадан құрылып жатқан елдің де идеологиясына негіз болады. Бұған дәлел ретінде, өткен ғасырдың 30-жылдарында АҚШ-та жүргізілген Франклин Рузвельттің жастар бағдарламасын алсақ болады. Жас американдықтардың ұжымдық-патриоттық санасын ту етіп көтеріп, ұтымды жоспарланған қоғамдық жұмыстар жүйесімен елді қысылтаяң шақтан алып шықты. Жапон билеушілері де осы тектес жобаны пайдаланған болатын. Дәстүрлі жапон құндылықтары мен жапон ұлтының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты жастар жаңа ақпараттық өркениетті қалыптастыруға жұмылдырылды [4, 52].

Қазақстандағы жастар мәселесі – отандық ғылымда әр қырынан, түрлі салаларда зерттеліп жүрген проблемалардың бірі. Кеңестік дәуірде бұл мәселе тек жастарды партиялық мүддеге сай ынталандыру мақсатында тәрбиелеген деп айтсақ қателеспейміз. Жастар мәселесі жайында америкалық прагматизм ұстанымы бойынша XX ғасырдың 70 - жылдары АҚШ Президентінің жастар ісі жөніндегі кеңесшісі С. Хесс: «Мен жастардың «жүйеге» атүсті, жауапкершіліксіз қарайтынынан қорқамын. Бұл олардың билік істеріне көп қатыспағаны салдарынан болар, бірақ, көп күттірмей олар өздері де «жүйеге» сіңісіп кетеді... Сондықтан, біз олардың қазіргі мінездері үшін емес, олар ұлтымыздың болашағы көшбасшылары болғандықтан, өзімізге тартып, түсіністікпен қарауымыз қажет», дегенін ескергеніміз жөн. Бұл дегеніміз, әрбір ұрпақтың келесі ұрпақпен байланыстылығын санатқа ала отырып, келіспеушіліктер мен қатар, кемшіліктер туралы да айтуымыз қажет екенін білдіреді.

Тәуелсіз Қазақстан жастарының жаңа саясаты ортақ қарым-қатынасқа жаңа ұрпақтың потенциалын бағыттау, өндірілетін қоғам күштерін толық пайдалануға мүмкіндік беруі керек. Сонымен, негізгі күш қоғамның демократиялық ойына, еркін пікірге, өзінің еркін жолына байланысты жасалуы керек. Жастардың артық көретін құндылығына өздерінің жеке саяси көзқарастарын үнемі пайымдауына байланысты ар -

намысымен сенімімен сайлауларға қатысу, саяси жағдайларға әсер ету құралы болып мүмкіндігінше жастардың назарын аудару керек. Мемлекеттік деңгейде жаңа белгілерді алға шығарып, оған жастардың назары аударылып жаңа идеологиялар жасалуы керек. Осы келе жатқан жаңа буындардың қатарласуына байланысты, ұлттық әдет-ғұрыпты және салтты рухани қоғам тұрақтылығын қалыптастыру мақсатымен електен өткізіп олардың үлгілерін түсіндіріп тарату керек. Жастар саясатын тарату жолдары тек үкіметтің жұмысы болмауы керек. Оны шығару, жүзеге асыру, іске жаратуға барлық әлеуметтік институттар қатысуы керек (ең алдымен жастардың, сондай-ақ, отбасын діни орталықтау, кәсіпорын және т. б.) бұл бәріне пайдалы. Жастарға да, қоғамға да түрлі шараларды ойластыру жоспарында жастар саясатының таратылуын қарастыруға мемлекет, жастардың негізгі проблемаларын шешуге нақты назар аудару керек. Елдің көздеген демократиялық өсуіне жағдай жасалып және жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру керек. Жастардың құқығын қорғау практикада дұрыс пайдаланылып, жастар қоғамы және жастарды қорғаушы күш ретінде жасөспірімдердің ойларын, құқық қорғау органдарында, тәрбие институттарында, денсаулық сақтау орындарында оның жолдарын қарастыру керек. Жастардың демалыс ортасын өркендету және емдеу, денсаулық сақтау жұмыстарының қолдану шарттарын енгізу керек. Жас ұрпақтың денсаулығына жастардың ортасына мектептерде және оқу мекемелерінде өркендейтін бірқатар жағдайларды ойластыру керек. Білім беру аймағында әртүрлі деңгейдегі қоғам жастарының жоғары және орта білім алуға жеңілдіктерін қамтамасыз етілу мәселесі де бар. Жүйелі түрде жастардың кеңінен білім алу процесі құрылымының негізгі орта мамандық және техникалық, кәсіптік білім жөніндегі пікірін анықтап, содан барып білім алу көлемі, мамандық алу мәселесі кең көлемде меңгерілмек.

Сонымен, ойымызды қорытындылай келе, Елбасының жарлығымен бекітілген жастар саясаты туралы Заң, келешекте жастардың әл-ауқатын жақсарту саяси іс - шараларына белсене араласу және 2030 жылға дейінгі стратегиялық іс жоспарларды жүзеге асыруға белсене атсалысуы басты жоспар болмақ. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң, мемлекетіміз бен жастар арасындағы өзара қарым-қатынасты жақсартатын қадам болып, Қазақстандық қоғамның демократиялануына және экономикалық даму процесіне игі ықпал тигізері даусыз.

Бүгінгі күні, Қазақстан елі үшін өзінің әлеуметтік өміріндегі рухани-моральдық құндылықтарын сақтап, жаңғыртып күшейту мәселесі әлемдік жаппай жаһандану заманында өз бет-бейнесін, ішкі әлеуеті мен қайталанбас ұлттық болмысын еш нұқсансыз әрі дамыған күйде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыру мақсатында басымдылық танытуы ең бір көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Жетпіс жылдық саяси отарлау салдарынан рухани-этникалық «мендігі» қоғамдық санадан өшіріле бастаған кезеңде, егемендігіне қол жеткізген қазақ елі, ендігі кезде шетелдермен саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынастар орнатып экономикалық байланысқа түсті. Сондықтан да, бүгінгі күні халқымыздың мәдени-рухани бет-бейнесін сақтап қалу үшін жан-жаққа, басқа жұрт мәдениетіне еліктемей, оның табиғи жолмен, ғасырлар бойы қалыптасқан діни сана-сенімін, ішкі қуатын қайта жаңғырту ісіне бел байласа, болашақ жастардың бағыт-бағдары дұрыс қойылады деген пайымдамыз. Сонда ғана, жастардың болашағы айқын болары даусыз.

Әдебиет

1. Смирнов Г.Л. Советский человек. Формирование социологического типа. М., 1990.
2. Әбдірайымова Г.С. Әлеуметтік жұмыс. Алматы, 2007 жыл.
3. Қадырбалаев Е. Жастар құқығы. Алматы, 2019 жыл.
4. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы. Алматы, 2011 жыл.
5. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы, 2018 жыл.

**АКАДЕМИК М.Қ. ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН
ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ**

Дүкенбаева З.О.

(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық Университеті)

Алты Алашқа белгілі тұлғалар есімі олардың ұлт алдында атқарған қызметімен өлшенетіні белгілі. Сондықтан ұлт өзінің ардақты ұлдарының есімін кейінгі жас ұрпаққа үлгі етіп насихаттауды, мақтан тұтуды аманаттаған. Ұлтқа қызмет етудің айқын үлгісін көрсеткен айтулы азаматтардың еңбегі бүгінгі жастарға өнеге. Ұлт тарихының тамырын тереңнен суырған академик, Шоқан Уәлиханов атындағы және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, Қазақстан Республикасы Елбасының Бейбітшілік және келісім сыйлығының иегері, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Манаш Қабашұлы Қозыбаев.

Еліміз егемендік алып, Тәуелсіз Республика көгілдір туын желбіреткен кезде тәуелсіз еліміздің іргесін қаласып, Елбасының саясатын қызу қолдаған академик М.Қ. Қозыбаев еліміздің алдыңғы қатардағы тарихшысы ретінде Қазақстан тарихында өзінің сара жолын қалдырды. 800-ден астам ғылыми еңбек жазып, жүздеген кандидаттар мен докторларды даярлаған академик тәуелсіз Қазақстанның тарих мектебін қалыптастырды. Академик ағамыз азаматтық ұстанымынан таймай ұлттық болмысты, қазақ тілі мен мәдениетін, ұлтты жаппай дамыту сияқты келелі мәселелерді көтерді. Ұлт мақтанышы ұлағатты ұстаз, академик М.Қ. Қозыбаев жаңа өмірдегі тарихи шындыққа негізделген ресми құжаттарды дайындауға, айтылмай жүрген ақтандақтарды ашуға аямай ат салысты. Ұлағатты ұстазымның сүбелі еңбегінің арқасында осы күнге дейін аты беймәлім болған 100-ден астам саяси қуғын-сүргін құрбандары қоғаммен қауышты.

Рухани жаңғыру және қазіргі әлемдегі ғылыми білім беру кеңістігінің даму үрдісінде ұлтымыздың тарихында өзіндік терең із қалдырған қайраткерлердің қоғам саласына сіңірген еңбектері, ғылыми зерттеулерінің маңызы зор. ҚР ҰҒА-ның академигі С. Қирабаев пен ҚР ҰҒА-ның корр.-мүшесі Ә.Бейсенованың: «Манаш Қозыбаев қазақ тарихы ғылымындағы жарқын, биік тұлғалардың бірі еді. Өз кезіндегі қазақтың ұлттық ой-пікірінің дамуына, оның ұлттық мүддеге қызмет етуіне академик М.Қ. Қозыбаевтың қосқан үлесі қомақты. Ол осы еңбегімен еліне кең танылды, халық құрметіне бөленді» – деп жазуы, ғалымның қоғам мен ғылым саласындағы қызметінің ерен екендігіне еш күмән тудырмайды.

Кешегі өткен ХХ ғасыр шежіресі айқын көрсеткеніндей, тарихымызда зиялы деп есімін мақтан тұтарлық тұлғалардың табылып жатуы да заңдылық. Зиялылық сандық емес, сапалық қасиет. Зиялы – рухани өресі кең, ойы терең, халқының даналығын бойына жинақтаған адам. Зиялылардың шығармашылық мұрасы олардың ұлт тәрбиешісі болғандығын көрсетеді. Шын зиялыларға деген қажеттілік әр заманда да өте өткір сезіледі. Айта кету керек, бұл қажеттілік қазіргі кезде де – Тәуелсіз Қазақстан жағдайында да айқын сезілуде. Мұның себебі – нағыз зиялының өте сирек туатындығы.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың тарих ғылымына қалдырып кеткен ғылыми мұраларындағы тұлғалық бір қырын өзінің ғылыми жолында көптеген құжаттар жинақтарының жарық көруіне себепкер, бастамашы болғандығын атап айтуымыз қажет. Өзінің тікелей араласып, редакторлық етуімен әр жылдары Шоқан Уәлиханов (1984-1985 ж.ж.), Қаныш Сәтбаев (1989 ж.), Әлкей Марғұлан (1998 ж.), Мұхаммед

Хайдар Дулатидің (1998 ж.) шығармалар жинақтары археографиялық талаптарға сай жарық көрді. Орта мектепке арналған «Қазақстан тарихының» оқулығы мен хрестоматиясына 162 құжат-деректердің жаңа көздерін тауып, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, қызықты құжаттар кешенін ғалымның өзі құрастырды [1, 23]. 1991жылдың қарашасында Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ АКСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің «Байлар шаруашылықтарын тәркілеу туралы» (1928 ж. 27 тамыз), «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы» (1928 ж. 13 қыркүйек), «Кулактар мен байларды тап ретінде жою туралы», «Ұжымдастыру мәселесін нығайту және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» (1930 ж. 19 ақпан). [2, 32]. Сондай-ақ, 1931-1933 жылдардағы күштеп ұжымдастыру мен аштық жағдайын зерттеу жөніндегі арнаулы комиссиясының төрағасы болып сайланған жылдары 20-шы жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында қазақ халқының басына төнген зобалаң-нәубеттің себептері мен салдарларын анықтауды мақсат еткен комиссия бұрындары қалың бұқарадан жасырын ұсталынып келген көп санды мұрағаттық құжаттарды мұқият зерттеуден өткізді. Қоғамтанушы ғалымдардың Қазақстан тарихына байланысты деректермен мұндай кең көлемдегі кешенді жұмысы тәуелсіз Қазақстан Республикасы жағдайында бірінші рет жүргізілінген еді. Комиссияның Жоғарғы Кеңеске тапсырған ғылыми баяндамасына қосымша ретінде 1000-нан астам мұрағаттық құжаттардың көшірмелері тіркелді (Егеменді Қазақстан, 1992 ж. 23 желтоқсан). 1998 жылы бұл құжаттардың бір бөлігі (92 құжат) қазақ тарихының осы бір аса өзекті тұсы туралы шындықты айғақтайтын жеке жинақ болып жарыққа шықты. [Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931-1933 г.г. Сборник документов и материалов. Алматы, «Фонд XXI», 1998 (263)]. Басылымның бас редакторы – тарихымыздың көшбасшы ғалымы академик М.Қ. Қозыбаев болды [3, 61]. Жинаққа Қазақстандық дәйектемелермен қатар Ресей, Қырғызстан және Өзбекстан мұрағаттарының қорларынан алынған құжаттар енгізілді. Қазақстандық тарихшы ғалымдар үшін мұндай құжаттар жинағының шығуы, оның ғылыми айналысқа кіруі өте құптарлық шара болды. Сонымен қатар ғалым ағамыздың республикалық тарихи-ағартушылық «Әділет» қоғамының қызметінде (1993 жылдан) тарихи тұлғаларымыз туралы әр текті деректердің көптеп жиналып, жүйеленіп жарыққа шығару жолында, сталиндік репрессияларының жазықсыз құрбандарын ақтау ісіне тікелей араласып, тоталитарлық жүйе тұсында саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарымызды ақтау үшін жаңа дерек көздерін тауып, оларды ортақ мақсаттарға пайдалану жолында үлкен Азамат, Қоғам қайраткері ретінде сүбелі еңбектер атқарғандығы баршамызға аян.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдары М.Қ. Қозыбаев басқарған Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Отан тарихының зәрулі проблемаларын зерттеуге сіңірген еңбегі ұшан теңіз. Әсіресе, социалистік идеалдардан жаңа құндылықтарға бет бұрған тарихшылар мен қоғамтанушы ғалымдарға әдістемелік бағыт-бағдар нұсқады. Жалпы мәдени тарихымыздың, оның ішінде зиялы қауымның өткен жолындағы көмескі тұстарды дұрыс түсінік, шыншылдық тұрғысынан қайта бағамдап жазылуына зор әсер-ықпалын тигізді. «Кешегі совет заманында социалистік идеологияның құлы болған зиялы қауым жаңа мұраттар іздеуде» деген сөздері 1994 жылы жазылса, 1997 жылы «Тәуелсіздік және зиялы қауым»- арнайы зерттеуді қажет ететін тың тақырып – деп көрсетті [4, 54].

М.Қ. Қозыбаев «Зиялы қауым – әрқашанда ой еңбегінің ордасы» деген анықтама береді. Академик ғалымның пайымдауынша зиялылар қандай қиын заман болса да еліне елеулі, халқына қалаулы жандар болып табылады, олар бүгінгі қоғамда да «ұлттың ашытқысы, нәрі», ел басын қосатын да, ел арасын ірітетін де құдыреті бар әлеуметтік топ. Қазақ үшін зиялылық кірме қасиет емес, оған дәлел ретінде ғалымдар,

өнер адамдарының көптеген әулеттері алға тартылды. Зиялы қауым (олардың көпшілігі шығармашылық интеллигенция өкілдері – Д.З.) тарихтың қиын-қыстау кезеңдерінде билік басындағылардан емес, халықпен бірге болғандығын көрсетіп, оларды «арлылар тобы» деп атайды. Арлылар тобы – «қоғамның қоры, ол қор үзілсе қазақ ұлт болудан қалады» - деп түйіндейді. Саналы интеллигенцияны, ауыл мен қаланы, дала мен өркениетті жалғастырып жатқан алтын көпірге теңейді.

«Қазақ қандай ұлт?» дегенде кім екенімізді Абай, Шоқан, Ыбырай, Әлихан, Ахмет, Қаныш, Күләш, Бауыржан сияқты зиялылар арқылы таниды дейді. Міне, терең білім иесі академик М.Қ. Қозыбаев ұлттық шығармашылық интеллигенция тарихына да көп қалам тербеген ғалым. Бастапқыда ғалым Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстан тарихын кеңінен саралай отырып, осы кезеңдегі интеллигенцияның патриоттық қызметін көптеген еңбектерінде ашып көрсетті. Аталған тақырып М.Қ. Қозыбаевтың шығармашылығында 80-ші жылдары кеңінен орын ала бастады. Ал, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алған жылдары ұлттық зиялылардың тарихи тағдыры мен бүгінгі тынысының өзекті мәселелері академиктің туындыларында ерекше орынға ие болды және оны үнемі назарында ұстағандығын көреміз.

Жетекші тарихшымыз ұлт зиялылары шежіресін Қорқыт, әл-Фараби заманынан бастайды. Қазақ қоғамында ел-жұртын алға бастаған оқығандары мен ғалымдары әрдайым болған. Олардың біреулерінің есімдерін білсек, біреулерінің есімдері бізге жетпеді. Қазақ халқының бай фольклоры көне заманнан ХХ ғасырдың ақын-жырауларына дейін аса құнды ауыз әдебиетін жасаушылар мен сақтаушылардың көп болғандығын дәлелдейді.

М.Қ. Қозыбаев ХІХ ғасырдағы ағартушыларымыздың ізін басқан ХХ ғасыр басындағы (1917 ж. екі төңкерістерге дейінгі) қазақ интеллигенциясын реформатор зиялы қауым тобы деп атап, олардың бүкіл халықтық мүддені алға қойғандығын айқын көрсетті. Ғалым ағамыз «Ұлт-азаттық қозғалысының белестері» деген теориялық-дискуссиондық туындысында Еуропаша оқып, білім алған бұл зиялылардың саяси күрескерлерге айналып, қазақ халқының империялық – отаршылдық жүйеге қарсылығын еуропалық бағытпен дамытпақ болғандығын ашып көрсетті. «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы интеллигенция» өкілдерінің қазақ елін буржуазиялық демократия жолымен дамуын көздеп, әрекеттенгенін, халқын жалпыадамзаттық өркениет биігіне тартуға ниеттенуі деп, тұжырымдайды.

Ғалымның ұлттық мәдениетіміздегі феномен, теңдессіз, біртуар тұлға – Бұхар жырау Қалқаманұлының мұрасын зерттеп, Бұқартанудың үлкен саласы – Бұқарнамені түзді. Бұл еңбектерінде академик ұстазымыз данышпан жыраудың өмірі мен туындыларын бұрынырақта зерттеген ғалымдардың Шоқан, Мәшһүр Жүсіп, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтың жазғандарын бүгінгі заманның биік талаптары тұрғысынан ғылыми талдаулармен қорытып дәйектеді [5, 44]. Олардан бергі көптеген қоғамтанушылар мен әдебиеттанушылардың пікірлерін сараптады, салыстырып – қорытындылады.

М.Қ. Қозыбаев арнаулы мемлекеттік комиссия құрамында белсенді қызмет атқарып, сталиндік-голощекиндік зұлматта қаза тапқан зиялыларымыздың адал есімдерін қалпына келтіруде, оның ішінде бес арысымыз Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатовтарды ақтауға айрықша үлес қосты. 1920-1930 жылдары М. Жұмабаев бастаған қазақ зиялылары «Алқа» атты жасырын контрреволюциялық ұйым құрды деп айыпталғаны бұрыннан белгілі еді. М.Қ. Қозыбаевтың жетекшілігімен тарихшылар осы ұйымның ресми басшы органдарының рұқсатымен құрылған мәдени-ағарту бағытындағы әдеби бірлестік болғандығын дәлелдеп берді. Ұйымның құрылуына бастамашы болған Мағжанды

академик М.Қ. Қозыбаев «Шығыс ақындарының пірі», Абайдан кейінгі заңғарымыз» деген баламасынан кейін: «Біз қазақ зиялыларының жалпы тарихын жазар белеске келіп қалдық, - деп айтуы академик ағамыздың толымды ойларының толастауынан деп түсінгеніміз дұрыс шығар». М.Қ. Қозыбаев зиялылар, шығармашылық интеллигенцияның тарихи тұлғаларға айналған өкілдері мен өз замандастарының бірталай тамаша портреттерін жазды.

Ғылыми интеллигенцияның жетекші өкілі – академик М.Қ. Қозыбаевтың тәуелсіздік жылдары туындаған тың толғамдары, ой-тұжырымдары тағылымы мол, әдістемелік мәні зор еңбектерінде көрініс тапқан. Әсіресе ғалым бүгінгі зиялыларды «Жасампаз қауым» деп атап, нарық қатынасының қыспағына алынып, еңбегі материалдық жағынан бағаланбаған әріптестерін қорғап «Зиялы қауым мен тіл табысу оның қадір-қасиетін тану деген сөз» деп жазды.

Ең алдымен ғылыми жұмыста методологиялық бет бұрыстар керек екендігін, методологиялық принциптерді айқындамайынша, әлемдік тарихшылар игерген түбегейлі құндылықтарға жетудің мүмкін еместігін дәйектей отыра, Отан тарихының жаңа деректемелік негізде жазылу керек екендігіне басты назар аударғандығы баршамызға мәлім, осының негізінде Отандық мұрағаттар қоймасының деректемелік байлығы жаңа сапалық деңгейде толықтырылынып, пайдалануға берілді.

Академик М.Қ. Қозыбаев тарихнама мәселесіне де үлкен жауапкершілікпен қараған ғалым. Тәуелсіздік тұсында қазақ тарихнамасында да келелі өзгерістер болып, сапалық жағынан қомақтана түскендігі мәлім. Сонымен қатар ғалым ағамыз Отан тарихының сүбелі бөлегі – мәдениет тарихына да көңіл аудара отыра, мәдениет – өркениеттің символы. Алланың жаратқан дүниесінен – табиғаттан басқасы адам баласының қолынан туындаған нәрселер – мәдениет жемісі. Ол болса материалдық. А. Байтұрсынов айтқандай, тіршілік – тірнек мәдениеті, жан азығы – рухани өмір азығы көркемдік – көрнек мәдениеті. Ғылым, білім, өнер – мәдениет бұлағы. Ендеше, мәдениеттің терең құндылықтарын зерттеу бүгінгі тарих ғылымының еншісінде, күн тәртібінде.

Ұлы тұлғалар тобының ғибратты ғұмырлары ұрпақ үшін сабақ, қымбат қазына – мұра. Ал, туған елінің руханият әлеміндегі табысын күллі қазақ қауымына мәшһүр еткен академик М.Қ. Қозыбаев қазақ тарихының жалынды күрескері, жаңа тарихи концептуалды пайымдаулардың қайнар басында белсенді ат салысқан жалынды азаматы!

Әдебиет

1. Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап, Алматы: Қазақстан, 1994.
2. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. Замана асуы. 1-кітап, Алматы: Ғылым, 1998.
3. Қозыбаев М.Қ. Бізде ұлттық элита бар. // Қазақ әдебиеті, 2001 жыл, 17 тамыз.
4. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.
5. Дүкенбаева З.О. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы, Алматы: Ғылым, 2003.

АБАЙДЫҢ «НАСИХАТ ҚАЗАҚИЯДАҒЫ» ІЗДЕРІ

Тайшыбай З.С.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Абайтану тарихында Зейнелғабиден Әміреұлының есімі де лайықты орын алуға тиіс. Профессор М. Мырзахметов оны «ұлттық ой-санасы ерте оянған, сол жолда қолынан келер әрекеттен аянбаған, Абай мұрасын баспасөзде насихаттап, татар халқына танытуға арнаған талпынушылардың бірі» деп таныстырады. Зейнелғабиденнің 1909 жылы Уфа қаласында басылған: «Насихат Қазақия» кітабы – Абай мұрасын насихаттау мен алғаш танып, дәл бағалауда революцияға дейінгі дәуірдегі әдебиетте өзіндік орны мен белгілі дәрежеде ерекшелігі бар еңбектер қатарына жатады», деген зерттеуші пікірін қуаттай отырып, осынау бағаға қосарымызды да айтамыз. «Насихат Қазақияны» қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелерін ерте қозғаған аса құнды ғылыми еңбек деуіміз керек.

Мұхтар Әуезов Абай өлеңдерінің Зейнелғабиден жариялаған нұсқаларын жоғары бағалап, оларға «ерекше ілтифатпен қарағанын» М.Мырзахметов нақты мысалдармен дәлелдейді. Мысалы, Абайдың 1945 жылғы 100 жылдық мерей-ойына арналып дайындалған толық жинаққа «Осы «Насихат Қазақия» кітабында басылған бір топ Абай өлеңдері ішінен «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Ал енді жақсы дейміз кімді қалап», деген атпен басылған екі өлеңін М. Әуезов өз қолымен көшіріп ендірген. Бірақ, М. Әуезов ұсынған екі өлең де юбилейлік жинаққа белгісіз бір себептермен енбей қалғанына» зерттеуші куәлік етеді. Бұл, әрине, құнды дерек. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деп басталатын өлең 1995 жылғы жинақта бар, екінші «Ал енді жақсы дейміз кімді қалап...» енгізілмеген.

Зейнелғабиден, әсіресе, өз заманындағы қазақ өлеңінің деңгейіне қанағаттанбай, талап биігін өсіре түседі. «Орыстардың Пушкинінің» шығармалары орыстың халық тілінде жазылғандығымен құнды» екенін дәл басып, Абайдың ақындық шеберлігіне осы мұнарадан қарап, бағалайды.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің бағдарын Абай белгілеп бергенін, демек, Абайдан үйрену керектігін, Абай өсиеттерін жалғастыра, дамыта орындау керектігін көрсетеді. «Ғылым, өнер іздеу жайында мәшһүр Ибраһим Құнанбаевтың бір сөзі:

Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек,
Бой жеңбек, ер жігітке ақыл таппақ.
Тағдырын жүрушінің хақтан біліп,
Көшелі өнер иесін жүрсе жақтап.

Ниетің түзу болса сенің аппақ,
Екі елі аузыңа қойсаң қақпақ,
Сыбыр, өсек дегеннен сырттай жүріп,
Ғылым, өнер, мал таппақ, жұртқа жақпақ», деп Абайға жүгінеді, Абай беделін, өнегесін алға тартады.

Осы екі шумақ өлеңді 1995 жылғы жинақпен салыстырғанымызда, бірінші шумақтың үшінші жолындағы:

«Тағдырын **жүрушінің** хақтан біліп», деген тіркес жинақта біраз өзгеріп:
«Тағдырын **көрушінің** хақтан біліп», болып берілгені назар аудартады.

М. Мырзахметов «Бұл екі шумақ өлең өзінің тақырыбы мен өлең сарыны жағынан Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген өлеңімен сабақтасып жататынын» дәл байқаған.

Ал, енді осы екі жолдың біріншісіндегі «жүрушінің» екіншісінде «көрушінің» болып өзгеріп шыққанына абайтанушылар назар аударма қоймаған сияқты. Заты, осы екеуі де, бір қарағанда, түсініксіздеу көрінеді. Үңіле түссек, Зейнелғабиден Әміреұлы нұсқасындағы «жүруші» өлеңнің тұтас мазмұнына сиымды, мәтініне қолайлылау көрінеді дегіміз келеді.

Шумақ басындағы «Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек» дегенге кім? деп қарсы сұрақ қойсақ, «көрушіден» гөрі «жүруші» - өмір сүруші, жалғанда тіршілік етуші, бұл дүниенің қызығын «жүріп» көруші ретінде түсініктірек. Әлбетте, бұл ойымыздың тиянағы әзір берік емес екенін айта тұрсақ та, З.Әміреұлы бастырған «Тағдырын жүрушінің хақтан біліп» деген нұсқаға сенгіміз келіп тұрады. Оған тіпті екінші шумақтың үшінші жолындағы «Сыбыр, өсек дегеннен сырттай жүріп» деген жолдағы «жүріп» те жақтас болатын сияқты.

Абайдың көп жұмбақтарының бірі осындай.

Сондай-ақ, М. Мырзахметовтің байқап ескерткен тұсы да шешімін күтіп тұр. «Жол көрмек, жоба білмек» деп басталып, З. Әміреұлы жинағы арқылы кеңес тұсындағы жинақтарға кірген бұл екі шумақ 1995 жылғы академиялық жинақта «Кейін табылған өлеңдер» деген тақырыппен жеке топтамаға қосылған. Бәлкім, бұл шумақтар «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергекпен» сарындас қана емес, осы өлеңнің соңғы 13-14 шумақтары ретінде қосылып басылса, түсініктірек болмас па? Осылайша, шашау күйінде «Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек» деп басталатын екі шумақ басы жоқ, аяғы келте түрінде тұрғаны түсініксіз екені де мойындалады.

Абай жинақтарында ұшырасып қалып отыратын қайталаулар дәл осы екі өлеңге жалғас «Адасқанның алды – жөн, арты - соқпақ» деп басталатын жеті шумақ өлеңде де кездеседі. Мысалы, өлеңнің соңғы шумағындағы «Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ» деген тіркестер, осының алдында біз қарап, тексерген өлеңдерде «Ғылым, өнер, мал таппақ, жұртқа жақпақ» немесе, «Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек» түрінде мағына жағынан жақын.

З. Әміреұлы жинағындағы «Тобықты Ыбырай марқұмның сөздерінен» деп үш бөлініп, бірінен кейін бірі тізіліп берілген 66 жол өлеңді түсініп, тексеріп оқып шыққанда, солар түгелімен Абайдың ойынан тумаған деуге аузымыз бармайды. Рас, М. Мырзахметов байқағандай, «текстология жағынан осы күнгі біз көріп жүрген нұсқалардан айырмашылығы» бар. Және бір емес, бірнешеу. Тұтас шумақтар, жолдар, тіпті мүлде басқа ойды білдіретін тұстары аз емес.

Мысалы, М. Әуезов осы өлеңнің бірінші шумағын жеке жазып алып, текстологиясына назар аударғаны мәлім. М. Әуезов жазбасында бұл шумақ былай келеді:

Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ,
Оларға жөн – адамның сөзін ұқпақ,
Қас маңғаз, малға бөккен, кісімсініп,
Әсте жоқ, кеселді істен биттей қорықпақ.

Кейінгі, біз негізге алып отырған 1995 жылғы жинақта осы төртінші жол:

Әсте жоқ, кеселді істеп биттен қорықпақ, - болып беріліпті.

Біздің ойымызша, осы екі нұсқа да түсініксіз. Қисын бойынша, Абай жазған асыл түпнұсқасы:

Әсте жоқ, кеселді іс деп биттен қорықпақ,- болса керек. Көшірмеден кеткен тағы бір қате ретінде осыны атап көрсетуді жөн көрдік.

Дегенмен, бұл өзгерістер туралы: «Зейнелғабиден кітабында арнайы түрде берілген Абай өлеңдерінің бір тобы дәл осы ел аузынан жазып алып, баспасөзге түскен түрі деп сеніммен айта аламыз», деген зерттеуші М. Мырзахметовтің үзілді-кесілді пікірімен келісе алмаймыз. Оның себебі...

Оның себебі тағы да Абайдың ақындық машығына, оның шығармашылық лабораториясына жетелейді. М. Әуезовтен бері бастап айтылып келе жатқан сөздер тегін емес: «Абай қағазға жазып тастап балаларына, шәкірттеріне береді екен. Кейде сол отырған жеріне қалдырып кетеді екен» дегенді осы зерттеу жұмысында бірнеше мәрте келтірдік. Бірақ: «Абайдың ақындық мінезі осындай екен деп, ол бір жазғанына қайтып оралмайды» деуге болмайтынын да ескерттік.

Бұдан шығатын қорытынды: 3. Әміреұлының осы жинағындағы өлеңдерден Абайдың өз қолтаңбасын табамыз. Өлеңдік құны, мәтіннің ой қуаты, сөз қисыны Абайдың өзіне келіп-ақ тұрған жерлері аз емес. Сондықтан, бұл да Абайдың өз қолынан шыққан өлеңдер деуге лайық. Олар – **Абай қайта қарап, кей жерлерін қайта жазып шыққан алғашқы нұсқалардың бір түрі, немесе бұлар алғашқы түрі, қазіргі жинақтардағысы Абайдың қайта қарап түзеткені болса ше?**

Ол үшін көзі қарақты оқырман екі нұсқаны салыстырып көрсін. Тіпті, 3. Әміреұлы нұсқасында, «харамдық», «халалдық», «беклік», «қаж сахауат» деген сөздердің бүгінгі жинақтарда кеңестік атеистік лексикаға сай бейімделіп «жаңаша» түзетілгені,

Шариғат турасымен тексерем деп,
... Сүннәтсізге бай құмар көп берем деп...

деген жолдардың мүлде түсіп қалғаны айқын көрініп тұрғандықтан, олар туралы сөз қозғамадық та.

«Насихат Қазақия» немесе «Қазаққа насихат» жинағындағы төрт шумақ үшінші өлеңнің мәтіні де назар аудартады. Соның үшін шумақтарды баянды түрде талдаған дұрыс-ау.

«Ал, енді жақсы дейміз кімді қалап,
Ар-намыс, ғақыл, білім, сабыр, талап.
Асаңқайғы сықылды адам болса,
Бір сөзін тыңдар еді мыңға балап», деген шумақтан Абайдың өз қолтаңбасын айқын тануға болатын сияқты.

Осы шумақтың үшінші жолындағы «Асаңқайғы сықылды адам болса» деген тіркес Абай шығармаларымен таныс біздің замандастарымызға тосын әрі жаңалық дер едім. Ұлы ақынның жеке кітап түрінде шыққан жинақтарының бірде-біреуінде Асаңқайғы есімі кездеспейді. Соған қарап, М. Мырзахметов айтқандай, Зейнелғабиден ел аузынан естіп, құрастырушы қағазға түсірген мәтінге бұл есім кездейсоқ еніп кетті деуге келе ме? Осы жағын ойланып көрейік.

Асаңқайғы сықылды адам болса, бір сөзін тыңдар еді (әлде едік пе? – З.Т.) деген сөйлемді қарапайым түсінікке аударсақ былай емес пе? Абай айтып отыр ғой: Кімді, қай кісіні қалап жақсы деп айтамыз? Әлбетте, Арлы, Намысты, Ғақылды, Білімді, Сабырлы адамды. Бірақ, біз сондай адамның айтқан әрбір сөзін «мыңға балап тыңдап» жүрміз бе? Егер Асаңқайғы сияқты аузы дуалы, әйгілі адам болса, тыңдар едік. Яғни, Абай үшін Асаңқайғы – жаңағы жоғарыда айтқан биік адамгершілік қасиеттердің иесі, данышпан ғалым. Абай Асаңқайғы есіміне құрметпен қарайды, оның «мыңға балауға» тұратын әрбір сөзіне назар аударып, тәлім-тәрбие ретінде қабылдауға шақырады.

Демек, қазіргі зерттеуші алдына Абай және Асаңқайғы немесе Асаңқайғы мен Абай арасындағы байланыс, тіпті үндестік мәселесі көлденеңдейді. Екі ойшылдың пікірлерінің сабақтастығын екеуінің де нәр алған рухани азығының бастауы ортақ екеніне назар аударған профессор А. Егеубаевтің ой-толғамдары абайтанудағы жаңалық деп білеміз.

Рас, А. Егеубаев та Абай шығармаларынан Асаңқайғы есімін кездестірген. Бірақ, 39-қарасөздегі түйінді ойларға жүгіне отырып, екі ойшылдың пікірлес екенін тапқан. Жалғыз ғана 39-сөзден емес, «қарасөздердің» бүкіл жүйесінен осындай ой қорытындылаған. Оның мақаласының «Ұлттық сананың ұлан асу, ұлы құбылыстары» деп аталуының өзі, бұл еңбекте «Абай мен Баласағұн мұраларының арасындағы жалғастық, ұқсастық, тектестік», «...әлдебір тармақтарында Әл-Фараби толғамдарымен желі жалғастыратыны» нақты дәлелдермен тиянақталып, «Асаңқайғы танымымен, даналығымен» ұштасатыны көрсетілген. Оның мәнісі - «тарихтың жалғастығында, болмыстың бауырластығында, тектің бірлігінен туған заңдылық» екен. Осынау көңілге қонымды ғылыми тұжырымға қосып-аларымыз жоқ.

Айтпағымыз – жоғарыда біз келтірген үзіндідегі Асаңқайғы есіміне қатысты толғаудың Абайға тән екендігі көңілге қонады.

Ал, «Насихат Қазақияда» тасқа басылып, ерте-ақ жария етілсе де, бұл шумақтардың әлі де Абай шығармасы екендігі мойындалмай, жинақтарына кірмей жүргені өкінішті.

М.Әуезов бұл өлеңдерге назар аударып, екі бөліктен тұратын жиырма екі жол мәтін дайындап, Абайдың жинағына ұсынған. Мәтінге «Насихат Қазақияда» жария кірген: «Қартайсаң қайғы ойлайсың, ұйқың сергек», «Бай алады кезінде көп берем деп» және «Ал енді жақсы дейміз кімді қалап?» деген үш өлеңінің әр жерінен алынған жолдар енгізілген. Бірақ, бұл мәтін белгісіз себептерге байланысты 1945 жылғы Абайдың толық жинағына енбей қалған.

Тағы бір салыстыру тілейтін мәтін бар. Ол - «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы», деп басталатын көпке танымал өлең. 1995 жылғы академиялық жинақта бұл шығарма 15 шумақ болып берілген. Осы өлеңді тұтас күйінде бір шығарма ретінде оқып шыққанда, өлең қисынына қарай алтыншы шумақтан бастап, ақын тақырыптан ауытқып, екінші бір ойға ауысқандай әсер қалдырады. Өлеңнің басындағы бес шумақ ақындық шеберлік, сөз қасиетін тану тұрғысында дербес мағына беріп, сол мағынаның түйінімен «Қазақтың келістірер қай баласы?» деген сұрақ түрінде, тілек түрінде тиянақ табатын сияқты. Және де сол бес шумақ та біріңғай «сарасы», «данасы», «сөз арасы»..., «бар таласы», «таңдамасы», «қай баласы» деген ұйқаспен жазылған.

Ал, келесі шумақтар, мысалы «Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап» деп басталатын алтыншы шумақтан бастап, 15-шумақтың ақырғы жолы үнемі «ап» көсемшемен ұйқасады. Әлбетте, бір өлеңнің бойында бірнеше ұйқас кездесіп отыратыны таңқаларлық емес. Біз бұл белгіге қарап қана өлеңнің тұтастығына күмән келтіріп отырған жоқпыз.«Насихат Қазақияда» «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы...»: 4 шумақ және екі жол, барлығы 16 жол болып жеке берілген. Қазіргі мәтінімен салыстырғанда өзгешелік бар. Ендігі міндет – осы өзгешеліктің сипаттары туралы.

Бірінші шумақтың екінші жолы «Қиыннан қиыстырған – ер данасы». Яғни, өлеңді «Сөздің патшасы» деңгейіне көтеріп «қиыстырған – ер данасы». Қиыстырған, жасаған. Өткен шақ. Болған, біткен іс.

Ал, қазіргі мәтінде «Қиыннан қиыстырар – ер данасы» болып, етістіктің келер шақ тұлғасында тұр. Бұл – Абайдың тілегі, арманы. Яғни «ер данасы» ғана қиыстыра алады. Ақын осы өреге ұмтылуға шақырады. Әрі қарай жалғастырып: «Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы», деп тілейді. Өлеңдік қасиеті жағынан қарағанда «қиыстырған» немесе «қиыстырар» екеуі де өз орнында. Тек «ер данасынан» кейін

нүкте қойылса, «қиыстырған» салмақтылау, ал «қиыстырар» үтір сұрап тұр. Қазіргі жинақтардағы «ер данасынан» кейінгі нүкте ойды аяқтап, алғашқы екі жолды жеке сөйлем ретінде бөліп тастағаны көңілге қоныңқырамайды. Егер «қиыстырарға» тоқтайтын болсақ, шумақтағы 4 жол бір демде, ұзақ бір сөйлем болып тұтас оқылуға тиіс.

Екінші шумақта екі мәтін біріне-бірі толық сәйкес келеді. Тек қана, реті келіп тұрғанда «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы» деген тіркестегі «бөтен» сөзі жөнінде өзіміз байқаған бір жайды айта кетуге тиіспіз. Өйткені, айтпағымыздың Абай ойын түсінуге қатысы бар-ау деп есептейміз.

«Бөтен» сөзін біздің замандастарымыз қазіргі түсінік бойынша «өзге», «басқа», тіпті «кірме сөз», «басқа тілден енген сөз» мағынасында түсінеді. Ия, бір қарағанда өлең мәтінінің «өзге», «кірме», басқа тілден алынған сөздермен шұбарланбағаны дұрыс та. Бірақ, Абай өз шығармаларында араб, фарси, тіпті орыс тілдерінен сөз алып қолдана береді ғой. Ондағысы – сөз таба алмағандықтан, немесе ұйқас үшін бе екен? Ойлануға тұратын мәселе.

Алдымен, Абайдың өзі қолданған өзге тілдерден кірген сөздерге назар аударып көрдік. Сонда көзіміз жеткені – Абай арабтан, фарсидан, орыстан сөз алғанда, а) айтпақ ойын неғұрлым дәл, жинақы, ұшқыр жеткізу үшін алады екен; ә) сатира тұрғысында кекету, мұқату үшін, ащы мысқыл, бұлтартпас сыни ойын ықшам білдіру үшін алады екен.

«Интернатта оқып жүр», басқа емес, медресе, мектеп, школа емес, дәл сол «интернатта» деген термин сөз. «Здравомыслящий» - қазақша бірнеше сөзбен шұбалаңқы түрде «дұрыс ой қорытатын», «салауатты ой-пікір иесі» деген сияқты. «Занимайся прямотой» - ісің де, сөзің де әділ болсын, өмірге тура жолды таңда, өсек-аяң, алдауға барма, т.с.с.

Сонда «бөтен сөз» дегенді Абай қай мағынада қолданған? Біздің ойымызша, Абай бұл арада жалған сөйлем, сөз арасына өтірік сезім қоспа деген. Мұның дәлелі ретінде араб тілінде «шындық», «ақиқат» деген сөздердің антонимі, қарсы мағынасында қолданылатын бұһәтән (бөтен) деген сөздің бар екенін айтқымыз келеді.

Мысалы, музыкада «жалған нота», яғни «жалған, қоспа, үйлесімсіз дыбыс» деген түсінік бар екені мәлім. Белгілі бір орындаушының шеберлігін бағалағанда, музыка мамандары тұтас композициядан ақау шығып қалмаса екен, орындаушы жаза басып, жалған дыбыс қосып жібермесе екен деп қадағалап отырады. Және де «жалған нота» байқаса, орындаушының кездейсоқ қатесі деп емес, одан да ауыр күнә деп есептейді. Өйткені, «жалған ноталар» көбейіп кетсе, музыка тақырыбынан ауып, тыңдаушыға мүлде басқа әсер етеді. Мұнымыз – білгіштік көрсету емес, Абай қолданысындағы «бөтен сөз» деген анықтаманың арқалаған жүгі ауыр екеніне назар аударғанымыз.

Үшінші шумақта да екі нұсқаның арасындағы едәуір айырмашылықты байқаймыз. 1995 жылғы жинақта:

Әуелі аят, хадис сөздің басы,
Қосарлы бәйітмысал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.

Осындағы бәйітмысал, басылымдарда әртүрлі жазылып жүр. Осы жинақта берілген түсінікте: бәйітмысал – Бәйіт (арабша) - өлең, «Бәйіт мысал» - мысал өлең, үлгі-өнеге өлең». «Абай тілінің сөздігінде» бұл сөздің мағынасы қарама-қарсы түсіндірілген. Яғни, «Бәйітсымал». Бәйітсымақ, өлеңсымақ.

Құрастырушылар бұл сөзді түсіне алмай, көп қиналғанын, 1909 жылғы алғашқы жинақтан бері қарай келе жатқанына қарамастан, «Бәйіт мысал» деп түзеткенін жазады.

Қайсысы дұрыс? 1961 жылғы жинақта «Бәйітсымал». Ахмет Байтұрсыновтың жазып алған нұсқасында «Бәйітсымал». Біз анық түсіне алмаған, қазір көнерген сөздер қатарындағы арабтың бұл сөзін А. Байтұрсынов білетініне күмән келтіруге бола ма?

«Қисынымен қызықты болмаса сөз,

Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы», деген сөйлемге үңіле қараған адам бұл жолдардан әжуа, сын-сықақ көріп тұрғандай. Атеистердің аят пен хадистердің терең мәнін түсінгісі келмей, терістейтін мысқылы осындай болатын. Және

«Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы...»

Кімнің алласы? Немесе пайғамбар мен алла атынан айтылатын аят пен хадистен Абай сияқты хақ мұсылман қызық іздей ме? Ойланып көрейікші.

Ойланайық та, «Насихат Қазақиядағы»:

«Әуелі аят, хадис сөздің басы,

Мінәжат уәлилердің зар наласы», деген жолдарды оқиық. Діндәр уәлилердің мінәжат қылғандағы зарлы наласы құлағыңызға келе ме? Ислам – бағыныштылық, иман – құлшылық сезімі екенін еске алсақ, аузынан Алласын тастамайтын Абай сөзі осындай десек ше?

Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,

Әр бірі келгенінше өз шамасы, деген сөйлемді төртінші шумақтағы:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы, деген ұғымнан айырып алу оңай ма? Көрініп тұрған тұтастыққа, ой жалғастығына күмән бар ма?

Бұларды жазғанда Абай өлең шығаратындардың кемшілігін бетіне баспайды. Кешіріммен қарайды. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады», «Сонда да олардың бар таңдамасы» десек, теріс бола ма?

Енді бір байқағанымыз: 1995 жылғы жинақта:

«Өлеңге әркімнің-ақ бар **таласы**» деген жол «Насихат Қазақияда» «Өлеңге әркімнің-ақ бар **тайталасы**» болып берілгені.

«Талас» дегеннен гөрі өлең, өнер – бәсеке, «тайталас», деп түсінсек, ойға қонымдырақ сияқты. Рас, бұл жолда бір буын артық тұр. Техникалық жағынан алғанда «бар тайталасы» – «бар таласынан» олақтау. Дегенмен, Абайда мұндай буын санының бірлі-екілі артық-кемі бола беретінін білеміз. Абайдың өлеңдері ішкі ойға құрылатынын, кейде ұйқас жағынан кемшілік болып жататынын кезінде Ахмет Байтұрсынов та атап көрсеткен.

Дәл осы тұста, «Насихат Қазақия» нұсқасындағы біраз жайды қозғап, өз пікірімізді білдіре отырып, ондағы «Сырты алтын, іші күміс сөз жақсысын» дегендегі, «алтынның» **сыртына** «күмістің» **ішіне** ауысқанын орынсыз көрініп отырғанымызды да айтуды парыз санаймыз. Бәлкім, бұл да өлең техникасының бір көрінісі – «сырты алтын» деген тіркестегі жуан дауысты дыбыстардың, «іші күміс» дегендегі жіңішке дауыстылардың үндесуін жөн көрген көшірмеші, түпнұсқасындағы «іші алтын», «сырты күміс» түріндегі дауысты дыбыстардың үндестігі ақсап жатқанын байқап, «түзетіп» жіберді ме екен? Қалай да бізге, 1995 жылғы жинақтағы «**іші алтын**», «**сырты күмісті**» қабылдау оңай.

Осы «Насихат Қазақиядағы» соңғы екі жол:

Көз жұмып дүниеден өткеніңше

Адамның таусылмайды қаптамасы,- деген сөйлем бөгде біреудің артық қоспасы сияқты болып тұр.

Қазіргі жинақтарда осы өлеңнің тоғызыншы шумағының төртінші жолы

Былжырақ көрінеді солар **даңдақ**.

Осындағы «даңдақ» деген не сөз? Құрастырушылар бұған назар аударып, бұрынғы басылымдарды тексеріп шыққан. 1909, 1922 (Қазан және Ташкент) жылдардағы жинақтарда «солар даңдақ». 1933 жылғы жинақта «соларды аңдап», 1939, 1945, 1954 жылдардағы жинақтарда «бәрі даңдақ». 1957-1977 жылғы жинақтарда «соларды аңдап». Біздің тапқанымыз – А. Байтұрсынов мәтінінде (1913 ж.) және 1961 жылғы жинақта «соларды аңдап».

Академиялық жинаққа 1909, 1922 жылғы басылымдардағы «солар **даңдақ**» нұсқасы енгізілген. Тиісті түсінікте былай жазылған: «Ақын бұл жерде: мал алу үшін, байларды мақтайтын ақындардың өлеңі «қазаққа қадірсіз», «былжырақ», мағынасыз, «**даңдақ**» көрінеді, -деп отыр».

Тағы бір нұсқа бар. Ол – 1909 жылғы жинақтың соңына берілген Абайдың өмірбаяны мәтінінің ішіндегі осы өлеңнің үзіндісі. Онда «былжырақ көрінеді **солардан да-ақ**» болып басылған. Біздің түсінігімізше, мұндай ақындардың сөзі піспеген, өлең дәрежесіне жетпеген деген мағынаны білдірсе керек. Шешімі табылған жоқ. Сөйтіп, беймәлім «даңдақ» сөзін жазып қойып, және оның мағынасына түсінік бермеу, оқырманға да, Абайға да қиянат болмай ма?

* * *

1995 жылғы жинақтың екінші томының 28-бетіндегі «Көк тұман - алдындағы келер заман... » деп басталатын өлеңнің мәтінінде көзге түскен түйіткілдер жөнінде біраз сөз айтуға тура келеді. Осы өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы:

Соның бірі – арнаулы тауысыншақ күн.

Осындағы «тауысыншақ» түсініксіз. Дұрысы – «таусыншық», яғни таусылып бара жатқан, болымсыз қалдық болуға тиіс. «Абай тілінің сөздігінде»: ТАУСЫНШЫҚ. Шолтиған, біткен қалдық. Сөздікке де, жинаққа да 1957 жылы М. Әуезовтің басқаруымен шыққан екі томдық жинақ негіз болған. Яғни, онда бұл сөз түзу жазылған. Кейінгі құрастырушылар түзетіп жіберген, бірақ түсінік бермеген.

Осы сөзді төркіндетіп, А. Байтұрсыновтың 1913 жылы жазған «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласында мысал үшін келтірілген өлеңнің мәтінімен салыстырдық. «Таусыншық күн» екен. Ахаң өзінің қолына «1903 жылы Абай өлеңдері жазылған дәптер түскенін» жазады және 1909 жылғы алғашқы кітапты да атайды. Демек бұл сөз әуелде дұрыс «таусыншық» түрінде болған. Бірақ Ахмет Байтұрсынов қолындағы екі нұсқаның қайсынан алғанын жазбапты. Бір сөздің төңірегінде осынша тәптіштеп айтуымыздың мәнісі бар.

А. Байтұрсынов нұсқасындағы өлең мәтінінде қазіргі жинақтағыдан өзгелік бар. Мысалы, төртінші шумақтан кейін келетін:

Малға сат, пайдаға сат қылығыңды,

Блайла ылай оймен тұнығыңды,-

Сонда өмірден алдамшы бола алмассың,

Ол білдірмей ұрламақ қылығыңды, -деген шумақ түсіп қалған. Себебі белгісіз. Жинақты құрастырушылар бұл жөнінде ескертпе берген: «Өлеңнің төртінші шумағына жалғас келетін: «Малға сат, пайдаға сат қылығыңды»,- деп басталатын 1909 жылғы жинақтан бастап 1957 жылғы жинаққа шейін басылып келе жатқан бесінші шумағы 1977 жылғы жинақта «Жасөспірім замандас қапа қылды» өлеңінің соңына тіркеліп

басылған...» Неге? Жауап жоқ. Жоғарыда айттық, Ахмет Байтұрсыновта да түсіп қалған. Ойлануға тұра ма? Бәлкім, Ахаңның қолындағы 1903 жылғы дәптерде осындай шығар.

Міне, осылайша, Абай шығармаларының әр кезде жарияланған нұсқаларын салыстыра отырып, оларда орын алған айырмашылықтардың мәнін анықтауға, сол арқылы ақын шығармаларының канондық мәтініне бір табан болса да жақындай түсуге болатындай. Біздің байқағандарымыз үшінші және одан кейінгі көшірмелердегі өзгешеліктер ғана.

Абай шығармаларының алғаш рет кітап болып басылуына, зерттеушілердің текстологиялық жұмыстарына негіз болған Мүрсейіт (1860-1917) қолжазбалары екені мәлім. Дегенмен, сол Мүрсейіттің өзінде әртүрлі көшірілген жеке сөздер мен сөйлемдер де баршылық. Бұл жөнінде зерттеуші Амантай Исиннің келтірген деректері біраз ойға жетелейді. Атап айтқанда, А. Исин 1905 жылы Мүрсейіт дайындаған қолжазба кітапты үңіле зерттей отырып, оның «кейбір тұсында екі рет көшірілген мәтін не сөз айырмашылықтары бар өлеңдер кезігетінін» байқаған және кейін жинақ түрінде басылған нұсқаларда «бұл ерекшеліктердің мүлде ескерілмей келгеніне» назар аударады. Мысал ретінде Абайдың бес өлеңін («Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ата-анаға көз қуаныш», «Менсінбеуші ем наданды», «Ысытқан, суытқан», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?») кейінгі басылымдармен салыстырып шығып, зерттеуші мәтіндердегі әрбір өзгешелік туралы өз пікірін ортаға салған.

Мүрсейіт сияқты жауапты көшірмеші жұмыс үстінде салақтық жасады деуге А.Исиннің аузы бармайды. Абай мұраларының шырақшысы, алтын сандығы болған Мүрсейіттің адалдығына, тиянақтылығына Амантаймен бірге біз де бас иеміз. Әрине, пенде болған соң, көшіру үстінде кейбір селкемдікке жол беріп алуы да мүмкін.

А.Исиннің топшылауының негізгі арнасы – Мүрсейіт Абайдың бір ғана емес, бірнеше қолжазбасынан көшірген, демек, қолжазба кітаптағы өзгешеліктер Абайавтордың өз қолынан шыққан, деген жорамалға саяды. Біз бұған толық қосыла қоймасақ та, оның: «Абай бір жазған өлеңіне кейін еш өзгеріс енгізбеген деген түсінік шындықтан алыстау...» деген пікірін қолдаймыз. Бұл жөнінде осы жолдардың авторы Абай өлеңдерінің әртүрлі нұсқаларын салыстыра отырып, мұндай пікірді бұрын да айтқанбыз (қараңыз: «Абай және баспасөз», Қарағанды, 1997 жыл) және осы еңбекте де бірнеше қайталап көрсеттім. Демек, А.Исиннің жазғанындай, Абай-ақын тарапынан «...кейбір өлеңдердің авторлық редакцияларының болуы ойға қонымды» екенін тағы да қуаттаймын. Сондай-ақ, біз негізге алып тексерген 1995 жылғы толық жинақтағы, одан бұрынғы басқа да басылымдардағы түсініктердің кейбіреулері көңілге қонбайтынын, тіпті көрініп тұрған мәтін өзгешеліктеріне құрастырушы-зерттеушілер тарапынан назар аударылмағанын олқылық санаймын, бұл жөнінде А.Исинмен бір пікірде екенімді көрсетемін.

Өз қолымен жазған, түзеткен қолжазбалары сақталмаған ақынның шығармаларын тексеріп, канондық мәтін түзуді кешеуілдете беруге болмайды. Бұл – біздің ұрпақтың өмірінде шешілуі керек. Осынау маңызды іске кіріскенде, Мүрсейіттің қолжазбаларынан бастап, бұрын-соңды жарияланған белгілі нұсқаларды толық ескеріп, неғұрлым терең ғылыми сараптаудан өткізген дұрыс болар еді. Абайтанудың қазіргі деңгейі осындай іргелі зерттеу жұмыстарын талап етеді.

Абай шығармаларының әлденеше қайта басылып келе жатқан нұсқаларының ішінде ақынның бір жарым ғасырлық мүшеліне орай, қазақтың білікті оқымыстыларының күшімен дайындалған 1995 жылғы нұсқасының ғылыми-танымдық құнына шек келтіруге болмайды.

Абай шығармаларының аталған екі томдық ғылыми жинағын баспаға дайындау үстінде жаңадан текстологиялық зерттеу жұмысы жүргізілген. Шығарушылар алқасы

«Абай шығармаларының Мұхтар Әуезовтің басқаруымен және тікелей қатысуымен дайындалып, 1957 жылы жарық көрген екі томдық толық жинағын негізге ала отырып,... барлық шығармалардың текстін бұрынғы жинақтармен және жазба дерек санлып жүрген белгілі қолжазбалармен қайтадан салыстырып, тексеріп» шыққан. Сонымен бірге «түсініктер де тың деректермен толықтырылып, бірталай тұстарда қайтадан» жазылған.

Шығармашылық топтың құрамында болған белгілі абайтанушы Қайым Мұхаметханов осы жинаққа «бұрын Абай жинақтарында қате басылып жүрген 250 сөзді түзетіп, 120 сөзге түсінік жазғанын» өзі айтқан. Соған қарамастан, Қайым марқұм Абай шығармаларының кітап болып басылуында текстология мәселелеріне жеткілікті мән берілмейтіндігін де қынжыла айтып кеткен.

«Абайдың бұл жолғы жинағы академиялық жинағы екеу емес, төрт томдық болып шығуы керек еді. Амалсыз осы екі томмен қанағат етуге тура келді», дейді де Қ. Мұхаметханов «...соның өзіне көңілі толмайтындығын» жасырмаған. Бұл орайда зерттеушінің мына сын-пікірі сабақ болуға тұрарлық-ау: «Тегінде біздің академиялық жинақ туралы түсінігіміз қызық. Бұрын да ұлы ақын шығармаларында қате кеткен сөздер тағы қайталанып жататын-ды. Сөйтсек, әлгі академиялық жинақтың редакциялық алқасына енгендер шидің басын сындыруға ерініп, бұрынғы жинақтың парақтарын ақ қағазға желімдеп, баспаханаға сол күйі жібере салудан тайынбапты». Ашынып отырып артық айтып қалуы да мүмкін, десек те осындай өкініштің ақиқатқа жанасатыны жалған емес.

Әлбетте, академиялық жинақты шығарушылар ісімізде мін жоқ демеген. Оған жинақтың кіріспесіне жазылған мына салмақты ескертпе дәлел бола алады:

«Бұл жерде бір назар аударарлық жай – Абай шығармаларында жекелеген сөздердің әр түрлі қолжазбалар мен бұрынғы басылымдарда әр қалай оқылатын тұстары кездесетіндіктен, мынадан ана нұсқасы артық, дұрысырақ, сол неге алынбаған, деп әркім өзінше дәлел келтіруге себеп мол. Сондықтан бірді-екілі сөз болса да, жеке адамның жобалауынша өзгертілмей, нақтылы деректерге сүйеніп және ғылыми ортада талқыланып, академиялық басылымды дайындайтын шығарушылар алқасының пікір қорытуымен шешім алынғаны дұрыс».

Абай мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа абайлық қалпында, «Іші – алтын, сырты – күміс» қасиетімен жеткізу міндетін мойынға алу - өте жауапты міндет.

Қайым ақсақал өмірінің соңында кейінгі талапшыл, талғамшыл ұрпаққа аманат ретінде: «ғылым жолында жүрген қай-қайсымыз болсын, Абайға қызмет ете білуіміз керек», - деп, өмірдегі «...басты арманымның бірі – Абай өлеңдері текстологиясының толықтырылған жаңа нұсқасын шығару болып табылады» деп ағынан жарылғанына куәміз.

Абай мұрасын зерттеу үстінде өзіміздің пікірлерімізді ортаға салғанда да осындай жауапкершілікті естен шығармағанымызды ескертсек дейміз.

К ВОПРОСУ О РАННЕЙ ИСТОРИИ КЕРЕЕВ

Аманжол Күзембайұлы - доктор исторических наук, профессор,

Еркін Әбіл - доктор исторических наук, профессор,

Тамара Әлібек - кандидат исторических наук, профессор

(Костанайский государственный педагогический университет им. У.Султангазина)

Одна из актуальных проблем средневековой истории Казахстана – проблема этногенеза этнических образований, предшествовавших появлению на исторической сцене казахов и, в значительной мере, послуживших основой формирования казахского этноса. Одно из таких образований – керейты, создавшие собственное государство и сыгравшие значительную роль в создании Монгольской империи. Вместе с тем, проблема ранней истории кере-итов и их этнической принадлежности до сих пор не нашла должного разрешения.

Данная работа является попыткой изучения истории одного из казахских родов Среднего Жуза – керей, с учетом последних достижений исторической науки, привлечением максимально возможного круга исторических источников.

Первые сведения о керейтах дает арабский историк Абуль Фарадж, который пишет о том, что царь керейтского народа обратился в 1007 г. к несторианскому митрополиту Ебед-Иещу в г. Мерве (одном из городов Хоро-сана) с просьбой принять его в христианскую веру вместе с народом, насчитывавшем 200000 чел [1]. Подробные сведения о керейтах и их взаимоотношениях с соседними племенами и народностями мы найдем в монгольской хронике 1240 года "Сокровенное сказание" [2]. Здесь керейты, най-маны и меркиты представлены как монголоязычные общности, независимые от "коренных" монголов и имевшие собственную государственность (Най-манское, Керейтское ханства). В качестве главы Керейтского ханства наиболее известен Ван-хан (или Тоорил-хан), названный отец Темучина (Чин-гис-хана), ставший позже его соперником и противником в ожесточенной схватке за власть в Великой степи.

Разнообразные и ценные сведения о керейтах, меркитах и найманах во многом подтверждаются и углубляются таким колоссальным по объему и надежным памятником начала XIV века как "Сборник летописей" персидского историка Рашид-ад-дина [3], затем монгольскими летописями XVII-XVIII веков - различными версиями "Алтан Тобчи" [4]. "Шара Туд-жи" [5]. "Эрденийн Тобчи" Саган Сэцэна, [6] ойратскими и калмыцкими летописями XVII - нач. XIX веков и другими [7]. Из китайских источников, в которых имеются данные о керейтах, следует назвать "Илэтхэл шастир" [8]. "Мэн-гу-ю-му-цзи" в переводе П.С. Попова [9] и ряд работ в переводе Н.С. Бичурина [10].

Важное место среди источников по истории казахских родов, в том числе, кереев, занимают генеалогии-шежире. Этот особый жанр традиционной исторической формы отражения прошлого и специфическая для казахского общественного сознания устная историческая традиция стала основой одного заметного направления в казахстанской литературе, существующего параллельно официальной историографии. Подобных работ Казахстане издано огромное количество, начиная с публикаций в газетах и журналах, заканчивая отдельными изданиями. Отметим лишь то, что в последние десятилетия в Казахстане предпринято масштабное издание шеж-ире различных родов [11].

В данных работах в подавляющем большинстве наблюдается не критический подход к материалу, легендарные сведения, особенно, относящиеся к высшим звеньям генеалогии, отражающим наиболее хронологически ранние времена, воспринимаются буквально. Даже как источник, подобные исследования применять довольно сложно, т.к. во всех них отсутствует необходимый научно-справочный аппарат и комментарий. Часть современных шежире не имеет исторической ценности, т.к. посвящена популяризации современных представителей того или иного рода. Теоретической основой этих работ является архаический взгляд на исторический процесс как результат поэтапной сегментации одной семьи, когда история трактуется в категориях семейного родства.

Справедливости ради отметим, что отмечается рост публикаций казахских шежире с научных позиций, сопровождающихся комментарием и привлечением других пластов источников [12]. М. Муканов отмечает, что казахская историография прошла от мифологического мышления к квази-историческому и историческому осмыслению семейной и родовой истории, легенд и преданий, которые в совокупности образовывали шежире – свое-образную историческую хронику происхождения народов, племен, родов, знатных людей [13]. При этом, он подчеркивает, что «приводимая схема вовсе не означает признания ее, как исторически достоверного документа, а как представление одной из эпико-генеалогических легенд мусульманского мира» [14]. М. Муканов предлагает делить шежире на два уровня, причем на высших звеньях родословной господствует легендарная генеалогия, основанная на мифах, тотемических и религиозных представлениях, на нижних – реальная генеалогия [15].

Один из современных исследователей феномена шежире, М. Алпыс-бес, отмечает, что данная проблема, довольно редко освещаемая исследователями, в реальности имеет достаточно важное теоретическое значение в изучении традиционных институтов казахского общества. В историко-генеалогическом предании находит выражение статус племени (жуза), идеологически обоснованное в шежире. Прослеживается связь устной исторической традиции с генеалогической структурой казахского этноса и его социально-идеологическое значение [16]. Первые опубликованные шежире, включающие сведения о кереях, принадлежат перу Шакарима Кудайбердыулы [17] и М.-Ж. Копейулы [18]. В постсоветское время вышло ряд работ этого жанра, в частности предприняты публикации шежире кереев Казахстана [19], Китая [20]. В 2011 году вышел обширный труд, посвященный генеалогии ашмайлы-кереев. [21].

Национальная историография проблемы кереев начинается с работы М. Тынышбаева [22]. Сведения о кереитах, кереях их происхождении и различных этапах истории содержатся в работе В. Вострова и М. Муканова, посвященной родоплеменной структуре казахов [23]. Особо следует отметить работу М. Муканова, специально посвященную истории кереев в составе казахов [24]. В Монголии в этот период вышла книга об абак-кереях [25].

Пристальное внимание к истории кереев уделяется калмыкскими исследователями. Так, обстоятельная работа по роли кереитов в этногенезе ойратов и калмыков, написана Г. Авляевым [26]. Историографии истории кереитов посвящена недавно вышедшая в свет сводная работа Санжи Хойта «Кереиты в этногенезе народов Евразии» [27]. Прделанная в данном исследовании попытка очертить основные этапы истории кереитов и их потомков освещает не только историю кереитов, но и неизвестные ранее моменты сложения многих других, современных народов.

Основной проблемой в изучении истории ранних кереитов является их языковая принадлежность. При этом, и сторонники монголоязычности и сторонники

тюркоязычности ссылаются на сообщения Рашид-ад-дина, который крайне противоречив в данном вопросе. В частности, он помещает сведения о керейтах в раздел «О тюркских племенах...», но тут же пишет, что керейты – *«представляют собой род монголов»* [28]. Сам Рашид-ад-дин поясняет, что, керейтов *«в настоящее время называют монголами, однако вначале их название не было таковым..., не столь давно получили имя монголов»* [29]. Даже о собственно монголах он говорит, что *«в древнее время монголы были народом, принадлежащим к тюркским племенам»* [30]. Очевидно, что для Рашид-ад-дина термин «тюрк» не этнический ли лингвистически, а скорее, социально-политический, аналог слова «кочевник», поэтому в состав тюрков он включает не только собственно тюрков, но и монгольские, тангутские, тунгусо-маньчжурские народы.

В целом, привлечение данных, приводимых Рашид-ад-дином или автором «Сокровенного сказания» для доказательства тюркоязычности или монголоязычности керейтов не совсем корректно. Следует учесть, что эти работы создавались в конце XIII века, т.е. через 2-3 поколения после событий, описанных в них. Любые ссылки на схожесть или разность языков отдельных групп населения Центральной Азии несут отпечаток языковой ситуации, современной автору, т.е. сложившейся в результате монгольских завоеваний и вряд ли могут привлекаться для реконструкции ситуации, предшествовавшей им.

Сторонники монголоязычности керейтов настаивают на том, что сам термин "керейт" (кэрэит, кэрээд и т.п.) объясняется только с монгольских языков и в переводе с ойратского (западно-монгольского) и калмыцкого языков означает "вороны". Термин этот происходит от ойрат-калмыцкого слова "кэрэ" в значении "ворон", которое во множественном числе оформляется как керейт, кэраат, (на халха-монгольском - хэрэит) [31]. Учитывая, что этноним керейт легко объясняется с монгольских языков и непереводим с тюркских, данные авторы призывают признать ошибочными мнения тех исследо-вателей, которые считают керейтов тюрками по происхождению [32].

Однако, заметим, что этимология этнонима не обязательно свидетельствует о языке этноса. Яркий пример этому калмыки и болгары, этноним которых имеет тюркское происхождение или русские, этноним которых возник в германской среде.

К тому же, средневековый автор, хивинский хан Абул-Гази считал, что слово "кераит" в переводе значит "черный баран" и имеет тюркское происхождение [33]. Ряд тюркологов продолжают придерживаться данного мнения Абул-Гази [34].

Тюркоязычными считал керейтов и известный востоковед Н.А. Аристов. Так, к примеру, он пишет в работе "Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей": "в цзунгарских аймаках "керейт", "абагас", нельзя не узнать киреев и абак-киреев, а в отоке "эркэтын" тюркское племя "аргын" [35].

Говоря о происхождении керейтов и их этнонима, основной источник по ранней истории керейтов Рашид-ад-дин высказался довольно туманно: *«Рассказывают, что в древние времена был один царь; он имел семь [восемь] сыновей, и все они [были] смуглые. По этой причине их называли кераитами. После того, с течением времени, каждое из ответвлений и потомства тех сыновей получили особое имя и прозвище. До самого последнего времени собственно кераитами называют одну [племенную] ветвь, в которой был один [действительный] государь»* [36]. Сказать, по данной цитате, какова этимология слова «керейт» достаточно сложно.

Тезис о монголоязычности, выдвинутый и поддерживаемый такими учеными, как Грумм-Гржимайло, Санжеев Г., Владимирцев Г., Киселев С. и другими в целом не выдерживает критики [37]. Возможное монгольское происхождение самого слова «керей – керейт» не свидетельствует о монголо-язычности этноса. Напомним, что монголоязычный этнос калмыков имеет тюркский по происхождению этноним, славяноязычные македонцы имеют древнегреческий этноним и т.д.

В пользу тюркоязычности керейтов говорит наличие в источниках упоминаний о родстве керейтов и канглы, тюркоязычность которых не вызывает сомнений. В пользу отождествления кереев с канглы приведем слова известного казахского исследователя А. Қадырбаева, который на основе китайских источников пришел к следующему выводу: “... *В китайском источнике “Мэнзур-шицзы” говорится: Керейты были предками канглы. Западные племена именовались канглы, восточные – керейми...*” [38].

О родстве керейтов с западными тюркскими народами говорят и другие авторы. В частности, В статье "О датах жизни Чингисхана" Р. Храпачевский ссылается на китайского автора Ту Джи, который в своей "Истории Монголов", считает, что керейты были тюрками и произошли от тюркских канглы и огузов и их язык был тюркским [39].

Наличие монгольских элементов среди керейтов Пауль Ратчневски объясняет тем, что часть киданей была ассимилирована керейтами. Он подчеркивает наличие дружественных отношений между керейтами и западными киданями, что иллюстрируется тем фактом, что хан керейтов Тогрул однажды искал убежище в Западной Ляо [40].

Российский исследователь В.И. Рассадин, анализируя тюркизмы в языке «Сокровенного сказания» монголов, пришел к выводу, что больше всего тюркских элементов наблюдается в составе личных имен у найманов и керейтов, которые, кстати, испытали и большее влияние древнетюркской культуры [41].

Башкирский исследователь Кузеев, считает, что дискуссию о тюркском или монгольском происхождении керейтов, начатую еще в XIX в. Н.А. Аристовым, Г.И. Грумм-Гржимайло, В.В. Бартольдом, Х.Ховорсом и другими рано считать завершенной, хотя число сторонников идеи тюркской принадлежности керейтов увеличивается [42]. Более того, ряд авторов считает, что найманы и керейты были не только тюркоязычны, но говорили на языках кыпчакской группы [43].

Таким образом, мы видим, что проблема этногенеза средневековых керейтов и их роли в этногенезе современных народов, механизмы трансформации керейтского этноса и инкорпорирования его частей в состав современных этносов еще далека от своего разрешения.

Литература

1. Д’Оссон К. История монголов, пер. Н.Козьмина. Иркутск, 1937, т. I, - С. 53
2. Козин С.А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. Т. I, М.-Л., 1941, - С. 140
3. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. I. кн. 1, с. 127-133; Т. I, кн. 2, М.-Л., 1952, - С. 108
4. Лубсан Данзан. Алтан Тобчи (Золотое сказание). Пер. с монг., введение, комментарий и приложения Н.Л. Шастиной, М., 1973; Алтан Тобчи, дер. Г. Гомбоева. - Труды ВОРАО, ч. VI. Спб., 1858; Мэргэн-Гэгэн. Алтан Тобчи, вер. П.Б. Балданжапова. Улан-Удэ. 1970.
5. Шара Туджи. Монгольская летопись XVII в., пер. Н.П.Шастиной. М.-Л., 1957
6. Саган Сэцэн. Эрдэни-йинтобчи. Подг. к изд. Ц. Насанбалжира. У.-Б., 1960.
7. Батур-Убаши Тюмень. Сказание о дербен-ойратах; Габан Шараб. Сказание об ойратах. История калмыцких ханов и др. - Калмыцкие историко-литературные памятники в русском переводе. Элиста, 1969.
8. Санчилов В.П. Этнический состав ойратов XV-XVIII вв. по данным "Илэтхэлшастир". // Из истории докапиталистических и капиталистических отношений в Калмыкии, Элиста, 1977, с. 3-30.
9. Мэн-гу-ю-му-цзи. Записки о монгольских кочевьях, пер. Попова П.С. Спб., 1895.
10. История первых четырех ханов из Дома Чингисова, пер. с кит. монахом Иакинфом. Спб., 1829, с. 361; Бичурин Н.Я. Черновая история монгольского народа, неоп. рук. - см. А В., ф. Р I, од. 3, ед. хр.1; его же Историческое обозрение волжских калмыков. - Журнал МВД, №7, ч. IX. 1883 (июль).
11. Қазақшежіресі. - Алматы: Атамұра Қазақстан, 1994; Толқымбетұлы Р. Жалайыр. Он екі аташежіре. - Алматы, 2000; Атшыбайұлы Ә. Шеркешшежіресі. - Алматы: Жолдас және К, 2000; Бәтесбайұлы К., Бегатарұлы Ж. Найман тоқпақшежіресі. - Алматы, 2000.

На 1 января 1938 г. в Кустанайской области функционировало 647 школ. Из этих школ 556 единиц были начальными учебными заведениями, 73 школы с неполным средним образованием и только 10 школ давали детям среднее образование и возможность поступления в высшие учебные заведения. В конце 1930-х гг. в области оставалась проблема педагогических кадров. Анализ состояния их образовательного уровня показал, что в 1937 г. в области преподавателей не соответствующих ни образовательному, ни политическому уровню (что иногда было важнее), по начальным школам было 113 человек, по неполным средним и средним школам – 146 учителей. Из 394 учителей 5–10 классов с законченным и незаконченным высшим образованием было только 62 человека, из 1451 учителя 1–4 классов, имеющих образование 7 классов – 825, имеющих подготовку за 5–6 классов – 372 человека и 64 человека имеют подготовку только за начальную школу. Решалась эта проблема разными путями.

В марте 1938 г. в Кустанае были открыты шестимесячные курсы подготовки преподавателей НСШ по родному языку и литературе на 50 человек (казахов – 25, русских – 25), по истории 35 человек (казахов – 15, русских – 20 человек), географии – 20 человек. На курсы принимались люди, имеющие образование в объеме 8–9 классов. Специалисты потом распределялись по всем районам области. 15 апреля 1938 г. в Кустанае были организованы областные 4-х месячные курсы учителей начальных школ на 120 человек. Претенденты на курсы должны были иметь образование не менее 7 классов, затем их распределяли по всем районам области.

Но организация курсов не решала кадровых проблем. Время все настоятельно требовало высококвалифицированных учительских кадров. С этой целью был открыт Кустанайский учительский институт, 1 октября 1939 г. приказом Наркомпроса КазССР был назначен директор – И.П. Найденев, командированный из Алма-Аты. 15 ноября 1939 г. официально получил статус высшего учебного заведения. К началу 1940-х гг. в г. Акмолинске функционировали педагогическое училище, школы: медицинская, ветеринарная, механизации сельского хозяйства, две школы ФЗО по подготовке рабочих-строителей железных дорог и слесарей паровозного и вагонного парков.

Имела место и русификация народного образования, что объяснялось развитием производства и расширением народнохозяйственных связей в стране. 5 апреля 1938 г. было принято постановление ЦИК и СНК Казахской ССР «Об обязательном изучении русского языка в казахских школах». Подобных постановлений об изучении казахского языка в русских школах обнаружено не было. Более того, появилась тенденция к сокращению казахских школ: по решению родительских собраний в 1938 г. 66 из них были переведены на программы русских школ.

Кроме того, для городских школ характерны проблемы слабой материальной базы, отсутствия методической работы, несоответствия санитарно-гигиеническим требованиям, переполненности их детьми. Преобладающими методами преподавания в городских школах первой ступени были беседы, чтение, экскурсии и иллюстрации.

Трудовое обучение практиковалось мало вследствие недостаточной квалификации учителей, отсутствия оборудования и необходимых материалов, учебных пособий и инвентаря. Уровень преподавания, материальная база и постановка учебно-воспитательного процесса были значительно выше в школах второй ступени. Самой сложной проблемой оставался подбор квалифицированных кадров.

Однако не все слои городского населения имели доступ к образованию. В конце 1920-х гг. общие по стране чистки школ и всей системы образования от чуждых элементов коснулись и горожан Северного Казахстана. В ответ на призыв партии проводить массовые чистки, как среди учительства, так и среди учеников, местным руководством на основе проверок трудовых биографий, начали составляться списки, подлежащих отчислению. В свою очередь в школьные организации начинают поступать письма учеников, пытавшихся получить возможность окончить обучение. Например, в заявлении в школьную комиссию села Киевского Революционной волости от ученицы Наталии Телитченковой говорилось следующее: «Отец, лишенный права голоса, я не знаю, может установили голос... Я желаю учиться. Не откажите мою просьбу» (К.М. – орфография сохранена). Виза на документе – исключить [18, л.2].

По общей установке были проверены и учителя. В сентябре 1928 г. специальная комиссия «по проверке состава учительства» на заседании от 6 сентября 1928 г. постановила: «1. Учителя школы 2 ступени Красноштанова Александра, как чуждого элемента соввласти, активного участника в период реакции Колчаковщины и т.д. - с работы снять. 2. Секретаря ОК-РОНО Кононова как бывш. белого офицера, активного участника карательного отряда в подавлении Мариинского крестьянского восстания в Атбасарском уезде в 1919 г. - с работы снять. 3. Заведывающего 2-й Советской школы Шухова Алексея как чуждого элемента соввласти, участника контрреволюционного движения – с работы снять» [19, л.110]. Управление по образованию в городе Акмолинске, проверив факты по очередному доносу писало: «На ваш запрос №01 от 18.3.30 года сообщается, что учительница Андреева держит тесную связь с кулачеством, ведет агитацию по отношению голодовки, это можно факт установить через учеников, которые говорят, что в городе голод это, мол, говорит учительница, умирают с голоду и т.д. настроение последней контрреволюционное» [19, л.73].

По итогам периода Всесоюзная перепись населения 1939 г. показала результаты политики по всеобщему среднему образованию и ликвидации безграмотности среди населения по городам Северного Казахстана. Наиболее высокий уровень грамотности показала Кустанайская область – 85% (до 49 лет – 90,7%), на втором месте шла Северо-Казахстанская область – 84,6% (до 49 лет – 90,2%), на третьем – Акмолинская область – 80,6% (до 49 лет – 85,7%), на четвертом – Павлодарская область с уровнем грамотности – 79,8% (до 49 лет – 85,8%) [20, с.123].

Таким образом, изучение системы образования в городах Северного Казахстана показало, что главной целью реформ в этой сфере в 1920-1930-е гг. было формирование новых административных кадров. В общем, народное образование для горожан было доступным и бесплатным, однако в эпоху усиления тоталитарного режима доступ образованию становится ограниченным для категорий лишенцев и чуждых элементов, как и в другие сферы общественной жизни. Такая тенденция продолжилась и в годы массовых политических репрессий. Долгое время потомки репрессированных были лишены права получения образования вследствие своего неблагонадежного происхождения.

Литература

1. Об антирелигиозной пропаганде среди киргиз // Известия Акмолинского губернского комитета РКП (б). – Акмолинск, 1923, сентябрь–октябрь, №7–8. – С. 20-25.

2. Государственный архив Акмолинской области (ГААО). Ф.714. Оп.2. Д.2
3. Образование // Степь. – 1922. – №34 – С.2
4. Петропавловск, время события, люди. – Петропавловск, 2004 – 256 с.
5. Известия Кустанайского губернского комитета РКП (б) – Кустанай, 1922, №13. – С. 1-2.
6. Скверна осталась // Степная заря – 1922. – №120, 28 ноября. – С. 1-2
7. Степная заря. – 1923. – 17 февраля.
8. Кустанай–Костанай. Очерки истории. С древнейших времен до 1936 года. – Костанай: Костанайполиграфия, 2012. – 608 с.
9. Из истории города Кустаная (к 125-летию города). / Сборник документов. Государственный архив Костанайской области. – Костанай, 2006. – 367 с.
10. Открытие техникума // Красная степь –1923 – №63, 21 июня – С.3.
11. Павлодарская область. Страницы истории. / Сборник материалов. 1938-2003 гг. – Павлодар, 2003 – 717 с.
12. Макарова Т. Петропавловск: страницы истории. – Петропавловск, 2008 – 372 с.
13. Государственный архив Павлодарской области (ГАПО) Ф.38. Оп. 1. Д. 15.
14. Государственный архив города Нур-Султан (ГАГН). Ф. 32. Оп.1, Д.41
15. ГАГН. Ф.32. Оп.1, Д.7
16. ГАГН. Ф. 32. Оп.1, Д.114
17. Шевченко С. Очерки истории Павлодарского Прииртышья. Ч.II. XX в. – Павлодар, 2000 – 240с.
18. ГАГН. Ф. 98, Оп. 2, Д.3.
19. ГАГН. Ф. 98, Оп. 2, Д.1
20. Всесоюзная перепись населения 1939 г. Краткие итоги. – М., 1991. – 167 с.

ӘОЖ 94(574)

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ЖАҒАНДАНУ ЗАМАНЫНДА МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУ МЕН ӨРКЕНДЕТУ ТЕТІКТЕРІ

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

*(Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтының
жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор)*

Алматы қ., E-mail: Aina_78@mail.ru

XX ғ. екінші жартысында пайда болған және ғылыми тұрғыда бекітілген «Жаһандану» ұғымы XXI ғ. бастап әлемнің көптеген халықтары арасына кеңінен тарала бастады. Аса күрделі әрі ауқымды бұл ұғымның қысқаша мағынасы «халықтардың бірлесуі», яғни оларға тән ортақ құндылықтар мен қасиеттерді қалыптастыру дегенге саяды. XXI ғ. басынан бел алған «Жаһандану» үрдісі адамзат қоғамының барлық салаларын – мәдени, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірді түгелдей қамтыды. Даму мен халықаралық қарым-қатынас барысында көптеген саладағы жаһандану болмай қоймайтын үрдіс ретінде жүзеге асуда. Бұл бүгінде киім киіс, көлік түрлері мен басқа да техникалар, баспана мен өндіріс түрлері, білім-ғылым, медицина және басқа да салалардың бүкіл әлемге ортақ келбетке ие болып келе жатқандығынан байқалады. Алайда, кейбір салалардағы жаһандануға қатысты ерекше байыптылықты, арнайы зерделеуді, тиісті шараларды қолдануды талап етеді. Мәселен экономикалық, саяси салалардағы жаһандану үдерісіне қарағанда *мәдени жаһанданудың* өзіндік ерекшелігі мен қайшылықты тұстары көбірек.

Мәдени жаһандану дегеніміз халықтар мәдениетінің біркелкіленуі, олардың арасындағы байланыстардың дамуы дегенді білдіреді. Барлық халықтарға ортақ техникалар мен технологиялардың қолданылуы, ортақ құрал-жабдықтар, тұрмыстық бұйымдар мен жеке бастың тұтынуына қажетті заттардың сауда-саттық нәтижесінде кеңінен таралуы өмірдің өзге салаларымен қоса *материалдық мәдениеттің*

жаһандануын тудыруда. Көлік пен байланыс құралдары, шаруашылықтағы қолданылатын техникалар мен өндірістегі құрылғылар, аспаптар, тұрмыстағы жиһаздар, ыдыс-аяқ пен тұрмыстық техникалар, киім-кешек, гигиеналық бұйымдар, сәндік бұйымдар, иіссулар, т.б. бұйымдардың әлемге ортақ түрлерінің қалыптасуы жаһандануды жеделдете түсіп отыр. Әрбір халыққа тән бұйымдардың қолданыстан шығып, заманауи бұйым түрлерінің күн санап пайда болуы және халықаралық сауда қатынастары негізінде бүкіл әлемге таралуы материалдық мәдениет саласындағы жаһандану үрдісін болмай қоймайтын құбылысқа айналдыруда. Бір сөзбен айтқанда болашақта өмірдің көптеген саласындағы жаһандану үрдісі өздігінен орын алатыны ақиқат.

Жалпы адамзаттың өмір сүру сапасын арттыруға, ыңғайлы да қауіпсіз жасауға, өмір сүруін жеңілдетуге арналған жаңалықтар мен жетістіктердің болашақта бүкіл әлемге ортақ болуы нәтижесінде ұқсас қоғамның, мәдениеттің қалыптасатыны белгілі. Ол адамзат арасындағы алауыздықты, өзіндік айырмашылықтарына байланысты бір-біріне деген түсінбестік пен жеккөріністілікті тыйып, бүкіл адамзаттың бір бөлшегі ретінде сезінуіне алып келетін пайдалы жақтары жеткілікті. Осылайша бүгінде «бүкіләлемдік мәдениетке» айналып бара жатқан алдыңғы қатарлы дамушы елдерге тән белгілерді өзге халықтар сіңіріп (олардың дүниеге әкелген жаңалықтарын өздеріне қабылдап), бүкіл әлемге ортақ кең таралған тілді (ағылшын тілін) меңгеруге деген құштарлық артуда. Мұның өзі жаһандану үдерісінің зор ықпалы нәтижесінде жүзеге асып отыр. Біз осылайша мәдениет саласындағы жаһанданудың қарқынды жүріп отырғанын байқаймыз.

Мәдени жаһанданудың келесі үлкен саласы – *рухани мәдениеттің* жаһандануы болып табылады. Рухани мәдениеттің жаһандануына – дәстүрлердің, діндердің, идеологиялардың, өнердің (рухани саладағы), жалпы рухани дүниенің «ұқсастануы», «біркелкіленуі» жатады. Жаһандану бүгінде барынша кең таралып, өмірдің барлық саласына еніп отырғандықтан, одан бұл салада да бас тарту мүмкін емес. Егер оған немқұрайды қарайтын болса, онда ұлттық мәдениеттердің өзіндік ерекшеліктерін жою арқылы батыстық үлгіде өмір сүретін бірыңғай қоғам орнатып, тек соның негізінде ғана адамзат баласына ортақ мәдениетін жасау жолымен кете берері анық. Дегенмен, жаһандануға әр халықтың өз жетістіктері негізінде үлес қосып, жалпыадамзаттық құндылықтарға айналдыруына деген ұмтылысы, өзіндік ықпал жасауға талпынысы заңдылық. Зерттеуші Г.Н. Сеидованың пікірінше, жаһанданудың қазіргі замандағы бірден-бір дұрыс жолы – ол тең құқылы мәдениеттердің бір-біріне әсер ете отырып, қатар өмір сүруі, мәдениеттердің теңдігіне негізделген плюрализм мен әріптестік, диалог болып табылады [1, 70-б.].

Жалпы алғанда жаһандануының жағымды әрі жағымсыз, оң және теріс жақтары да жеткілікті. Оның жаңадан қол жеткізіп отырған ұлттық мемлекеттілігімізге, тамыры тереңде жатқан мәдени құндылықтарымызға деген аса қатерлі қырлары да баршылық. Сондықтан бүгінде біздің елімізде жаһандану үдерісінің жетегінде өз болмысымыздан ажырап қалмаймыз ба, ұлттық сипатымыз бен ежелден келе жатқан өзіндік мәдени құндылықтарымыз жойылып кетпей ме деген мәселе туындап отыр.

Мәдени жаһандану, негізінен, реформация, ағартушылық, жаңғыру сияқты жолдармен жүзеге асырылады. Біздің жаһандық даму үрдісінде өз болмысымызды жоғалтпауымыз үшін мәдени саланы дамытудың ыңғайлы жолын таңдауымыз абзал. Мұнда біздің өз еліміздің тамыры терең тарихи-мәдени құндылықтарымызды негізге ала отырып, жаңа заман талабына сай жаңғыртуымыз бірден-бір тиімді жол болмақшы. Мұны Елбасымыздың «*Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*» атты бағдарламалық мақаласында негіздеп берді. Онда Елбасы: «*Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз*

бойымызда мәңгі қалуға тиіс» – дей отырып, одан әрі «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» – деп басты ұстанымды айқындап берген болатын [2].

Расында да, бүгінгі жаһандану заманында біздің қоғамымызға жан-жақтан жат мәдени құндылықтар тасқыны құйылуда. Мұндай әртекті және түрлі мақсаттағы еніп жатқан шетелдік мәдени сипаттағы ұстанымдар, таным-түсініктерге, қағидаттарға қарсы қоярлықтай өзіміздің төл мәдени құндылықтарымыз болмаса, ел ретінде сақталып қалуға деген мүмкіндік аз. Ендеше біз заман талабына ілесу және ұлттық болмысымызды сақтау үшін төл мәдени құндылықтарымызды дамытуымыз қажет.

Төл мәдениетімізді дамытуда Елбасы айтқандай ұлттық кодымызды негізге алу ерекше ескерілу керек. Сондықтан бүгінгі таңдағы жаһандық бәсекелестікте өз мәдени құндылықтарымызды сақтау мен өркендету күн тәртібіндегі аса өзекті мәселенің бірі. Қазақ елі үшін бұл өте қиын және күрделі мәселе болып отыр. Өйткені отаршылдар тарапынан арнайы түрде қудалау мен жою жүзеге асырылғандықтан қазақ мәдениеті өзінің негізінен айтарықтай қол үзіп қалды. Кеңестік кезеңде қазақтың ұлттық мәдени құндылықтарымен «өткеннің қалдығы» ретінде күресті. Ал тәуелсіз ел болғалы дамыған батыстық мәдениет қана емес, өзге де көптеген елдердің ұлттық және діни сипаттағы мәдени құндылықтары тұс-тұстан ағылып, халқымыздың рухани-мәдени тұтастығын бөлшектеуде. Бұған қоса жаһанданудың әсерінің артуы қазақ халқының ұлттық мәдени құндылықтарының қазіргі заманға бейімдеп, қайта жаңғыртудың қажеттілігін тудыруда. Осыған орай, ұлттық бірегейлікті сақтау мақсатында қазақ халқының мәдениетін дамыту мәселесі қазіргі заманның аса өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. «Мемлекет құрушы ұлттың құндылықтар жүйесі күшті болса, ұлттық мемлекет те осал болмайды» – дейді С. Мұсатаев [3, 36 б.]. Ендеше ұлттық құндылықтарымыздың мықты болуы ұлттық мемлекеттілігіміздің сақталып, жаһанданудың құрбаны болуымыздан сақтайды.

Әрбір ұлттың, елдің қалыптасқан өзіндік мәдениеті, яғни мәдени құндылықтары болады. Мәдени құндылықтар белгілі бір ұлт пен елдің даму деңгейін айқындайтын маңызды көрсеткіш. Жаһандану барысында ұлттық мәдениет өзіндік маңызды құндылықтарынан айырыла бастайды. Ұлттық мәдени құндылықтардың жойылуы сол мәдениетті жасаған ұлттың ғасырлар бойғы өз тәжірибесі арқылы жинаған білім-ғылымының, ұлттық жадының, тілінің жойылуына алып келеді. Осылайша, жаһандану ұлттың жойылуына соқтыратын қатерге айналуға.

Жаһандану әлемдік ауқымда барынша қарқынмен жүріп жатқандықтан, оған қарсы тұру, тоқтату мүмкін емес. Яғни, жаһандану болмай қоймайтын үрдіске айналуға. Сондай-ақ жаһаннан бөлініп, жаңа заманға бейімделмей, өткенмен ғана өмір сүру ұлттық дамуды тежеп, тіпті, артта қалдырады. Өйткені ғылыми жетістіктер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әлемге тарап, халықаралық сауда қатынастары арқылы жеткізіліп бүкіл адамзат баласының игілігіне айналуға. Бұл сөз жоқ ол қоғамның қолайлы жағдайда өмір сүруін қамтамасыз етуде.

Жаһандану мәдениеттің моделі бойынша әлемде мәдениеттердің көптүрлілігін жоққа шығармайды, өзінің ұлттық және индивидтік бірегейлігінен қашуды талап етпейді. Ол барлық мәдениетке ортақ, біркелкілікке өтуді өзінің мақсаты санамай, керісінше осы кезге дейін болған немесе қазіргі кездері жасалып жатқан мәдени құндылықтар мен үлгілерді бүкіл әлемге тарқататын ақпараттық технологияларды құру болып табылады [4, 362 б.].

Бүгінгі жаһандану үдерісі кезеңінде ұлттық бірегейлікті сақтап қалу ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Мәдениет, мәдени құндылықтар өте ауқымды саланы,

дәлірек айтқанда адам өмірінің түгелге жуық саласын қамтиды. Оны бүгінгі таңда сан алуан ғылым салалары (мәдениеттану, философия, саясаттану және т.б.) зерттеп, өз пайымдарын білдіріп, ұсыныстарын айтуда. Бүгінгі жаһандану заманында мәдени құндылықтарды сақтап қалу мен оны өркендету ісінде тарих ғылымының алатын орны ерекше екендігі даусыз. Сондай-ақ, бұл мәселе мемлекеттік білім берудің де көкейкесті мәселесіне айналды. Ендеше бүгінгі таңдағы халқымыздың ұлттық мәдени құндылықтарын сақтау мен өркендетудің тетіктері қандай болмақ деген мәселеге тоқталайық:

1) а) Бүгінгі Қазақстан ұлттық жаңдану, өзінің түп негіздерімен қайта байланыс орнату кезеңін бастан кешіруде. Тәуелсіздік алғанына ширек ғасырдан асқанымен, ол әлі де болса толық жүзеге асып болған жоқ. Алғашқы жылдарынан бастап ұмытылған немесе тиым салынған атаулардың қайта қалпына келтіру шаралары жасалды және ол әлі де болса жалғасын табуы тиіс. Егеменді ел болғалы мәдени құндылықтарды қайта қалпына келтіру шаралары жан-жақты қарастырыла бастады. Мәселен «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша тарихты, фольклорды, дәстүрді, дүниетанымды және т.б. бағыттағы зерттеу жұмыстары жүзеге асырылды. Сондай-ақ көнеден сақталған тарихи-мәдени ескерткіштерді жинақтау мен қалпына келтіру жұмыстары атқарылды. Елдікке, өнерге еңбегі сіңген тұлғаларға арналып ескерткіштер тұрғызылды және әлі де ұлы даланың ұлы есімдерін ұлықтау ісі кеңінен жалғасын табуы қажет. Осы бағыттағы шараларды науқанға айналдырмай, тұрақты әрі жүйелі негізде жүргізу болашақ ұрпақты жаһанданудың салдарынан өз болмыстарынан айырылып, өзгелерге сіңіп кетуден сақтауға зор көмегін тигізері анық.

б) Қазақта «Тегін білу – тектілік» деп танылып, өзінің, елінің өткенін, яғни **тарихын** білуді, оның өткен өмірдегі болған жақсылығын үлгі тұтып, жамандығынан сабақ алуды дәріштеп отырған. Осыған орай тәуелсіздік алғалы бері қазақ тарихына отаршылдардың таңған қағидаларынан бас тартып, оны ұлттық тұрғыда қайта қарастыру орын алды. Осы мақсатта еліміздің кәсіби тарихшылары мен жазушыларының қаламынан тарихи шығармалар туындай бастады және әлі де жалғасын табуда. Бүгінге дейін қазақ халқының қалың бұқарасы өзінің бай тарихымен көп жағдайда жазушылардың шығармалары негізінде танысып келді. Бұдан әрі тарихи зерттеулерді ұлттық тұрғыдан қарастырып, оның мәдени негіздерін айқындау, нақтылау және оны жүйелі дәріштеу шаралары қарқынды түрде өз жалғасын табуы тиіс.

в) Бүгінгі ұрпақтың санасын жат, ұлттық мүддеге қайшы батыстық және өзге де елдердің ұлттық және діни сипаттағы ақпараттарына мемлекеттік тұрғыда тосқауыл қою шаралары қажет. Қазір жастар арасында өзінің төл дәстүрлі мәдениетінен батыстық немесе өзге де елдердің мәдени-діни құндылықтарын артық санайтындар көбейе түсуде. Әсіресе өзге елдердің дәстүрімен астасқан діни ағымдардың ықпалы өте күшті. Бұған бүгінгі жастардың ергіштігінің себебі рухани иммунитетінің әлсіздігі, яғни ұлттық рухани-мәдени сауатының төмендігі. Ал жалпы қазақ басқа түркі және мұсылман халықтарға қарағанда зайырлы түсінікке, яғни өмірлік тәжірибелерден құралған салт-дәстүрге бейім. Халықтың бітім-болмысы, дүниетанымы негізінен зайырлылық негізде қалыптасты.

Мәдени құндылықтардың ең басты көрсеткіштерінің бірі – **дәстүр**. Халықтың ғасырлар бойғы өмір сүруі барысында жинақтаған тәжірибелерінен мәдени құндылықтары жинақтаған. Қазақ тарихындағы да аса өзекті мәселенің бірі оның асқақ мәдениетінің көрінісі болып табылатын салт-дәстүрлері болып табылады. Заманауи ұлттық мәдениетімізді қалыптастыру және өркендету үшін Елбасымыз көрсеткендей ол өзінің тарихи тамырымен астасуы тиіс. Осыған орай Елбасымыз өзінің жоғарыда аталған мақаласында *«Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете*

отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» – деп жазған болатын. Сондықтан да ертеден келе жатқан салт-дәстүрлерді бүгінгі күн мен болашақтың талаптарына сай жандандыру – рухани жаңғырудың негізі болуы тиіс. Бұл қазақтың сан алуан ұлттық құндылықтарын және салт-дәстүрлерін мұқият зерттеуді талап етеді. Салт-дәстүрлер ежелгі замандардан бері мемлекеттіліктің негізі болып келген және ол сан ғасырлар бойы өз міндетін мүлтіксіз атқарған болатын. Сондықтан оны заман талабына сай жаңғырту мемлекеттің көптеген функцияларын жеңілдетіп, оның одан әрі ілгерілеуіне зор ықпалын жасайтыны анық. Салт-дәстүрімізді жаңарту, өткенімізді өзімізге сабақ ретінде пайдалану бүгінгі өмірімізді жақсартуға және болашаққа бағдар жасауға мүмкіндік береді.

2) Жаһандану әлемге ортақ мәдениетті қалыптастырып, олардың арасындағы байланыс құралы ретінде жалғыз ғана ағылшын тілін бекітуге ұмтылуда. Бұл ұлттық тілдер мәртебесінің төмендеуіне соқтырып қана қоймай, олардың жойылуына да себепкер болуы мүмкін екені анық. Ал тілінен айырылған мәдениеттің болашағының болмасы да белгілі. Өйткені **тіл** мәдени құндылықтардың ажырамас бөлігі, тіпті оның іргетасы деуге болады. Осы мәселеге байланысты тарихшы-ғалым Ә. Қара тарихи тәжірибелерді алға тартады: "Бұл тұрғыда біз түркі халықтары, өзге ұлттарға қарағанда бай тәжірибеміз бар. Біздің аталарымыз VI-XVI ғасырлар арасында Түрік қағанаты, Алтынорда, Селчұктар, Осман патшалағы сынды жаһандық мемлекеттер құрып әлемнің бір бөлігін билеп тұрды. Сонымен қатар ол кезде Еуропа халықтары орта ғасырлардың қараңғылығында өмір сүріп жатқанда түркілер әл-Фараби, ибн Сина, Ұлықбек сынды ұлы ойшылдар шығарып ғылым мен мәдениетте алдыңғы қатарда орын алды. Сол кезде түркілердің ғылымы араб тілінде, әдебиеті парсыша болған. ... Бірақ олар басқа салаларда, атап айтқанда билікте, қоғамда және отбасында өздерінің ана тілдерін қолданған. Әйтпесе біз бүгін қазақша, өзбекше, татарша, түрікше сөйлемей тек араб тілінде ғана сөйлер едік. Бірақ әрине сол кезде шектен шығып араб пен парсы тілдерін ана тілдерінен жоғары қойған зиялылар да болған. Сондықтан М. Қашқари "Диуани лұғат-ат-түрік" яғни "Түркі тілінің сөздігі" атты еңбегін жазып түркі тілдерінің араб тілдерінен кем емес екендігін дәлелдеген. XV ғасырда Науаи болса "Екі тілдің салыстырмасы" атты еңбегін жазып, тек парсы тілінде емес, түркі тілінде де өлеңнің мықты шығатынын айтқан" [5, 181 б.]. Ендеше жаһандану заманындағы мәдениетті өркендетудің ең маңызды мәселесінің бірегейі – қазақ тілін өркендету, қоғамның барлық салаларында басты қатынас құралына айналдыру, мемлекеттік тіл мәртебесіне сай әрдәйім басымдық беру маңызды. Қазақ тілінің қоры күннен-күнге азайып, қолданыс аясы барынша тарылуда. Бұл тілді бұрында отаршылдықтың ықпалымен білмейтіндердің саны көп болса, енді олар оны үйренгеннен ағылшын тілін үйренгенді артық санайтын болуда. Көптеген сөздер көнеріп қолданыстан шығып жатса, шет тілден енген сөздердің саны арта түсуде. Сондай-ақ қазақ тілі енді өзінің қолданылу ауқымын орыс қана емес, ағылшын тілімен бөлісуге мәжбүр болуда. Ана тілдің әлсіреуі қазақ мәдениетінің, яғни қазақ ұлтының әлсіреуіне соқтырады. Сондықтан жаһандану дәуіріндегі мәдениетті өркендетудің өзінің ұлттық бастауларынан нәр алуы үшін ана тілдің, ұлттық танымның сақталуына, өркендеуіне баса назар аудару қажет.

3) Ұлттық мәдениеттің аса ауқымды да маңызды саласы – ұлттық өнер. Сондықтан мәдени құндылықтарды сақтауда ертеден келе жатқан өнер салаларын негізге алу ғана емес, оның элементтерін заманауи өнерлерге қосу қажет. Елдің ұлттық өнерінің жойылуы, ол елдің мәдениетінің нашарлығын білдіріп қана қоймай, ұлттың да жойылуына да әсерін тигізеді. Сондықтан барлық өнер салаларында өз белгісін сақтап және одан әрі дамыту мақсатында ұлттық өнерді зеттеп, зерделеп қайта жаңғырту қажет. Бүгінгі заманауи мәдениетіміздің тамырын ұлттық құндылықтармен байланыстыру ұлттық бірегейлікті сақтап қалудың ең ұтымды жолы. Сол үшін ұлттық

мәдени құндылықтарды жан-жақты зерттеп біліп, еліміздің асыл қазынасы ретінде дәріптеуіміз қажет.

4) Ұлттық негізімен байланысқан заманауи мәдениетті жас ұрпақтың бойында қалыптастыру және өркендету үшін осы бағыттағы тәрбие мен білім беру ісін қалыптастыру қажет. Осы бағыттағы білім беру мен тәрбиелік шаралар бүкіл мемлекет бойынша атқарылып отырғаны белгілі. Осыған қосымша ерекше назар аудартарлық заманауи арнайы техникалық әдістермен дайындалған видеоматериалдарды жаңа ақпараттық технологиялар арқылы таратуды арттырудың қажеттігі. Көркем және деректі фильмдер, мультфильмдер, қысқаша бейнероликтер, ойындарды даярлау ауқымын әлі де арттыру қажет. Олар мәдени құндылықтарымыздың рухани, тарихи тұрғыдан мол әрі терең мәнді екендігін көрсете алатындай деңгейге көтерілуі тиіс. Әсіресе оларды жаңа дәуірге бейімдеу үшін мазмұндық тұрғыдан жаңартып, ұлттық нақыштағы заманауи туындыларды дүниеге әкелу бағытындағы шараларды жүзеге асыру қажет. Қазіргі балалар интернет пен теледидар арқылы ақпаратты өте көп алатындықтан басқа елдер мен мәдениеттер туралы молынан хабардар, ал өзімізден мардымсыз ғана ақпараттар таба алады. Сондықтан да, олар үшін Америка және батыс елдерінің мәдениеті біздің төл мәдениетімізден әлдеқайда жақсы, артық, дұрыс көрінеді. Ал әр ұлттың өзіне тән артықшылықтары мен түрлерінің болатындығын олар түсіне бермейді. Бұл мәселені шешу мақсатында ұлттық мәдени құндылықтарды өркендетуді жолға қойып қана қоймай, оны заманға сай озық технологияларды қолдану арқылы насихаттау ғана дүниетанымдық жүйе ретінде белгілі бір табысқа жеткізуі мүмкін.

Бүгінгі таңда қоғамдық сана-сезім, адамдардың ойлау жүйесінде үлкен өзгерістер орын алуда. Бұрынғы ұлттық құндылықтарымыз көмескіленіп, жаңа көзқарастар мен түсініктер қалыптаса бастады. Ойлау жүйесіне орай көзқарастар да өзгеруде. Одан іс-әрекеттері мен болмысы, ал уақыт өте келе ұлттық ерекшеліктері өзгереді. Егер ұлттық мемлекет болып тарихта мәңгіге орын алып, сақталып қаламыз десек, жоғарыда айтылған өзіндік болмысымызды, аса бай тарихымыз бен мәдени құндылықтарымызды дамыту бағытында жұмыстар жүйелі негізде жүргізілуі қажет.

Әдебиет

1. Сеидова Г.Н. Ислам и глобализация: за и против. «Век глобализации». Исследования современных глобальных процессов. 2013, №1.
2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты / http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
3. С. Мұсатаев. Батыстық сарын басып бара ма, қалай? // Ақиқат. 2014, №8.
4. Теоретическая культурология. – М.: Академический проект; Екатеринбург: Деловая книга; РИК, 2005. – 624 с.
5. Ә. Қара. ХХІ ғасырда жаһандану дәуіріндегі жаңа жаһандық тарих әдістемесі және қазақтың ұлттық тарихы. //«Ұлы дала тарихы: көне дәуірден қазіргі заманға дейін» Халықаралық Еуразиялық ғылыми форумның материалдары. II-том. – Нұр-Сұлтан, 2019. -181 б.

**АКАДЕМИК М.Қ. ҚОЗЫБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ХАЛЫҚТАНУ САЛАСЫНА
БАЙЛАНЫСТЫ ОЙ-ПІКІРЛЕР**

Құдайбергенова А.И., т.ғ.д., доцент
(*Ш.Ш.Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты*)

Резюме

Мақалада академик М.Қ. Қозыбаев еңбектеріндегі халықтану саласына байланысты ой-пікірлерге шолу жасалады. Академик М.Қ. Қозыбаевтың еңбектеріндегі халықтану саласына қатысты кеңестік дәуірде тыйым салынып, қарастырылуы қиын да жасырын болған бірқатар мәселелердің беті ашылғаны көрсетіледі. Соның ішінде Тарих және этнология институтында тарихи демографиялық зерттеулердің жүргізілуіне мүмкіндік жасағандығы атап көрсетіледі

Кілт сөздер: халықтану, тарихи демография, М.Қ. Қозыбаев, халық, ұлттар, этностар

Академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қ. Қозыбаев ХХ ғ. екінші жартысындағы қазақ зиялы қауымының ірі өкілі, ХХ ғ. соңы мен ХХІ ғ. тоғысындағы өтпелі кезеңдегі қазақстандық тарихшылардың ішіндегі шоғыры биік тұрған тұлғалардың бірегейі болып табылады. М.Қ. Қозыбаевтың 800-ден асып жығылатын ғылыми зерттеулері (оның 30 монография) Қазақстан тарихының қай саласындағы болмасын өзекті тақырыптарға арналғанын байқаймыз.

Манаш ағаның қаламынан туындаған еңбектерде қазақтың орта ғасырлардан бастап, тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығына дейінгі тарихи оқиғалар өз бағасын алды, жаңа ғасырдың басына дейінгі қазақстандық тарихи ғылым мен білімнің қол жеткен жетістіктері мен нәтижелері қорытындыланып, кемшін тұстары көрсетілді, тарихшылардың алдағы зерттеу міндеттері анықталды.

Тарихтың тарланы атанып, есімі өшпейтіндей із қалдырған академик ағамыз қазақстандық тарих ғылымының шынайы тарихының тұжырымдамалық мәселелерін анықтаумен, «ақтаңдақ» беттерін ашумен, тарихи сананы қалыптастыру және тарих ғылымының теориялық-әдістемелік негізін нақтылаумен, қазақтың таза тарихын жазумен айналысты.

Ғалымның еңбектерінде халықтану мәселесінің ащы да «ақтаңдақ» беттері де қамтылды. Кеңес дәуірінде идеологиялық тыйым салынған демографиялық зерттеулердің қажеттілігі бұрын да сезілетін. Тек 1985 ж. кейін, жариялылықтың еркін ойлардың айтылуына мүмкіндік беруі халықтану бағытында шынайы зерттеулердің жүргізілуіне жол ашқандай болды. Тәуелсіздік қарсаңындағы қазақстандық тарих ғылымындағы көзқарастарды белгілі ғалым, академик М.Қ. Қозыбаевтың 1991 ж. Кеңес Одағының күйреуі қарсаңындағы пікірімен берсек болады: «Халықтың өсуінің кеңестік заңдылығының негізгі тезисі еңбекке жарамды адамдардың толық, әрі ұтымды жұмыспен қамтамасыз етілетіні, яғни кеңестік кезеңде ешқандай жұмыссыздықтың болмайтыны хақында болғаны белгілі. Демографияға формациялық даму жайлы маркстік социологиялық концепция механикалық түрде көшіріліп, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардан таптық мүдде жоғары қойылды. Бұлардың бәрі Кеңес Одағында демография ғылымын өзгеріске ұшыратып, біздің шетелдік

әріптестердің кеңестік ғалымдар еңбегіне деген ғылыми қызығушылығын жоғалтуға алып келді. Сондықтан, идеологиялық стереотиптерден бас тартып, демографтардың әлемдік қауымдастығына кіруі кеңестік ғалымдардың басты міндеті болуы керек» [1]. Бұл сөзімен академик демографиялық зерттеулердің шынайы, тарихи, идеологиялық қысымнан тыс жүргізілуі керектігін көрсетті.

1980-жж. соңына қарай Қазақстандағы демографиялық апаттарды ашық айтып, оның зардаптары көрсетуге мүмкіндік туды. Қазақстандық зерттеушілер өз еңбектерінде XX ғ. өн бойында қазақ халқының басынан өткен қайғылы тарихи кезеңдердегі халық басына түскен ауыр жағдайдың қазақ санының күрт төмендеуіне әкелгенін, кеңестік саясаттың қазақтың ұлт ретінде өмір сүруіне қауіп төндіргенін ашып көрсете бастады. Мысалы, М.Қ. Қозыбаев 1991 ж. халық депутаты болып жүріп, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Е.М. Асанбаевқа жазған ұсынысында 1916 ж. Ұлт азаттық қозғалыстың тарихи маңызын көрсете отырып, осы жылдары жазалаудан қашқан, 1930-жж. қуғын-сүргінге ұшырағандар мен ашаршылық жылдарында шетелге кеткен қазақтарға олардың ұрпақтарына саяси босқын мәртебесін не Қазақ Республикасының азаматтығын беру қажеттігін айтады [2]. Тәуелсіздік жылдары қайта оралған қазақтардың - оралмандар мәселесінің туындауына да септігін тигізген Академик ағамыздың хаты болып табылады десек қателеспейміз. Осы хат тарихтың тәлкегіне түсіп, саны мен сапасынан айрылған қазақтың ашаршылық жылдарындағы нақты тарихын зерттеуге негіз болатын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1991 ж. құрылған парламенттік комиссиясының жұмысына да себеп болады. 1991 ж. қараша - 1992 ж. қараша арасында жұмыс істеген комиссия 1992 ж. 7 желтоқсанда ҚР Жоғарғы Кеңесінің мәжілісінде өз Қорытындысын жариялап, 1931-1933 жж. ашаршылық жылдарында 2,2 млннан аса адамның аштықтан өлгендігін паш етті. Манаш Қабашұлының зерттеулері мен маңдай терінің арқасында атқарған қызметі ашаршылық жылдарында қайтыс болғандар мен қуғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу күнін белгілеу шешімін қабылдауға да әсер етті.

Академик еңбектерінде XX ғ. басындағы ұлт интеллигенциясының қалыптасу үрдісі, 20-30 жж. елдегі саяси жағдай, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, байларды тәркілеу, қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ халқының патриоттық істерін зерделеуде зерттеудің концептуалды тұжырымдамасын жасады.

Кеңестік дәуірде қазақтану ресейтанудың бөлігі болып келсе, тәуелсіздікпен бірге Елбасының «солшылдықтан», «оңшылдықтан», «рушылдықтан», «жүзшілдіктен» аман болуға айтқан аманатына сай келетін қазақтануды басшылыққа алған М.Қ. Қозыбаев еңбектерінде тарихи сананы қалыптастыру соның ішінде халықтану саласын да қоса қамтыған «қанды ақтаңдақ» беттерді жоюды алға тартты. Тұңғыш рет Кеңес елінің тарихында Сталиннің, Кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру жылдарындағы саясаты этноцид деп бағаланды. Аштықтан қырылған қазақтың, басқа да этностар өкілдерінің саны анықталды. Сол кезде репрессияға ұшыраған мыңдаған адамдар ақталды.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың еңбектерінде халықтану саласына қатысты кеңестік дәуірде тыйым салынып, қарастырылуы қиын да жасырын болған бірқатар мәселелердің беті ашылды. Мысалы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстандағы адам шығыны туралы сөз қозғаған «Қазақстанның XX ғ. тарихын зерделеу проблемалары» мақаласында XX ғ. ұлттық тарихтың жол-жөнекей жазылғандығы, қазақ халқының тарихының саясат құрбандығына шалынғандығын айта отырып, тәуелсіздік жылдарындағы ата тарихқа мән берілген кездегі ашылған қазақ тарихының халықтану саласына қатысты беттеріне де өз бағасын береді. «Азалы кітаптың» мәліметтерін қорыта отырып, академик соғыс жылдарында Қазақстанның тікелей шығыны 601 мың адам, жанама шығынымен қосқанда барлығы 1 млн 202 мың адам шығын болғанын нақтылайды. Соғыс жүрген аймақтардан кейінгі адамы көп өлген

республикалар ішіндегі алғашқы орындағы Қазақстан екендігін көрсетіп, тарихтың ащы шындығының бір ұшын ашады [3].

Тарихтың тарланы – Манаш Қозыбаев кеңес дәуірінің соңғы жылында жариялаған «Қазақстандағы демографиялық зерттеулер: нәтижелері мен болашағы» деп аталатын мақаласында идеологиялық тыйым салынған тарихи демографиялық зерттеулердің кеңес дәуіріндегі негізгі нәтижелеріне тоқталады. Ол осы еңбекте республикада жүйелі демографиялық қызметтің қалыптаспағанына қынжылыс білдіріп, соған қарамастан, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуына қатысты тарихи зерттеулердегі статистикалық мәліметтерді талдағанда көрініп қалатын демографиялық факторларды нақтылап айтады. Ел тарихын тереңдете, шынайы зерттеу үшін демографиялық зерттеулердің қажеттілігіне назар аудартады [4].

Мекеме басшысы қызметін атқара отырып, Манаш Қозыбаев ағамыз тарихи демографиялық мәселелерді ұлттық мүдде мен адамзаттық өркениет тұрғысынан зерттеу қажеттілігін және демографиялық бағыттағы «ақтаңдақтарды» ашу мақсатында арнайы тарихи зерттеу бағытын ашу уақытының келгендігін түсінді. ХХ ғ. соңында Тарих және этнология институтында халықтану саласындағы зерттеулерді үйлестіруші ғалым, академик М.Х. Асылбековтің меңгерушілігімен тарихи демография бөлімін ашып, халықтану саласы бойынша ізденістерге жол ашты. Осыдан кейінгі Манаш ағаның қызметінің бір ұшы тарихи демография саласындағы зерттеулер мен зерттеушілерге деген қамқорлығымен де ұштасты. Академиктің «На рубеже веков» (Екі ғасыр тоғысында атты екі томдық мақалалар жинағында халықтану мәселесін зерттеудегі өзекті мәселелер мен әдістемелік нұсқаулар да баршылық [5].

Манаш аға халықтану саласына қатысты ғалымдардың еңбектерімен таныса отырып, халық санының өзгерістеріне қатысты зерттеулерде статистикалық мәліметтердегі сандық мағлұматтардың мәнін тарихпен байланыстыра ашу керектігіне назар аударып отырды. Бірқатар мақаласы да жарияланды [5]. Халық санақтары арасындағы сандық мәліметтерді кесте мен диаграммаға салып, халықтың әлеуметтік, ұлттық, біліми, кәсіби және т.б. құрамындағы өзгерістердегі қазақ ұлтының орнына қатысты мәліметтерді алдына әкелгенімде оның «Бұл жай сандар емес. Сандарды күмбірлету керек» деген сөзі демографиялық зерттеулердің ұлттық мүддені көздей отырып, шынайылық принциптерінде жазылуының қажеттілігін көрсетуі деуге болады.

Демографияда әдетте сандар сөйлейді. М.Қ. Қозыбаевтың: «**Сандарды күмбірлету керек**» деген сөзі қазақтың ұлттық ерекшелігіне орай тарихтағы оқиғалардың нақтылығын беретін сандарды жай сөйлету емес, қазақтың ұлттық рухани символы - ұлттық аспабы домбырада тартқан күйдей күмбірлету керектігі ұлттың мүддесімен тоқайласатын зерттеулер туралы айтқаны еді. Ол сөзді мен домбыра иесі қазақ ұлтының демографиялық даму тарихын зерттеудің өзектілігі мен қажеттілігін бір ауыз сөзге сыйғызуы деп қабылдадым.

Әдебиет

- 1 Қозыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Тандамалы шығармалар). Составитель Козыбаев И.М. - Алматы, Ғылым, 2006. 272. (152 б.).
- 2 Төлєнова З.М. Академик Қозыбаев және тарихи сана // Петропавл конференциясы. 2011. - 9-б.
- 3 М.Қ. Қозыбаев. Қазақстанның ХХ ғ. тарихын зерделеу проблемалары // Отан тарихы. 4/1999. 29-б.
- 4 Козыбаев М.К. Демографические исследования в Казахстане: итоги и перспективы // Вестник АН Каз ССР. - 1991. , - №11. – С. 7-13.
- 5 Козыбаев М.К. На рубеже веков; размышления и поиски. – Алматы: Ғылым, 2000. – 338 с.
- 6 Формирование населения Республики Казахстан (1897-1996 гг.) / Козыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды). – Алматы: Ғылым, 2006. – 272 с. (241-256).

БҮГІНГІ ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ

Алуа Ұзақбай

(Ө.Сұлтангазин ат. Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті)

Қазақ диаспорасы деп біз шет аймақтарда тұрып жатқан қандас бауырларымыз қазақтарды айтамыз. Қазақ диаспорасы сыртқы шекараларды кесіп өтіп, әуелі Қазақстаннан Қытайға, Орталық Азия мемлекеттеріне, Ауғанстан мен Иранға, одан әрі дүние жүзіне тараған. Шет елде болса да өз ата мекендерінде тұрып жатқан ирредент Қазақ диаспорасының, яғни Қазақстанмен іргелес, шектес, түрлі тарихи кезеңдерде одан зорлық-зомбылықпен тартып алынған, қилы замандардағы түрлі саяси айла-шарғы, белден басқан қиянат салдарынан Ресейге, Қытайға, Өзбекстанға қосылып кеткен ата мекендерде тұратын қазақтардың ұзын саны 5 млн-ға жуық [5, 1 б.].

Тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Ұлттың рухани өмірі, оның мәдениетіне байланысты әлі де болса көпшілік қауымға жетпей жатқан тарихи, әдеби асыл мұраларымызды игеру жолында еңбектену, бұрын мән бермей келген халықтану, шығыстану, түркітану ілімдерін барынша дамытуға көңіл қою, ұлттық мәдени ерекшеліктерімізді сақтау, жинау, зерттеу ісін жетілдіре түсу – бүгінгі маңызды міндеттеріміздің қатарына кіреді». Демек, шеттегі қандастарымыздың тарихы – бұл біздің ұлтымыздың ақтаңдақ беті – деп айтып өткен [8, 3 б.].

«Қытайдағы қазақтар» немесе «Қытай қазақтары» деген ұғым ежелден жалғасып келген емес. Ол таяу заманның (жаңа тарихи дәуірдің) туындысы, яғни ол ХІХ ғасырдың орта шеніндегі тарихи себептердің салдарынан Қытайда қазақ қауымының пайда болуымен қалыптасқан атау. Олай болса, қытайда қазақ қауымы қашан, қалай қалыптасты? деген мәселеге тоқталайық [1, 123 б.].

Жәди Шәкенұлының зерттеуінде «Қытай тарихи деректеріне қарағанда, Қытайдағы қазақтар Іле, Тарбағатай, Алтай сияқты атамекендеріне 1767 жылдан кейін қауырт оралған. 1766 жылы 17 сәуір күні Чиң патшалығы үкіметі Іле генералына» Іленің жері ұлан байтақ, егер қазақтар келіп көшіп-қонып мал бақпаса болмайтын жерлер болса, тіпті келіп тұрақтап қалуды қаласа, оларға рұқсат етілсе болады. Қазірдің өзінде Татабай бастатқандар Жар өңіріне келіп орналасыпты. Бұдан кейін келушілер де сол Ұржар маңына орналастырылса болады» - деп Ер Жәнібек батырдың бұйрық бергені туралы көрсетеді [6, 1 б.].

Қазақ диаспорасының тағы да бір ұлғаюы мен кең етек алуы ХІХ және ХХ ғасырдың бас кезіндегі патшалық Ресейдің қазақ жерін иемдену, отарлау саясатын жүзеге асыру мақсатымен жергілікті халықты тонау, төзімсіз жағдайға душар етіп, туған елі мен жерінен кетуге мәжбүр болғаннан туған диаспоралар. Оған Кеңес империясы да кінәлі [1, 123 б.].

ХІХ ғасырдың екінші жартысында Цин мен Ресей империяларының шекара белгілеу туралы 1876 жылғы Шәуешек (Чугучак) келісімі атты шарт жасалды. Осы шарттарға сәйкес Атай-Сүмбе, Іле-Құлжа, Тарбағатай-Шәуешек қазақтары өз жерінен, мекенінен, жері мен суы, ата-бабасының қоныстарынан екіге бөлініп, Қытайға қарап кеткені белгілі. Міне, жүз жылдам астам уақыт өткеннен кейін осы халқымыздың өзінің этникалық жері мен елінде отырған бөлшегін диаспора ретінде қарауға мәжбүр болып отырмыз [4, 123 б.].

Қытай жағы таратып отырған мәліметтерге сенсек Қытай жерінде бір миллион бес жүз мың қазақ тұрады... Бұл арады Қытайдағы әр жылғы мәліметтерге сүйенсек, 1949

жылы, яғни коммунистік Қытай қазақтарға өз үстемдігін жүргізе бастаған кезеңде онда 443,700 қазақ болған. Бұл сан әр жылы шамамен 20 мыңдық қарқынмен өсіп отырған. 1960 жылға келгенде қазақтардың саны 541,600-ге жеткен. Осыдан екі жылдан кейін, атап айтқанда 1962 жылға келгенде қазақтардың саны 487,400-ге құлдыраған. Демек, екі жылдық туу санын қосқанда 100 мың адамның кемігені қолдан жасырын емес. Бұл 1962 жылға ұлы көш және көштен кейінгі қолдан жасалған аштықтың салдарынан екені айдан анық.

Осыдан кейінгі жылдарғы өсу салыстырмасы кей жылы 20 мың, кей жылы 30 мыңдық қарқынмен артып отырған. Сөйтіп, 1990 жылға келгенде ондағы қазақтардың саны бір миллион 200 мыңға жеткен. Бір қызығы, осыдан кейінгі мәліметтер аса айқын емес. Әсіресе, 1995 жылдан осы 2007 жылға дейінгі мезгілдегі өсу салыстырмасы айқын көрсетілмеген. Бір миллион 200 мың халықтың әр жылғы өсу салыстырмасы бойынша қарасақ, 1990 жылдан 2007 жылға дейінгі 17 жылда кемінде 500 мың адам қосылады екен. Сонда Қытайда кем дегенде 1 миллион 700 мың қазақ тұрады деген сөз. Демек, бұл, ресми емес деректердегі Қытайда екі миллион қазақ тұрады дегенді теріске шығармайды. Мейлі қалай болғанда да ондағы қазақ қандылардың аз еместігі шындық [7, 7 б.].

XX ғасырда көші-қон қазақ ұлтының тағдырында шешуші рөл атқарды: қазақтар ғасыр басында туған жерінен сыртқа үдере көшуге мәжбүр болса, ғасыр соңында тарихи отанына қайта оралу үдерісі орын алды. Ықылым заманнан қоныстанған жерлерінен құнарсыз, шөлейтті жерлерге ығыстырылған қазақтың бір бөлігі XIX ғ. соңында-ақ Қытаймен шекаралық соқпақ-асуларды екі жақты көшіп-қону жолдарына айналдырған болатын. Осы жолдар қазақтардың Қытайға қашуының да, елге қайта оралуының куәгерлері болды. Сонымен бірге, шетелге кеткен қазақтардың тарихи отанына қайту шараларының ғасыр бойы жалғасқаны белгілі.

Жалпы алғанда, XX ғасырдағы қазақтардың Қытайдан қайта оралуы төрт дүркін жүзеге асты деп есептейміз: 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілістің жазалауынан қашып, Шығыс Қытайға өткен қандастарымыздың 1917-1925 жж. елге қайтып оралуын жатқызамыз. 1917 ж. Уақытша үкіметтің бастамасымен Қытайдағы қазақтарды қайтару шаралары жүргізілді. Орыс билігі Шыңжаң губернаторы Ян Цзэнсиньнен «Қытайда тұрып жатқан 19-31 жас арасындағы дүнген, тараншы, қазақтар мен басқа да бұратаналарды» тез арада қайтаруды талап етті. Кеткен қазақтардың қайта оралуында ерекше рөл атқарған сол кездегі Мемлекеттік Думаның мүшелері Мұқамеджан Тынышбайұлы, Уақытша Үкіметтің Түркістандық комитетінің төрағасы Орест Авенирович Шкапский, Мұстафа Шоқай, Санжар Асфендияровтар болды. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейінгі Уақытша өкіметтің Шыңжанды паналаған қазақтарды қайтару шараларының нәтижесінде қазақтар Шығыс Түркістаннан туған жеріне қайтты. 1917 ж. сәуір-мамыр айларында ғана Қытайдан қайтқандар саны 120 мың болды [2, 1 б.].

Бүгінгі Қытайдағы қазақтар қоныстанған Шыңжаң өңірін айтар болсақ ол қытай жазбаларында тарихқа «Батыс өңір» деген атпен қалған. Қытай хандықтары мен ғұндардың арасында болған ұзақ жылдарға созылған талас -тартыс пен қантөгіс нәтижесінде қытайлар ырықты орынға шығып, ғұндар біртіндеп батыс өңірге қарай шегінеді, әрі бүгінгі Дұңхуаң және Іле өңірін мекендеген үйсін тайпаларымен де белгілі қарым-қатынаста болады [6, 2 б.].

Тарихта «батыс өңір», бүгіндері Шыңжаң ұйғыр автономиялы ауданы аталып отырған осы байтақ мекеннің территориялық жер аумағы бір миллион 600 мың шаршы километр. Жалпы Қытай жер аумағының алтыдан бір бөлігін ұстайды. Оның құрылықтық шекарасының ұзындығы 5600 километр болып, Моңғолия, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Пәкістан, Үндістан секілді 8

мемлекетпен шекараласады. Шынжаңда қазір 2 аймақ дәрежелі қала, 7 аймақ, 5 автономиялы облыс, 20 аудан дәрежелі қала, 62 аудан, 6 автономиялы аудан, әскери орынды түйін етіп өндіріс және құрылыспен айналысатын 14 дивизия (185 полк) бар. 2000 жылы Қытайдың өз ішінде жүргізілген санаққа негізделгенде Шынжаңдағы 47 ұлттың жалпы жан саны 19 миллион 250 мың адам болған. Оған дивизияны қоссақ, онда жалпы халық саны 21 миллион 703 мың 600 адам болады. Мұның 10 миллион 969 мың адамын қытайдан (ханзулардан) басқа ұлттар ұстайды екен. Шынжаңдағы қазақтар негізінен Іле қазақ автономиялы облысына шоғырлы қоныстанған. Онда шамамен 4 миллион 83 мың 300 халық тұрады. Одан сырт Санжы хүйзу (дүңген) автономиялы облысы, Құмыл аймағы, Боратала Моңғол автономиялы облысы, Үрімжі қаласы аумағына отырақтанған [6, 2 б.].

Бүгінгі таңда Қытайдағы қандас бауырларымыз туралы ақпарат алу қиынға түсіп жатыр. Қытай Халық Республикасы мемлекет тарапынан мұсылман халықтарына саяси қысымдар көрсетілуде. Соның бірі ел аузында жүрген, жан түршігерлік «Саяси қайта тәрбиелеу лагері». Қытай мемлекеті бұл лагерь жайлы тек жақсы ақпараттар таратуда, сол ақпараттардың бірі Қазақстанның Қытайдағы елшісінің кеңесшісі Манарбек Қабазиевте: «Қытай «саяси тәрбиелеу орталығындағы» оларға жақсы жағдай жасаған. Демек, Қытай басшылары өз азаматтарының қамын ойлайды деп айтуға болады. Менің ойымша, Қытайдағы орталық үкімет және Шынжаң өңірінің басшылары өз азаматтарына жаңа мамандық игеруге мүмкіндік жасап жатыр» - деп мәлімдеме жасаған(иса). Осы Қытай мемлекетінің саясаты отбасыларды екіге бөліп, балаларды тірі жетімге айналдырды. Болып жатқан саясаттың астарында бізге беймәлім айтылмаған құпияда бар, Қытай үкіметі қазақтардың тілін байлап, дінінен алыстатып, діни орындарын қиратуда.

Саяси қайта тәрбиелеу лагерінде болып, өз елім деп Қазақстанға оралып (қашып) жатқандар көп. Қазақстанға келіп жатқан қандастарымызға Серікжан Біләш көмек қолын созып, құқықтарын қорғап, пана болып отыр. Серікжан Біләш қиыншылық көрген жандарды жинап «Атажұрт еріктілері» қоғамдық ұйымын құрды. Бұл ұйым Қытайдан келген қазақтардың орыстың кириллицасын білмегендіктен, оларға арыз жазуға көмектесуде.

Қытайдан қашып келген өз қандас бауырларымызды Қазақстан сотқа дейін апаруда. Солардың бірі Сайрагүл Сауытбай Қазақстаннан емес Швециядан пана тапқан Қытай үкіметінде көрген зорлықтарын және сондағы сұмдық жәйттердің бетін ашқын. Сайрагүл Сауытбайдың айтуы бойынша лагерьге өз еркімен емес мәжбүрлі түрде барғаны жайлы айтқан. Лагерьде 2500-ге жуық адам және олардың кінәсіз екендігін, еңбектеген баладан, еңкейген жасқа дейін адамдарын барын айтты. Яғни ең кішкентайлары 13 жаста болса, ең үлкендері 84 жаста екен. Ол лагерьде ерлердің де, әйелдердің де шаштары тақырлап алынып, аяқ-қолдарына кісен тағылған. Қайта тәрбиелеу лагерінің өзінің ережелері болған, егер де соны біреу бұзса ауыр жазаланатын. Сайрагүл Сауытбай: «Одан соң сол жердің тәртібі бойынша бір адам 1 шаршы метр жерге жату міндеттелген және оң қырымен ғана. Таң атқанша қозғалмау керек. Егер қозғалатын болса, онда ауыр жазаға ұшырайды. Сонда бір кішкене ғана бөлме ішінде 16-17, 20-ға дейін адам жатады қысылып. Тек қана оң жағымен жату міндеттеледі», - деп қандай жағдайда күн кешкендерін «Қайда? Қалай?» ұйықтағандары туралы айтқан.

Сондай-ақ, Сайрагүл лагерьдегі ас мәзірін де айтып берді. Оның сөзінше, тек сұйық тамақ беріледі екен. «Әр күні үш уақыт тамақ беріледі. Таңертеңгі, түскі ас – барлығы бірдей, негізінен сұйық тамақ. Бір уақытта тамаққа бір тілім нан және күріштің суы немесе көк шөптің суы, бір шөміш бір адамға. Сол ғана беріледі үш уақыт тамаққа», – деп сұмдықтармен бөлісті. Сайрагүлдің айтуынша, әйелдер мен қыздарды

зорлау оқиғасы лагерьде күнделікті болып тұратын көрінеді. Сондай-ақ, ол ешқандай камерасы жоқ, қамауда жатқандарды қинауға арналған қара бөлме барын айтты. Ал сол бөлмеге сақшылар алып шығуға тиіс адамдарды алып кетеді. Оларды алып кеткеннен кейін сол қара бөлмеден жылаған, «құтқарыңдар!» деп айқайлаған сондай аянышты дауыстарды біз 24 сағат естіп тұрамыз. Кеткен адамдардың кейбіреуі өте ауыр жағдайда қайтып келеді. Тырнақтары жұлынған, беттері қан. Одан кейде өте ауыр жағдайда келеді ол кісілер. Келгенде, сүйреп әкеліп тастайды. Ол кісілер бірнеше күн қозғалмай жатады, тұра алмайды орындарынан. Шеге ұшын жоғары қаратып қадаған қара орындықтар болады ол жерде. Соған адамды зорлап отырғызып, таңып қоятын, сондай қинайтын, ток таяқпен ұратын, токпен соқтыратын түрлі қинау тәсілдері сол қара бөлме ішінде жүргізіледі. Ал кейбіреуі қайтып келмейді, із-түзсіз, содан кейін қайтып көрген жоқпын. Олар сондай жазықсыз қинау барысында өліп қалды деп ойлаймын. Ол жерде адамдар кірген жерде жұқпалы кеселдері бар ма, жоқ па дегенді сылтау етіп, қамаудағының бәрінің денсаулығын тексеріп апарады. Ешқандай ауру болмағандарының бәріне белгі қойып қойған. Мысалы, кейде сол архивтерді маған реттеуге бұйырады. Бұл белгі салынған адамдарды барлығын түгелдей алып кетеді. Қайда әкетті? Оларды адамдардың ішкі ағзасын сату пункттеріне жөнелтеді. Ол жерден кішкене балаларға дейін, қарттарға дейін, сонымен бірге жазушылар, ақындар, кәсіпкерлер, ірі тұлғалар, байлар – қоғамның әр саласының адамдарын табуға болады», – деді [3, 1 б.].

Қорыта келгенде, Қытайда қазақ қауымы қалыптасқаннан бері ондағы қазақтар бірнеше тарихи дәуірді бастан кешірді. 1950 жылы Қытайдағы қазақтардың жалпы саны 500 мың шамасында болса, 1990 жылы бұл сан 1,1 миллионнан асты, қазақ тіліндегі оқу-ағарту, ақпарат баспасөз, ғылым, мәдениет істерінің құрылым жүйесі орнығып, зиялылар жігі қалыптасты. Қазақ қоғам қайраткерлері қытайдың әр дәрежелі саяси саласынан өз орындарын алды. Міне, бұл шындықты Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік дамуындағы шарықтау шыңы деуге болады. Даму барысында шарықтау мен құлдырауалма кезек ауысатын кездер болады, кейбір ерекше шарт-жағдайда сол құлдыраудан құрып кететін немесе басқаға өзгеріп бөгделеніп кететін құбылыстар жарыққашығады [1, 168 б.]. Бұл даму заңдылығы. Соңғы жылдары Қытайдағы қазақтардың жалпы жағдайындағы шарықтаудың құлдырауға бет алған сыңай байқалады. Қазіргі 3 жыл шамасында мұсылмандарға арналған Қытай саясаты, одан қоса қазақ тіліндегі мектептердің жабылуы, діни мекемелердің қиратылуы құлдыраудың айқын көрінтері деп білеміз.

Әдебиет

1. А. Қошанов, Ә. Нысанбаев «Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі», Астана: Елорда, 2005. - 352 б.
2. А.И. Құдайбергенова «XX ғасырда Қытайдан қайтқан қазақтар тарихына орай», 1 б. <http://iie.kz/?p=2495> 29.10.2019 ж.
3. Атажұрт еріктілері, «Құтқарыңдар!» деп айқайлаған аянышты дауыстарды біз 24 сағат естіп тұрамыз Сайрагүл Сауытбай», 1 б. <https://kazakhshumanright.org/?p=4203> 29.10.2019 ж.
4. Ә. Нысанбаев «Қазақ диаспорасының бүгінгі мен ертеңі». «Егемен Қазақстан», 1992 ж.
5. Б. Ақай «Қытайдағы қазақтар: тарихы және тағдыры», 5 б. <http://repository.nkzu.kz> 29.10.2019 ж.
6. Жәди Шәкенұлы «Қытай қазақтары» https://www.inform.kz/kz/zhadi-shakenuly-kytay-kazaktary_a2922925 29.10.2019 ж.
7. М. Исахан «Елдің бірлігі елдігінде», Түркістан, 2009 ж. 9 қаңтар
8. Н.Ә. Назарбаев «Құшағымыз бауырларымызға айқара ашық» // Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы (құжаттар жинағы) - Алматы: Атамұра, 1993. - 280 б.

«БОСТАНДЫҚ ТУЫ» ГАЗЕТІНІҢ БІРІНШІ САНЫ

Тайшыбай З.С., Кәзенова А.Б.

(М.Қозыбаев ат. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті)

1920 жылы 26 тамызда РКФСР Бүкілресейлік Орталық атқару Комитеті мен Халық комиссарлар кеңесі (ХКК) «Қырғыз (қазақ) Кеңестік Автономиялы Социалистік Республикасын құру туралы» декрет қабылдады. Осыған байланысты 1920 жылы 4-12 қазанда Орынбор қаласында өткен Қазақстан Кеңестерінің құрылтай съезі Қырғыз (қазақ) Кеңестік Автономиялық Социалистік Республикасы еңбекшілері құқықтарының декларациясын жариялады. Декларация бойынша Ресей Федерациясының құрамына жеке автономия болып кіретін Қырғыз АССР құрылуы жұмысшылардың, еңбекші қазақ халқының, шаруалар, казактар, қызыл әскерлер депутаттары Кеңестерінің Республикасы екендігі мәлім етілді. Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болып Сейітқали Меңдешев және Халық Комиссарлары Кеңесінің (ХКК) төрағасы болып В. Радус-Зеньковичті сайланды. Қазақстанның астанасы болып Орынбор қаласы жарияланды. 1925 жылы Қырғыз АССР аты РСФСР құрамындағы Қазақ АССР деп өзгертілді.

Омбы қаласында жарық көрген «Бостандық туы» газетінің бірінші саны Еліміздің саяси тарихындағы елеулі өзгерістерден хабар береді. Сондықтан, облысымыздың тарихы үшін де қымбат дерек болып саналатын осы газетпен таныстыруды мақсат еттік.

Жаңаша 1921 жыл, 19 март, сейсенбі.

Бостандық туы № 1.

Бүкіл дүниежүзінің еңбекшілері бірігіңдер!

Штамп: Джансугуров Ильяс. Арабша: Жансүгірұлы Илияс.

Инв. Номер

Шыға бастады 1921 ж. Март 19-нда

Россия коммунист «большевик»тер партиясының Сібір облысы бойынша һәм Омбы губерниясының қазақ газеті.

Орган Кирпредставительства К.С.С.Р. при Сибревкоме. Киртатбюро Р.К.П. (большевиков) и нацменьшинств при Омгубисполкоме. Киргизская газета «Бостандық туы» (Знамя свободы)

Адрес для подписчиков: Омск. Центропечать для газеты «Бостандық туы». Адрес ред. Омск, Сибревком. Представительство к ССР. Ред. Газ. Бостандық туы.

Жазылу бағасы 1 номері – 2 сом, 3 айға – 10 сом.

Алдырушыларға адрес: Омбы шаһарінде. Центрпечать. «Бостандық туы» газетасына. Басқарма адресі Омский партийный дом. Астыңғы 22-бөлме, «Бостандық туы» газетінің басқармасы. Басқарма сағат 9-дан 2-ге дейін ашық.

1-бет. Басқармадан.

Осы уақытша шейін шығып келген «Кедей сөзі» газетасы тоқтап, оның орнына Сибревком қасындағы Қазақ Жұмхұриятының уәкілдігі атынан мұнан былай «Бостандық туы» газетасы шығатын болды. Газета мақсұты, тұтынған жолы халықты осы күнгі саяси ретпен тәрбиелеп һәм Совет үкіметінің жалпы жұмысымен таныстыру. Одан басқа өте ескеретін жұмысының бірі - Қазақтың Кеңестік Жұмқұриятының қазақ халқы туралы істеп жұмыстарымен, заңдарымен таныстырмақ.

Қазақ арасындағы хат білетін азаматтардан халықтың мұң-мұқтажы турасы, шаруасы турасы, ел арасындағы әрбір маһкәмәләрден шығып жүрген қызмет иелерінің, істеп жүрген тәртіпсіздігі туралы басқармаға білдіріп тұруын өтінеміз.

«Бостандық туы» бұрынғы «Кедей сөзі» газетасының барып тұрған жерлеріне жіберіліп тұрады.

Газетке сөз жазушыларға адрес мынау: Омск. Сибревком. Представительство КССР. 3-и этаж, 4-комната, для редакции «Бостандық туы».

ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚТАРҒА

Совет Үкіметі осы уақытта дейін Үкімет тізгінін қолына алғаннан бері нелер қатерлерді, нелер қиындықты бастан кешіп, барша соғыс майдандарында, ішкі һәм сыртқы жауларын жеңіп, қылышын қынабына салып, қолына мылтық орнына балға алып, барлық күшін шаруа майданына беріп, соғыс уақытында қарауға мүмкін болмаған халық мұқтажына керекті нәрселерді табуға кірісіп жатқанда, «халықты қырғыштығынан шен алған» алтын иықты төрелер, казак-орыстар сарай толған бидайын аштан тұрмай жатқан жұмысшыларға түйірін бергісі келмей, мұжық жуандары Совет Үкіметіне тыныштық бергісі келмейді.

Соңғы кезде жоғарыда аталған кулар һәм олардың артынан ерген сұмдар – бәрі, адам нанғысыз түрлі сөздерді халық арасына таратып, иланғыш қараңғы халықты құтыртып, Сібірдің әр жерінде бүліншілік шығарып жүрсе де, сол шыққан сағатында басылып жатыр.

Совет Үкіметін құлатқысы келген жалмауыздар қолынан ешнәрсе келмесе де, аз да болса бүлдіріп, итше қауып қалмақшы. Совет Үкіметіне жорып қойған жамандығы, пішіп қойған кебіні, қазып қойған көрі сол еңбекшілердің Үкіметіне қарсы оқ атып, қылыш суырғандардың өзіне болатынын, қараңғылықта жүрген, келешегін болжай алмайтын ойын халық біле қоймаса керек. Совет Үкіметін (еңбекшілер өкіметін) жойып оның орнына жақсылық орната қоятын кім?

Олар крестьян мен қазақтың арқасында казак-орыстың қамшысын ойнатқан залым төрелер. Еңбекшілерді зар еңіреткен, көздерінен жас орына қан тамызған патшашыл жауыздар. Қой терісін жамылып жүрген қасқырлар. Бұлардың мақсаты не?

Бұлардың тілегені - бұрынғы патша заманын, Колчак заманын қайта орнатпақ. Қаншама қан төгіп алған жұмысшылардың фабрика-зауыттарын, крестьяндардың да, қазақтардың да жерлерін тартып алып, халықты бұрынғысынан жаман зарлатпақ. Осы мақсатына жету жолында ол жауыздар неден болса да жиіркенбейді. Олардың алған қаласы да көп емес. Жақын арада Совет өкіметі құлайды-мыс. Сол қаражүрек адамдардың айтуларындай Совет өкіметі осал ма? осыны сахара халқы ойлап, шамалауы керек.

1917 жылы октябрь төңкерісін жасап, Үкімет тізгінін қолына алған, Сібірде Колчактың көзін жойған, Россияда Деникин мен Юденичті бітірген, Күнбатыста Польшаны ақылына түсірген, Қырымда Врангельдің тісін сындырған, жер жүзінің капиталистерінің түбіне жеткен Совет Үкіметіне һәм оның шөлде, дауылда, жаңбырда, боранда, аязда шыдайтын, бостандық қорғаны болған, еңбекшілердің қамқоры Қызыл әскеріне һәм оның қолбасшылары, көсемі коммунист партиясына, бірі ойдан, бірі қырдан қашып-пысып жүрген аз ғана қу табандардың жасаған көтерілісі есеп болғаны ма? Әрине, жоқ.

Қолынан ешнәрсе келмейтінін ол жауыздар өздері де біледі. Бірақ, олардың несі кетеді? Қырылса, еңбекшілер қырылады. Қан төгілсе, тағы осы бейнетқорлардың қаны төгіледі. Халықты құтыртып, Совет өкіметіне қарсы көтеріліс жасатады да, жауыздардың өздері аман қалады, шелек жалаған тұтылып қалады. Бүліншіліктің бар ауырлығы баяғы еңбекшілерге болады.

Бұл жауыздардың Совет өкіметіне, жұмысшыларға, еңбекшілерге, крестьяндарға зиян келтіретінін байқау керек. Бұл бүліншіліктен Россия мен Сібір арасының қатынасы уақытша тоқтап қалмақшы. Іштегі фабрика-зауыттарда крестьяндардың шаруасына қажет машиналардың бөліктерін, халықтың киіміне керек кездемелерді де дамыл таппай шығарып жатқан жұмыскерлер Сібірдің нанынан айрылып, ашықпақшы. Одан соң жұмыс тоқтап, жаңа түзелуге бет алып келе жатқан халық шаруасы тағы бүліне бастамақшы.

Осы уақытта халықты құтыртушы қулардың бір айтатын сөзі, жұмсайтын қаруының зоры шаруаның күйзелуі, бар нәрсенің жоқтығы. Олардың айтатыны – «Совет өкіметі кедейдің барын құртты, малдарыңды алды, бидайларыңды алды, асықпасаң қойнындағы қатыныңды да алады. Осының бәрін алып, берген еш нәрсесі жоқ», - дейді.

Бұл рас. Бірақ Совет Үкіметі етті, астықты кімге жиып жатыр? Ашығып жатқан сол крестьяндардың бауыры - жұмысшыларға жинап жатыр. Совет Үкіметі дүниеге келгеннен бері қарай соғыстан бір тыныш кезі болды ма? Жоқ. Кім үшін соғысты? Еңбекшілердің бостандығы үшін соғысты.

Бір қолында мылтығы, бір қолында балғасы, Совет өкіметі сыңаржақ болып, халыққа мұқтаж нәрсені жеткілікті қылып, қалай шығара қойсын. Қаншама зор, қатты соғыс уақытында да Совет өкіметі халыққа керекті нәрсені үлестіріп жатты. Қазіргі уақытта барлық күшті халықтың шаруасын түзетуге салып жатыр.

Өртүрлі бүліншіліктер, тәртіпсіздіктер еңбекшілердің шаруасының түзелуін кешіктіре береді. Мұны Совет Үкіметінің дұшпаны біліп қолынан келген жамандықтарын аяп қалғысы келмейді. Жауыздығын істейді. Аңқау һәм надан халыққа да соны істетеді. Сонымен, аңқау еңбекшілер өзі түзейтін шаруасын, өзі бүлдіреді.

Омбы губерниясында болған жуандардың көтерілісінің жолбасшылары кім екенін, олардың көздеген мақсұттары айдай айқын қылып білдіріп тұр. Көтерілісті бастап жүрген Колчактың генералдарының жаңқасы, офицерлер, прапорщиктер, поптар, казак-орыстың жуандары. Бұлар еңбекшілерге не бермекші? Еңбекшілердің мойнына Совет өкіметінің күшімен жойылған құлдық қамытын қайта кигізбекші.

Қазақ бауырлар, жолдастар! Сіздер ол жаулардың тіліне елігіп, соңынан ермеңіздер. Аты өшкен жауз үкіметтің заманында көбірек тепкі көрген, езілген, құлдықта жүрген халықтың бірі – біздің қазақ халқы болатын. Қазақ халқын өткен уақытта ешкім қатарға алып, адам санына қоспады. Туып-өскен жерінен, Сарыарқа сары белінен еңіретіп зарлатып, қуып шығатын кім еді? Бұлар сол қараңғы уақытта Совет Үкіметіне қарсылық жасап жүргендер! Олар өтіп кеткен қайғылы қара түнді қазақ халқына қайта орнатпақшы!

Жолдастар! Совет өкіметінің дұшпандары, қара жүз жауыздардың жасаған көтерілістері . бүліншілігі Қазақ автономиясының жері Қызылжар уезінде де болды. Қазіргі уақытта сол бұзақылардың аман қалғандары қашып, қазақ арасына тығылмақ. Совет өкіметінің дұшпаны, еңбекшілердің дұшпаны ондай бұзақылардың. Жауыздардың қазақ арасына жасырынуы мүмкін емес. Ондайларды жасырамын деп қазақ халқы Русияның барша еңбекшілерінің алдында масқарас болмайды. Дүниеге жаңа келген қазақтың жас автономиясының кіршіксіз денесін ол сұмдар таптап, былғамақшы. Олардың басып кеткен ізін қыршып алып, тастау керек.

Ел арасында бірен-саран қашып жүргендерді көздерің көрсе, ұстап әкеп, өкіметтің қолына тапсырыңыздар. Совет өкіметінің алдында ол сұмдарды жасырушылар ауыр жазаға тартылады.

Сүйікті жолдастар! Есті еңбекшілер! Совет өкіметіне қарсы қандай зор көтеріліс жасағанмен, ондай арам ойлы жауыздардың ғұмыры ұзақ болмайды. Құриды. Ондай қулардың Совет өкіметі туралы неше түрлі болса да, құтыртып, еліртіп таратқан хабарларына нанбаңдар.

Ешнәрсеге алаң болмай, істеп келе жатқан шаруаларыңызды жүргізе беріңіздер!
Ел арасына бұзақыларды ұстауға шыққан Қызыл армияға жәрдемдеріңізді аямаңыздар.

Жасасын, Совет өкіметі! Жасасын, Қазақ Жұмқұрияты! Жасасын, есті қазақ еңбекшілері!

Мағжан

1-бет. Қазақстанда

Қазақстан Республикасының халық ағарту комиссары һәм Госиздат қасындағы жазушылар ұйымының мүшесі Ахмет Байтұрсынұғлы өткен ғынуардың 13-де Орынбордағы зиялы қазақ азаматтарын жиналыққа шақырып, 2-буын мектептері үшін оқу-құралдарын даярлау үшін кеңес ашты, мәжілісте болғандар:

Елдос Омарұлы, Хайриддин Болғанбайұлы, Смағұл Садуақасұлы, Файзолла Ғалымжанұлы, Бирахмет Сәрсенұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Садуақас Сейфоллаұлы, Ғалихан Бөкейханұлы, Сабыр Айтқожаұлы, һәм басқалар.

Мәжіліс бастығы Ахмет Байтұрсынұлы, хатшы Бирахмет Сәрсенұлы.

Мәжілісте Жолдас Байтұрсынұлы төменгі жайды баяндады:

Бұл күнге шейін қазақ тілінде 2-ші буын мектептері үшін оқу құралдары жоқ.

Барлары бірінші буын, бастауыш мектептердің 1, 2, 3-бөлімдеріне ғана жарарлық кітаптар.

Сондықтан 1 - 2-буын мектептер үшін қазақша оқу құралдарын жазуға һәм тәржімалауға тезінен кірісу керек.

Мәжіліс баяндаманы тыңдағаннан кейін қарар шығарды:

1. Жоғарыда айтылған азаматтардың оқу құралдарын орысшадан қазақшаға аударту жұмысын кірістіруге;

2. Осы жұмыс үшін Мағжан Жұмабайұлын, Маннап Тұрғанбайұлын, Хошмұхаммет Кемеңгерұлын, Жұмағали Тілеуліұлын, Сейтбаттал Мұстафаұлын тағы да осылардай ризалығын білдірген азаматтарды қызметке шақыруға;

3. Бірінші һәм екінші буын мектептердің оқу жобасына жанастырып, төменгі кітаптар тәржімалансын: арифметика, геометрия, естествознание, алгебра, география, жалпы һәм қазақ-қырғыз тарихы, мектептегі гигиена. Бұл айтылғандардың бәріне методикалар, педагогика һәм дидактика.

4. Оқу үшін хрестоматия һәм қазақ тілінің науқы, теория словестности даярлансын;

5. Үшінші буыны көрсетілген кітаптарды тәржіме етуге ризалығын білдірген себепті төменгі азаматтарға тапсырылды:

- 1) арифметика – М. Тұрғанбаев (Т),
- 2) геометрия Б. Сәрсенов (Т),
- 3) естествознание Е. Омаров (Т), Х. Кемеңгеров (Т),
- 4) физика Ф. Ғалымжанов,
- 5) география Х. Болғанбаев ,
- 6) қазақ-қырғыз тарихы М. Жұмабаев (Т),
- 7) жалпы тарих Х. Болғанбаев,
- 8) мектеп гигиенасы Ж. Тілеулин,
- 9) алгебра бастауы Е. Омаров,
- 10) педагогика М. Жұмабаев (Т),
- 11) дидактика Ж. Аймауытов (Т).

6. Бұл айтылған пәндердің методикасын даярлау жоғарыдағы жолдастардың өздеріне пәндеріне қарай тапсырылды

7. Төртінші бап бойынша төменгі кітаптарды даярлау мына жолдастарға тапсырылды:

- 1) хрестоматия Сейфуллин, Аймауытов.
- 2) Қазақ тарихы, Қазақ тілінің нахуы А. Байтұрсынов.
- 3) Теория словестности М. Жұмабаев.

8. Оқу құралдарын жазып, тәржімалау оқу жылы бойынша бітуі керек. Онан кейін басып келер оқу жылының басына шейін дайын тұратын болсын.

9. Кітап жазушылар айына екі рет бастаған жұмыстарының мән-жайын баяндап отыру керек.

10. Тәржіме жазуға керек құрал-саймандарын, жазу аспаптарын халық ағарту комиссариаты осы жетінің ішінде келер айтың бірінен жетісіне шейін жазушыларға тапсырсын.

11. Басқа қалаларда тұратын жазушылар кітапты жазып беретін кісілерді күнін білдіру үшін телеграф арқылы хабар берілісін

12. Халық ағарту комиссариаты жан жаққа хат жазып, жазылған, тәржімаланған оқу құралдары, басқа да әдеби кітаптар туралы сұрасын. Даяры болса, тез алдырып, басуға кіріссін.

13. Халық ағарту комиссариаты хат һәм газет арқылы оқу құралдары мен әдеби кітаптарды жазуға, тәржімалауға талапкер адамдарды сұрап білсін.

14. Ересектер үшін хрестоматияны жазу Сәдуақасов һәм Аймауытов жолдастарға тапсырылсын.

15. Жоғарыдағы қарарлардың баршасы Қазақстан һәм Түркістан Республикаларында баспасөзде жариялансын. Әрбір жарты айда бұл туралы не істеліп жатқаны газет жүзінде есеп беріліп тұрсын.

16. Халық ағарту комиссариаты кітаптарды бастыру шараларына кірісе берсін.

17. Жазылып болған кітаптардың бәрі Госиздат қасындағы жазушылар ұйымының қарауына беріліп ол мақұлдағаннан кейін баспаға беріледі,

18. Оқу құралдарын жазуша, тәржімалаушылардың қаламақы мөлшерін кесетін Госиздат қасындағы жазушылар ұйымы.

19. Бұл қарардың нұсқасы КирЦикке, Наркомпросқа, Госиздат қасындағы жазушылар ұйымына, «Ақжол» һәм басқа газеттерге жіберілісін.

Ескерту, жоғарыда тұсында «Т» харіпі тұрған кітаптар осы күні-ақ тәржіме етіліп жатыр.

«Бостандық туы» газетінің осы бірінші санының төртінші бетінде қазақтың көрнекті көсемсөз шебері, оқымысты Мәннан Тұрғанбаевтың **«Кеңсе тілі қазақша болсын»** деген мақаласы бапсылды. Осыдан 99 жыл бұрын жазылған бұл еңбектің насихаттық, тәрбиелік құны әлі қымбат. «Өз мемлекеттігін алған қазақ халқының тілі де мемлекеттік дәрежеге ие болуы керек және күнделікті тұрмыста сол деңгейден көрінуі керек» - міне автордың айтпағы осы. Қалыптасып отырған тарихи жағдайдың күрделі екендігін ескере отырып, автор қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту жолдарын көрсетеді де, сайып келгенде мына міндеттерді алға қояды:

«...5. Осы күні болып жатқан кеңестер сайлауы біткеннен кейін 1921 жылғы 1 майдан арғы уақытта қазақ болысына орысша жазылып берілген жарлықтарды, шақыру қағаздарды орындауға болыстық комитеттер міндетті саналмай, еріктеріне қалдыру; еңбекшілер қазақтың көзі құрыған болып отырған Қазақстан кіндік атқару комитеті, халық комиссарлар кеңесі кеңсе тілінің қазақша болу шарасын қарастырып, тезінен іс жүзіне асырып, бишара қазақты ауыр бейнеттен құтқарады, шын қазақ жұмқұрияты екенін таныстырады деп сенемін».

**АКАДЕМИК МАНАШ ҚАБАШҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ САНАНЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ**

Садықов Тлеген Садықұлы

*(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университетінің
тарих ғылымдарының докторы, профессор)*

Темирханова Асемгуль Сериковна

(Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университетінің 2-ші курс PhD докторанты)

Бүгінгі Қазақстан Республикасы қалыптасқан, дамудың жаңа белесіндегі мемлекет болып табылады. Еліміздің болашағы үшін дүниетанымдық жаңа модель жобалау, басты құндылықтар мен бағдарларды айқындау, ұлттық бірегейлікті сақтау қашанда өзекті болмақ. Ол туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деген халыққа жолдауында «Біз еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белеске жақындап келеміз. Отыз жылға жуық уақыт бұрын халқымыз өзінің Тәуелсіздігін жариялап, бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманын орындады. Осы уақыт ішінде Қазақстанның Тұңғыш президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен еліміз әлемдегі беделді әрі орнықты мемлекетке айналды. Баянды бірлігіміздің арқасында тәуелсіздігімізді нығайтып, халқымыздың жағдайын жақсартуға жол аштық. Бұл жасампаздық пен ілгерілеу, бейбітшілік пен келісім кезеңі болды. Еліміздің даму жолын бүкіл әлем мойындап, қазақстандық, яғни Назарбаев моделі деп атады. Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр. Біз бұған Елбасы саясатының сабақтастығын сақтап, жүйелі реформалар жүргізу арқылы қол жеткізе аламыз» [1] деп ерекше атап өткен болатын.

XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында тәуелсіз Қазақ елі ерікті қоғам ретінде өз ата тарихы туралы ақиқатты білуге ынта қоя білген. Осының бір дәлелі 1995 жылы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тапсырысымен Президент жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің «Қазақстанда тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасының» қабылдануы болып табылады. Мұнда тарихтың, әсіресе, қоғам дамуының өтпелі кезеңдерінің ерекше маңызы көрсетіліп, тарихи білімнің негізгі басымдықтары, тарих ғылымының проблемалары, тарихи білім беру мен ағарту ісінің келешегі белгіленгені айқын. Қазақстандағы тарихи сана тақырыбының зерттелуі еліміз тәуелсіздік тізгінін қолына алып, ұлттық санасының жаппай оянуы, тарихи ақтандақтардың қалпына келтірілуі, сондай-ақ тарихи әділдіктің орнауы басты себеп болған. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жарлығымен үш жыл қатарынан тарихи танымға айрықша мән беріліп, 1997 жылы – «Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу», 1998 жыл – «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 жыл – «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» деп жариялаған болатын.

Тәуелсіздік таңы атып, Отан тарихындағы көптеген өзекті мәселелер жаңаша тұрғыдан қаралып, дербес, тың, тәуелсіз ой-пікірлер мен тұжырымдар қалыптаса бастады. Тарих ғылымында жаңа бағыттар, айтарлықтай өзгерістер пайда болды. Осы игі істерді атқаруда еліміздің төл тарихын объективті түрде зерттеген қазақ халқының ғұлама ғалымы, есімі тәуелсіз Қазақстан тарихының жарқын беттерімен тығыз байланысты – тарихтың көшбастаушысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор,

академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың ғылымдағы мол мұрасы мәңгі өшпейтіні сөзсіз. Ғалымның баға жетпес тарихи іргелі монографиялық еңбектері, ғылыми зерттеулері мен мақалалары, басқа да шығармалары бүгінгі таңда кеңінен зерттелу үстінде.

Ғалым Манаш Қозыбаев талай дүбірлі оқиғаларды басынан кешірген, ұлтын сүйген, қазағын қадірлеген ХХ ғасыр перзенті еді. Екі бірдей тарихи қоғамда өмір сүрген ғалым зерттелуден кенже қалған өлке тарихының «ақтаңдақ» беттерін ғылыми тұрғыда зерделеумен айналысып, халықтың тарихи санасының қалыптасуына көп еңбек сіңірген. Мәселен, «Қостанай» топонимінің шығу тегін, Ресей империясының Қостанай өңірін отарлау кезінде жойылып кеткен ұлттық жер-су аттарын зерттеумен, өңірде Кеңес өкіметінің орнауы тұсындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен байланысты бірқатар тарихи оқиғалардың ықпалы жайында ізденіс жұмыстары жүргізіліп, ғылыми тұжырымдамалар жасаған. Өлкетанулық зерттеулерін жариялап, Қостанайдың ономастикасын ұлтсызданған мазмұннан арылтуға сүбелі үлес қосып, Ы. Алтынсариннің есімі мен ісін жан-жақты ұлықтаған. Ғалым Тобыл жағасындағы аудандардың біріне Ыбырай Алтынсарин атын беру туралы ұсыныс жасаған, бірақ, тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, Қостанай ауданынан Обаған өңірі бөлініп шыққан кезде ғана Ы. Алтынсарин аты ауданға берілген.

Бүгінгі күнді түсіну үшін және болашақты болжауда өткенді білудің маңызы зор. Академик Манаш Қабашұлы өзінің «Ата тарихы туралы үзік сыр» деген 1992 жылғы дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайында оқыған баяндамасында халқымыздың тарихи тағдырына тарихи көзқарасын терең білдірген. Аталған баяндамада ғалым түркі текті халықтардың ішіндегі іргелісінің бірі де, бірегейі қазақ халқы тарихын бірнеше асқаралы белестерге бөліп, тоғыз дәуірді қадап бөліп көрсеткен. Әрбіреуіне қысқаша тоқталып, топшылама (резюме), үзік сырлар, ойларын айтқан [2].

Сондай-ақ ғалым Қазақстанның ХХ ғасыр тарихына үңіліп, «Қазақстанның ХХ ғ. тарихын зерделеу проблемалары» деген мақаласында тарих бетін мекендеген мифтерге тоқталып, жан-жақты сынаған. Атап айтсақ, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының статусын төмендетіп, қазақ сахарасында пролетариат қозғалысының статусын әсірелеу мифі; Қазақстан тарихында қазақ халқының Ресей құрамына енуінің прогрессивтік маңызын әсірелеу мифі; Қазақтың Ресейге бодан болуының отаршылдық болмыс дәрежесін әлсіретіп, оның экономикалық, мәдени саласында тап күресіндегі ықпалын әсірелеу мифі; 1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалысын большевиктік арнада әсірелеу мифі; Әдебиетте 1917 жылғы Ақпан революциясының болмысын тұқыртып, оның жасаған жақсылық ісін жасырып, кемшілігін асырып, Қазан революциясымен шендестіру, қарама-қарсы қою мифі; Қазан төңкерісінің заңдылығы туралы миф; Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қатысып, патша өкіметіне, одан қалды Кеңес дәуірінде ұлт мүддесін қорғаған қайраткерлерге, кейін барша халыққа ұлтшылдар айдарын тағу мифі; Қазақ кеңестік мемлекеттік статусты әсірелеу мифі; бұрынғы Одақтың, одан қалды Қазақстанның 70-80 жылдардағы дамуы туралы қарама-қарсы мифтер. Сондай-ақ И. Сталин туралы, Ұлы Отан соғысының сипаты туралы, Ұлы Жеңістің қозғаушы күштері туралы, соғыс шығыны туралы мифтерді де талдаған. Академик Манаш Қозыбаев Отан тарихын тағылым ету арқылы, мифтерден асып өту, оларды жою арқылы тарихи шындыққа жетуге негіздеген [3].

Жаңаша парадигма негізінде қазақ мемлекеттігін жаңғырту жолында күрес жүргізген Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің тарихы мәселесін зерттеуге жан-жақты бет бұрған. Автор Алаш тақырыбын зерттеу барысында «Алаш» терминіне ерекше мән беріп, сыры толық ашылмай келген мәселе екендігін айтып өтті. Қазақстан тарихының басқа да өзекті мәселелеріне арналған «Ақтаңдақтар ақиқаты» атты еңбегі жарық көріп, «Тарихтың ащы сабағы» дейтін мақаласы тікелей аталмыш мәселеге

арналған [4]. «Алаш» қозғалысын тұтас ұлт-азаттық қозғалысымен шендестіру орынсыз, оны тек ұлт-азаттық қозғалысының бір ғана белесі ретінде қарастырып, қазақ сахарасындағы ұлт-азаттық қозғалыс тек таза пролетарлық қозғалысы болуы мүмкін еместігін, бұл қозғалыс ортағасырлықтан буржуазиялық-демократиялық төңкерісінен кейін қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалысының туын жоғары байқаутты отбасылардан шыққан, оқыған, зиялы қауымның саяси аренаға көтергенін ерекше атап жазған.

Келесі мәселе, Отан қорғау, оның тарихнамалық мәселелерін, соғыс тұтқындарының тағдыры туралы да ашық та түпкілікті зерттеген. Оның «Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны», ұжымдық «На защите Советской Родины» және тағы басқа соғыс тақырыбындағы көптеген еңбектері мен зерттеу мақалалары соған дәлел. Еліміздің, Ресейдің мұрағат қорларындағы ғылыми айналымға енген құнды деректерді тиімді пайдалана білген ғалым, Қазақстаннан майданға, тыл армиясына алынғандардың саны екі млн. жуық екендігін дәлелдеп, шығыстағы ұлттық аймақтар генофонының әлсіреуіне тигізген әсерін ғылыми тұжырымдармен дәйектеп берді. Ғалымның замана ызғарынан қаймықпай айтқан сол уақыттағы теориялық пікірлері бүгінде көптеген зерттеулерге арқау болғандығы ақиқат.

Ғалымның жинақтаған тарихи фактілерге негізделген еңбектері, бүкіл ұлттық тарихқа жаңаша қарауға, тарихтан алатын орны туралы нақты түсінігімізді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазақстанның өтпелі кезеңінің ерекшелігін, нақты қалыптасқан тәуелсіздіктің негізгі белестері қандай, қандай қауіп-қатерлерден өттік, қоғамның экономикалық, саяси және мәдени жүйесі қалай құрылды? Осы сұрақтардың бәріне дәйекті әрі анық жауап берген. Ел аузындағы аңыздардан ақиқатты таразылаған отандық тарих пен тәуелсіздік идеясы қашанда болсын тамырлас екендігін ерекше атап өткен [5]. Біз аталмыш мақалада тәуелсіз Қазақстан елінің тарихшысы Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың кеңестік тоталитарлық кезеңдегі кейбір тақырыптар бойынша жарияланған зерттеу жұмыстары туралы ғана айтып өттік. Қазақстан тарихының кеңестік дәуірі саяси-әлеуметтік, экономикалық, этникалық қарама-қайшылықтарға, трагедиясы аралас драмаға толы болды. Сондықтан Қазақстан тарихының осы кезеңге сәйкес өзекті мәселері төңірегінде біршама жұмыстар атқарылғанымен, біздің ойымызша тарихшылар алдағы уақытта осы тақырыптар және басқа да зерттелетін тақырыптар төңірегінде тарихнамалық талдауларды өрістетуге керек деп ойламыз. Сонымен қатар кеңестік дәуірдің ащы шындығын ашып көрсететін зерттеулер тәуелсіз Қазақстанда көбейетініне сеніміміз мол.

Әдебиет

1. Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. - Нұр-Сұлтан, 2019. - <https://sptnkne.ws/9Cwg>
2. Қозыбаев М.Қ. Киелі тәуелсіздік / Құрастырған І.М. Қозыбаев. - Алматы: Баспалар үйі, 2009. - 448 б.
3. Қозыбаев Манаш. Шығармалары. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. - Т. 4. - 328 б.
4. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. - Алматы: «Қазақ университеті», 1992. - 272 б.
5. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт / Құрастырған. З.М. Төленова. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. - 369 б.

«АТАМЕКЕН» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚОЛДАНЫСЫ

Таласпаева Ж.С.
(М.Қозыбаев ат. СҚМУ)

Қазақ елінің мәртебесі көтеріліп, озық елдердің қатарынан орын алуы үшін рухани санаға серпіліс қажет екендігі бүгінде жиі айтылып жүр. Ұлттық рухымызды көтеру үшін, төл тарихымызды, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу қажет. Ол туған жерге деген шексіз махаббаттан басталады.

Қай елде болмасын, жас ұрпақты ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу қоғам мен мемлекеттің назарынан тыс қалған емес. Осы міндеттің қоғамымыздың барлық саласында, соның ішінде білім беру саласында жүргізілуі әлемдік деңгейге сай дамуды талап етеді. Білім саласында ұстаз оқыту үдерісін, оның заңдылықтарын, принциптерін пайдалана отырып, азаматтақ тұлғаны тәрбиелеп, оның бойындағы ұлтжандылық сезімін зиялылыққа, мәдениеттілікке ұластырса, құба-құп. **Осыған орай «Егемен елдің рухани тәуелсіздігі болуы керек. Ол үшін жаңа ұрпақтың санасын, оның ішінде тарихи санасын тәрбиелеу міндеті тұр. Шетелдік рухани саладағы экспансияны тежеу үшін жастардың отансүйгіш жүрегінің иммунитетін күшейту абзал. Қазақ халқы рухани салада жаңа биікке көтерілуі керек»,** - деген түйінді ойды алға тартады академик М.Қозыбаев [1, 133 б.].

Мемлекеттіліктің өзі басты үш негізден құралады, олар: атадан балаға мұра болып қалған – тұрғылықты территориясы, негізін қалаған, түпкі тамыры, шығу тегі бір – халқы, жүрегіне жалау болып тағылып, ұранын асқақтатып, әлемге танытып, сол халықтың басты ерекшелігі болатын – туған тілі. Осылардың негізінде тұтас бір мемлекет қалыптасады. Атап өткендей, негізгі және бірінші фактор ол – туған жер.

«Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу - шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықтың әншейін біріге салған қауымы емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті", - деп жазды Елбасы «Болашаққа бағадар: Рухани жаңғыру» мақаласында [2].

Біз «туған жер», «ел» концептісінің қазақ танымында қандай ұғым беретінін қарастыра отырып, халықтың басынан кешкен өмірін, ұлттық ерекшелігін, дүниетанымын тани аламыз, адамзатты табиғатты, Отанын сүюге тәрбиелейміз. Олай болса, «туған жер» концептісі ұлттық-мәдени концептілерге жататын танымдық ұғым деп түйіндейміз. «Туған жер» концептісін зерделеу арқылы адамның ой мен түсінігін тұжырымдап тілдің этнолингвистикалық сипатын айқындай аламыз. Біз үшін «туған жер» немесе «ел» концептісі «атамекен», «ата-қоныс», «ата-жұрт», «кіндік қаны тамған жер» секілді модельдердің қатысымен анықталады. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын мәдени мұра.

«Туған жер» концептісінің әлемдік әдебиеттегі поэзия майталмандарының шығармаларындағы қолданысы халықтың ұлтына, тіліне, мемлекетіне, жынысына, мамандығына байланысты сарапталмаған. Оны сараптап алу да мүмкін емес. Себебі, әркімнің өз атамекеніне деген ұлы сезімі басқа бір адамның бойында да табылуы мүмкін.

Көшпенді түркі халықтары үшін кеңістік ұғымы әрі горизонталды әрі вертикалды формада қабылданатыны оның түрлі мифтерде, ауыз әдебиеті үлгілерінде, поэзия мен прозада сақталған тілдік бейнелерінен көрінеді. «Кеңістік – қазақтар үшін шексіз космос. Осы космоста олардың «өз микрокосмосы бар, ол – «атамекен» деп аталатын олардың бүкіл болмысын өзгеге ықпал етуші, үйлесімділігін бұзушы күштерден сақтайтын, ата-бабасынан мұраға алып келе жатқан өздері үшін ерекше «жұмақ, жайлы жер» [3, 22 б.]. «Атамекен» ұғымы осы тіркестердің құрамындағы «ата» және «мекен» сөздерінің ассоциативті мағыналары арқылы да объективтенеді. Ата - «ата-баба» мағынасында әрі «ежелгі» мағынасында алынады, мекен – «тұрақ, өмір сүретін, өсіп-өнетін территория» деп қабылданады. Сонда атамекен «ата-бабаларынан мекен етіп, өркен жайып келе жатқан жер» деген ұғымды береді. Атамекен атауы кейде лека-семантикалық мағынасынан *атажұрт, атақоныс, туған жер, Отан* сөздерімен де ауыстырылып қолданылады.

I. Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» «Туған жер» сөзіне мынадай анықтама беріледі: «Туған ел – торғын бесік. Туған жер. Отан, өз елі, кіндік кесіп туып-өскен жері [4, 519 б.]. Осындағы «Отан» деп отырғанымыз – қазіргі ұғым атауы. Адамдар қай кезеңде де, әсіресе, түркі халықтары қоғамдасып өмір сүрсе, кейінгі орта ғасырларда, айталық, XIII-XVII ғасырларда белгілі бір этникалық, территориялық тұтастықтарға бөлініп өмір сүрген, оның ірі-ірілерін ғылымда хандық деп атап жүрміз. Ал ертеректегі ата-бабаларымыз бұл ұғымды Отан, мемлекет, хандық деп атамай, *ел, жұрт, байтақ, ел-жұрт* деген сөздермен білдірген» [5, 44 б.]. Алайда көшпенді қазақ халқы үшін тіл дамуының бертінгі кезеңдерінде қалыптасқан «туған жер», «Отан» атауларына қарағанда «Атамекен» ұғымының мағынасы әлдеқайда кең, әлдеқайда терең.

«Атамекен» - адамзат тарихымен адам баласының ой-санасында жоғары тұратын қасиеті де, қастерлі ұғым. Туған жердің кез келген ұлт үшін аса маңызды рөл атқаратыны белгілі. Оның ішінде қазақ халқы «кіндік қаным тамған жер» деп қастерлейді. Қазақ танымындағы «Атамекен» концептісінің логикалық моделі «Отан», «Туған жер», «Ата қоныс» сияқты күрделі логикалық ассоциациялардан тұрады. Оны тіліміздегі «Ата қоныс - алтын мекен», «Отансыз адам - ормансыз бұлбұл» т.б паремиологиялық бірліктер құрамынан көруге болады. Сондықтан қазақ халқының дүниетанымында, яғни, оның ғаламдық бейнесінде *туған жер* концептісі маңызды орын алады.

Концепт ұғымына берілген тұжырымдарды зерттеу нәтижесі концептіні танытатын мынадай қағидаларды ұсынуға негіз болды: біріншіден, концепт ақиқат дүниенің құндылықтарын танытады; екіншіден, концепт құрылымы санада ақиқат дүниенің мамұнын беруде стереотиптік танымда (мысалы, туған жер – «атамекен», «құтты қоныс», «туған өлке») және стереотиптік емес танымда (мысалы, «*шешем бір келін болған өлке*», «*мәңгі-бақи шаттығы тарқамайтын думан жер*», «*батпағында тең құрбымен алысқан жер*», «*иісі аңқып, бетім сүйген самал жел*» т.б.) таңбаланады; үшіншіден, концепт тіл арқылы көрініс табады; төртіншіден, тұлғаның білім деңгейін танытады; бесіншіден, белгілі бір ұлттың мәдени деңгейін көрсетеді; алтыншыдан, әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын айқындайды; жетіншіден, тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындайды.

Жалпы атамекен ұғымына байланысты тілдік бірліктерді даналық сөз үлгілерінен жиі кездестіреміз. Әсіресе, сөз мәйегі - мақал-мәтелдердің құрамында кең қамтылады. Ұрпақтан ұрпаққа бұзылмай жеткен рухани мұра, халық оны жоғары бағалап, асыл сөз ретінде аса ұқыптылықпен жұмсаған. Міне осы бейнелі айшығында ұлттық кодтың сақталуы табиғи заңдылық. Шығармалардағы, мақал-мәтелдердегі «туған жер» концептісі ауқымды идеяны, сан алуан күрделі ұғым-түсініктердің бейнелі атаулары болып табылатын тілдік модельдерден құралады. «*Отан отан да ыстық*», «*Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас*», «*Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы*», «*Туған жердің жуасы да тәтті*», «*Туған жердің түйе жейтін жапырағы да дәрі, түйе аунайтын топырағы да дәрі*», «*Әркімнің өз жері - жұмақ*», «*Жігіт – елінде патша*», «*Ел іші – алтын бесік*», «*Отансыз адам-ормансыз бұлбұл*», «*Туған жердің қадірін, шетте жүрсен білерсің*», «*Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол*», «*Туған жерге туың тік*», «*Туған жердің ауасы да шипа*», «*Отанға опасыздық еткенің, өз түбіңе жеткенің*», «*Егілмеген жер жетім, елінен айырылған ер жетім*», «*Елінен безген ер болмас, көлінен безген қаз болмас*» деген сияқты мақал-мәтелдердің мазмұндық құрылымы тіл мен бейнелі ойлау заңдылықтарының сабақтастығынан туындайды. Туған жер, атамекен, ата жұрт т.б. киелі, қасиетті ұғымдар. Ата-бабамыз «еңку-еңку жер шалып, егеулі найза қолға алып, етігімен су кешіп» жүріп байтақ даласын жау қолына бермей, ұрпағына тапсырды.

Халық даналығы қанатты сөздер мен нақыл сөздерде ғана емес, көркем шығармада да таңбаланатыны шындық. Жалпы тілдік бірліктің қайсысында болмасын негізі ойдың тірегі – адам, оның туған жер туралы таным түсінігі мен ішкі толғаныстары.

Дәстүрлі қазақ қоғамында жыраулар – халықтың рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткері болғандықтан, өз жандарынан шығарған жырлары тұтас халық тіршілігін бейнелейтін, халық образын суреттейтін жырлар болып табылады. Ал халықтың образын ашуда ең бірінші «атамекен» тақырыбы қолға алынады. Себебі, «атамекен» сөзінің өзінде «ата жолын қуып», «ата кәсіппен айналысып», «ата мұра етіп», «ата салтын ұстанып», «ата тегін» сақтап, «атам заманнан» «ата қоныс» қылған тұрақ, мекенжай мәселесі сиып тұр. Аталған тұрақты тіркестердің бастамасының өзі «ата» сөзінен бастау алғаны тегін емес.

Жыраулар поэтикасында «атамекен» ұғымын сипаттауға байланысты басты географиялық атауларға көбіне жер атаулары, мысалы, Түркістан, Нарын, Сарыарқа, Жетісу, өзен-көл атаулары – Еділ, Жайық, Есіл, Ертіс, Қобда, тау атаулары – Қаратау, Алатау, Көкшетау деген сияқты тұрақты түрде кездесетін атаулардың қатысатындығын байқаймыз. Ақын-жыраулар осы жерлерді *дүниеге келген, кіндік қаны тамған туған жер, ата-бабасының бейіті жатқан киелі орын, сезіміне қанат бітірген сұлу табиғаты бар атамекені* ретінде қастерлейді. Туған жерді адамның маңдайына жазылған бақ, құт есебінде санайды. Бұдан келіп «*құтты қоныс*» концептісі туындайды. Қоныс ұғымы қазақ халқы үшін қасиетті, оны дәлелдейтін көптеген бата-тілектер, ырым-жоралғылар бар. Мысалы, «*қоныс құтты болсын*», «*қоныс жайлы болсын*», «*қоныс аудару*» деген тіркестермен қоса, жаңа жерге келгенде оны отпен аластау ырымын жасайды. Мұның өзі қазақтардың қонысқа ерекше назар аударғандығының белгісі. Себебі қазақ ата кәсібі – мал шаруашылығымен айналысқандықтан малға жайлы, шөбі шүйгін жер іздеп, көшіп-қонып жүргендігі белгілі. Жайлау, күзеу, қыстау деген ұғымдардың осыдан пайда болғандығы да аян. Ата қоныстан көшіп кету тек еркінен тыс немесе тұрмыс-тіршілігімен байланысты жағдайда ғана туады. Яғни жау шапқанда, жұт болғанда басқа жаққа, жат жерге көшіп кетуге мәжбүр болады. *Басқа жағдайда ата мекені - оның кіндігінен байланған киелі мекені.*

«Қазақтың ата мекені оның өзіндік космосы (кеңістігі) болса, одан (ата мекеннен, ата қоныстан) тыс жер жат, бөтен космос, әлем, кеңістік болып есептеледі. Сонда ата мекеннен басқа жер, басқа көл, басқа бел ол үшін жат, онікі емес. Құтты қоныстың сипаты: «сағымданған белестері», «көкорай, көк құрақты көлдері», «бауыры бұйра толқын дөңестері», «баянды, құтты қоныс мекен», «төрт түлік малға жайлы», «жағасы жеміс малынған», «мал көбейіп, бас өскен», «бетегесі белден шыққан» «қасиетті кең дала», «қасиет дарып, бақ қонған» бейнелі схемалары арқылы көрініс тапқан [3, 27 б.].

Әні мен сөзінің үйлесімі қас шеберліктің үлгісі болып табылатын шығармалар – авторлары белгісіз болғандықтан «халық әндері» деп аталған. Заманалар сүзгісінен іріктеле келіп, ғасырлар бойы толқын-толқын ұрпақтың сыры мен мұңын, арманы мен тілегін сыртқа шығарар жан серігіне айналған әндердің сөзі бірегей поэзиялық туындылар болып табылады. Қожаберген жыраудан қалған халқымыздың санасына сіңіп, жатталған «Елім-ай» әнінің сөздеріне назар аударсақ:

Қош аман бол кең жайлау өскен жерім,
Қайтқан қаздай қалың ел көшкен жерім.
Есіл қазақ есейіп ел бола алмай,

Ит пен құсқа таланып өшкен жерім – деп халықтың мұң-зарының басты себепшісі болған «туған жері» екендігін көрсетеді.

Жыраулардың көшін бастап тұрған, Ш. Уәлиханов кезінде «көшпенді қазақ, қоғам ұлысының философы» деп атап кеткен Асан Қайғының өмірі мен толғаулары – Отанға, халыққа қызмет етудің озық үлгісі болып табылады. Отан ұғымының астарында жатқан ел, халық. «Туған жер» концептісін беруде елдің қонатын белі, құстардың тіршілік етер көлі сипатталады:

Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз-үйрегі болмаса,
Айдың-шалқар көл ғаріп.
Ата жұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғаріп [6, 25 б.]

Асан Қайғы Ресей империясының қазақ даласына баса-көктеп кіру мүмкіндігі барған сайын айқындала түскен кезде, Ертіс өзені аңғарына қатысты өзінің бір арнау сөзінде ол Ертіс өңіріндегі көшпелі аймақта отаршылар форпостарының пайда болуы өзін алаңдатып отырғандығын бүкпестен ашық айтады. Ол дала төсінің тереңіне бойлап, сонда бекінуге кеңес береді. Асан Қайғының Жәнібек ханға бірінші арнауының негізгі мәні «Осылай етсек сенімді қадам!» дегенді ұқтырады.

Еділ деген қиянға,
Еңкейіп келдің тар жерге.
Тіл алсаң іздеп қоныс көр –
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір [6, 118 б.]

«Асанның жерімен қоштасуы» өлеңінде «атамекен» концептісі «жер» ұғымымен астасып келген:

Саятшы Сәбит атанып,
Әкем сайран кешкен жер.
Артында жетім мен қалып
Кіндігімді кескен жер [7, 73 б.].

Мұнда «сайран кешу», «кіндік кесу» сияқты фразеологиялық тіркестермен көмкеріліп «жер» сөзінің қарапайым мекен емес, ата-бабасының сайран кешіп, өмірі өткен, қанмен сіңіскен жері екендігі ашылып тұр.

Асан Қайғының танымындағы дүние көрінісі, әлемдік бейнесі де ең алдымен жақсы мекеннің болуымен, халыққа жайлы тұрақ іздеумен бейнеленген. Асан болмысының мәні немесе халықтың мүддесі мен армандаған тілектерімен, оның өмірінің келешегімен ұштасып, қабысып жатады. Қазақ даласының табиғатына, жер-суына, тау-өзеніне, т.б. өңірлеріне Асан Қайғы берген анықтамалар күні бүгінге дейін халық арасынан кең тараған. Бұл анықтамалар көшпелі қоғамның басты ұғымдары: *қолайлы, қолайсыз, жайлы, жайсыз, жер үсті, жер асты, шөл-шөлейт, құмды мекен, сазды жер, тоғайлы мекен, аң-құсқа бай жер екен, мал тозбайтын, ел ырысты болатын жер екен* дегендері секілді. Асан Қайғы сол заманның танымдық мәні бар ұғымдарды, түсініктерді кеңінен қолданған. Болжамдық мәні бар халық тілегіне, мұратына сай келетін ықшам толғаулар Асан Қайғы танымында табиғатпен, дүниемен, қоршаған ортамен біте қайнасқан тіршілік заңдылығын ашуға арналған [7, 157 б.].

Асан Қайғының «Жерұйықты» іздеуінің астарында қолайлы жердің, «Жер жұмағының» ұғымы басым келген. Бірақ «Жер жұмағын» өз атамекенінен іздеуі және әр өткен жеріне сипаттама беріп, сын айтуында үлкен философиялық ой жатыр.

Шымкент, Сайрамға кегенде былай депті:

Ел айтпас жақын болса базарлы жер
Көбейтпес ел өсімін мазарлы жер [7, 165 б.]

Сыр бойын көріп айтыпты:

Боларлық екі ауылға қонысы бар,
Жер еді бұрында өзі, жүрген байқап
Керек екен деп тұрды басын шайқап [7, 166 б.]

Ерейменге келгенде:

Боларлық малға жайлы қоныс па деп,
Көрейін деп алыстан серейгенге

Өлеңті өзеніне келгенде:

Қопалы өзен екен қоныс болар,
Жер емес тайыншасы қысыр қалар [7, 168 б.]

Баян тауына келгенде:

Ат ерін алмайтұғын бір жер екен,
Отырар мұны қалай қоныс қып [7, 169 б.]

Бұл қоныстарға Асан Қайғының көңілі толмайды, ешбір елдің тыныштығын сақтап, азып-тозбауына жарамайды. Бұл қоныстардың барлығының көзге алдамшы көрінетін уақытша құбылмалылығы, жай көзге жайлы көрінетін тыныштығы оны қанағаттандырмайды. Қоныс іздеу – Асан Қайғы өмірінің ең басты мақсаты. Оны іздеу барысында жер-суларға қойған танымдық мәні зор қағидалар, болжамдар сол дәуірді мекен еткен ел үшін өте маңызды болатын. «Жерұйық» концептісі – мифтік атау болып табылады. Жайлы қоныс, бейбіт мекен деген мағынада жұмсалады да, тарап кетпеу, бір жерге жиналу, ұю мағыналарын береді. Яғни бұдан шығатын қорытынды, Асан қайғы халқының береке-бірлікте, жайлы қоныста өмір сүруін көкседі дегеніміз дұрыс.

Қазтуған жырларында «атамекен» концептісі «жұрт» ұғымының аясында қолданылған.

Алаң да алаң, алаң жұрт,

Ақала ордам қонған жұрт...

...Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,

Кіндігімді кескен жұрт,

Кір-қоңымды жуған жұрт [8, 19 б.]...

«Жер жаннатының» көрінісі берекелі, ырзығы мол жер ретінде суреттелген:

Салп-салпыншақ анау үш өзен

Салуалы менің ордам қонған жер,

Жабағалы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалып бір тоқты,
Жайылып мың қой болған жер

«Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» атты шығармада –

«Бұл қоныстан кетпесең,
Мұны талақ етпесең,
Ата нәлет кәбірдің

Пайдасына қалмаса игі еді» - деген жолдар берілген. Бұл жолдарда «талақ етпеу» - «безіп кетпеу» деген мағынаның тұрасында шоғырланып, «қонысыңнан, өз мекеніңнен безіп кетпесең, жер дінсіздердің пайдасына жарап қалмаса» деген туған жерге деген шынайы жанашырлық әрі қаупі баяндалады [9, 21 б.].

Доспамбет жырау шығармаларынан аңғарылатын басты мәселе «туған жер» концептісін жердің атауымен, яғни «Сарыарқа» деп белгілеп, оған деген ішкі сезім-сырының, өлімге берілсе де, Отанға деген махаббатының басым екендігі жырланған.

Қоғалы көлдер, қом сулар
Қоныстар қонған өкінбес...
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес [6, 31 б.]!

Жиёмбет жыраудың поэзиясындағы «атамекен» концептісін «кең жерім», «биік дендерім» тіркестерінен, жер атауларының қолданылуынан көре аламыз.

Қол-аяғым бұғауда,
Тарылды байтақ кең жерім!
Қайрылып, қадам басарға
Күн болар ма мен сорға,
Өзен, Арал жерлерім?! [6, 54 б.]?!

«Туған жер» атты концептілік өрісте танылатын «аялық білім» жалпы логикалық – танымдық тәжірибеден жинақталған ақпараттар жүйесі арқылы қалыптасады.

Кіндік қаның тамып, туып-өскен мекенінді, табаның тиіп тұрған топырақты бәрінен артық көруге хақылысың. Туған жердің бір түйір тасы жаттың ат басындай алтынынан қымбат. Дулығалы ата-бабаларымыз кең даласын, асқар тауын, сарқырап аққан көк өзенін қорғап, мақтан еткен, бізге мұраға қалдырған.

Әдебиет

1. М. Қозыбаев. Киелі тәуелсіздік. - Алматы, 2009. - 448 б.
2. Н. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» // «Егемен Қазақстан». - 2017.
3. Нұрдәулетова Б. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі: ф.ғ.к, докторы... авторефераты. - Алматы, 2008. - 47 б.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы, 1977. - 712 б.
5. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. - Алматы, 2009. - 272 б.
6. Ай, заман-ай, заман-ай...(Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық (Құрастырушы М. Мағауин, М. Байділдаев). - Алматы: 1991. - 385 бет.
7. Толысбай Кенжалы. Асан Қайғы. - Алматы, 2006. - 284 бет.
8. Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. Алматы, 2008. 1-том. - 400 бет.
9. Екімыңжылдық дала жыры. / Бас редактор Ә. Нысанбаев. - Алматы, 2000. - 752 бет.

СІБІР ХАНДЫҒЫНЫҢ ЭТНО САЯСИ ТАРИХЫ

Айтуганова Манат Ақылбекқызы

(Ө.Сұлтангазин ат. Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті)

Қазақ халқының тарихы терең тамырлы, бай да текті. Жерімізде тайпалық одақтардан бастап, үлкен хандықтарда өмір сүргенін тарихтан білеміз. Солардың қатарында үлкен орын алатын хандықтың бірі – Сібір хандығы.

Ван ханның ұрпағы ретінде деректер Қазақстан мен Батыс Сібірдің этносаяси қауымдастығының даму үрдісінің елеулі кезеңіне айналған Ібір-Сібір ұлысының негізін қалаған Тайбұғыны көрсеткен [1, 35 б.]. Сібір жылнамашыларының қолына түскен аңызға сәйкес Бұхарды (Мауеннахр) тізе бүктірген Шыңғысхан Есілді билеген Он ханның ұлы (Ван Хан) Ертісті тас талқанын шығарған. «Қаза болған хан ұлы, өзге мәлімет бойынша немересі Тайбұға құлы әрі қызметшісі болған Мұрат бидің шын берілгендігінің арқасында ажалдан аман қалады. Тайбұғаның тірі қалғандығын естіген Шыңғысхан оны чудь тайпаларымен (угорлық тайпалар) шайқасуға жібереді. Тайбұға аталмыш шайқаста ерлік көрсетіп, даңққа бөленеді. Көрсеткен ерлігінің марапаты ретінде Шыңғыс оған жанына еркіндік сыйлайды: сөйтіп бірнеше жерлестерімен Тайбұға Яшыл Тұра деп атау алған қаланы тұрғызады. Г. Миллер өзінің негізгі еңбегінде Тайбұға туралы үш аңызды келтіреді. Алғашқысында Есілді билеген ноғай ханы Он ханды өзінің қол астындағы Чингиді (Шыңғыс хан) тақтан тайдыртады. Оның ұлы Тайбұғаны Чинги өзіне шақыртып, әскер қолын бөліп беріп, Об бойындағы тайпаларға қарсы қояды. Өткізген сәтті әскери іс-қимылдардан кейін Тайбұға Шыңғыстан «жеке сарай ұстауға» рұқсат алып, Тұра қаласын орталық жасап, жеке ұлыс құрады [1, 35 б.]. Ремезовтің жылнамасында аңыз келесі түрде өрбиді. Есіл бойын басында Он Сом хан басқарса, содан соң таққа Түмен ханы атанған, Шыңғыстан ойсыра жеңілген баласы Ертіс отырады. Г. Миллер еңбегінде келтірілген үшінші аңызға сәйкес Тайбұға Мамықтың ұлы Қазақ Ордасының (қазақ авт) ханзадасы ретінде айтылады. Аталмыш хандықтар Бұхарды жаулап алғаннан кейін Шыңғысханның қол астына өтіп, сосын Ертіс, Есіл, Тобыл мен Тұра бойын сұрап алған жерлер деседі. Сафарғалиевтің болжамы бойынша Сібір жылнамаларында Тоқтамысты Он хан ал, Шыңғысты Едіге ретінде («қарапайым адам» болмаса да, патшалық тұқымға жатпаған) көрсетеді [2, 90 б.]. Ремизов жылнамасына сүйеніп зерттеулерін жүргізген Г.Ф. Миллер тақырыбымызға қатысты деректердің ұшын шығарады: «Есілдің Ертіске құяр сағасында ноғай нәсілінің Он есімді биі өмір сүріпті. Қарамағындағы Чинги деген біреу бүлік шығарып, оны өлтіріпті. Оның Тайбұға есімді сәби баласы қырғыннан аман қалыпты. Тайбұғадан – Ходжа, Ходжадан – Мар туған. Мардың Обдер, Ебалак атты екі ұлы бопты. Мар Қазан ханы Үпактың қарындасына үйленген екен. Үпак Марды да, оның екі ұлын да өлтірген. Обдерден Махмет, Ебалактан Ангиш есімді ұлдар қалды. Махмет астананы Сібір (Искер) қаласына ауыстырады. Махмет өлген соң, Сібір ұлысының биі Ангиш болды. Сосын Махмет ұлы Қасым биледі. Одан Едігер және Бекболат деген екі ұл. Олардан хандықты Шайбан Ибақ тартып алды. Бекболаттан Сейдахмет (Сейдек) деген ұл қалып, Оразмұхаммед, Қадырғали Жалайыр кезінде тізе біріктіріп, хандықты орыстардан қайтарып алуға әрекет қылды [3, 360 б.].

Тайбұға Ібір-Сібір аймағын өз иелігіне алғаннан кейін Тобылдың бір сағасы Тұра өзеніне Төмен өзені құяр тұсқа Шыңғы (Шымға) деген қала салады (ол қазіргі Төмен қаласының іргесі). Тайбұға тұқымы бұл өңірде 15-ғасырдың соңғы ширегіне дейін

билік жүргізілді. Шайбан әулетінен шыққан Махмұд ханның баласы, Қажы Мұхаммед ханның немересі, Дешті Қыпшақ даласын қазақ хандары билеуіне байланысты шеттетіліп қалғасын Ібір-Сібірге жеткен Ибақ хан (Абақ хан) сол кезде Сібір бегі болып отырған Марды екі ұлымен қоса өлтіріп, тағына отырды. Арада көп ұзамай Тайбұға ұрпағы оны өлтіріп, билікті өз қолдарына қайта алдады. Алайда тағы жетпіс жылдай уақыт өткенде, бұл кезде Сібір хандығы аталған мемлекет басына Ибақ ханның немересі Көшім хан келді. Ол бүкіл Тайбұға әулетін қылыш астынан өткізіп қырғынға ұшыратты [4, 61 б.].

XV ғасырдың бас кезінде Алтын Орданың ыдырауы барысында Сібір хандығы құрылды. Оның орталығы алғаш Шыңғы – Тура (Тюмень) болды. Хандық өз шеңберінде Сібірдегі Шыңғыс ұрпақтары бас болып, шағын хандыққа біріккен көптеген түркі тілдес халықтардан құралды. XV ғасырдың аяқ кезіндегі ұзаққа созылған қырқыс-тартыстан кейін өкімет билігін Мамед тартып алды. Ол Тобыл мен Орта Ертіс бойындағы түркі ұлыстарын біріктіріп, басқару орталығын Ертістің жағасындағы «Сібір» немесе «Кашлык» деп аталатын байырғы бекініске орналастырды. Сібір хандығы үстем тап болып есептелетін бектер мен мырзалар басқарған ұсақ ұлыстардан тұрды. Көшіп – қону мәселелерін және кәсіпшілікке жаратылатын жерлерді тек солар билеп – төстеді. Олар ең жақсы жайылымдар мен су көздерін өздерінің жеке меншігіне айналдырып алды. Сібір хандығының ресми діні болған ислам шонжарлар арасына кеңінен таратыла бастады. Негізгі еңбекші халық ұлыстардың «қара сирақ» кедейлері еді. Олар мырзаға немесе бекке өз шаруашылығынан түскен табыстан жыл сайын «тарту» тартып, ханға ясақ салығын төлеп тұратын, ал ұлыс бегінің отрядында әскери қызмет атқаратын. Сібір хандығын хан басқарды, оған кеңесшілері мен карачалары (уәзірлері), сондай-ақ ханның өзі ұлыстарға жұмсайтын жасауылдар көмектесті. Ұлыс бектері мен мырзалар ханның бағынышты иеліктері болып саналды. Хан олардың ұлыстарының ішкі істеріне араласпайтын. Сібір хандығының саяси тарихы ішкі өзара қырқыс-тартысқа толы болды. Сібір хандығы жаулап алу саясатын жүргізе отырып, башқұрт тайпаларының бір бөлігі мен угорлардың меншігіндегі, сондай-ақ Ертіс бойы мен Ом өзені бойын мекендейтін түркі тілдес тұрғындардың жерлерін басып алды. XV ғасырдың орта шенінде Сібір хандығы батыста Тура өзенінен, шығыста Барабаға дейінгі Батыс Сібірдің орман арлас кең байтақ даласын алып жатты. 1503 жылы Ибақтың немересі Көшім өзбек және ноғай хандарының көмегімен Сібір хандығының өкімет билігіне ие болды. Көшім тұсында Сібір хандығы жеке-жеке ұлыстардан тұрды, ол саяси жағынан бірлігі толық бекіген мемлекет еді [5, 88 б.].

1563 жылы сібірлік шайбанид Көшім Ескерді жаулап алып, ондағы билеп төстеуші тайбұға бектері Жәдігер мен Бекболатты өлтіріп, өзін Сібір ханы ретінде атайды. Әдебиетте шайбанидтерге негізгі көмек көрсеткен Бұқар хандығы мен маңғыт деген пікір қалыптасқан. Бұқар хандығы шынымен де сібірлік шайбанидтерге қолдау білдірген, алайда, оның географиялық алшақ орналасуы бойынша бұл қолдаудың мәні жоғары болған емес. Әрі Бұқар мен Сібір арасында орналасқан Қазақ хандығы сол уақытта өрлеу шыңында еді. Тобыл мен Есілдің жоғарғы сағасы, дәлірек айтсақ сібір шайбанидтерінің Сібірді жаулап алу барысында негізгі база рөлін сомдаған аталмыш жерлері Хақ Назардың қолында шоғырланды, демек, Хақ Назардың көмегінсіз Көшім өз ойлағанын сәтті жүзеге асыра алмас еді [1, 37 б.].

Қазақ хандығының солтүстіктегі көрші мемлекет Сібір хандығы орыс казактарының шабуылына тап болады. Ол аймақтағы «шибандықтар» (сибан, сыбандар) бір туыс қазақтар, ноғайлармен бірге «Сібір патшалығы» болатын. 1563 жылдан бастап Сібір хандығындағы билікті Шибан әулетінен шыққан Көшім хан иемденді. Көшім хан Бұқар ханы Абдолламен одақтас болды. Ақназар хан өз

заманында қысым көрсеткенмен, Сібір хандығы өз тәуелсіздігін сақтап қалады. Қазақ хандығының қазақтары Сібір оқиғаларына араласып жүрді. Қазақтардың 1580-1582 жж. күйзелісі Сібір хандығының жағдайын нашарлатып жіберді. Осыны пайдаланған Еділ мен Жайықта тонаушылықпен шұғылданған, қашып Оралға барған, ол жақта Мәскеу мемлекетінің дем беруімен орыс казактары 1582 ж. Сібірге аттанды. Ермактың казактары сол жылы Сібір орталығы Қашлықты алып, Көшім хан шегініп кетуге мәжбүр болды [6, 145 б.]. Көшім тұсындағы Сібір хандығына қазіргі Батыс Сібірдің барлық жері, Оңтүстік Орал өңірі, Ертіс, Есіл, Тобыл өзендерінің сағаларын алып жатқан Солтүстік Қазақстан жерлері кірді. Сібір хандығының құрамында Орта жүздің арғын, жалайыр, керей, қыпшақ, найман, табын руларының басым көпшілігі және башқұрттардың бір бөлігі, сонымен бірге Сібірдің байырғы тұрғындары – хантылар мен мансылар болды. Қазақ рулары Тобылдың, Есіл мен Ертістің орта ағысы бойында, Бараба даласында Батыс Сібірдің түркі тілдес халықтарымен қатар көшіп-қонып жүрді. Сібір хандығының астанасы – Искер қаласы Ертістің оң жақ жағалауында, Тобылдың құяр сағасынан жоғарырақ, қазіргі Тобыл қаласының маңында тұрды. Сібір атауы біздің заманымызға дейінгі бір мыңыншы жылдың соңынан бастап Ертіс өңірінің орманды-далалы алқабын мекендеген түркі тілді тайпалармен ұзақ жылдар бойы қарым-қатынаста болған «Сыпыр» этникалық тобының атауынан шыққан. Ежелгі Сыпырлардың орталығы кейінірек Сібір хандығының астанасы – Искер қаласы тұрған жерде болды. Кейіннен бұл жерлер түркілердің ежелгі көшпелі империясының – Батыс Түркі қағанатының, қимақтардың мемлекеттік бірлестіктерінің, қыпшақ тайпалары одағының құрамына енді. Парсы шежірешісі Рашид-ад-Дин Ібір-Сібір елі монғолдар жаулап алғаннан кейін Жошы хан ұлысына, одан соң Алтын Орда құрамына енгенін жазды. Алтын Орданың ханы Батыс Сібір жерін өз інісі Шайбанға сыйға тартқан. Осы кезден бастап Сібір жері олардың заңды мұрасы болып есептеледі. Шайбаниліктер XIV ғасырдың аяғында Тобыл, Тура және Тобда өзендерінің аңғарында Тюмень хандығын құрып, астанасын Шыңғы-Тура қаласы етті. Бұл – қазіргі Тюмень қаласы. Осындай жағдайда Солтүстік Қазақстан мен Оңтүстік Сібір жерлері Шыңғыс хан ұрпағы – Шайбаниліктердің мұралық ұлысына айналды [5, 90 б.]. Көшім ханның қол астында болған башқұрт, татар, ноғай, кіші жүз және орта жүз руларынан құралған мұсылман халқы казак-орыс әскерлерінің ат тұяғын Жайықтың бергі бетіне аттатпай, ығыстырып, орыс патшасының өзіне қауіп төндіріп отырған. Ресей аумағындағы Хажы-Тархан (Астрахань), Сары тау (қазіргі Саратов), Орынбор, Омбы, Самар, Челябинск, Барнауыл облыстары түгелімен мұсылмандардың қарауында болған. Ол қалаларда кіші және орта жүз қазақтары, башқұрт, татар, құмық, ноғай, қарашай мен тау халықтары еркін өмір сүріп, көшіп-қонып жүрген. Көшім хан мұсылмандарды қол астына біріктіре отырып, 17 жыл бойы орыс-казактарымен Жайықтан бастап Еділ, Ертіс, Есіл, Тобыл, одан Пермьге дейін шекарасын кеңейте отырып соғысты. Алғашқыда Жайық, Ертіс өзендерін жағалай қоныстанған қыпшақ даласына баса-көктеп кірген орыс-казак басқыншылары жергілікті халықтарды күштеп өз діндеріне кіргізу мәселелерін көтерді. Олар қыпшақ даласындағы мұсылмандарды шоқындыру үшін әкелген поптар мен христиан дінінің өкілдеріне барлық жағдайларын жасап, Мәскеуден және басқа қалалардан дін өкілдерін шіркеуге көптеп алдырды.

Бірақ Көшім хан казак-орыстардың бұл көздеген мақсаттары мен арам пиғылын, саясатын терең түсіне отырып, поптар мен христиан дінін таратушы діни қызметкерлердің көзін құрту үшін арнайы 4500 сарбаздан (жансыздар әрі кәпірлердің жанын алушылар) тұратын «құпия жасақ» деген атпен белгілі болған арнайы әскер құрады. Көшім хан бұл жасаққа құпия тапсырма беріп, мұсылмандарды азғыру үшін келген әрбір дін өкілін өлтіріп, басын алып келген сарбазға қымбат сый-сияпат көрсетіп, өзіне жақын тұтатындығы жайлы жарлық шығарады. Соның нәтижесінде

«құпия жасақ» сарбаздары тынымсыз астыртын шабуылдар ұйымдастырып, поптар мен басқа дін өкілдеріне қырғидай тиіп, бастарын Көшім ханға алып келген [7, 11 б.]. Ресей патшасының Қазан мен Астраханьды басып алудағы түпкі мақсаты Шығысқа басқыншылық, жаулап алушылық жорықтар жасау екенін Көшім жақсы түсініп, оны тоқтату шараларын ойластырды. Көшім жасақтары Оралдан асып түсіп, Сібірге көз алартқан саудагер Строгановтардың иеліктеріне бірнеше рет шабуыл жасады. Мәскеу мен Сібір арасындағы тыныштық Ермак шапқыншылығына дейін сақталып тұрды. Хан өзінің әскери күшін нығайтты. Әскері жалдамалы Бұхара жауынгерлері болды. Жиені Мұхамметқұл басқарған оғландар жақсы қаруланған сенімді жасауылдар еді. Әскердің басым бөлігі ұлыс және ру княздары мен бектерінің жасақтарынан, батырлар басқарған көшпелі сарбаздардан, ханты және мансы садақшыларынан құралды. Ашық алаңда аса шапшаңдығымен, ептілігімен көзге түскен атты әскер орыстардың үрейін ұшырып, талай рет ойсырата жаңген [5, 94 б.]. Сібір жасақтары орыс әскерлерімен 17 жыл соғысты. 1591 жылы орыс воеводасы Владимир Масалский-Кольцовтың күшейтілген жасағы Көшімге шешуші соққы берді. 1597 жылы Көшім хан қалған-құтқан сарбаздарының басын қосып Тара бекінісіне шабуыл жасады. Бірақ шабуылы нәтижесіз аяқталды. 1598 жылдың 20 тамызында воевода Андрей Воейков Обь өзені бойындағы шайқаста Көшім әскерін толық талқандап, отбасы мүшелерінің кейбіреуін қолға түсірді. Орыстар 1591-1595 жылдар аралығында Сібір хандығын толық бағындырды. Қысқа мерзім ішінде Ресей патшасы басып алған өлкелерге 22 жерге қала (бекініс) салып үлгерді. Атап айтқанда, 1586 жылы Шым-Тұра қаласының орнына Түмен бекінісі, 1587 жылы Тобыл, 1594 жылы Тара, 1604 жылы Томск бой көтерді. Сібірліктер 1616 жылы отарлаушыларға қарсы соңғы рет бас көтерді. Көтерілісшілерді патша әскері қойдай бауыздап, қатын-қалаш, бала-шағасына дейін тұтқынға алды. Осылай Көшім жеңілгеннен кейін Ресей империясы Қазақ Ордасымен бетпе-бет қалды [8, 10 б.].

Қорыта келе, Тайбұға негізін қалаған Сібір хандығына келесі жылы 800 жыл толмақ. Қаншама ғасырлық тарихы бар, тарих сахнасынан ойып тұрып орын алған Сібір хандығы тарихта ізін қалдырды. Себебі, бұл хандық Ресей отаршылығына қарсы тұрған алғашқы күш ретінде тарихтан орын алды.

Әдебиет

1. Ашамайлы-керей Танаш баба шежіресі. А. Күзембайұлы. - Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2011.- 732 б.
2. «Қазақ ру-тайпаларының тарихы». - Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2014. Т.15: Керей. - 608 б.
3. Ноғайлы / Әнәс Сарай.- Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.- 480 б.
4. Қазақ шежіресі. - Атамұра - Қазақстан Алматы, 1994.
5. К. Аманжолов «Түркі халықтарының тарихы», Алматы, 1995 ж., 317 б.
6. «Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы». - Алматы: ЖШС «Сөздік-Словарь», 2011. - 355 б.
7. Ш. Әшімұлы Хан Көшімнің қаһармандығы // Жас қазақ. - 2011 ж. №6
8. Б. Қайратұлы Сібірді отарлаудың сыры // Жас қазақ. - 2011 ж. №6

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ

Ғазиза Мухтар

(Ө.Сұлтангазин ат. Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті)

Егеменді ел болуымыздың барысында қазақ тарихы үшін де күншуақты, ақжарылқап заман туды. Өткен- кеткенімізді, барымызбен жоғымызды түгендеп қана қоймай, қилы-қилы себептермен ғасырлар бойы ұмыт болған көрнекті қайраткерлеріміз бен батырларымызды, ақын- жырауларымызды жарыққа шығарып, рухани тірілтіп, туған халқымен қайта қауыштырып жатқан тарихшы ғалымдарымыз көптеп кездеседі. Мұндай игілікті іс, қадам- әрекеттердің шарапаты жалынды жырау, батыр қолбасшы Қожаберген Толыбайұлына да тиді. Кейінгі он- он бес жылдың көлемінде Қожаберген жырауды елге таныту, мұраларын жинақтау, есімін есте қалдыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды. Бұған дейін жұртшылық оны «Елім- ай!» әні мен дастанының авторы деп біліп келсе, ендігі жерде ел басына күн туғанда қолына найза ұстап, жауға шапқан батыр, қол бастаған қаһарман сардар, өз заманының заңғар қайраткері ретінде кең көлемде танып білді. «Жақсының аты өлмейді» демекші, еліне ерен еңбегі сіңген, даңқты бабамыз Қожаберген жырау Толыбайұлы тарихи тұлға ретінде руханиятымыздан өзінің лайықты орнын алды. Басына айшықты да айбынды кесене тұрғызылды. Есімі көшелер мен алаңдарға, мектептерге берілді. Айтулы ғалымдар мен мамандардың, білікті тарихшылар мен әдебиетшілердің басын қосқан алқалы жиындар мен ғылыми- тәжірибелік конференциялар өткізілді.

1663 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Боглановка ауылының маңында Гүлтөбе деген жерде Толыбай сыншы Дәуленұлының шаңырағында дүниеге келген. Толыбайдың екі әйелінен туған 24 ұлының ең кенжесі – Қожаберген.

Қожаберген бала кезінен бастап, әкесінің нағашысы Кіші жүз Әлімұлының төртқара руынан шыққан атақты Жалаңтөс баһадүр ұрпақтарының қолында болады. Үргеніш, Бұқара, Самарқанд медреселерінде оқиды. Медресені бітіріп, қожа, ишан, молда, софылық қылмай, 13 жасынан өлең шығарып, ақындық жолға бет алады. 17 жасында кемел ақындар қатарына қосылады. Сол уақыттан бастап ол батыр ағаларына еріп жорыққа шығады. Мұны ақын өз өлеңінде айтқан:

Адам деп өз бойына өнер жиған,
Ел-Жұртым деп атайды мені имам.
Жорыққа он жетімнен аралаасып,
Болғам жоқ молда, софы, қожа, ишан.

Қожабергеннің араб, парсы тілін жетік білгендігіне байланысты ол Әз- Тәукенің сенімді елшілерінің бірі болады. Әз- Тәукенің Төле, Қазыбек, Әйтеке секілді ақылшы билері оны көршілес Қоқан, Хиуа, Бұқар хандықтарына елшілікке жіберіп, дипломатиялық жұмысқа араласқан.

Жас кезінің өзінде- ақ қазақ халқының шығу тарихын жырға қосып «Ата тек» деген дастанын шығарады.

Түріктен өрбіген елді тоғыз дейді,
Тартатын күй аспабы қобыз дейді.
Башқұрт пен қазақ, ноғай, қарақалпақ,
Төртеуін шежірешілер оғыз дейді, - деп басталады.

1688 жылдың маусым айында Түркістан шаһары маңында Әз- Тәуке бастаған барлық қазақ жақсылары 25 жастағы Қожабергенді Ордабасы етіп сайлайды.

Қожаберген Ордабасы қызметін атқарумен қатар Әз-Тәукенің бас ақыны болған. Қожаберген елінің өткерген қиямет- қайым оқиғаны суреттейтін «Елім- ай» атты әнін жазады. Кейін осы тақырыпта дастан жазады.

Академик Манаш Қозыбаев «Елім-ай» дастаны туралы: «Қазақ тарихын да «Елім-ай» дастанының орны ерекше. Оны тек дастан деу аз сияқты. Ол – бір ғасырдың тарихын саралап, ұлттың сан ғасырлық салт- санасын, мемлекет билеу жүйесін бағалап, жүздеген мемлекет, әскери, саяси қайраткерлерін жеке- жеке да даралап, дүбірлеген оқиғалар болған жерлерді аралап жазылған ұлттық эпопеялық туынды. «Елім- ай» ұлттың сергелдеңге душар болғандығы, болашаққа құлаш сілтеп, қайсар да намысшыл қазақтың ұлттық болмысын жаңғыртуға ұмтылысы», - дейді [1, 232 б].

Бауыржан Момышұлы өзінің бір сөзінде былай дейді: «Керей Қожаберген жыраудай бұрынғы-соңды өмір сүрген қазақ ақындарының бірде-біреуі қазақ жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындап берген емес. Ол кісінің «Елім-ай» жыры – әскери дастан! Жас бала кезімде оны әншілердің аузынан талай рет естіп едім. Шіркін, сол әскери дастан қайда бар екен?..» [7].

Өз заманының дүлділі, асқан дарын иесі Қожаберген жырау екі ғасырдың куәгері, жүз жасаған адам. Табиғат оған ұлылықты да, жасты да аямай берген. Қожаберген жыраудың артына қалдырған әдеби- рухани мұрасы аз емес. Оның ондаған дастандары, толғаулары, әндері, күйлері бәрі де асыл қазына.

Қожаберген – ақын, дарын иесі, бүкіл саналы өмірі жаугершілік, соғыс, қырғын кезінде өтіп, қолына қару алып өзі де соған араласқандықтан дастан- жырларында ерлікті, батырлықты жырлайды. Оның дастандарының өзі кесек- кесек шығарма. Олар: «Елім-ай», «Ер Көкше», «Ер Есім», «Ер Срым», «Ер Қасым», «Ер Қосай», «Ер Жәнібек», «Бөгенбай», «Қабанбай», «Орақ Батыр», «Ер Едіге», «Қойлыбай көреген», «Қорқыт баба», «Әмір Темір», «Айша- Жанша», «Соқыр Абыз», «Баба тіл», «Ата тек» дастандары, «Ақсуат», «Ғасыр жас», «Дүние», «Жігіттік» сияқты толғаулары, «Қарғыс атқан қалмақ- ай», «Шоңғал тас», «Сылаң сыр», «Балқан тау», «Қазақ пен Ноғайдың қоштасуы»

атты өлеңдері, өзі шығарған «Дабыл», «Аңырақай», «Бозайғыр», «Күлдірмамай», «Сұлама» күйлері [1, 250 б].

Қожаберген жыраудың біздің кезеңге жеткен екі дастанының бірі «Елім- ай» болса, екіншісі «Баба тіл». Бұл дастанды қазақ ауыз әдебиетіндегі бізге жазбаша түрде жеткен тұңғыш көне шығармалардың бірі емес, бірегейі деу керек. Дастан мазмұнын екіге бөлуге болады. Бірінші бөлімде жырау қазақ шежіресі туралы, қазақ халқының қалыптасуы, құрамы жайында өз пайымдауларын жазады, екінші бөлімде баба тілі – қазақ тілі туралы, қазақ тілінің тарихы, жазба тілі туралы және оның көне тіл, бай тіл екендігіне ғылыми талдау жасайды. «Баба тілді қастерлеу- азамат ерге лайық», - деп, туған тілді қадірлеуге, құрметтеуге, жетік білуге шақырады. «Елім-ай» дастанынан және лирикалық өлеңдерінен Қожабергеннің қол бастаған батыр, сардар, ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, топ жарған ақын-жырау екенін білсек, «Баба тіл» дастанынан оны басқа қырынан танып шежіреші, тіл білімінің маманы, ғалым екенін аңғарамыз [2, 17-18 б].

Енді «Елім- ай» жырының бізге, осы күнімізге қалай жеткенін сөз етелік. 1723 жылдың апатын, халықтың күйзелісін өз көзімен көрген ақынның қатты толғанысынан туған бұл айтулы жыр әуелі ауыздан- ауызға тарап, елге кеңінен мәлім болған. Кейін ел бейбіт өмірге көшкен кезде өзі сауатты жырау Қожабергеннің «Елім- ай» дастанын хатқа түсіріп, мұра етіп қалдырғанын жоғарыда айттық. Оның жазба жырын алғаш сақтаушы өзінің ұрпағы Шақшақ батыр Көшеқұлы. Шақшақтан оның немересі Сегіз сері жазып алған. Сегіз серінің қолжазбасын сақтаушы Тәшит Тәбейұлы Барлыбаев дейтін азамат. Тәшиттен Сегіз серінің үлкен баласы Мұстафа батыр көшіріп алған.

Мұстафадан 1879 жылы Дәрібай Малыбайұлы деген жас шежіреші жігіт жаттап үйренеді. Дәрібайдан оның баласы Қожахмет жазып алып, жаттайды. Қожахмет 1891 жылы туып, Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданындағы «Октя-брьдің 60 жылдығы» кеңшарының Петровка селосында 1978 жылы 87 жасында қайтыс болды. Қожахмет ақсақалдың баласы Махмет қазір сол жердегі орта мектептің директоры болып істейді [3, 37-бет].

Қожабергеннің ақындық талантын танытқан, тарихқа атын қалдырған «Елім-ай» жыр-дастаны. Ел басына түскен ауыр апатты «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезеңін жыр тіліне көшірген. Шығарма 7 бөлімнен тұратын 3683 шумақ, яғни 14732 жол өлең. Қазақ әдебиетінде 11 буынды, 4 тармақты, қара өлең ұйқасымен шығарма жазудың негізін салушы осы Қожаберген жырау десек, қателеспейміз. Оның көлемді дастандарының бәрі бұған дәлел бола алады. Жыраудың бұл дәстүрін кейін оның інісі Дәстем салдың немересі Жан-кісі ақын, шәкірттері Көтеш, Жанак ақындар одан әрі дамытып әкеткені белгілі [6].

Қожаберген Толыбайұлы – қазақ елінің алғашқы заңдық құжаттарының бірі «Жеті Жарғыны» жүйелеген Әз Тәукенің үзеңгілес жолдасы, көк сүңгіні көл-денең ұстап елге пана болған Бөгенбай батырдың ұстазы, Алаштың

ақылманы, қазақтың қара қылды қақ жарған әділ билеушісі Абылай ханның кеңесшісі болған әділ тұлға [4, 194 б].

Қожаберген батыр 1683-1688 жылдары Әз Тәуке ханның елшілік қызметінде бес жыл басшылық етіп, сонан кейін немерелес туысы Бөгенбай Малыбайұлы-ның ордабасы ауыр жараланған соң соның орнына Әз Тәукенің ұсыныс бойын-ша құрылтайда Толыбай сыншы ұлы батырды «боз биенің сүтіне шомыл-дыр-ып, үстіне ақ киім кигізіп, ақ киізге отырғызып көтеріп» халық 1688 жылы орда-басы сайлайды. Сол күннен бастап Қожаберген батыр өзінің немере ағасы Бөгенбай баһадүрдің қызметін ақсатпай әрі қарай жалғастырып үш жүздің жасағына бас қолбасшы болыпты, ол қазақ әскеріне қоса ноғайдың маңғыт, қара ағаш руларының, сібір татарының, қарақалпақ халқының жасақтары да қол-бас-шы болған.

Қожаберген сардар - 1688-1710 жылдар бойында қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен қолына әскербасы болып, екі жақты қалмақ шап-қыншылығына қарсы ұзақ жылдарға созылған талай соғыстарда талай рет үлкен шайқастарға қатысып, ордабасы тархан атағын алған үлкен баһадүр, әскери қайраткер. Оның жиырма үш жыл әскер басқарғаны туралы өзінің «Үш биі» атта өлеңіндегі мына шумақтар дәлел.

Басқарып үш жүз қолын жиырма үш жыл,

Орнымды Бөгенбайға бердім биийл.

Еш сардар қайт қылған жоқ жарлығымды

Кезінде ұзақ соғыс күндер қиын.

Бабамыз 1710 жылы жаздың аяғында өз шәкірттерінің бірі жас батыр Қанжығалы Бөгенбай Ақшаұлына ерекше ықыласы түсіп, өзінің орта жасқа толып қалғанын, ұзақ жылдарға созылған ауыр соғыстарға үздіксіз қатысып, қартайғанын мойындап, Әз Тәуке ханға өзін ордабасы қызметінен босату туралы өтініш айтады. Әз Тәуке ханға өзін ордабасы қызметінен босату туралы өтініш айтады. Әз Тәуке келісімін бермесе де, өз орынына қоятын кісі барын айтып, Қожаберген баһадүр ақ батасын беріп, ұсыныс жасап, өз орнына Бөгенбай батыр Ақшаұлын қазақ, ноғай, қарақалпақ жұрттарының біріккен әскерін басқаратын бас қолбасшы етіп сайлатады.

Қожабергеннің ғұлама ордабасы, әскербасы батыр екендігіне оның шәкірті Бұқар жыраудың «Ұстазым» атты дастанындағы мына шумақтар дәлел:

Қиын- қыстау кезеңде
Намысын қозғап өлеңмен,
Батыр, ақын ұстазым

Қалың қолға дем берген.

Қожаберген батыр әрі жырау, ерекше дана екені елге белгілі. Ал бірақ бабамыздың есімі неге аталмай келді деген заңды сұрақ туады. Бұл сұраққа кезінде тарихшы тарихшы, академик Манаш Қозыбаев жауап берген.

Қожаберген баба орыс империясының саясатына ашық қарсылық білдірді. Орыс империясы қалмақтарға қару сатты, қолдады деп өз пікірін ашық айтты.

Торғауыт, жоңғар, ойрат бәрі қалмақ,
Орыстар мен ноғайлар қойған жалдап, -
деп «Елім- ай» жырына қосқан [4, 252-253 б.].

Қожаберген жырау айтқандай: Қазақ, ұзақ, созақпен, башқұрт, қырғыз, татарлар, бір қауым болып біріккен. Осы алты алаштың бірлігін асыруға, жаудың құтын қашыруға үлестерін қосты. Ендеше, даналардың аясы ұлттық шеңберден шығып, шығыстық жалпытүріктік биіктікке көтерілді [5, 92 б].

«Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» дегендей, қазақ халқының үш ғасырлық жүрекжарды жыры «Елім-айдың» авторы Қожаберген жырау өз халқымен мәңгі бірге жасайды, - деп айтып өткен ғұлама тарихшымыз Манаш Қозыбаевтың сөзін ұмытпайық.

Әдебиет

1. Ашамайлы-керей Танаш баба шежіресі / құраст. А. Күзембайұлы; ред. алқасы Е.Әбіл ж. б.; ҚМПИ, ҚАТЗИ.- Қостанай: "Центрум"ЖШС, 2011.- 732 б.
2. Дауылпаз баба – Қожаберген: [шығармалар жинағымен зерттеулер]. - Алматы: Мектеп, 2011. - 464 б.
3. Әбуталиев Н. Ордабасы Қожаберген. Тарихи очерк және дастандар. - Алматы: Жеті жарғы, 1995. - 104 б.
4. Дауылпаз баба Қожаберген жырау. Тарихи-танымдық жинақ / құрастырған. Абай Тасболатов, Жарасбай Сүлейменов. - Астана: Фолиант, 2014. - 376 б.
5. Қозыбаев Манаш. Шығармалары. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. Т.2. - 328 б.
6. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/19127>
7. <https://kenesertegi.kz/қожаберген-бат>

УДК94(47)

ТЕОРИЯ КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКИХ ТИПОВ Н.Я. ДАНИЛЕВСКОГО

Жанулу А.

(Костанайский государственный педагогический университет им. У.Султангазина)

Аннотация. В данной статье представлена личность великого русского учёного Н.Я. Данилевского и анализ типов его цивилизаций.

Ключевые слова: культурно-исторические типы, дарвинизм, периодизация, цивилизация.

Актуальность. В социальной философии проблема периодизации или деления исторического процесса на определенные стадии, ступени, формации всегда занимала важное место. И это вполне естественно, так как раскрытие имманентной логики исторического процесса, направленности его развития предполагает разбить всю историю на те или иные фрагменты, качественно отличающиеся друг от друга. Вико, Кондорсе, Маркс и многие другие мыслители давали разные интерпретации типологии общества. Весьма оригинальную интерпретацию представил Н.Я. Данилевский.

Изученность. Питирим Сорокин проанализировал теорию Данилевского в своей статье «Макросоциологическая теория цивилизации». Методологической основой теории Данилевского является органическая теория, из которой и выходят «культурно-исторические типы». Теория Данилевского - первая антиэволюционистская модель в истории социологии. Многие современники Данилевского имели прозападную ориентацию, порой доходящую до русофобии. Естественно, в этих кругах книга Данилевского была встречена в штыки. Против нее объединились все западники – от крайне правого «Русского вестника», до демократического народнического «Русского богатства» Михайловского. Отрицательно отнеслись и представители социологической науки – Кареев, Ковалевский. Соловьев называл его труд «литературным курьезом», не заслуживающим серьезного обсуждения. Либеральный «Вестник Европы» обвинял Данилевского в отсутствии нравственного отношения к другим народам и человечеству вообще.

Цель. Выявить истоки построения Н.Я. Данилевским теории культурно-исторических типов, определить характер и особенности его культурологической концепции и показать значимость его позиции для осмысления современной социокультурной ситуации в России.

Задачи. Представить личность Николая Данилевского и проанализировать его культурологическую позицию. Выявить ключевые идеи теории культурно-исторических типов.

Данилевский Николай Яковлевич (1822-85), публицист, социолог и естествоиспытатель, один из многих русских умов, предвосхитивших оригинальные идеи, возникшие позднее на Западе. В частности, его взгляды на культуру удивительно созвучны концепциям двух виднейших мыслителей XX в. - немца О. Шпенглера и англичанина А. Тойнби. Из дворян. Сын заслуженного генерала, Данилевский, однако, с юных лет посвятил себя естественным наукам, а также увлекался идеями утопического социализма. В 1842 окончил Царскосельский лицей, затем естественный факультет Петербургского университета. В 1849 сдал экзамен на магистра ботаники. «Все различие между нашим нигилизмом и нигилизмом заграничным, западным, — писал Данилевский в статье «Происхождение нашего нигилизма», — заключается единственно в том, что там он самобытен, а у нас подражателен, и потому тот имеет некоторое оправдание будучи одним из неизбежных результатов исторической жизни Европы, а наш висит в воздухе и... есть явление смешное, карикатурное» [1]. После освобождения из крепости Данилевский был выслан из Петербурга и работал сначала в Вологде, а затем в Самаре. В 1853 он отправился в свою первую научную экспедицию под руководством знаменитого натуралиста Карла фон Бэра для исследования рыболовства на Волге и Каспийском море, во время путешествия встречался с Т.Г. Шевченко. В «Дарвинизме» он критиковал дарвинизм как теорию «упрощающую проблему видового многообразия жизненных форм». Данилевского считают эпигоном славянофильства, которое в то время уже вступило в период упадка. Он был одним из наиболее типичных представителей панславизма. [3]. В книге «Россия и Европа». Данилевский подробно развивает теорию «культурно-исторических типов» человечества (до него эта теория развивалась немецким историком Рюкертом, а после Данилевского стала темой работ Шпенглера). Книга оказала существенное влияние на Ф.М. Достоевского, К.Н. Леонтьева, Н.Н. Страхова, К.Н. Бестужева-Рюмина. Последние дни своей жизни Данилевский посвятил работе над трудом, в котором он опровергал дарвинизм. Этот труд остался незавершенным (в 1885 г. вышел в свет первый том в двух частях, и посмертно в 1889 г. была напечатана одна глава второго тома). Данилевский представлял эту работу в Академию наук на конкурс, однако ему не присудили премию. В Академии считали, что его книга является собранием уже

известных в Европе антидарвинистских теорий, что он только развил эти теории и проиллюстрировал их новыми примерами. Его «Россию и Европу», можно назвать катехизисом или кодексом славянофильства; так полно, точно и ясно в ней изложено учение о славянском мире и его отношении к остальному человечеству. В этом отношении заслуга так велика, что размеров ее мы еще и определить не можем. [3] Проблемы периодизации исторического процесса Данилевский занялся не случайно. Дело в том, что в российской общественной мысли XIX века остро ставился вопрос о путях развития России. Одни (западники) считали, что Россия должна идти по западному пути, потому что Запад будто бы является своего рода путеводной звездой для остальной части человечества. Другие же (славянофилы) подчеркивали, что Россия должна идти своим собственным путем. Эти вопросы Данилевского, как патриота своей Родины, тоже волновали. Но он их рассматривал в социально-философском плане и с позиции исторического развития человечества. Он считал, что Запад враждебно относится к России, обвиняя ее в подавлении других народов, хотя, по его мнению, Россия не притесняла ни один народ, проживающий на ее территории. Поэтому враждебное отношение Европы к России не имеет под собой объективного основания. [4] Каждый «культурно-исторический тип» проявляет себя в четырех сферах: религиозной, собственно культурной, политической и социально-экономической. Их гармония говорит о совершенстве той или иной цивилизации. Ход истории выражается в смене вытесняющих друг друга культурно-исторических типов, проходящих путь от «этнографического» состояния через государственность до цивилизованного уровня. Цикл жизни культурно-исторического типа состоит из четырех периодов и продолжается около 1500 лет, из которых 1000 лет составляет подготовительный, «этнографический» период; примерно 400 лет – становление государственности, а 50-100 лет – расцвет всех творческих возможностей того или иного народа. Завершается цикл длительным периодом упадка и разложения. [5]

Отрицая существование единой мировой культуры, Н.Я. Данилевский говорит о субъектах исторического развития, выделяя три вида исторических образований:

- 1) племена, являющиеся «этнографическим материалом» (финны);
- 2) народы, совершающие только «разрушительный подвиг» в истории (гунны, монголы, турки), и, наконец,
- 3) народы, ставшие «положительными деятелями истории», создавшие десять основных культурно-исторических типов:

- египетский;
- китайский;
- ассирийско-вавилонско-финикийский (халдейский или древне семитический);
- индийский;
- иранский;
- еврейский;
- греческий;
- римский;
- арабийский (ново-семитический);
- германо-романский культурно-исторические типы.

К вышеперечисленным Н.Я. Данилевский добавляет еще два американских – мексиканский и перуанский, – погибшие насильственной смертью, не успев достичь всей полноты своего развития. Каждый из указанных типов самостоятельным путем развивает свое индивидуальное духовное начало при определенных внешних условиях. При этом среди них существуют как «совершенно уединенные цивилизации» (Индия, Китай), так и «преемственные» (египетская, греческая, римская, еврейская, германо-романская). Помимо этого, все культурно-исторические типы подчиняются общим законам движения и развития.

Таких законов Н.Я. Данилевский насчитывает пять:

1. Любое племя или семейство народов, характеризующееся отдельным языком или группой языков, довольно близких между собой, составляют самобытный культурно-исторический тип, если оно вообще по своим духовным задаткам способно к историческому развитию и вышло уже из состояния младенчества.

2. Дабы цивилизация, свойственная самобытному культурно-историческому типу, могла зародиться и развиваться, необходимо, чтобы народы, принадлежащие к этому типу, пользовались политической независимостью.

3. Начала цивилизации одного культурно-исторического типа не передаются народам другого типа. Любой тип вырабатывает ее для себя при большем или меньшем влиянии чуждых, предшествующих ему или современных цивилизаций.

4. Цивилизация, свойственная любому культурно-историческому типу, только тогда достигает полноты, разнообразия и богатства, когда разнообразны этнографические элементы, ее составляющие.

5. Ход развития культурно-исторического типа всего ближе уподобляется тем многолетним одноплотным растениям, у которых период роста бывает неопределенно продолжителен, а период цветения и плодоношения – относительно короток и раз и навсегда истощает их жизненную силу.

Выделил три основных формы взаимодействия цивилизаций: • пересадка (колонизация) — первый тип контакта, который заключается в изгнании зрелой культурой другой культуры с занимаемой территории. Это простое распространение культурно-исторического типа на новой территории. Так было во времена создания древнегреческих колоний в Южной Италии и Сицилии, появления английских колоний в Северной Америке и Австралии; • прививка — второй тип контакта, он возникает при взаимодействии зрелого культурно-исторического типа с отжившей культурой, уже не способной ни к какому творчеству. По сути дела, отжившая культура используется как этнографический материал для более развитой культуры, переносящей свои ценности и основные достижения на новую почву и народ, живущий там. По мнению Данилевского, таков был процесс эллинизации Египта времен Александра Македонского; • удобрение — третий тип контакта, является самым плодотворным способом взаимодействия культур, при котором народы сохраняют свою самобытность, но берут лучшее из того, что есть у других, стимулируя развитие друг друга. При этом нужно помнить, что предметом заимствования могут быть только выводы и методы науки, технические приемы, усовершенствования промышленности. Духовные ценности и смыслы культурно-исторического типа заимствованию не подлежат. Примером такого взаимодействия было благотворное влияние Египта и Финикии на Древнюю Грецию, а Греции — на Рим. Для культурно-исторического типа срок жизни равен полутора тысячам лет, он делится на четыре периода: 1) этнографический — бессознательный период древней истории, начинающийся с выделения культурно-исторического типа из других племен. В это время, занимающее большую часть отмеренного срока жизни, собирается запас сил для будущей сознательной деятельности, закладываются особенности склада ума, чувств и воли, определяется линия, которая будет развиваться на поле общечеловеческого развития этим народом; 2) государственный — он очень краток и служит переходным этапом, подготовкой к выполнению своей миссии в истории, для чего и появляется государство; 3) цивилизационный, или культурный — это краткий период проявления духовной деятельности, выполнения народом его роли в истории, создания духовных ценностей, период подлинного культурного творчества. Этот период продолжается несколько сотен лет; 4) после краткого периода взлета неизбежно наступает дряхление, упадок. Народы или успокаиваются на достигнутом, дряхлеют в апатии самодовольства, как

Китай, или сметаются с лица Земли отрицательными народами, обращаются снова в этнографическую форму бытия, которая может использоваться другими положительными народами, только начинающими свой путь [6]. Поскольку Н.Я. Данилевский выделял четыре разряда культурной деятельности — религиозную, культурную, политическую и общественно-экономическую, то культурно-исторические типы, в зависимости от тех разрядов или основ, которые в них более развиты, могут быть одно-, двух-, трех- и четырехосновными. Большинство культурно-исторических типов, существовавших в истории человечества, характеризуются как одноосновные. Двухосновным является германо-романский культурно-исторический тип, четырехосновным — будущий славянский тип [7]. Резюмируя вышеизложенное, можно сказать, что теория культурно-исторических типов Данилевского представляет собой оригинальное учение, содержащее много интересных и поучительных моментов. Не существует понятия «общечеловеческой цивилизации». Развитие человечества происходит посредством самобытных культурно-исторических типов, и не об одном типе нельзя сказать, что он представляет собой общечеловеческую цивилизацию. Задача истории — проявление в различное время различными культурными типами свойственным им мировоззрения, целей, стремлений. Славянство — тоже самобытный культурно-исторический тип, тип своеобразный, имеющий задатки для того, что бы стать первым четырехосновным культурно-историческим типом. Лишь альтернативный западному путь развития этого типа приведет к самореализации славянских народов. Идеи Данилевского во многом спорны — его оценка культурных контактов, отрицание существования единой мировой культуры, перспективы развития России и призывы к панславизму. Но сама концепция культурно-исторических типов была очень плодотворной для культурологии, она привела к появлению целой плеяды исследователей, работавших в этом направлении как в России (К.Н. Леонтьев), так и на Западе (О. Шпенглер, А. Тойнби).

Литература

1. Горшков А.В. Данилевский Н.Я. РОССИЯ И ЕВРОПА: Архиконспект (сверхкраткое изложение книги и мнений критиков о ней) / А.В. Горшков. — М.: ИНФРА, 2004.
2. Судьба ученого: [Данилевский Н.Я.]/Встреча.-2006.№6.с.32-34.
3. Из книги «Россия и Европа»: [отрывок из книги о культуре и типах цивилизации]. Данилевский Н. // Встреча. - 2006.- №6. с. 35.
4. Теория культурно-исторических типов Н.Я. Данилевского Асланов И.К. Соционауки. №1(26). 2002.
5. Бажов С.И. Понятие культурно-исторического типа и законы его движения в философии истории Н.Я.Данилевского // Человек, философия, культура. М., 1984.
6. Данилевский Н.Я. Россия и Европа. Взгляд на культурные и политические отношения славянского мира к германо-романскому. М., 1991.
7. Страхов Н.Н. О книге Н.Я. Данилевского «Россия и Европа» / Н.Н.Страхов.

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ АЙТУЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ:
М. ҚОЗЫБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ІЗІМЕН**

Төленова З.М.

(Ш.Ш.Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты)

«Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес», – деген тарихи ұғымды кеңінен ашып көрсетуден басталған болатын 2018 жылдың 21 қарашасында жарық көрген Тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы. Елбасы бұл мақаласында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық туындысында көтерген мәселелерді нақтылай түсіп, ұлттық болмысымызды сақтап, тарихи санамызды жаңғырту жайына кеңінен тоқталған. Өздеріңізге жақсы таныс, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [1] бағдарламалық мақаласы ұлттық сананы жаңғырту, қазақы болмысымызды, ұлттық кодымызды сақтау және одан ажырап қалмау мәселесі қарастырылып қана қоймай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіре отырып, өскелеңдурпақты «Ұлы даланың жеті қырыменң тереңірек таныстыру, оны олардың санасына сіңіру мақсатында сайын даланың барлықөркениеттік құндылықтарын сақтап қалуда өзіндік орны бар тұлғаларымызды ұлықтау қажеттілігіне баса көңіл бөлінді. Мақаланың алғашқы «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» деп аталатын бөлімі Ұлы даланың жеті қырын айқындауға арналады.

Ал оның «Тарихи сананы жаңғырту» атты екінші бөлімінде Елбасы көтерілген мәселелерді жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап ететінін айтты. Оны жүзеге асыруда төмендегідей жобаларды ұсынды:

1. Ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасы;

2. Өз елінің ерекше елшісі сынды Ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтатын Ұлы даланыңұлы есімдері;

3. «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты Түркі әлемнің генезисі;

4. «Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашу;

5. «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»деп аталатын Ұлы дала мұрагерлерініңөткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулыүлгілері – ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары;

6. Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі.

Міне, осындай келелі істерді атқарудың жобасына ұсынып, өз болжамы мен ойын қорыта келе: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы» [2], – деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев.

Өйткені, әр заманның, қоғамның даму заңдылығы, болмысы, өзіндік ерекшелігі, уақыт өлшемі барлығын, сонымен бірге олардыңғасырлар бойына халықтың біртұтас тағдыр желісініңүздіксіз жалғасын тауып, ұрпақ сабақтастығымен дамидындағы анық. Және де сол қоғамда өмірге келіп, еңбекке араласып, өз қоғамы үшін қызмет ететін ұрпақ алмасуын да ескеруіміз қажет. Солай десекте, кез-келген ұрпақұлттық болмыс

пен мүдде, ұлттық сана мен рухты басты бағдарға ұстана отырып, ұлттық кодты жоғалтпауға ұмтылады. Елбасының екі мақаласының басты өзегі де осында жатыр.

Ал, олай болса, Ата тарихымызды, оны жасаушы да қозғаушы күш, Ұлы даланың жасампаздары болып табылатын айтулы тұлғаларды ұлттық жады таразысынан өткізуде, олардың ұлт мүддесі жолындағы ерен ерлігі мен сіңірген еңбегін бағамдауда көрнекті тарихшылардың зерттеулеріне, тұщымды тұжырымдарына жүгінеріміз анық.

Олай болса, Ұлы Даланың айтулы тұлғаларын ұлықтауда, оларды халқымен қайта қауыштыруда көрнекті тарихшы, мемлекет және қоғам қайраткері, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев қаншама еңбек жасады?! Академиктің ғылыми мұрасын зерделей, тереңінен қарастыра отырып, байқағанымыз, ғалым өзінің барлық зерттеулерінде сайын даланың айтулы тұлғаларын сонау ғасырлар қойнауынан тартып, бүгінгі тәуелсіздіктің тұғырын бекітуге күш салған мәдениет, ғылым, қоғам және мемлекет қайраткерлеріне дейін тарихи келбетін өзтұғырына қондырғанын және сол бағытта жаңа методологиялық әдістерді де әдемі қолдана алғанына көз жеткіземіз. Академик тәуелсіздік кезеңінде қазақ ұлтының және айтулы тұлғалар тарихын өркениет, Дала өркениетінің аясында қарайды, тарихи дамудың формациялық және өркениеттік көзқарастарын салыстырып зерттеуді орынды санайды. М. Қозыбаевтың тәуелсіздіктің алғашқы 10-15 жылдар аралығында Дала өркениеті, қазақ ұлты, оның өркениетке үлес қосқан даналары, өркениеттік тұлғалар мен шығармалары қазіргі қолға алынып тырған рухани жаңғыру бағдарламасының бастауында тұрғандай.

«Дала әлемдік өркениетке өшпес үлес қоса алған ұлылармен тұлғаланады», - деген өз пайымдауын тұлға туралы ұғымға да нақты түсінік берумен нақтылай түседі: «Тұлға – ол қандай қасиеттерімен елден ерек, жұрттан бөлек болуы керек? Тұлға – интеллект, ақыл, парасат иесі. Ол өткірлігімен, тапқырлығымен, көрегендігімен, қажымас күш-қуатымен, ақыл-парасатымен, басқаша айтқанда көсемдігімен, шешендігімен, ұлтжандылығымен ерекшеленген жан.

Халық басына күн түсіп, қиын-қыстай замана туғанда ғана тұлға өзінің өзгеден ерек ірі ісімен, пәрменді күшімен, құдіретті көріпкелдігімен танылады» [3, 4-6 бб.].

Сонымен қатар, ғалым ұлттық тұлғаларын зерделеуде архивқұжаттарымен қатар, әр кезеңдегі ауызша тарих пен әдеби шығармаларға да арқа сүйене отырып, әр тұлғаның өмір сүрген ортасы, қызмет еткен қоғам ағымына байланысты оның болмыс-ажарын ашуға барынша көңіл бөлген.

Жоғарыда айтқанымыздай, оның шығармашылығындағы тұлғалар келбеті ортағасырлық ел билеушісі Ақсақ Темірден басталып, ортағасырлық дана, Мұхаммед Хайдар Дулати секілді айтулы қайраткерлердің өмірі мен шығармашылығын талдау барысында өзіндік ерекшелігімен суреттеледі. Мысалға, далалық дананың қайраткерлігімен қатар, ғылыми мұрасына талдау жасай келе, оған «ұлы тұлға, шығыстанушы, тарихшы, көш бастаған көсем, сөз бастаған шешен, қол бастаған қолбасшы, мемлекет басқарған қайраткер» деген баға бере келе: «Шын мәнінде, Орталық Азия халықтары өркениетінің әлемдік өркениеттегі мәртебелі орнын тұңғыш дәлелдеген Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати екендігін мойындайтын уақыт жетті» [4, 124-126-бб.], - дей келе, осы уақытқа дейін отандық қана емес, әлемдік Дулатитанудың «толық бейнесі, адамзат баласы алдындағы, Орталық Азия халықтарының алдындағы орны, қадір-қасиеті толық ашылды деу қиын» екендігіне жұртшылық назарын аударған болатын.

Осы еңбекте, академик «Тарих-и-Рашиди тарихтың методологиялық негіздері туралы» деп арнайы бөліп қарастыра отырып: Мырза Мұхаммед Хайдар тек қана кәсіби тарихшы емес, ол оның теоретигі, ғылыми негізге салушылардың бірі. Ол тарихи, ғылыми объективтік, диалектикалық байланыс, салыстырмалы кешенді, концептуалды зерттеу принциптерінің негізін қалаған ұлы тарихшы. Сондықтан да ол жазған «Тарих-

и-Рашиди” тарихи классикалық туынды, - деген өз тұжырымын жасай отырып, оныңіргелі еңбегіне де үлкен баға береді. Одан әрі далалықұлы тұлғаныңөміріне шолу жасай келе, М. Қозыбаев М. Дулатидың «сан алуан мамандықтарды, оның ішінде тарихты жазуды, ел билеу, қол бастау өнерін игерген өз заманасыныңқас тұлғасы» және Дала өркениетінің шежірешісі екендігі туралы түйін жасайды.

Академик М. Қозыбаев еңбектерінде өзіндік бағасын алған тұлға Тұран өркениетініңҰлы перзенттерінің бірі – Жалаңтөс Баһадүр. Ұлт болашағы мен болмысы жаугершілік заманында қылыштыңқырына тірелген тұста «тарихи замана талабы ұлы жаһангер, теңдесі жоққолбасшы, стратег, тактик, мемлекет қайраткері Жалаңтөс баһадүрді дүниеге әкелгендігін айта келіп: «Жалаңтөс баһадүрдің Шер Дор мен Тилля Кори медреселерін салып, Самарқанда қалалық орталық Регистан алаңын қалыптастыруы ортағасырлық сәулет өнері мен қала салудыңұлы сөзі болып әлемдік тарихқа хатталды. Осы арқылы біз Дала өркениетінің дала мен қаланың синтезі екендігін көрсетудеміз, оның сол өркениеттіңәлемдік өркениеттегі өзіндік келбетін айшықтаудамыз. Көне гректердіңұлы данасы Гомер өркениет жыршысы екені аян. Сол сияқты өмір бойы сайрап өткен Көмекей әулие Бұқар жырау өркениет жыршысы. «Қырымның 40 батырын» жыл бойы жырлайтын Мұрын жыраудың жазығы біз оны Гомер деңгейінде көрсете алмағанымыздан. Дала жырын, дала мұңын қыл қобызға тіл бітіріп боздатып кеткен Қорқыт Ата шығыс өркениетінің перзенті екендігін әлем біледі. Бір сөзбен айтсам, біз ата тарихымыздың сырларын өркениет қойнауынан іздеп, ондағы ұлттық орнымызды табу сол тарихты өркениеттік деңгейге көтеріп жазғанда ғана мүмкін» [5], - деген өз пайымдауын жасайды.

Міне, өздеріңіз байқап отырғандай, соңғы жылдары жүзеге асырылып отырған «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты энциклопедиялық саябақ ашу барысында қайтадан алынған сайын даланың айтулы тұлғаларын жан-жақты зерттеу қажеттілігі туралы академик осыдан 18 жыл бұрын көтергендігіне көз жеткізе аламыз. Сондай-ақ академик өзінің «Жалаңтөс баһадүр Тұран өркениетінің Ұлы перзенті. Жалаңтөстану хаһында» атты мақаласында ұлт тарихы бір жақтыжәне ешбір дара тұлғаларсыз жалпылама жазылып келгендігін ашық жаза келіп, ел билеген - хандар, билер, қол бастаған - сардарбектер, тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық қозғалыстарының басшылары атаусыз қалып, «тарихи әділдік, тарих қаһармандары таптық принципке, идеология мүддесі негізінен құрбандыққа» шалынғандығын алғашқылардың бірі болып көтерген болатын. Сонымен қатар тәуелсіздік тұсында көптеген тұлғалар тарихқа оралып, «есік алдында елеусіз қалғандар төрге шыққандығын да айта келіп, «алайда осы бір ұлы дүрмекте оларды жүзге бөлу, тайпалық принцип ұстау сияқты бейберекетсіз жағдайлар кездесетіндігін, ал шын мәнінде ұлылар бір тайпаның, бір жүздің маңдайына симайды, олар ұлттың ұлылары, халық перзенттері, тарих қайраткерлері»,- деген тұжырым жасаған.

Жалаңтөс баһадүрдің ерлігі мен қолбасшылығына арналған мақаласында ұлт тарихындағы оныңүлкен үлесі ретінде – Қазақ хандығы құрылып, енші алған тұста Бұхара хандығын өз уысында ұстағандығын, осы хандықты Талас өзені алқабындағы қазақ-қалмақ соғыс кезінде жоңғарлармен одақтас етуге ықпал жасағандығын айта келе: «Алшын, Жалайыр, албан, үйсін, қарақалпақұландарының басынқосып, 20 000 жасақұстаған Жалаңтөс ортаазиялық мемлекеттердіңқазақ жеріне деген агрессиялық ниетін су сепкендей басты. Ол олма жоңғарлардыңқазақ сахарасына қарсы жасаған соғыстары кезінде Қазақ хандығыныңғалыңқолына келіп қосылып, оның күшін еселеді. Жалаңтөс баһадүрдің мұндай позициясы оныңұлтқанды, ұлтжандылығын ғана көрсетіп қойған жоқ, оныңөз мүддесін ұлт мүддесіне бағындырған ұлы патриот қайраткерлігін танытты. Бір ғасырдың ішінде Қазақ хандығы мықты бір ортадан билік шығарып, желкілдеген ту астында 300 мыңқол жинап, қазақ халқының осы күнгі

этнотерриториясын қалыптастыруына Жалаңтөс баһадүрдің қосқан үлесі Отан тарихында хатталмай келгенін мойындау керек [5, 149 б.], – деп отандық тарихтың беттеріндегі ақтаңдақтардың бірі – тұлғатану мәселесін тағы да бір көтереді.

Академик М. Қозыбаевтың барлық зерттеулерінде ашық көтерілген мәселелер: Қазақстан тарихнамасында өткен замандағы көрнекті қайраткерлердің тарихи келбеті толық жасалмай отырғандығы, Қазақ хандарының, билерінің, батырларының, қазақ ғалымдарының, зиялылары туралы зерттеулер өте жұпыны, тарихи мәліметтер аздығы, жазылған күнде де олардағы жеке бастың, тұлғаның психологиялық ішкі сыры, кесек қимылдары тарихи шешуші сәттердегі ұлт-халық мүддесін қорғауға қосқан үлестері өз бағасын алмай, әлі күнге жан-жақты ашылмай отырғандығы.

Тіпті, Абылай мен Кенесары хандарға арналған ғылыми еңбектердің өте аздығын былай қойғанда, халқымыздың рухани құндылықтарына, тарихи-мәдени қорына үлес қосқан небір айтулы тұлғаларды зерттеу нысанына айналдыра алмай жатқанымызды ашық мойындау керектігін де алғашқылардың бірі болып көтерген М. Қозыбаев еді.

Ұлы даланың айтулы тұлғалары қатарында Қожаберген батыр, жырауды қарастырған М. Қозыбаев оны Дауылпаз баба деп суреттей келе, батыр, баһадүр, көрнекті мемлекет қайраткері, дауылпаз жырау, замана дүлділі ретінде бағалайды. Осы тұста, ғалымның Қожабергеннің тұлғасын тануда тарихи деректердің аздығынан, негізінен ел аузындағы аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандарға сүйене жазғандығын ескере кеткеніміз жөн. Қожаберген жыраудың өмір жолы қазақ-жоңғар жаугершілігі тұсында өткендіктен, ол өз халқына өлең-жырларымен рух беріп отырғандығын баса көрсетеді. Сонымен қатар, ел қорғау ісінде басшылық жасай білген Қожаберген батырдың қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасағына қолбасшылығы, әрі сардарбек, ордабасы, тіпті ортаазиялық деңгейдегі әскери қайраткер ретінде көрсетеді [6, 149-151 бб.].

XX ғасырдың 90-шы жылдарының соңында ғалымның қаламынан бірнеше іргелі монографиялар мен сүбелі еңбектер жазылды. Солардың бірі «Тарих зердесі» деп аталатын екі кітаптан тұратын еңбегінде ғалым сонау қиын-қыстау заманда ұлт тәуелсіздігі мен азаттығы жолындағы күресте ту ұстаған, ортақ ұлттық мүддені көксеген, аласапыран XX ғасырдың тауқыметі мен қасіретін қатар арқалаған замана перзенттерінің тарихтағы орнына, атқарған қызметі мен ғылыми мұрасына талдау жасайды, ұлтымыздың ұлыларын барынша ұлықтауға күш салады.

Қазақтың кең байтақ даласын отарлап, халқының санасын жоюға күш салған Ресей империясының XVIII ғ. жойқын саясатына алғашқылардың бірі болып қарсылық танытқан Абылай ханның амалсыздықтан «тәуелдімін» деп мойындағанмен, іс жүзінде қазақ мемлекеттігін қаз қалпына келтіруге, тәуелсіз ел болуда ерен ерлік жасап, қайраткерлігін тарихи деректер мен Ш. Уәлихановтың еңбектерімен қатар, Бұқар жырау жырларындағы кесекті образды тарихи тұрғыдан сөйлету арқылы дәлелдеуі ғалымның тұлғатану саласындағы өзіндік ерекше қолданысы екендігін байқаймыз [7, 17-27 бб.].

Абылай туралы мақаласында ғалым отандық және шетелдік тарихнамадағы қарама-қайшылықтарға, оның бейнесін мифтендіру мәселелеріне де жан-жақты тоқталады. Сондай-ақ Отан тарихының бірнеше күрделі мәселелеріне, атап айтқанда, елді біріктіру, мемлекеттілік пен жер тұтастығы, жүздер арасындағы өзара қарым-қатынастар, өзі Отан соғысы деп бағалаған – Аңырақай шайқасы туралы да тұщымды ой қозғай отырып, осы уақытқа дейін Дала қайраткерлері мен кемеңгерлерінің көлеңкеде қалып келуіне орай мынандай тұжырым жасайды: «Абылайдың ғылымдағы осы бір тағдырының астары империялық дәстүрде жатыр. Көреген қайраткердің ұлттық мүддені қорғағаны империялық салтқа жат, ал ол болса тек империя әміріне құлшынған тарихи кейіпкерлерді дәріптеді. Абылай сияқты дана, саяси қайраткер,

азаттыққозғалысының көсемі, болашақты болжап, өз халқын егемендікке жеткізген тарих қаһармандары кешегі жеке басқа табыну, одан қалды әкімшіл-әміршіл система мифқа айналдырған идеология заманында тарих табалдырығында қалдырылды. Жаңа ойлану, толғану заманасы Абылайдай бабаны өз халқына қайтарды, тарих төрінен орын беріп, оның аруағын асқар шынға көтерді. Қазақ халқы қанша жасаса, аруақты Абылай аты, оның даңқы сонша жасай бермек!» [7, 27 б.]

Ұлы Даланың жасампаз тұлғаларын тереңірек түсіну мен олардың ұлт мүддесі жолындағы еңбектерін саралауда академик М. Қозыбаевтың ғылыми мұраларына терең бойлаған сайын «Қазақ халқына жеке орда таңдаған, жер бетінде шашыратып жоғалтпай, ұлт болмысын жалғаған, дәуір деңгейінен төмендемей, эволюциялық даму барысында бір бөктерде қалмаған, ұлт мүддесі үшін ғасырларға созылған күресте шаршап, шалдығып талмаған Әз Жәнібек хан, Керей хан, Қасым хан, Әз Тәуке, Әбілқайыр хан сияқты тұлғалардың дәуір тарихында шоқтығы биік» екендігіне көз жеткізе түсеміз.

Академик М. Қозыбаев еңбектеріндегі тұлғатану мәселесі үнемі ұлттық мүдде, ұлттық рух, ұлттық болмыс, ұлттық сана мәселелерімен қатар көтеріліп отырады. Ендеше қазақ халқының тарихи ұлттық санасының қайнар бастауында халқымыздың үш кемеңгер билері – Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке би тұрады. Сайын даланы еркін мекендеген халқымыздың XV-XVIII ғасырларда үздіксіз шапқыншылықтардан жойылып кетуге дейін құлдыраған тұста ел билеген Ақназар, Жәңгір, Тәуке, Абылай хандардың және елді бірлікке, ұлдарын ерлікке, азаттық аңсаған халықты ынтымаққа, азаттық күреске шақырған шешен билердің халық санасын қалыптастыруға қосқан үлесін бағалауда, ең алдымен осы кемеңгерлер замана идеологтары болғандығын ұрпақ санасына жеткізуде олардың тұлғалық келбетін ұлт тарихымен тұтастыққа ашады. Қазақ билері мен шешендерінің, батырларының тұлғасын суреттеуде олардың ел билігі мен тарихи сананы қалыптастырудағы рөліне ерекше көңіл бөледі: «Қарадан шыққан әскери элита, елге билік айтқан шешендер мен көсемдер хан тірегіне айналды. Хандық билік жүйесі мен ақыл-күштің тетігі – батырлар мен билер билігіне осылай ұласты. Билер мен батырлар әкелген қара халықтың рухы хандық өктемдікті шектей білді. Бүкілқазақтық мәжіліс, бүкілқазақтық негізгі заң, үш жүздің бірлігі, ынтымағы осылай туындады, ұлттық сана халық көңіліне осылай ұялады» [8]

Қазақтың далалық академиясының үш ғұламасы туралы сөз еткенде, олардың ізін басқан, даналығы тасқан, шешендігі асқан, бір өзі дала академиясы болған, өзі би, өзі жырау, өзі дипломат, өзі мемлекет қайраткері, замана данасы, қазақ мемлекетін бүкіл еуразиялық биігіне көтеруге үлкен үлес қосқан Бұқар жыраудың да тарихи тұлғалық келбетін публицистикалық жанрмен жазылған мақаласында әдемі суреттейді. Дала данасының әділдіктің ақ туын үстемдікпен билікке жеткізе алған өктемді үні бірнеше ғасырлар бойықилы заманның ең биік шыңына көтеріле алғандығын Абылай кезеңімен суреттей отырып жеткізеді. Ел мүддесін діттеп, халық атынан сөйлеген жыраудың басты мақсаты, поэзиясының өзегі – «Отан тағдыры, ұлт санасы, ел бірлігі» болғандықтан халық жырауы атанғандығын айта келіп, «Бұқар өзінен кейінгі ұрпаққа Абылайдың қасында болғандықтан ғана қымбат емес, ұлы даланың ғажайып перзенттерінің ұлттық санасын қалыптастыруға үлес қосып, бір өзі Дала академиясының ісін атқарған сайын даланың данасы есебінде қымбат» [9, 33 б.], – деп баға береді.

Сондай-ақ «Бұқар баба – қазақ тарихындағы ғажайып феномен» дей келе, ел жағдайын қаһарлы ханға алдымененақылменен, ал ол сөз иесіне жетпеген жағдайда өктемді жырыменжеткізе алатындығын жыраудың азаматтық ерлігі ретінде бағалайды. Шындығында, халық тағдыры қиындаған сәттерде қазақ батырлары жауларымен алысса,сайын даланың дана билері жауласқанмен табыса алды, сөйтіп ел басына

үйірілген қара бұлтты сейілтті. Дана билердің болашақты болжауы, көмейінен жыр төгілген жыраулардың толғауыөмір шындығын алақандағыдай жайып салғандықтан ел билігін қолға ұстаған хандаролардың қолдауына жүгінді, тыңдай білді. Қозыбаев пайымдауымен айтқанда: «Міне ұлы Даланың сайыпқыран ерлерінің басындағы, ханныңқасындағы Бұқар жыраудың статусы осындай. Мұндай ғажайып синтез дала тарихына ғана тән екендігін айтпасак та болады» [9, 33 б.].

Бұдан шығаратын қорытынды, Ұлы даланың өзіндік ерекшелігін, рухани құндылығын арттыра түсетін айрықша қасиеті – ақындық пен жыраулық, тапқырлық пен шешендік, ерлік пен елдік дала перзентінің төл қасиеттері болып табылатындығы.

Академиктің ұлтымыздың біртуар перзенттерін тарих төріне шығарудағы ұстанымы да, оларды суреттеудегі әдіс-тәсілі де ерекше екендігін шығармашылығымен танысқан сайын жаңа қырынан аша түсеміз. Әсіресе, тәуелсіздік жылдарында ұлт тарихын қайтадан қарастыру қажет болған тұста Ата тарихына жаңа тұжырымдармен үңілді, барынша ана тіліне сүйінді, кеңестік кезеңде жіберген бодандық болмыстың қателіктеріне күйінді. Бұл турасында да ашына жазды. «Біз он жыл бойы ата тарихын саралап, тарих қойнауын аралап, ұлыларымызды даралап жатырмыз. Осы тұста бірнеше қағиданы ұстанғанымыз дұрыс сияқты. Біріншіден, біздің аруағына сиынатын, мұрасына жылынатын бабамыз - ұлттық тұлға болуы керек: ауыл-аймақ, ру, тайпа төңірегінен аспаған, буырқанып-бұрқанып жау аптығын баспаған, ұлтына деген сүйіспеншілігінен туындаған мұрасын шашу етіп шашпаған ата-бабаларымыздың ұйқысын бұзбағанымыз абзал. Екіншіден, ата-баба аруағы ойыншық емес. Ұлылар бір ауылдың, облыстың, тайпаның еншісі емес. Егер біз Қаракерей Қабанбайды тек найман болып, Қанжығалы Бөгенбайды тек арғын болып, Қожаберген жырауды тек керей болып, Баян батырды тек уақ болып, Қарасай батырды тек шапырашты болып тойласақ - ол ұлттың өскені емес, өшкенінің белгісі» [10].

Ғалымның еңбектерін сараптай келе, тағы бір жадымызға түйер басты мәселе – ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда ұлт-азаттыққозғалыстар тарихының алар орны ерекше болып табылатындығы.

Ұлт азаттығы, халық бірлігін, жер тұтастығын аңсаған азаттық қозғалыстары басшыларының ішінде Кенесары тұлғасын ашуда М. Қозыбаев, ең алдымен, Ресейдің отарлау, қоныстандыру, орыстандыру саясаттарыныңастарына тереңірек үңіліп, ру мен руды, далалық өлке халықтарын бір-біріне қарсы айдап салу арқылы ұлт-азаттық қозғалыстың туындауына алып келгендігін баса көрсетеді [11, 77-79 бб.].

«Хан Кене» атты мақаласында Кенесарының басты мақсаты отарлау саясатыныңбарысында біржола жойылған хандық билікті қалпына келтіру, оның ұстанған бағытыатасы Абылай мен әкесі Қасымның жолы екендігін айта келіп, көтерілістің басты себептерінің бірі дала демократиясына негізделген хандық билікті қалпына келтіру және патшалық билікпен халық арасында жүріп жан баққан, атақ қуған сатқын сұлтандарға, билерге, батырларға қарсы күрескендігін, сондай-ақ дипломаттығын ерекше сипаттайды [11, 81-83 бб.].

М. Қозыбаевтың тәуелсіз елдің бас тарихшысы ретіндеАта тарихымызды таразылауда қол жеткен табысыаз болған жоқ. Ол өмір сүріп, қызмет еткен тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында «Абылайхан қазақ тарихының есігінен төріне шықты. Алаштану туы көтерілді. Көкірегі басылып келген Абайтану тұлғаланып әлемдік аренаға шықты. Әуезовтану, Сәтпаевтану қалыптасты. Бұқар баба сайын даланың данасы ретінде танылды. Дала өркениетінің тарихын әлемдік тарихтың құрамды бөлігіне айналдырып таныту басталды. Бүгін біз күн тәртібіне Марғұлантануды, Қожабергентануды қойып отырмыз. Қазақтану – Отан тарихының 5 томдық академиялық басылымын жарыққа шығару жүзеге» асырылды.

Академик М.Қ. Қозыбаев Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғы шарттары пайда болып, егемендікке қол жеткізген алғашқы жылдарынан-ақ еліміздің тарихының өзекті мәселелерін, соның ішінде қазақ халқының этникалық тарихын, қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік және экономикалық дамуының тарихы мен өзіндік ерекшеліктерін зерттеуді қайта пайымдау қажеттігін мемлекеттік деңгейде көтере отырып, оларды тарих ғылымының басым бағыттарына айналдыруда маңызды роль атқарды. Сонымен қатар ол ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының тарихын зерттеуге тың жол салды.

Қазақ зиялыларының ХХ ғасыр басындағы қоғамдық-саяси қызметін жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеуде академик М. Қозыбаев тұлғатану саласын жаңғыртты. Ол осы мәселеге қатысты өткен ғасырдың 1980-ші жылдарының соңынан бастап, 1990-шы жылдардың бастапқы кезеңінде бірнеше еңбек жариялады [12]. Оларда Кенесары Қасымов, Жанқожа Нұрмұхамедов, Әбдіғаппар Жанбосынов бастаған ұлт-азаттық қозғалыстары және Алаш қозғалысы мен Алашорда автономиясына қатысты тыңғылықты зерттеулер жүргізіліп, ұлт тарихындағы шындықты қалпына келтіруде жазылған шынайы тарихи еңбектердің дүниеге келуімен ерекшеленеді. Сонымен қатар академик бұл еңбектерінде күрделі мәселені ескі, ұлыдержавалық мүдде тұрғысынан емес, ұлттық ерекшеліктер мен мүддеге, жалпы адамзаттық қасиеттерге негізделген жаңа әдістемелік және теориялық деңгейде зерттеуді ұсына отырып, өзіндік құнды тұжырымдар жасаған болатын.

Ғасыр басындағы зиялылар тарихын зерделеуді үнемі назарда ұстаған ғалым осы мәселеге оқтын-оқтын оралып, әркез жаңа қырынан қарастырып, тың пайымдаулар жасап отырған. Тәуелсіздіктің тұғыры беки түскен сайын, өткен тарихымыз бен біртуар тұлғалар туралы айтар ойлар мен жасар қорытындылар барынша тереңдей түскені анық. Осыған орай академик М. Қозыбаев былай деп жазды: «Біз қазақ зиялыларының жалпы тарихын жазар белеске келіп қалдық. Онда зиялы қауым кім, ол қай заманда жеке тап болып, топ болып қалыптасты, қандай кезеңдерді басынан кешірді, қазақ зиялыларының өркениетке қосқан үлесі қандай деген сияқты келелі сауалдарға жауап беруіміз керек. Бұл үшін зиялы қауым тарихымен айналысар жас, албырт буын тарихшылар тәрбиелеуіміз керек.

...Ұлттың ұйтқысы – зиялы қауым. Ол барша халықты қоса да, ыдырата да алады. Сондықтан қазақ зиялылары тарихы шын мәнінде ұлт тарихы екендігін айтқан орынды» [13].

Ғалымның мұндай ой-тұжырымдары ХХ ғасыр басында өрбіген алаш қозғалысы қайраткерлеріне қатысты айтылғандығы айқын аңғарылады. Алаш қозғалысы мәселесінде М. Қозыбаев объективтілік принципті сақтау қажеттігін жақтады. Соған орай бұл қозғалыстың азаттық күрестегі алатын орнына және оның осал тұстарына жіті көңіл бөлді. Академик М. Қозыбаев Алаш қозғалысын қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің заңды жалғасы, бұл күрестің жаңа сапалық деңгейге көтерілуінің көрінісі ретінде бағалап, оның қайраткерлерінің келбетін сомдауға да ерекше мән берді.

ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының көшбасшысы, алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейханның тарихтағы орнына объективті көзқарас қалыптастыруда М. Қозыбаев өзіндік игі ықпалын тигізді. Ол Ә. Бөкейханның қайраткер ретінде қалыптасуы жайында мынандай орынды әрі салмақты пікір білдірген-ді: «Ол ең алдымен қазақ халқының атақты ақын, жырауларының, эпостарының рухты жырларымен сусындады, ұлт-азаттық қозғалысының дәстүрлері негізінде тәрбиеленді. Өз халқының батырлығына сүйсінді, бақытсыздығына күйінді. Абай сияқты Әлихан қазақ халқының тағдыры орыс халқымен, оның мемлекетімен байланысты екендігін терең түсінді. Орыстың демократиялық мәдениетінің өкілдерімен қоян-қолтық араласты, достасты, оппозициялық партиялармен бірігіп, ол патшалық

режимге, отаршылдыққа қарсы ұмтылды» [14]. Сонымен, қатар «Әлихан Бөкейхан бүгінгі тәуелсіздіктің қайнар бұлағы, XX ғ. қазақ ұлтының атасы, ол ұлтымыздың ұлы арысының бірі, қазақ халқының болашағына тұғыр боларлық жарық жұлдызы» [14, 88 б.], - деп бағалады.

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының қатарында академик М. Қозыбаев еңбектерінде А. Байтұрсынұлы да жоғары бағаға ие болған тұлға. «Ахмет Байтұрсынов – XX ғасырдың ұлы реформаторы» деп бағалаған М. Қозыбаев біріншіден, А. Байтұрсынұлының саяси қайраткерлігін, екіншіден, ғалымдығын терең ашып көрсетті. Ол А. Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси қызметін патшалық Ресей дәуіріне және кеңестік кезеңге бөліп қарастырды. Сөйтіп, оның келбетін, қоғамдық және шығармашылық қызметін терең ашып көрсетуге қол жеткізе білді.

Өз еңбегінде А. Байтұрсынұлының болмысы жан-жақты ашылғанда ғана әлемдік ұлт-азаттық қозғалысына қазақ халқының қосқан сүбелі үлесі сомдалатындығын М.Қ. Қозыбаев баса ескертті. Ол осыған орай А. Байтұрсынұлының ұлылығы неде, оның ұлт тарихына, ұлт тағдырына жасаған ықпалы қандай деген мәселе төңірегінде ой қозғап, мынандай тұжырымдар жасайды: «1. Ғасыр басында үркердей алып топ - Әлихан, Ахмет, Міржақып қазақтың демократиялық либералдық бағыттағы зиялыларының басын қосып, Еуропалық өркениеттік дәрежедегі қозғалысты қалыптастырды. 2. Ахмет Байтұрсынов қазақ зиялыларының рухани көсемі санатында 1913 ж. ұлттық биресмилік «Қазақ» газетін шығарды. 3. Аханның ұлылығы ұлт ұстазы дәрежесіне көтерілген еңбегінде» [15, 19 б.].

Академиктің Байтұрсынұлану ғылымына қосқан үлестері қатарына А. Байтұрсынұлының кеңестік дәуірдің бастапқы кезеңінде қазақ жерінің тұтастығы жолында күрескендігін ашып көрсетуін жатқыза аламыз. Отандық тарих ғылымында А. Байтұрсынұлының 1919 жылы Қазревком мүшесі ретінде Қостанай уезінің Қазақ автономиясы құрамында қалуына ықпал еткендігі тек М. Қозыбаевтың еңбегінде ғана нақтылы дәлелдермен көрсетілген [16].

М.Қ. Қозыбаев өзінің «Қазақ зиялы қауымы қайраткерлерінің тағдырын зерттеу мәселелері» туралы баяндамасында М. Шоқайдың шығармаларын жинақтап, кітап шығару идеясын көтеруі көпшіліктің қолдауына ие болды [16]. Сөйтіп бұл жолы да ғалым Шоқайтану ғылымының дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Академик М. Қозыбаевтың Шоқайтану саласындағы болашақтың атқарар тарихи парызы ретінде атап көрсетіп кеткен қыруар істері бұл күнде жүзеге асырыла бастағаны анық. Оған М. Шоқайдың шығармаларының жарық көргендігін және біртуар қайраткердің өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметіне арналған көлемді де құнды еңбектердің жарияланғандығын жатқызуға болады.

Осылайша, академик М. Қозыбаев XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының тарихын зерттеуге сүбелі үлес қосумен қатар, оның болашақта зерттеле түсуі тиіс басым бағыттарын да көрсетіп берді. Академик тұжырымына қайтара жүгінер болсақ: «Тарих тағылымы тарихшы қауымның бас ориентірі. Оны жасау үшін осы күнгі тарихи зерттеу тақырыптарын қайта қарау керек... Егер біз ертеңімізді ойласақ, тарихымызды қалай дәуірлейміз, көшпелі өркениет дегеніміз не, қазақ халқы қалай қалыптасты, оның территориясының қалыптасу заңдылықтары қандай, қазақ-орыс, қазақ-өзбек, қазақ-қырғыз, қазақ-қытай, ... қатынастары ғасырлар бойы қалай өрбіді, орыс империясы елімізді қалай жаулап алды, орыстандырды, шоқындырды, әскери отарлады, қара шекпенді мұжықтарды көшіру арқылы отарлады, орыс, шетел капиталы қалай отарлады, қазақ мемлекеттілігі қалай дамыды, қалай жойылды, ұлттық сана қашан, қалай ұялады, қазақ зиялы қауымы қашан, қалай қалыптасты, саяси қоғамдық ұйымдар тарихы, ұлт-азаттық қозғалысы, ғасырларда біртуар халық перзенттерінің өмір жолдары сияқты өзекті проблемаларды зерттеуіміз абзал» [17]. Осы бағыттарда

ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу бүгінгі таңда қолға алынып, жүзеге асырылып жатқаны баршамызға аян.

Тарих пен әдебиетті егіз ұғым деп қабылдаған М. Қозыбаев жазушылар тұлғасына да арақідік оралып, олардың шығармашылығындағы тарихи тұлғалардың суреттелуіне көңіл бөліп отырған. Сондықтан болар, оның көптеген мақалалары қабырғалы қаламгер Ж. Аймауытовқа, қазақ әдебиетінің қара нарлары – Б. Майлин, С. Сейфуллин, М. Мүсірепов, т.б. шығармашылығына арналып, олардың тағдырынан халықтың өткен жолын іздеуге тырысады. Мысалға, «Сәкеннің өмір жолы – XX ғасырдағы қазақ қауымының ұлы трагедиясы, бостандықты, әділдікті аңсаған күрескен ұрпақтың трагедиясы», - дегне тұжырым жасауы [18].

Ал, ғасыр жазушысы деп танылған М.О. Әуезовтің тарихи тақырыптарға жазылған еңбектерін талдай келе, оны ұлы суретші және кемел тарихшы деп таниды. М. Қозыбаев М. Әуезовтің «Абай жолы» мен «Қилы заман» романын, «Хан Кене» пьесасын жан-жақты талдай келе, олардың желісіндегі тарихи оқиғалардың шынайы суреттелгендігіне баға береді [19].

Сонымен қатар, академик ұлт тарихындағы айтулы тұлғалардың қатарында Қазақстан академиялық ғылымының негізін қалаған Қаныш Сәтбаевты ұлтымыздың біртуар перзенті деп бағалап қана қоймай, «Қаныштану – бұл күні ғылымтану саласының кезекті бір арнасы» деп отандық тарихнама саласындағы жаң бір бағытта бастама салған болатын [20, 169-174 бб.]. Академик сәтбаевтану жолындағы шығармашылығын Қ.И. Сәтбаевтың мерейтойын өткізу үшін құрылған мемлекеттік комиссия мүшесі ретінде атқарған жұмыстары және «Қ.И. Сәтбаев», «Ұлттық Ғылым Академиясы» атты құжатты фильмдерінің ғылыми жетекшісі ретінде толықтыра және дамыта түскен болатын.

Осындай жаратылысы өзгеше тұлғалардың бірі ретінде, «замана перзенті» деп кемеңгер ғалым Әлекей Хақанұлы Марғұлан әлеміне де қалам тартады. Ә. Марғұланның ұлттың алыптары М. Әуезовпен, Қ. Сәтпаевпен үзеңгілес жүріп, ғылымның сан саласына – филология, археология, этнография, архитектура, тарихты қатар ала жүріп, оның ұлтына танылу сәтін: «Әлекеңді осылай көп ішінен көлбең етіп, жарық беріп бой көрсеткен сәт оның Шоқан өмірін зерттеген жылдары, одан қалды қазақсахарасында Беғазы-Дәндібай мәдениетін ашу кезеңдері. Егер ұлы Мұхтар ұлы Абаймен түйісіп, Абайды барша әлемге Абай қылып, өз атағын шығарса, Әлекең ұлы дана Шоқанмен түйісіп, екі алмас біріне-бірі қырларын, сырларын ашты, Шоқан есімі Марғұлан есімін асқар тұғырға көтерді» [21, 175-184 бб.], – деп тұжырымдайды. Мақалада Ә. Марғұланның ірі шығыстанушы бола тұра, оның археология саласынан мамандануының сыры мен құпиясы «халқымыздың басынан кешкен өркениеті ғылымда ұзақ жылдар жұмбақ болып, қираған калалармен, көмілген обалардың астында жатқандығында» болуымен байланыстырады.

Тәуелсіздік жылдары қайтадан жаңғырған ғұмырнама жанрында «Саяси портреттер» галареясын тарихи негізде жасауымен танылған академик М. Қозыбаев жоғарыда айтылған тұлғалармен қатар, Шоқан, Ыбырай, І. Омаров, М. Ғабдуллин, Ж. Шаяхметов, Н. Оңдасынов, Д. Қонаев сынды халқымыздың біртуар перзенттерімен қатар, өзінің замандастары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалым С. Зиманов, М. Сағдиев және т.б. ұлт тарихында алар орнына баға беріп, олардың шығармашылығы мен қоғамдағы қызметіне тарихшы ретінде пайымдаулар жасайды.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей академик М. Қозыбаев – тәуелсіз елімізге қажетті ұлттық идеологияны және тарихи сананы қалыптастыруға білімі мен біліктілігін, ұйымдастырушылығы мен қайраткерлігін, қаламгерлігін ұштаған қазақ зиялыларының, ғалымдардың, мемлекеттік және қоғам қайраткерлерінің бірі болды. Бұның айғағы ретінде артында қалған толағай теңіз ғылыми мұрасы мен атқарған істері баршылық.

Ғалымның қай шығармасын алмаңыз түпкі идеясы бір арнаға тоғысады, яғни өзінің басты көзқарасын ұлттық идеологияның өзегі – ұлттық мүдде, ұлт болмысы, ұлттық рух пен намыс, ұлт тарихы мен ұлттың дана данышпандарын тұлғалау мен ұлықтау.

Ұлт тарихын зерделеуде терең де жан-жақты зерттеулер жүргізіп, кейінгі өскелең ұрпаққа ата тарихы туралы келелі ой-тұжырымдарын қалдырған, қазақ зиялы қауымының шоқ жұлдыздай жарық шоғырын құрайды тарихшылар арасында өз зерттеулерімен, қайраткерлігімен ерекшеленген ғалым М. Қозыбаев екені даусыз. Үнемі үрдістік дамуға ұмтылып отыратын қоғамның тынысына өздерінің ой-интеллектісімен, нақтылы тұжырымдарымен ықпал ететін, сондай-ақ оның алар бағытына да әсер ете алатын негізгі күш – зиялылар қауымы, Ұла Даланың айтулы тұлғалары. Сондықтан да олардың өмірі мен қызметін зерттеу, олардың ғылым мен қоғамдағы алар орны мен қосқан үлесін саралай отырып зерделеу, тағылымдық жақтарын ашып көрсету, бағалау маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Сондықтан да Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз.

Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген. Ол, ол ма, белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас бір дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған» [22], - деп тұлғалардың тарихтан алар орнын көрсеткен еді.

Дегенменен де, бүгінгі күнде де Қазақстан тарихында ең зәрулі мәселелердің бірі - оны тарихи қайраткерлермен тұлғалау болып отыр. Ал сол олқылықтардың орнын «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы толықтырады деген үміттеміз.

Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. - 2017. - 26 сәуір.
2. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. - 2018. - 21 қараша.
3. Қозыбаев М. Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері // Қозыбаев М. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). Екінші кітап. - Алматы: Ғылым, 1998. - 280 б.
4. Қозыбаев М. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати Дала өркениетінің шежірешісі // Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. - 369 б.
5. Қозыбаев М. Жалаңтөс баһадүр Тұран өркениетінің Ұлы перзенті. Жалаңтөстану хаһында // Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. - 369 б.
6. Қозыбаев М. Дауылпаз баба – Қожаберген (Қожабергентану проблемалары хаһында) // Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. - 369 б.
7. Қозыбаев М. Абылай және оның заманы // Қозыбаев М. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). 2-кітап. - Алматы: Ғылым, 1998. - 280 б.
8. Қозыбаев М.Қ. Қандай елміз? Қандай болуға тиіспіз? // Халық конгресі. - 1993. - 28 сәуір.
9. Қозыбаев М. Дала данасы - Бұқар жырау // Қозыбаев М. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). 2-кітап. - Алматы: Ғылым, 1998. - 280 б.
10. Қозыбаев М. Хан Кене // Абылай хан - Кенесары. - Алматы, 1993. - 77-89 бб.
11. Қозыбаев М.К. История и современность. - Алма-Ата: Ғылым, 1991. - 254 с.; Қозыбаев М.Қ. Ақтандақтар ақиқаты. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 272 б.; Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. - Алматы: Қазақстан, 1995. - 176 с.; Қозыбаев М.К, Едыгенов Н.Е. Труд во имя Победы. - Алматы: Казахстан, 1995. - 176 с.; Қозыбаев М. Тарих зердесі. 1, 2-кітап. Алматы: Ғылым, 1999. - 1-к. - 344 б.; 2-к. -280 б.; Қозыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. (в 2-х томах). - Алматы: Ғылым, 2000. Т. 1 - 420 с.; Т.2. - 388 с.; Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. - 369 б. және т.б.
12. Қозыбаев М. Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері // Қазақ тарихы. - 1997. - № 2. - 42 б.

13. Қозыбаев М. Тағдыр: түнек пен шырақ (Әлихан Бөкейхан тағдыры хақында) // Ақиқат. - 1995. - № 8. - 86-89 бб.
14. Қозыбаев М. Ахмет Байтұрсынов - XX ғасырдың ұлы реформаторы // Отан тарихы. - 1998. - № 3. - 19 б.
15. Қозыбаев М. Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері // Қазақ елі. - 1996. - 27 желтоқсан.
16. Қозыбаев М. Аласұрған XX ғасыр (толқыныс, ізденіс, проблемалар) // Қазақстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Сб. статей. - Алматы, 1993. - 5-6 бб.; Қозыбаев М. Актуальные проблемы изучения Отечественной истории // Қазақстан на рубеже веков: размышления и поиски. - Алматы, 2000. - С. 25.
17. Қозыбаев М. Халық еркесі, көш бастар серкесі // Современные проблемы истории Казахстана: становление казахской государственности и развитие нации. Материалы Межвузоской научно-практической конференции. - Уральск, 1998. - С. 4-13.
18. Қозыбаев М. "Хан Кенедегі" халық тарихының көріністері // Түркістан. 1997. - 10-16-қыркүйек.
19. Қозыбаев М. Сәтбаевтар әлемі // Қозыбаев М. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). 2-кітап. - Алматы: Ғылым, 1998. - 280 б.
20. Қозыбаев М. Дала перзенті // Қазақ әдебиеті. - 1994. - 24 маусым.
21. Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. - 1998, 16 желтоқсан.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ТАРИХ, ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ, ПРАВА И СОВРЕМЕННОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ

Аубакирова Г.Р., Ерпайз Н.С. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Еңбегі еленген ер.....	3
Тайшыбай З.С. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Шоқан Уәлихановтың тұңғыш жинағы.	5
Аубакирова Г.Р., Есенбек Д.С. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Тарих төріндегі тұлға...	14
Аубакирова Г.Р., Имеш А.О. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Тәуелсіздіктің көк туы.....	19
Бажай Х., Ахмет Б. (<i>Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Конституцияның жоғары заңдық күші: мәні және мазмұны салыстырмалы-құқықтық талдау.....	21
Абуева С. (<i>Костанайский государственный педагогический университет им. У.Султангазина</i>) Представители «позднего» позитивизма во французской исторической мысли.....	25
Баймуханова Д.А., Баранова Н.К. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Деструкция государств по причине коррумпированной верхушки власти на примере европейских стран периода средневековья и нового времени.....	27
Бектұрғанов Қ.Б. (<i>Ө.Сұлтангазин ат. Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті</i>) Мұстафа Шоқай және түркі бірлігі.....	30
Бектұрғанов Қ.Б., Қайрғали Н. (<i>Ө.Сұлтангазин ат. Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті</i>) Мұстафа Шоқайдың Кеңес Одағының саясаты туралы еңбектері – құнды дерек.....	35
Бимаканова З.Ш., Әнуарбекова М.Қ. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Маңғыстаудағы қарсылық қозғалысы.....	39
Бимаканова З.Ш., Сұлтанаева Ә.С. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) «Жас азамат» - қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті.....	44
Богуш О.В., Баранова Н.К. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) География коррупции 21 века в Африке.....	49
Буркутбаева А.Е., Қоңырбаева Д.Т., Оспанова А.М. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясы – ата-бабаларымыздың асыл арманы».....	52
Ибраева А.Ғ. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Жаһанша Досмұхамедовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік-құқықтық көзқарасы.....	56
Ибраева А.Ғ. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Ахмет Бірімжановтың қоғамдық-саяси қызметі.....	63
Әшкен А., Жақаева Г.К., Оспанова А.М. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Сот билігінің басқа билік тармақтарымен арақатынасы.....	73
Жақаева Г.К., Утегенова М.С., Қонырбаева Д.Т. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Право животных в Республике Казахстан.....	76
Жукова З.Б., Таскалиева Н.С. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Неке шартының ұғымы.....	79
Иманов К.С., Сералина А.Ж., Жанахметов Б.Е. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Органы местного самоуправления в Республике Казахстан: проблемы и перспективы эффективного функционирования.....	82
Ипполитова Т.В. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Проведение студенческих социологических исследований в рамках самостоятельной работы обучающихся..	87
Гривенная Л.А., Синяков О.В., Чинишлов В.В. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Атеистическое мировоззрение: история и современность.....	91

Кабульдинов З.Е. (<i>Институт истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова</i>) Участие Султанмамета в боевых действиях против волжских калмыков в 1771 году.....	96
Канаева Т.М. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) О воспитательной функции исторической науки.....	101
Кантарбаева Д.Е., Оспанбаева А.К., Оспанова А.М. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Уголовно-правовые проблемы борьбы с коррупционными преступлениями.....	103
Картова З.К., Аманбекова А.Б. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) М. Қозыбаев еңбектерінде студент – жастардың ұлы жеңіске қосқан үлесі туралы.....	107
Картова З.К., Сақтаған Г.Е. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тарихи сананы қалыптастырудағы рөлі.....	111
Кошман Т.В. (<i>ЕНУ им. Л.Н.Гумилева</i>) Сакральные объекты Аккольского района Акмолинской области (по материалам историко-этнографической экспедиции)....	116
Кусаинов О.Ж. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Открытие и археологические раскопки памятника Кызылоба в Уалихановском районе, Северо-Казахстанской области....	119
Қантарбаева Д.Е., Оспанова А.М., Арбагулова С.С. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Қазақстан Республикасының заңы бойынша интеллектуалды меншік құқығы мәселелері.....	122
Қантарбаева Д.Е., Оспанова А.М., Құрбанова М.Н. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ</i>) Геноцид – адамзатқа қарсы қылмыстың ең ауыр түрлерінің бірі ретінде.....	125
Қантарбаева Д.Е., Оспанова А.М., Нұрмұқан А.Е. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Шет мемлекеттердегі пара алғаны үшін қылмыстық жауапкершілік: Салыстырмалы-құқықтық талдау.....	128
Қоңырбаева Д.Т., Утегенова М.С., Кантарбаева Д.Е. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Адам тұлғасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеуде отбасының рөлі.....	131
Могунова М.М., Шут О.А. (<i>ОмГУ им. М.Ф.Достоевского</i>), Кусаинов А.А. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Проблемы защиты объектов интеллектуальной собственности в сети интернет.....	135
Морозова Т.А. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>), Токшалық Е.Б. (<i>СКОФ АО РТРК «Казахстан»</i>) Экономические основы тележурналистики Северо-Казахстанской области: проблемы и перспективы.....	138
Мукатаева Л.К. (<i>Университет КАЗГЮУ им. М.С.Нарикбаева</i>) Академик Манаш Козыбаев – первый идеолог независимого Казахстана.....	144
Мусабаева Г.Н., Тлеукин Э.К. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Қазақстан Республикасының қазіргі даму кезіндегі заңсыз көші-көнгә қарсы тұру мәселері..	148
Некрасова И.Г., Есебаев Р.К. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Совершенствование налогового администрирования в Республике Казахстан.....	151
Оразов Е.Е., Бисенбаева Ж.Б. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Эволюция медиа Казахстана в эпоху конвергентной журналистики.....	156
Оразов Е.Е., Косинов О.А. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Герменевтический круг и художественный хронотоп в литературных и журналистских произведениях.....	159
Пономаренко М.А. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Элементы национального быта в казахстанской рекламе.....	163
Суздалцева П.А. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Актуальные проблемы заключения договора в обязательном порядке.....	165
Умрихина М.Ю. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Некоторые проблемы квалификации изнасилований и насильственных действий сексуального характера как преступлений против половой свободы и половой неприкосновенности личности.....	168

Хайрушева К.С., Картова З.К. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) В.П. Юдиннің «Центральная Азия в XIV-XVIII вв глазами востоковеда» еңбегі - Қазақстанның ортағасырлар тарихының маңызды дерегі.....	175
Чухно А.В. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) О некоторых хозяйственных проблемах североказахстанцев и их решении в 1941 г.....	180
Шайкенова А.Ж., Шалабаева А.К. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламасына медиасауаттылықты институализациялау.....	185
Шайкенова А.Ж., Рахмет К. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Ақпараттық қауіпсіздікті нығайту егемен елдің басты міндеті.....	188
Шут О.А., Могунова М.М. (<i>ОмГУ им. М.Ф.Достоевского</i>), Шамшуменов Д.А. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Преступления в социальных сетях.....	190
Шут О.А. (<i>ОмГУ им. М.Ф.Достоевского</i>), Мукатаев А.С. (<i>СКГУ им. М.Козыбаева</i>) Труп человека как объект права.....	193
Арынова З.Қ., Дүкенбаева З.О. (<i>Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық Университеті</i>) Тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерінен.....	196
Абубек А., Нұрқасым Е., Дүкенбаева З.О., Жылқыбаев К. (<i>Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті</i>) Әл-Фарабиден Абайға дейін (Әл-Машани зерттеулері негізінде).....	200
Сембаева Ә., Амантай А., Дүкенбаева З.О., Жылқыбаев К. (<i>Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті</i>) Манаш Қабашұлы Қозыбаев тағлымы – ұрпақтар үндестігінде.....	204
Ахмет Н., Бектұрсын Н., Дүкенбаева З.О., Жылқыбаев К. (<i>Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті</i>) Әл-Фараби еңбегіндегі «Қайырымды қала тұрғындары».....	207
Болат Л., Жусупова А., Дүкенбаева З.О., Жылқыбаев К. (<i>Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті</i>) Рухани жаңғыру және жастар мәселесі.....	210
Мыңбай Ұ., Серік Ұ., Дүкенбаева З.О., Жылқыбаев К. (<i>Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті</i>) Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы жастар мәселесі.....	214
Дүкенбаева З.О. (<i>Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық Университеті</i>) Академик М.Қ. Қозыбаевтың ұлттың рухани құндылықтарын жаңғыртудағы ғылыми мұрасы.....	218
Тайшыбай З.С. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) Абайдың «Насихат қазақиядағы» іздері	222
Аманжол К., Еркін Ә., Тамара Ә. (<i>Костанайский государственный педагогический университет им. У.Султангазина</i>) К вопросу о ранней истории кереев.....	231
Жуматова Д.С. (<i>Костанайский государственного педагогический университета им. У.Султангазина</i>) Цифровизация деятельности архивов: теоретический и практический аспект.....	236
Козыбаева М.М. (<i>Институт истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова</i>) Применение информационных технологий при создании мультимедийной платформы (карты) как базы данных в реализации проекта «Великие имена великой степи».....	240
Козыбаева М.М. (<i>Институт истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова</i>) Проблемы советской модернизации общества через систему образования в городах Северного Казахстана в 1920-1930-е гг.....	245
Қаипбаева А.Т. (<i>Ш.Ш.Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты</i>) ХХІ ғасырдағы жаһандану заманында мәдени құндылықтарды сақтау мен өркендету тетіктері.....	251

Құдайбергенова А.И. (<i>Ш.Ш.Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты</i>) Академик М.Қ. Қозыбаев еңбектеріндегі халықтану саласына байланысты ой-пікірлер.....	257
Алуа Ұ. (<i>Ө.Сұлтангазин ат. Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті</i>) Бүгінгі Қытай қазақтары.....	260
Тайшыбай З.С., Кәзенова А.Б. (<i>М.Қозыбаев ат. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті</i>) «Бостандық туы» газетінің бірінші саны.....	264
Садықов Т.С., Темирханова А.С. (<i>Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті</i>) Академик Манаш Қабашұлының тарихи сананы қалыптастырудағы рөлі.....	269
Таласпаева Ж.С. (<i>М.Қозыбаев ат. СҚМУ</i>) «Атамекен» концептісінің жыраулар поэзиясындағы қолданысы.....	272
Айтуганова М.А. (<i>Ө.Сұлтангазин ат. Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті</i>) Сібір хандығының этно саяси тарихы.....	278
Ғазиза М. (<i>Ө.Сұлтангазин ат. Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті</i>) Қожаберген Жырау.....	282
Жанулу А. (<i>Костанайский государственный педагогический университет им. У.Султангазина</i>) Теория культурно-исторических типов Н.Я. Данилевского...	285
Төленова З.М. (<i>Ш.Ш.Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты</i>) Рухани жаңғыру және ұлы даланың айтулы тұлғалары: М. Қозыбаев зерттеулерінің ізімен.....	290